



Ўзбекстан Республикасы Жоғары білім беру,
ғылым және инновациялар уәзірлігі

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік
педагогикалық институты



Қазақтың ұлы ақыны, әдеби тіл мен жазба әдебиеттің негізін қалаушы,
ағартушы, философ, композитор, аудармашы, қоғам қайраткері Абай
Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған

«Абай рухани қазынасының түркі әлеміне әсері»

тақырыбындағы халықаралық ғылыми - теориялық конференцияның

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



АБАЙ РУХАНИ МҰРАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ

тақырыбында халықаралық илимий-теориялық конференция

Нөкіс, Өзбекстан

2025-жыл 4-сәуір

**«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ
ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»**

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



**ABAY MA'NAVIY MEROSINING TURKIY DUNYOGA
TA'SIRI**

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

MATERIALLARI TO'PLAMI

Toshkent, O'zbekiston

COLLECTION OF MATERIALS

from the international scientific and practical conference

**THE INFLUENCE OF ABAY'S SPIRITUAL HERITAGE
ON THE TURKIC WORLD**

Tashkent, Uzbekistan

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международная научно-практической конференции

**ВЛИЯНИЕ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ АБАЯ НА
ТЮРКСКИЙ МИР**

Нукус, Узбекистан

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



“Абай рухани мұрасының түркі әлеміне әсері” / – Нөкіс. – 2025. – 306 б.

Бұл жинақ Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы тарапынан "Абайдың рухани мұрасының түркі әлеміне әсері" тақырыбында 2025 жылғы 4 апрельде өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарынан құралған. Мақалалар мен тезистердің мазмұнына, стилі мен емлесіне, келтірілген ақпаратқа авторлардың өздері жауапты.

Жинақтың материалдарын филолог мамандар, ғылыми зерттеушілер, магистранттар мен бакалавриат студенттері, сондай-ақ кең оқырман қауым пайдалана алады.

Ishchi guruh raisi:

I. A. Kuttumuratova,

Qozoq tili va adabiyoti kafedrasi mudiri, filologiya fanlari filosofiya doktori (PhD), docent

Taqrizchilar:

S.K.Jepbarova,

QQDU, Turkman tili va adabiyoti kafedrasi dotsenti, filologiya fanlari filosofiya doktori (PhD)

G.A.Adilova,

QQDU, Qozoq tili va adabiyoti kafedrasi mudiri, filologiya fanlari filosofiya doktori (PhD), docent

Mas'ul muharrirlar:

T. A. Tortkulbaeva,

Qozoq tili va adabiyoti kafedrasi docenti, filologiya fanlari filosofiya doktori (PhD), docent.

T.A. Keruenov,

Qozoq tili va adabiyoti kafedrasi professori, filologiya fanlari doktori, professor.

G.Mambetkarimov,

Qozoq tili va adabiyoti kafedrasi katta o'qituvchi

B.Bekniyazov,

Qozoq tili va adabiyoti kafedrasi, filologiya fanlari filosofiya doktori (PhD), katta o'qituvchi

© Ajiniyoz nomidagi Nukus davlat
pedagogika instituti 2025



ҚАРАҚАЛПАҚ-ҚАЗАҚ ӘДЕБИЙ БАЙЛАНЫСЛАРЫ ӘСІРЛЕР ЖЕЛИСИНДЕ

Қуұанышбай Оразымбетов,

Қарақалпақ мәмлекетлик университетиниң профессоры, филология илимлериниң докторы. Ч.Айтматов атындағы Қырғыз мәмлекетлик академиясы академиги

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271759>

Қарақалпақ-қазақ халықтарының жәмийетлик-мәдениет тараудағы байланыстары ертеден басланады. Орайлық Азия далаларында қыпшақтар үстемлик еткен дәуірлерден бастап бұл екі халықтың тәғдири бір-бири менен тығыз байланыста кешти. «Дешти-Қыпшақ» дәуірінде (X-XII-әсірлерде), кейін ала Ноғай ордасы дәуірінде де (XIII-XV-әсірлерде) қарақалпақ хәм қазақ халықтары бірдей жәмийетлик-сиясий, экономикалық қатнаста болды. Бір-бири менен қоңсы, аралас жасады. Бұнан кейінгі дәуірлерде де хәр қыйлы феодаллық-патриархалық, урысшылық-құймалық урыстарды бірге бастан кешірді. XV-XVI әсірлердегі қалмақтардың басып алыушылық-талаушылық урыстарынан екі халық та бірдей азап көрді. Демек, бұл халықтардың тарихый басып өткен жолы оғада жақын болғанлықта олардың мәдениет-әдебиет мұраслары да бір-бирине ұқсас екені бар ғәп.

Қарақалпақ-қазақ тиллериниң де бір-бирине оғада жақын екені олардың мәдениеті менен әдебиятының жақынласуына алып келді. XIII-XV-әсірлерде жасаған көп ғана шайыр-жыраулар (Соппаслы Сыпыра-жырау, Асан қайғы, Жийренше шешен, Шалкийиз жырау х.т.б.) бүгінгі күнге шекем екі халық әдебиятының үкіллірі сыпатында үйрениліп келініп кетті. Демек, бұл халықтар бірдей тарихый-жәмийетлик шараятта өмір сүргениниң және бір дәлилі. Қарақалпақ хәм қазақтар бір-бириниң мәдениетін, әдебиятын ертеден-ақ үйреніп, тәсірленіп келген. Мәселен, белгілі қазақ илимпазы Ш.Ч.Уалиханов 1840-жылы қарақалпақтар арасына келіп көплеген дәстанларды, халық қосықтарын, ауыз екі әдебиеттің басқа да үлгілерін жазып алады. Ол қарақалпақтардың көркем әдебиет хәм қосықшылық өнерине жоқары баға береді хәм: «...қарақалпақтар даладағы бирінші шайырлар хәм қосықшылар есапланады, кейнінен қырғызлар хәм түркменлер,»¹ деп жазады. XIX әсірде жасаған қарақалпақ классик шайыры Әжинияз қазақтар арасына

¹ Ш.Ч.Уалиханов, Сочинения, Записи Русского географического общества, отдел этнографии, т. 29, 1904

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



барып ағартыушылық жұмыстарын алып барған. Ол жерде жазған «Еллерим барды» қосығы бүгінгі күнге шекем қарақалпақ классик әдебиятының ең белгили шығармаларының бири болып қалмақта. Буларды қарақалпақ-қазақ мәдениет-әдебиет байланыстарының көриністері сыпатында бағалауға болады.

XIX-XX ғасырларда қарақалпақ-қазақ әдебиет байланыстары және де тереңлесіп барды. Тили, әдебиет дәстүрлері бир-бирине жақын болғанлықтан бирге ямаса бирдей орталықта әдебиет шығармалар дәретиу әмелияты пайда болды. Бул шайырлар айтысы көриністерінде жүз берди. Мәселен, Әжинияз-Қыз Меңеш, Құлымбет-Әбубакир, Дәме-Мансур, Құлмамбет-Тыным, Улбийке-Жанкел, Алтын-Сейдалы, Тилейберген-Үмбеталы айтыстары буған айқын мысал бола алады. Әжинияз-Қыз Меңеш айтысы еки халық сөз шеберлеринин көркем сөз, өнер жарысының жарқын көринісі. Бул айтыстың 1878-жылы Ташкентте шығатуғын «Туркистан Уалаяты» газетасында жарық көриуі оның көркемлик қунын белгилейди. Айтыста Әжинияз да, Қыз Меңеш те шайырлық мәдениетті ийгерип алған, импровизаторлық өнери жоқары, қарсыласын жеңиу ушын керек болған деталларды өз орнында қоллана алатуғын шайырлар екенин көрсетеди. Айтыстың көлеми кишигирим поэманың көлеминдей. Ол бүгінгі күнге шекем айтыс жанры менен шуғылланыушылар ушын үлги хызметин атқара алады. Бул дәстүр XX ғасырда де дауам етти. 1935-36-жыллары Қарақалпақстанда дәретиушилик сапарда болған қазақ шайыры Үмбеталы Құралаев жас қарақалпақ шайыры Тилеуберген Жұмамуратов пенен айтысады. Еки айтыста да халық намысы, аброй-итибары ортаға қойылғандай туйылады. Бирақ шайырлық шеберлик, сүүретлеу, баянлау усыллары, хәзил-ирония, сарказм сыяқлы көркемлеу құраллары мас түсетуғыны көринип турады. Әлбетте, бул айтыстарда қайсы халық шайырының жеңгени әхмийетли емес, ал олардың дәретиушилик бирге ислесиуі, бир-биринин тарийхы, үрп-әдеті, дәстүри сыяқлы мәселелерди тереңнен билиуі дыққатты тартады. Халық поэзиясының умытылып баратырған бул жанрын бүгінгі күнде де рауажланыуы зәрүрдей туйылмақта.

XX ғасырда жазыушы-шайырларымыздың дәретиушилик қарым-қатнас қылыуына және де кең мүмкиншиликлер тууылды. Буған тарийхый, жәмийетлик шараятлар себепши болды. Қарақалпақстанның мәдениет хәм әдебиет күнлеринин Қазақстанда хәм керисинше өтиуі, көпшилик дәретиушилик ийелеринин тығыз қарым-қатнаста болыуы бундай байланыстарға және де көрк берди. Қарақалпақстан хаққында, қарақалпақ

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



халқы хаққында көп ғана қазақ жазыушы-шайырлары шығармалар дөреткен болса, бир қатар қарақалпақ дөретиушилери қазақ халқының турмысы, үрп-әдет, дәстүрлери туұралы көркем образлар пайда етти. Буған мысал ретинде Нәжим Дәуқараев, Асан Бегим, Аббаз Дабылов, Садық Нурымбетов, Тилеуберген Жумамуратов, Ибрайым Юсупов, Ғалым Сейтназаров, Жийенбай Избасқанов хәм басқалардың шығармаларын көрсетиу мүмкин. Бул жағдай әдебияттаныу бағдарында да жүзеге келди. 1951-жылы Қарақалпақстаннан шыққан биринши илим докторы Нәжим Дәуқараев Москвада докторлық диссертациясын жақлағанда оған Муқтар Әуезовтың илимий оппонент болғанын хәм қоллап-қуұатлағанын, Зейнулла Қабдолов, Турсынбек Какишев, Заки Ахметов сыяқлы қазақ әдебияттаныушылары менен Сражатдин Ахметов, Қабыл Мақсетов, Камал Мәмбетов сыяқлы қарақалпақ әдебиятшы-профессорларының тығыз илимий-дөретиушилик қатнаста болғанын бундай бирге ислесиудиң жарқын көриниси сыпатында баҳалауға болады. Сондай-ақ Қазақстанда билим алып илим үйренген Нәжим Дәуқараев қарақалпақ әдебияттаныу илиминиң тийкарын салыушылардың бири болғанын, Қарақалпақстанда түүылып-өсип, билим алған Төлеген Айбергеновтың Қазақстанға барып үлкен шайыр болып қазақ поэзиясына ылайықлы үлес қосқанын айтып кетпеу мүмкин емес. Илимий, мәдений жақтан бундай қарым-қатнастың бүгинги күни де дауам етип атырғаны қуұанышлы жағдай.

XX әсир қарақалпақ әдебиятының классигине айланған Ибрайым Юсупов дөретиушилигинде де Қазақстан темасына айрықша итибар берилгенин көремиз. Ол Қазақстан хаққындағы ең биринши қосығын еле 1950-жыллары Алма Атада аспирантлық дәуиринде жазды.

Биз муғаллим, Сабыр, Досжан директор,
Директорға есап бермек керекдур,
Алама-Атаның архивинде сарғайып,
Отырыу бул шайыр ушын хәлекдур.

Буннан кейинги жыллары шайырдың «Сулыу екен Алма Атаның қызлары», «Мен Абайды ядқа билген халықпан», «Ағайин», «Көкше тау», «Қазақстан», «Қалтайға», «Жигиттиң жетпис көклеми», «Ийшанбай күйи», «Ақын кетип барады» сыяқлы хәм басқа да қосықлары Қазақстан темасында жазылды. Шайыр бундай қосықларын үлкен йош пенен дөретти.

Алтын жапырақ, ақ балтырлы қайыңлар,
Шырпыды ма қоңыр гүздиң ызғары,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Бұл сөзімді шаулап көкке жайыңдар,

Сулыұ екен Алма атаның қызлары.

Қосықта образлылық жоқары дәрежеде, шайыр ақ қайыңдар менен Алма атаның қызлары образларын қатар қойып сұўретлейди. «Ақ балтырлы қайыңдар» деген сөз дизбегин бөлек алып қарайық. «Ақ балтырлы» сөз дизбеги сулыұ қызға қарата айтылады. Ал оның қайыңға эпитет сыпатында берилиуи пикир образлылығын және де арттырған. Дарақлар ишинде сулыұлық символы ретинде тилге алынатугын ақ қайыңға «балтырлы» эпитети және де гөззаллық береді. Шайыр Алма атаның қызларының сулыұ екенін сұўретлеу ушын усындай көркемлеу усылына хәм қуралына мүрәжәт еткен. Қосық Алма ата қаласында оқылып қазақ халқына арналғанлықтан да онда қазақша леп, қазақ поэзиясының ырғағы сезилип турады. Ең баслысы қосықта шайырдың туўысқан халыққа, оның қызларына деген жыллы сезими, сүйиспеншилиги көзге тасланады.

Шайырдың «Мен Абайды ядқа билген халықпан» қосығында бизин мәдений-мәнауий мийрасларымыздың тийкары жақын, динимиз де, тилимиз де бирдей, түркий рухият суўсынынан қанып ишкен халықлар екенимиз айтылады. XX әсирдеги тарийх бизлерди бөлеклеп таслағаны менен түби бир түркий халықлар бир-бириниң мәдениятынан, әдебиятынан жақын хабардар болыу кереклиги, оларды өзиниң рухый байлығындай қәстерлеп сақлау зәрүрлиги сыяқлы уллы идея бар, бул шығармада.

Дилмашсыз-ақ қазақшаға қанықпан,

Күй тыңлайық, домбыранды ала бар.

Сен Абайдың бирер сөзин умытсаң,

Мен айтайын, кел де меннен сорап ал.

Тегимиз бир ерис-арқау шалысқан,

Мийрим сүтин бир емшектен емискен.

Тар курсақта тай ғунандай тебискен,

Ханаласым қазақ ели, шарықлаң!

Мен Абайды ядқа билген халықпан.

Бул, шынында да қарақалпаққа да, қазаққа түсиникли поэзия, рухиятына сиңип кеткен түсиниклер. Шайыр әйне, усы уғым-түсиникти қосыққа арқау етип алады. XX әсирдің 20-жылларында Орайлық Азияда жасаушы түркий халықлар бир-биримизге жақын болыуымыз керек, деп идея көтерген

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жадидшилердің де тилеги усы еді. Бул қосықты шайыр Ибрайым Юсуповтың шайырлық тили менен усы идеяның қайта жаңғырыуы деп түсинсек дурыс болады. Бүгинги күни Өзбекстан Президенти Ш.М.Мирзиёевтың басламасы менен Орайлық Азияда жасаушы түркий миллетлер қайтадан жақынласып, қоңсышылық, тууысқанлық байланыстарын қайтадан жалғастырып атыр.

«Сен Абайдың бирер сөзин умытсаң, Мен айтайын, кел де меннен сорап ал» деген қатарлар арқалы бизиң мәнәуий дүньямыз төркинлери узақта болғаны менен бир мийрим булағынан суу ишкенлигимизди көрсетип береді. Шынында да өзбек, қазақ, түркмен, қырғыз, қарақалпақ халықлары нешше әсирлер дауамында Орайлық Азия далаларын өзлерине мәкан етип өнип-өсти, дос, тууысқан сыпатында қарым-қатнас қылды. Сонлықтанда олардың бир-бириниң мәдениатын, әдебиятын дилмашсыз-ақ жүректен түсине алыуы, билиуі тәбийий ҳал екенин дана шайыр дурыс ескерткен.

Байлық, дослық, ән-күйдің үлкесінде,
Миллион жұлдыз жымыңлар бир кешинде.
Тоқсан сегиз Бельгия сыйған жердің,
Кеңлиги бар кеулинде, иргесінде.

Алтын дән теңизиндей тың гүрлеген,
Алма-ата – алтын сарай гүңгирлеген,
Абайдың әрманлары иске асып,
Қурманғазы мың күй боп гүмбирлеген.

Шайырдың «Қазақстан» деп аталатуғын бул қосығында тууысқан елге деген жыллы мухаббат сезимлери, оның елин, жерин, адамларын, талантлы дөретиушилерин жақсы хәм жақыннан билетуғыны көзге тасланады. Хәр бир елдің дөретиушилери өз ұатанын усындай етип мақтаныш тутса, халқының менталитетинен келип шығып пикирлесе, мәдений-рухый байлықтарын көзге сүрме ете алса, сол миллеттиң сүйикли перзенти сыпатында тилге алынады. Қарақалпақ шайыры Ибрайым Юсуповтың Қазақстан ҳаққындағы бул поэзиялық шығармасы тууысқанлық, дослықтың рәмзи сыпатында дүньяға келгенине бүгин ҳеш ким шубхаланбайды.

Жуумақтастырып айтқанда, әсирлер дауамында шыңланып келген қарақалпақ-қазақ мәдений-әдебий байланыстары еле де рауажлана беретуғынына исенимиз кәмил.



ӘЖИНІЯЗ ЖӘНЕ АБАЙ ДӨРЕТИҰШИЛИГИНИҢ БАЙЛАНЫСЛАРЫ

Пирниязова А.К.,

филология илимлеринің докторы, профессор НМПИ

Өлең сөзге өзім бірақ алықпан,-
Мен Абайды ядқа билген халықпан...

И. Юсупов

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271787>

Аннотация. Мақалада Орайлық Азияға белгили ағартыушы, классик шайырлар Әжинияз бенен Абай дөретиушилигиндегі айырым уаслықтар хаққында сөз етиледі. Олар бир дәуірде жасап, дөретиушилик еткен. Жоқары билимлі, дүньяға көз-қараслары уас болыуы пикирлеринің, дүньяға көз-қарасларының сәйкеслиги менен айырылып турады. Ағартыушылық пенен шугылланыуы искерлигиндегі жақынлықтан дерек береді. Олардың шығармаларындағы адамгершилик, инсан сүйиушилик идеялары да үнлес.

Таяныш сөзлер. Шайыр, ағартыушы, әлипбе, әдебий тил, шығарманың тили.

Абай Кунанбаев — қазақ халқының уллы шайыры, философ, халық ағартыушысы, жәмийетлик ғайраткер, қазақ жазба әдебиятының тийкарын салыушы хәм биринши классик, ислам мәдениатының тийкарында Европа мәдениатын жақынластырыушы реформатор. Оның жасаған жыллары (10 август 1845- ж. - 6 июль 1904- ж.)

Ол өз дәуіринің ең алдыңғы қатардағы инсаны болды. Белгили илимпаз академик Р. Сыздықованың пикиринше: Сөйтип, Абай китаби тілді байқап көрді, әрине, оған: байқайын деп әдейі барған жоқ. Абайды шағатайшылатқан — творчестволық жолының бір этапы. Әдебиет қақпасын қағар шақта ақындық қуатына шағатай әдебиетінен нәр-күш іздеген Абай шағатай ақындарынша араб-парсының ғаруз өлшеуін байқап көрген [6:616-б.].

XIX әсирдегі өмір сүрген шайырлардың әдебиет тарийхында дөретиушилик шеберлиги өз алдына бир дүнья болып қалған. Белгили қарақалпақ шайыры Әжинияз Қосыбай улы да аса сауатлы улама адам болған. Сонлықтан да Әжинияз дөретиушилигинің өз заманласларынан «оқ бойы» озық екенлигин ерте түсинген М.Нурмухамедов «Наўайының, Физулийдың хәм басқалардың шығармаларын билмей турып, Әжинияз қосықларының поэтикасын жақсы билиу қыйын» деген еді [5].

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Қарақалпақ халқының уллы шайыры Әжинияз Қосыбай улы (әдебий лақабы Зийұар) хәм ағартыўшы, хәм билим таратыўшы, қазақ хәм қарақалпақ халықларының дослық байланыстырыўшысы болған зиялы инсан. Оның мухаллеслери де тосыннан жазылған емес. Ол өзиниң әдебий орталығын жақсы түсинген.

Әлбетте, қарақалпақ классиклериниң ишинде Әжинияздың хәр бир қосық қатары өзине тән өзгешелиги менен айырылып турады. Сонлықтан да белгили Әжиниязтаныў илиминиң жан күйери Б.Қәлимбетов «Өзиниң миллий тилиңди түсингиң келсе, онда басқа тиллердиң қәсийетлерин үйрениўиң керек. Өз елиңниң миллий мәдениятының салмағын өлшеп билемен десең, онда басқа еллердиң мәдениятын үйрениўиң керек. Бунысыз өзиниң миллий әдебиятыңның раўажланыў бағдарын биле алмайсаң», – деп жоқарыдағы пикирди толығы менен қуўатлайды [3:29-б.].

Әжинияз өзиниң аса шайырлық таланты менен хәм илимге қумарлығы себепли Хийўа медреселеринде оқып жүрип шығыс классиклериниң дәретпелери менен терең танысты хәм сол классиклер дәстүрин қарақалпақ әдебиятына енгизиў яғный қарақалпақ әдебиятын Шығыс әдебияты жолында да раўажландырыў ушын өзиниң барлық күшин жумсады. Соның менен бирге, данышпан шайыр араб, парсы, ески өзбек тиллерин жүдә жақсы өзлестирип алыўға еристи. Әжинияз өз шығармаларын түркий халықларға ортақ болған әдебий тилде жазды.

Сонлықтан да қарақалпақ әдебиятында Әжинияз стили пайда болды. Ол қарақалпақ поэзиясына Күншығыс поэзиясына тән мухаллес, ғәззел, рубайи хәм қосықтың бәйт байлаў усылын алып келди, бул шайырдың жеке стильлик өзгешелигинен дәрек береді.

Әжинияздың қазақ далаларына барып жергиликли қазақ халқына ислам дининиң тарқатыўшысы болып, оларға ислам тәлийматларын үйреткенлиги бизге белгили.

Дүнья классиклериниң көпшилиги жоқары оқыў орынларында, арнаўлы орынларды оқып питирип халықтың саўатын ашыў менен шуғылланғанлығы хәммеге мәлим.

Ө. Әлеўов өзиниң «Қарақалпақстанда тәлим-тәрбиялық ойлардың қәлиплесиўи хәм раўажланыўы» деген монографиясында «Әжинияз қарақалпақ халқының ағартыўшысы болған, ол халық арасына келип балалар менен бирге

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қызларды да қосып оқытқан педагогикалық тәлім-тәрбия алып барған» деп дурыс мағлыұматты билдирген еді [2:330-б.].

Әжинияз шығармаларының тилинде ески түрк тилинен, араб, парсы, чағатай тиллеринен кирип келген сөзлер жүдә көплеп ушырасады. Буның ең тийкарғы себеби тағы да Әжинияздың сол дәуір ушын ортақ болған, яғный түркий халқының әдебий тилин жақсы билгенлигинде. Соның ушын да Әжинияз дөреткен шығармаларды сол дәуірде өзбек, қазақ, қырғыз халықларының зыялылары өз ана тилинде жазылғандай емін-еркін оқый алатуғын болған.

Әжинияздың тили XIX әсирде жасаған басқа қарақалпақ шайырларына усамайтуғын араб-парсы хәм ески түрк тиллериниң тәсиринде раўажланған. Буған ең баслы себеп Орайлық Азияның оқымыслы топарлары арасында бул үш тилдиң де тәсириниң үлкен болғанлығы, яғный сол тиллер тийкарында әдебий тилдиң майданға келиуи көзде тутылған. Бул жағдай, әсиресе, Наўайы хәм Физулий поэзиясында оғада айқын көринеди. Сонлықтан да Әжинияз өз тәжирийбелерин сынап көрип усы тақлетте өзи де түркий поэзияға еликлеген халда өз шығармаларын дөреткенлиги бизге мәлим.

Әжиниязды китабий стиль маманы деп оның шығармаларындағы басқа тиллерден кирген сөзлерди хәм оның менен бирге Күншығыс китабий стилинде жазылған айырым сыпатларды шайырдың мухаллеси арқалы көрсетиўге болады:

Ай-әлип, ақ йүзиндур айни аләм әнўарий,
Бе – белиң қыпша дилбар, көзғанаң шаҳла ўәлий,
Те – тисиндур дана-дана, ләблериңниң палларый,
Се – сорып шийрин ләбиң канадурман, әй пәрий,
Жым – жамалың көрмегенше, зары гирян Зийўарий [1: 76-б.].

Әжинияздың бул шығармасы араб әлипбесиниң ай – хәрибинен басланып я – ға шекем даўам етеди. Бул ҳаққында профессор Ө. Әлеўов былай пикир билдиреди: ... шайыр балаларға саўат аштырыўдың қолайлы жолларын излестирди. Биринши гезекте жасларға араб хәриплерин аңсат өзлестириўге жәрдем бериўди ойластырды. Бул ушын Шығыс әдебиятында кең тарқалған акростихтан пайдаланып, «Бери кел», «Ай әлип» атлы қосықларындағы қатарларды араб әлипбеси хәриплериниң иретли айтылыўы менен баслайды. Қай сөздиң қандай сестен басланатуғынын, неше хәрип бар екенлигин, олардың

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жайласыу тәртіби, хәр бир хәриптиң өзине тән жазылыуы менен айырылып туратуғынлығы хаққында түсиниклер береді [2:331-б.].

XIX әсирде жасаған қазақ халқының көрнекли классик шайыры Абай Қунанбаев араб, парсы хәм түрки әлипбесине тийкарланып мухаллес жазған.

Абай Қунанбаев халықтың саўатлы болыуын, илим, билим үйрениўиниң тәрепдары болған. Сол мақсет пенен араб әлипбесин үйрениўди нәзерде тутқан болса керек, мынадай қосық қатарларын жазған:

Әлифтек ай йузиңе ғийрат еттим,
Би - балайы дәртине нийбәт еттим,
Ти - тилимнан шығарып гули абзат,
Си - санам мәдхина хұрмат еттим.

Абай менен Әжинияздың билимлендириў жолындағы, тилди жасларға үйретиўдеги усыллары оғада байланысly.

Еки шайырдың да сол дәўирдеги өзгерислерди, жаңалықларды үйрениўи, татар, башқурт, рус халықлары арасында болыуы, ол жердеги мектеплерди көриўи тәсир жасаған.

Абай адамзаттың жан дүньясын терең үйренип, дүньяны таныўдың қағыйдалары менен оның бағыт-бағдарын анық болжаған. Дүньяның есигин ашқан нәрестениң өмирлик принципін қырағылық пенен, шеберлик пенен сыпатлап, келешегин қәлиплестириўдеги билимин, тәрбиясын, яғный, қос түсиникти бир-бири менен үнлеслигин анық көрсетип, дүньядан нени гөзлеп, нени излеў кереклигин дәлилly түрде көрсетип береді.

-Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім,-деп, ямаса -Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме,- деп, хәр адамзат баласының өз жүрегине үңилиўди нәсиятлайды.

Абайдың дүньяға көз-қарасының қәлиплесиўине гуманистлик идеяларға ийе шығыс шайырлары менен илимпазлары Фирдаусий, Әлишер Наўайы, Низами, Физули, Ибн Сина хәм басқалар, соның менен қатар рус классиклериниң шығармалары және олар арқалы Европа әдебияты тәсир еткен. Крыловтың, Лермонтовтың, Пушкинниң, Гете менен Байронның шығармаларын аўдарған.

Абай 170 тен аслам қосық жазды. 56 аўдарма менен философиялық трактатлар стилинде жазылған 45 «Қара сөздің» авторы. Бул шығармаларында этникалық қазақлардың тарийхы, педагогикасы, адамгершилиги хәм нызам мәселелери көтерілген. Абай хәзирги дәўирде танымалы болған жигирмаға

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жақын нама шығарып, композитор ретінде ел тарихында өшпес из қалдырғаны сөзсіз.

Әжинияз шайыр «Бозатай» поэмасы хәм оның намасын жазған хәм өзи атқарған бақсы, мелодист сыпатында белгили.

Солай етип, қарақалпақ хәм қазақ әдебиетларының көрнекли ўәкиллери Әжинияз хәм Абай ХІХ әсирде жасап, заманының ең алдыңғы қатардағы зиялылары болған. Гуманистлик идея менен суўғарылған шығармалары менен Орайлық Азия халықлары ушын өшпес мийрас қалдырған уллы тулғалар.

Әдебиетлар:

1. Әжинияз. Нөкис: «Қарақалпақстан» баспасы, 1975. – 248 б.
2. Әлеўов Ө. Қарақалпақстанда тәлим-тәрбиялық ойлардың қәлиплесиўи хәм раўажланыўы. – Нөкис, 1993.
3. Қәлимбетов Б. Қәлимбетов Б. Әжинияз лирикасы. –Нөкис, 1981.
4. Құнанбаев Абай. Алматы: «Жибек жолы», 2005. – 488 б.
5. Нурмухамедов М. Әдебиет ҳаққында. // Совет Қарақалпақстаны, 1957, № 183, 11-сентябрь.
6. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс баспасы, 2004. – 616 б.



АБАЙ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ӘДЕБИЕТІ

Т.ТОРТКҮЛБАЕВА

PhD., доцент. ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ, ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271822>

Аннотация: Қазақ және қарақалпақ әдебиеттерінің байланысын зерттеу барысында Абай Құнанбаев шығармашылығы басты назарда болады.

Аннотация: При исследовании взаимосвязи казахской и каракалпакской литературы творчества Абая Кунанбаева будет главным объектом.

Abstract: Literary works of Abay Kunanbaev draw basic attention in the investigating relationships between Kazakh and Karakalpak Literature.

Қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінің байланысын зерттеу кезеңінде ұлы Абай шығармашылығы қарақалпақ әдебиетінде сөз болуға тиісті. Оның басты себептерінің бірі қазақ-қарақалпақ халқының өмір сүру ортасының, тілінің бір-біріне жақындығы болса, екіншіден, Абайдың да көркем әдебиеттен сусындағын бастау көзі - халық ауыз әдебиеті. Халықтық дидактикаға құрылған шешендік сөздер, терме-толғаулар әр кез ұлы дарындарға қуат берген. Осы негізде қарайтын болсақ, Бердақ пен Абайдың сөз өнерінде өзіндік биіктен көрінуінде халықтың даналық ойы, бай мұрасы жатыр. Сондықтан қарақалпақ сөз зергерлері Абай туындыларын жатсынбай, өзіне үлгі-өнеге ретінде қабылдады. Түркі тілдес ақындардың сөз өнеріндегі бір мектебі сөзге көп мән сыйғызар халықтың мақал-мәтелдері екені байқалады. Мәселен, Бердақ пен ұлы Абай бірін-бірі білмесе де, танымаса да, оларды таныстырған, бауырластырған туған әдебиетінің інжу-маржандары, дидактикалық шығармалары. Мәселен, Бердақта:

Әжел жетип өлсем бул күнде өзим,
Кейнимде қаларлар тәрип боп сөзим,
Көрди бир нешшени тирымде көзим,
Парқын билген хызмет етер ел ушын.

Екі ақын да сөз өнері құдірет екенін терең біледі. Халық мақалында: «Өнер алды - қызыл тіл», «Тіл қылыштан өткір» дейді. Өнерді ту ғып көтерген

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



ақындар сөз өнеріне екі қырдан келгенімен, бір ойда тоғысып отыр. Абай сөз өнері бар өнердің абзалы деп танып, оған көптеген өлеңдерін арнаған: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Бір дәурен кемді күнге - бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» және т. б. Қазақ-қарақалпақ халықтарының туыстығы мен бауырластығын ардақтап, шығармашылығына үлгі еткен Өзбекстан, Қарақалпақстан Республикасының халық жазушысы, Қарақалпақстан Республикасы Бердақ атындағы сыйлықтың лауреаты Жолмырза Аймұрзаев. Ол Абайдың өлең өрнектерінен толық зерделеп, пайдаланған. Бердақтың шәкірті болумен, Абайға да шәкірттігін мойындайды. Жолмырза Абай өлеңдері өрнегіне сырттай еліктеуші емес, Абайдың ішкі жан дүниесін ұғуды өзіне мақсат еткен. Жолмырза Аймұрзаевтың «Абай сөзі өмірге алтын бұлақ» өлеңінде тереңдей түседі.

Түн жарып талұас етип шыққанымда,
Аспанда айды көрсем, Абай дедим.
Өлең айтсам жасымда, шаққанымда,
Қосығын халқым ушын айтып келдим...
Абайдың хәр бир сөзи, хәр өлеңи –
Өмирдің таұсылмастай жан азығы.
Жүйриктің жол өндирер жорға өнери
Мысалы төрт мәўсимнің жылы, жазы.
Жар салып жер жүзине мақтанаман.
Ашығыман Абайдың жулдызының,
Абай деп қосық айтып атланаман,
Мен биримен қазақтың ул-қызының...
Абай арқылы дарынын шыңдаған жазушы
«Абайды тыңдайтуғын қулақ болып,

Тыңлаттым туысқанға - бәрше жанға», - деп, Абай шығармасын туған еліне, халқына жайғандығын мақтан тұтады. Ақын ізденіс үстінде Абайдың 1890 жылдары жазған «Бай сейілді», «Ем таба алмай» өлең өрнектерін үлгі тұтқан. Абай былай жазады:

Жөнді, жөнсіз,
Сөз теңеусіз,
Бас пен аяқ бір қысап.
Ұрысса орыс,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Елге болыс,
Үйрен үрген итке ұсап,
Өзі ұлыққа,
Қәдір жоққа,
Қарамай өз халқына.
Сөз қайырмай,
Жөнді айырмай,
Жұртқа шабар талпына.

Абай өлеңі абааб ұйқасына құрылған. Жолмырза Аймұрзаев «Салдық завод» өлеңін жазуда Абайдың осы өлең ұйқасын өзінің шығармасына дарытқан. Көріңіз:

Күшти қосып,
Жеделлесип,
Қолға алдық жумысты.
Женди түріп,
Тайын турып,
Молдан салдық курылысты.
Қәлип алып,
Гербиш қуйып
Аштық истиң гүресин.
Пәтлендирип
Уллы истиң
Салдық завод иргесин.

Ақын «Салдық завод» өлеңінде Абайдың ұйқас үлгісін қабылдаумен бірге, буын, бунақ өлшемдерін де игерген. Буын сандары 4,7 буындарға құрылған. Сондай-ақ, әр сөзге екпін түсіруі де сәйкес.

Қарақалпақ ақындары да өнерге ең таңдаулы шығармаларын жазды. Мәселен, Мырзағали Дәрібаевтың мына өлең қатарлары:

Шайыр өлсе, сөзи қалар изинде
Ғасыл сөзи, жақсы иси өлмейди.
Шайыр өлсе, жаны қалар сөзинде
Ис пенен сөз өлимге бас иймейди.
Абайда:
Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған - деген өлең жолдарымен үндесіп жатыр. Қарақалпақстан және Өзбекстан халық шайыры Садық Нұрымбетов «Ағайын» өлеңіде:

Бир гезде Диваев сыйлап Бердақты,

Шоқаның да бизиң елди мақтапты,

Еситсең сол қарақалпақты,

Шын дослықты сыйлап келдик, ағайын

Көз жүгіртсек түп бабаңнан негиз бар,

Серик болып енши алысқан лебиз бар.

Кәнин қушып пайдаланған теңиз бар.

Әмиұ жақтан Сырлап келдик, ағайын

Қатым-қарыс халықларың аралас,

Аралдағы балықларың аралас,

Жазыұдағы хәриплериң аралас,

Айырмаң аз, байқап келдик, ағайын, - дейді. Қазақ-қарақалпақ достастығы әріден, Шоқаннан, Кердеріден, Бердақтан басталды, тағдырластық ұласты. Өмір нәрі байлығы да, рухани байлығы да, жазу әрпіне дейін аралас халық, қаны да, жаны да жақын.

Биз халықпыз бурыннан-ақ иргелес,

Хәзил, дәстүрлерің уқсас биргелес.

Алатаұ төбеси Қаратаұ үсти,

Абайдың хаұазы, Бердақтың сести,

Бир-биринен қашық болған емес-ти, - деген Садық Нұрымбетов. Ол Қазақстан Жазушылар одағының төртінші съезінде тағы да:

Сорасқанда түбимиз бир ағайын,

Көрискенде түримиз бир ағайын,

Сөйлескенде тилимиз бир ағайын..., -деп еді. Осынау ұлағатты елдің, қарақалпақ халқының азаматтары, ақын-жазушылары Абайдың есімін қарақалпақ әдебиетінде мәңгілік жасау үшін Абайға өлең-жырларын арнаған. Абай арқылы қазақ халқына деген құрметін жеткізген. С.Нұрымбетов алғашқылардан болып Абай бейнесін қарақалпақ көркем сөзінде жырлауға ат салысты. Оның «Абай естелігіне» деген өлеңі ақынға, шығармашылығына үлкен құрмет, сүйіспеншілік танытқан.

Еситкендей болдым шалған күйиңди,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Татьянаң әни есеме түйилди.

Абайым деп жаным сонша сүйинди,

Жүрегимнен орын алған естелик.

Қарақалпақлы мен де сениң бир балаң,

Әўладыңның тойларында жырлаған.

Саған тартыў болсын бир түп лалам.

Туўысқанлар қәстерлеген естелик, - деген. «Абайым деп жаным сонша сүйінді», «Қарақалпақлы мен де сениң бір балаң», - деп туыс халықтың ардақты ақынының тебіреніп сөйлеуі, қарақалпақ халқының ой-пікірі деп қабылдауымыз керек. Біртуар азамат ұлдар осылай сөйлер болар. Өзбекстан, Қарақалпақстан халық шайыры, Қарақалпақстан Республикалық Бердақ атындағы сыйлықтың лауреаты ақын Тілеуберген Жұмамуратов - «Қазақстан жерінде» деген өлең топтамасында «Абай ескерткішіне» деген өлең арнаған. Ол осы өлеңінде Абайды:

Көринер түсим, қосығымда

Абай, Мухтардың уллы томында Абай.

Қай жаққа барсам алдымнан шығып,

Гезлесер жүрген жолымда Абай-деді. Осылай бағалап, осылай түсінген қарақалпақ әдебиетінің жүйрігінің сөзі Абайдың қарақалпақ халқына ардақты екенін аңғартса керек. Өзбекстан, Қарақалпақстан халық шайыры Қарақалпақстан Республикалық Бердақ атындағы сыйлықтың лауреаты Ибрайым Юсупов: «Пушкинге», «Шайыр», «Әжинияздың монологы», «Ташкентли шайыр досларыма», «Қаламлес досларыма», «Айт сен Әжинияздың қосықларынан» т. б. өлеңдерін жазды. Ол соңғы өлеңінде былай дейді:

Мен оны тыңласам, қалмай тақатым,

Кеўлимде бир гошшақ бұлбил сайраған.

Мен оны тыңласам, туўған елатым

Жер жәннети болып көринер маған,

Жулдызларды жерге үңилтпек болсаң,

Жаман шайырларды түңилтпек болсаң,

Егер мен өлгенде тирилтпек болсаң,

Айт сен Әжинияздың қосықларынан.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Майталман лирик, философ ақын Ибрайым Юсупов қаламына ұлы Абай мен Бердақтың, халықтың даналық сөздері қанат бітіргендігі сөзсіз. Оның «Жаман шайырларды түңілтпек болсаң» дегенінде Абайдың:

Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз, бишарасы-деген өлең қатарларымен үндесіп, қарақалпақ әдебиетіне жаман шайырлардың келмеуіне себеп болады деген ой жатыр.

И.Юсуповтың «Мен Абайды жатқа білген халықпын» өлеңінде Абай туралы бүкіл қарақалпақ халқы атынан сөйлейді. Қарақалпақ аймағынан шығып, аты Орта Азия және Қазақстан көлемінен әрі, әлемдік деңгейде танылған ақынның бұл өлеңі Абай тойында оқыған. Өлең қарақалпақ халқының Хәкім Абайды қалай түсініп, қадірлеп бағалайтынымен құдіретті. Сонымен бірге, XX ғасырдағы кемеңгер ақын И.Юсуповтың өлең арқылы жүрек төріндегі иірімді ойларын ақжарқын айта білген.

Шыңғыс тауда шыққан Абай жырлары,

Көп жаңғыртқан қарақалпақ қырларын.

Бердағымның қосығына қосылып,

Құлағыма бирге шерткен сырларын ...

Жырласқанда жырына дым қанықпан,

Мен Абайды ядқа билген халықпан - деген жыр қатарлары Абайдың қарақалпақ халқында қандай қадір-беделге ие екендігін көрсетеді. Сондай-ақ:

Сен Абайдың бирер сөзин умытсаң,

Мен айтайын, кел де менен сорап ал..., - деп, Абай сөзін, Абай нәрін түсінбейтін, Абайға мән бермейтін кейбір бауырларына, қайсыбір оқырмандарына миығынан күліп тұрғандай, өлең қатары әсер береді. Дарабоз ақынның Абай арқылы Бердаққа, Бердақ арқылы Абайға, Абай мен Бердақ арқылы қазақ, қарақалпақ халқына деген азаматтық перзенттігін көрсетеді. Түркі халықтарына ортақ ақын, заманынан оза туған Хәкім Абай шығармашылығы қарақалпақ әдебиеттану ғылымында мол насихатталып, барынша зерделенді.

Сонымен бірге қазіргі күнде Өзбекстан Республикасы Президенті Ш.М.Мирзиёев тарапынан Абай Құнанбаевты насихаттауға байланысты арнайы қаулы қабылданғаны, Ташкент қаласының қақ төріне Абайға ескерткіш қойылуы, Абайды тану, Абай шығармаларын үйрену, сияқты игілікті істердің

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жалғасуы туысқан халықтар әдебиетіне деген құрметтің, бауырмалдықтың толастамағанынан дерек береді.

Түркі әдебиетіндегі Абайтану ғылымына үлес қосқан, зерттеп, насихаттап жүрген ғалымдар еңбегінің салмағы әрқашан бағалы болмақ. Себебі, рухани бай халық қана ұлы мемлекет болып қалары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абай. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1961. 162-б
2. Аймурзаев Ж. Дослық жырлары. Таңдамалы шығармалар. «Қарақалпақстан» 1996. 51-бет
3. Бердақ. Таңдамалы шығармалар. Нөкис, 1977. 35-б
4. Жұмамурастов Т. Абай ескерткішіне. «Әмұдарья» журналы. Нөкис, 1963. №12. 46-б
5. Садық Нурымбетов. Туысқанлық жырлары. Дүркім. «Әмиұдарья» журналы, 1961, №1, 17-б
6. Юсупов И. Иш. Нөкис: Қарақалпақстан, 1987. 106-б
6. Zholaman Taubaevich Koblanov, Tursynay Abdigaziyevna Tortkulbaeva, Yrysty Abdirakhmanovna Kuttymuratova, Kuvondik Ayitbayevich Kadirov, Akmaral Nurkodjaevna Otarova, Raushan Maratovna Kametova Taubaevich K. Z. The Role Of William Shakespeare's Work In The Development Of European Literature //Journal of Positive School Psychology. – 2022. – Т. 6. – №. 8. – С. 299-304.



АБАЙДЫ ЖАТҚА БІЛГЕН ШАЙЫР

Мамбеткаримов Ғарипулла Хамидуллаевич,
НМПИ, қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы үлкен оқытушысы,
Нөкіс қаласы,
garifullamambetkarimov@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271831>

Аннотация. В статье рассматривается литературная связь творчества Абая Кунанбайұлы и каракалпакского поэта Ибраима Юсупова.

Аннотация. Мақалада Абай Құнанбайұлы мен қарақалпақ ақыны Ибрайым Юсупов шығармаларының әдеби байланысы туралы пікір айтылады.

Өзбекстан және Қарақалпақстан халық ақыны, Өзбекстан қаһарманы, Қарақалпақстан Республикасы Әнұранының авторы Ибрайым Юсупов өзінің саналы өмірін, сапалы білімі мен тарлан талантын қарақалпақ поэзиясын өркендетуге сарп еткен тарихи тұлға. Ақынның поэзиясына ден қойып оқысақ көршілес түркі халықтары болған өзбек, түрікмен, қырғыз халықтарымен бірге, қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін, тарихы мен географиясын, әдет-ғұрыптарын тамаша меңгергенін, халықтар достығын тұғырлы ту етіп ұстап, риясыз сүйіп өзінің тамаша жырларына қосып жырлағанын байқауға болады. Ақын көршілес түркі халықтары дегенде ішкен асын жерге қойып, жанпидалық көрсетуге дайын. «Орденді халқыма» өлеңіндегі мына жалынды қатарлар соның айқын дәлелі:

Өзбек, түрікмен һәм қазағым,
Бірге шегіп хан азабын.
Жақындатқан жол ұзағын,
Қаналасың қаның еді...
Ибрайым дер: жаным құрбан,
Достық десе толқын ұрған,
Сенің үшін соғып тұрған,
Кеудемде кең жүрегім бар!- [1-24]

деп көршілес түркілердің туысқандығын жырлап, қаналастық тарихына көз жіберіп, достық деп соққан пәк жүрекпен жанын құрбан етуге дайын екенін байқатады. Ақын бұл құштарлығын бүкіл шығармашылығының бастан аяғына дейін дәлелдеп отырған. Бұны ақынның өз еске түсірулерінен де байқауға

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



болады. Ақын өзінің шығармашылығы жайлы айтқан сөзінде назар аударар болсақ: «...ақындықта үш нәрсеге садық болдым: өлең арқылы халық жүрегіне жол іздедім, замандастарымның көңіл-күйін, қуаныш-қайғысын, арзу-арманын, ұмтылу тілектерін, биік адамгершілік қасиеттерін жырлауға тырыстым. Өлеңнің, Шығыс және Батыс классикалық жолдарын тынбай үйрендім. Науаи, Мақтымқұлы, Бердақ, Абай, Тоқайлар негізін қалаған түркі өлең «академиясын» тауап еттім», -[2,2] дейді.

Ибрайым шайырдың поэзия сарайына кіріп келуіне себепші болған талант иелерін туралы: «...кәміл-пірлеріміз болған ардагер тұлғалар Ғафур Ғулам, Айбек, Міртемір, Кәміл Яшен, Сәбит Мұқанов, Берді Кербабаяев, Сулайман Рустам, Қайсын Құлиевтың өз ұлындай еркелетіп, бізге қылған дуалары мустажиб (қабыл) болса ықтимал», - [2-2] деп ұстаздарын құрметпен тілге алса, ал үзеңгілес достары туралы: «Қазіргі заманымыздың көркем сөз шеберлері Шыңғыс Айтматов, Расул Гамзатов, Мұстай Кәрім, Олжас Сүлейменов, Сүйінбай Ералиев, Абдулла Арипов, Еркін Вахидовтардың», - [2-2] бауырмалдығына дән риза болады.

«Батырлық, байлық кімде жоқ, Ғашықтық жолы бір басқа» демекші Ибрайым ақын шығармашылығындағы Абайдың жөні бір басқа да, Шоқанның жөні бір басқа, себебі Абай, жоғарыда айтқанымыздай, ақынның түркі өлең академиясындағы сыйынатын классигі де, Шоқан Юсуповтың етжақын жиені. (Шоқан Уәлиханов жайлы өз алдына сөз ету қажет). Бұл екі тұлғаны ақын жырларында көп тілге алып, оқырмандарына өрнек етеді.

Мен Абайды жатқа білген халықпын...

Әму бойы туып-өскен топырағым,

Өздеріңмен бір бұтақтас жапырағым.

Көңілім ашық ақшамы жоқ жарық күн, —

Мен Абайды жатқа білген халықпын, - [4-40]

деп бар дауысымен әлемге жар салған Ибрайым шайыр Абай өлеңдерін жатқа айтуда қазақ оқырмандарына өрнек боларлық қабылетін өлеңмен одан әрі былай өрнектей түседі:

Тілмашсыз-ақ қазақтармен ұғысқам,

Күй тыңдайық, домбыраңды бұрап ал.

Сен Абайдың бірер сөзін ұмытсаң,

Мен айтайын, кел де меннен сұрап ал.

Тегіміз бір түйір дәмді бөліскен,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



*Мейірім сүтін бір емішekten еміскен,
Тар құрсақта тай-құнандай тебіскен,
Қаналасым қазақ елі, алыпсың,
Мен Абайды аға тұтқан халықпын,- [4-40]*

деп қазақ халқы мен қарақалпақ халқының сан ғасырларға ұласқан туысқандығын төсекте басы, төскейде малы түйіскен екі елдің достық қарым-қатынасын ақтарыла жырлаған Ибрайым Юсупов қазақ-қарақалпақ халықтарының достығын поэзия тілімен өрнектеген алдыңғы буын шайыр ағалары дәстүрінің шынайы дауамшысы, заңды жалғасы бола білді. Шындығында, тарихқа көз жіберсек Жиен жырау Тағайұлының қазақтың «ақ табан шұбырындыдағы» «Елім-айына» үндес келетін «Босқан елін», Әжінияздың өз елін қазақтың Қожбан болысына таныстырған және басқа да туған жер сағынышына тола жырларын, Қыз Меңешпен айтыстарын, төкпе ақын Т.Жұмамұратовтың:

*Бір теректің бұтағындай ұрпақпыз,
Қайғыға да, шаттыққа да ортақпыз.
«Кең даланың жыришысы» деп біздерді,
Уәлиханов айтқан қарақалпақпыз,-*

деп келетін жүрекжарды жырын жаттап өскен Ибрайым Юсупов шығармашылығынан Қазақстан тақырыбы ерекше орын алады. Оған ақынның Алматы қаласында ғылыми іс-сапармен өткен ғасырдың 60-жылдарында жасағаны да жақсы жағдай туғызған. Ақын қаламынан туған «Қазақстан», «Мен Абайды жатқа білген халықпын», «Алматыға», «Сұлу екен Алматының қыздары», «Ағайын», «Көкшетау» атты өлеңдермен бірге, әр жылдарда жазылған: «Бұлақ» Сырыбай Мәуленовқа, «Ақын кетіп барады» Жұбан Молдағалиевқа, «Қалтайға» Қалтай Мұхаметжановқа, «Жігіттің жетпіс көктемі» және «Ишанбай күйі» профессор Ишанбай Қарақұловқа, «Әр кітабың қызықты бір шежіре» жазушы Жұбатқан Мұратбаевқа арнау өлеңдері сол туғызылған жағдай мен туысқандық жақындықтың айқын дәлелі есепті.

Шайыр Ибрайым «Қазақстан» өлеңінде:

*Алтын дән теңізіндей тың гүрлеген,
Алматы алтын сарай күңгірлеген.
Абайдың армандары іске асып,
Құрманғазы мың күй боп күмбірлеген,- [4-42]*

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



деп қазақ елінің қол жеткен табысын Абай арманының орындалуымен ұштастыратыны бар. Сондай-ақ, ақын «Сұлу екен Алматының қыздары» өлеңінде:

*Гүлін Көкшетаудан терген бе деймін,
Дала қызғалдағын берген бе деймін,
Жібін Баян сұлу өрген бе деймін,
Абай емес пе екен оюын сызғаны? - [2-82-83]*

деп Абайдың көркем жыр кестелерін ару қыздың әдемі орамалына балайды.

Ибрайым шайырдың ұлы Абайға арнап және қазақ еліне арнап жазған жырларында ғана емес, басқа да өлеңдерін байыппен оқып отырсақ ұлы Абай өрнектерін байқауға болады. «Диплом алған досыма» деген өлеңі осының айқын дәлелі.

*Білім берген Отанға,
Ісіміз болсын лайық.
Салынып жатқан сарайға,
Кел, біз де кірпіш болайық, - [3-16]*

деп аяқталатын өлеңі Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің
*Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз босаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан»! - [1-141]*

деп келетін жыр жолдарын еріксіз еске түсіреді. Бұл екі кемел кемеңгердің поэзиялық ұқсастығы мен бірін екіншісі толықтыратын үйлестігінің жемісі.

Ибрайым ақын Хәкім Абай талантына тағзым етіп, өзінің көптеген лирикалық өлеңдерінде тілге алып, жырына қосып отырған. Оған ақын поэзиясын оқыған әрбір оқырман куә болуы мүмкін. Мысалы, ақын «Түрік ұлысына» өлеңінде:

*Науаи газалын, Физули сөзін,
Мақтымқұлын оқып ашылды көзім,
Абай, Тоқтағұлды сүйемін өзім,
Айтсам, келтіремін гүлін-гүліне, - [2-7]*

деп басқа да түркі ақындарымен бірге, Абайды сүйетінін, жырын жатқа айтатынын, айтқанда да «гүлін-гүліне келтіріп», нағыз мақамына салып айтатынын тағы бір рет жырға қосады.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Сайып келгенде, осындай қазақ елінің тарихи деректеріне толы өлеңдер мен ұлы Абай туралы көркем кестелі жыр жолдарын Ибрайым Юсупов өлеңдерінен молы кездестіруімізге болады. Мұны ғылыми тұрғыдан зерттеп, пікір айту қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің достығын, тарихи сабақтастығын дәріптеу келешектің ісі деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абай, «Қалың елім қазағым», Алматы-2002, 224 бет.
2. И. Юсупов, «Өмир, саған ашықпан», Нөкіс-1999, 80 бет.
3. И. Юсупов, Таңдамалы шығармалары, III томдығы Нөкіс-2018, I том, 352 б.
4. И. Юсупов, Таңдамалы шығармалары, III томдығы Нөкіс-2018, II том, 352 б.
5. И. Юсупов, Таңдамалы шығармалары, III томдығы Нөкіс-2018, III том, 350 б.



АБАЙ - ҚАРАҚАЛПАҚ ШАЙЫРЛАРЫНЫҢ ЖЫР ШУМАҚТАРЫНДА

Байкабилов Усербай Алимханович,

Шығыс мемлекеттік педагогика университеті

Өзбек тіл білімі кафедрасы доцент м.а.

userbajbajkabilov856@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271835>

Аннотация: Ұлы Абайдың ақындық арыны мен ұлы гуманистік идеялары, даралығы мен даналығы, тек қазақ халқы арасында ғана емес, бүкіл әлем халықтарын да тамсандырып, өз жетегіне үйіре түсетін, кемел ойдың иесі, бал бұлағы екендігі де бірден-бір шындық.

Кілтті сөздер: қазақ поэзиясының жарық жұлдызы, түбі бірге туысқан, дала данышпаны.

Annotation: it is the only truth that the great Abai is the owner of a perfect mind, a honey spring, whose poetic spirit and great humanistic ideas, individuality and wisdom are admired not only among the Kazakh people, but also among the peoples of the world.

Key words: he was a bright star of Kazakh poetry, a relative of the bottom, a steppe genius.

Туысқан қарақалпақ халқы, оның зиялы жұртшылығы, ақын-жазушылары, Абай шығармаларын өз ана тілдерінде оқумен бірге, Абай тілінде де сүйіп оқып, ол жайлы зиялы зерттеушілері сүйсіне пікірлер де айтқан. Шығармаларынан ерекше рухани нәр алған. Тіптен, қарақалпақ шайырлары ұлы Абайды ерекше ардақ тұтып, қастерлеп, ерекше ыстық ықыласпен сүйіп оқығандығы соншалық, ақынға өз өлеңдерін арнайды [7].

Қарақалпақ ақындары өз өлеңдерінде, ұлы Абайдың даралығы мен даналығын айрықша сөз етіп, жыр жолдарында ерекше ыстық ықыласпен жырлағандығын анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл ретте, И. Юсуповтың «Мен Абайды, жатқа білген халықпын», халық ақыны Т. Жұмамұратовтың «Абай ескерткішіне» деген сияқты өлеңдерін ерекше сүйіспеншілікпен тілге аламыз [4].

Сондай-ақ, Қ. Сейітовтың «Жырлары таң жұлдызы», Т. Сәрсенбаевтың «Абай десе...», Қарақалпақ Республикасы жастар сыйлығының иегері С. Исмаиловтың «Қазақ жерін, Абай елін көрдім» деген сияқты т.б. қарақалпақ шайырларының өлең - жырларын да қуана тілге алуды жөн деп ойлаймыз [6].

Қарақалпақ мен де сенің бір балаң,
Ұрпағыңмын тойларыңда жырлаған.
Саған тарту болсын осы гүл шоғым,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Туысқандар қастерлеген ескерткіш.

Қалдыбек Сейданов.

деп, Қалдыбек Сейданов өз шығармасында емірене тіл қатады да, өзін тіптен Абайдың бір баласы ретінде қадірлеп, жыр жолдарына қосады.

Сондай-ақ, И. Юсупов, 1970 жылы ұлы Абайдың 125 жылдығына арнап, арнайы өзінің «Мен Абайды жатқа білген халықпын» деген өлеңін жазады. Онда ол, ұлы Абайға деген ерен сүйіспеншілігін өлең жолдарында өрнектей түсіп, ерекше құрметпен тілге алады.

Өлеңде, ұлы Абайды туысқан қарақалпақ халқы қаншалық қадір – құрмет тұтатындығын, шығармаларын сүйіп оқып, одан сүйсіне нәр алатындығын жан – жақты аша түседі. Мәселен ақын тебірене түсіп:

Шыңғыс тауда шыққан Абай жырлары,
Көп жаңғыртқан қарақалпақ қырларын.
Бердағымның қосығына қосылып,
Құлағыма бірге шерткен сырларын.
Мен Абайды жатқа білген халықпын.

деп, терең байлам жасайды [4].

Шынында да, кең тынысты кемеңгер ақын, ұлы Абай өлеңдеріне қарақалпақ халқының қанық екендігін ашық тілге алумен бірге, аса талантты тұлғаға деген шынайы сүйіспеншілігін, өлең жолдарында барынша ағыта түсіп, Абайды емірене тілге алады.

Қазақстанның гүлжазира, жұпар иісі аңқыған даласын жаннат мекенге балай түсіп:

Міне бүгін бақыт елі – далаң тұр,
Кең даланды кенелдірген адам тұр.
Жерің жақын «Жаннат» деген ұғымға,
Абай ата аңсап кеткен заман бұл.

деп, қазақ халқының бүгінгі таңда бақытқа кенеле түскен сәттерін де ақындық жүрекпен сезініп, өзінің туысқан қазақ халқына деген ыстық ықыласын, ерен сүйіспеншілігін жасырмай, ағынан жарыла ашықтан – ашық тілге алады [5].

Оның үстіне, Т. Жұмамұратов та, өзінің 1960 жылы жазған «Абай ескерткішіне» деген өлеңінде, жоғарыдағы ақындардың ойын одан әрі кең өріс алдыра, жетілдіре түседі. Ақын өлең өрнектері, жоғарыда тілге тиек еткен ақындардың жыр шумақтарындағы ойды, титтей де қайталамайды.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Өзінің Абайға деген ыстық сезімін екши отырып, оның әлемдік деңгейдегі ірі ақын, ерен тұлға екендігіне тәнті болады. Келбетінің биіктігі, жүрегінің саф – тазалығы да сөз болады.

Шынында да ұлы Абайдың, бүгінгі таңда талай халықтар сүйіп оқып, ардақ тұтатындығын ерекше сүйіспеншілікпен тілге ала келіп, онан соң тағы да ойын одан әрі тереңдей түсіп, Мұхар Әуезовтай асқан дарынның Абай жайлы роман-эпопея жазғандығын да, қалт еткізіп қаға берісте қалдырмай, ерекше сүйіспеншілікпен тілге ала келіп, өз ойын былайша өрбітеді. Мәселен:

Көрінер түсім, ойымда Абай,
Мұхтардың ұлы томында Абай.
Қай жакқа барсам алдымнан шығып,
Кездесер жүрген жолымда Абай.
Жайналған жүрек қалпында Абай,
Әмуді кезсем қолымда Абай.
Негізгі орны Алматы екен,
Мінеки, биік орында Абай.

деп, ұлы тұлғаның кемеңгерлік сипатын жан – жақты аша түседі.

Абайды - поэзияның жарқын жұлдызы ретінде танып, оның өлеңдерін жүректі балқытатын сырлы да нәрлі дүние екендігіне тәнті қалады. Тіптен ақын, ұлы Абайдың көркем поэзиясын: "Көріктің жаңған шоғындай" деп, ақын поэзиясының мәнділігіне таң қалып, тамсана түссе, Т. Сәрсенбаев та, өзінің 1994 жылы жазған «Абай десе...» деген өлеңінде:

Дейсің ғой сен Әжінияз бен Абайым,
Өз зерімен әзірлеген сөз сарайын.
Сөз төрінде қазақ пенен қалпағың,
Егіз қозы секілді бір ағайын.

деп, қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы Абай мен қарақалпақ халқының ерен жүйрік ақыны Әжінияздың поэзия әлемінде, өз зергерлігімен сөз сарайын салғандығын тауып айтып, тамаша байлам жасайды.

Сөйтіп өзінің, ұлы ақынның еліне, жеріне арнайы қарақалпақ елінен зиярат етуге барғандығын да емірене тілге ала отырып, одан әрі:

Қарақалпақтан зиаратқа келдім мен,
Мұқағали шәкәрті боп ердім мен.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Көргенім жоқ даңқы асқан Мекенді,
Ару қала Алматыда жүрдім мен.
Қазақ жерін, Абай елін көрдім мен.

деп ақын, қазақ елін, қазақ жерін көргендегі ыстық сезімін, өзінің жыр жолдарында, ерекше шынайы сезіммен ағыта түседі.

Оның үстіне, өлеңде түбі бірге туысқан қазақ халқына деген ерен ықыласын өте орынды ақтарумен бірге, Абай еліне барғанда айрықша ерен сезімге бөлене түскендігін де, ерекше қуанышпен жыр жолдарына қосып, өзі де еріксіз емірене түседі.

Ұлы Абайдың ақындық арыны мен ұлы гуманистік идеялары, даралығы мен даналығы, тек қазақ халқы арасында ғана емес, бүкіл әлем халықтарын да тамсандырып, өз жетегіне үйіре түсетін, кемел ойдың иесі, бал бұлағы екендігі де бірден-бір шындық. Оны ақын тауып айтып, тамаша байлам жасай білген.

Сондықтан да, ұлы Абайдың аса нәрлі де ойлы – поэтикалық туындылары мен даналық сөздері (қара сөздері), бүкіл Орта Азия халықтарының, ақындарының ғана аса үлкен байлығы, құнарлы игілігі ғана емес, ол - бірден бір әлем халықтарының да алтын қазынасы, інжу маржандары десек, әрине ол артық айтқандық емес.

Қорыта айтқанда, қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, дала данышпаны ұлы Абай, жылдар, ғасырлар өткен сайын, үнемі бір елі де төмендемей, барған сайын биіктен көріне беретін, шын мәніндегі ірі де дара тұлға. Сондықтан да ол, үнемі Орта Азия халықтарын, зиялы жұртшылығын, өз жетегіне үйіре түсіп, өзінің аса тамаша ойшыл ақындығымен, дарабоздығымен көз тартып, көңілдеріне ұялай бермек.

Бұл – ұлы ақынның данышпандық құдреті мен кең тынысты, кеменгерлігінің бірден-бір жемісі десек, бұл да артық айтқандық емес, ол – бірден-бір бұлтартпас шындық. Сол үшін да қарақалпақ шайырлары, өз жыр шумақтарында, Абайдың даналығына тәнті қалып, тәзім етумен бірге, оның поэзия әлемінде ерен жүйріктігіне, әрқашан тамсана бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай энциклопедиясы. Алматы.1994 жыл. 376 б.
2. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Алматы. 2013 жыл. 45 б.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



3. Байкабилов У. Науаи мен Абайдың танымдық мұралары. (Абай ижоди ва илмий меросини ўрганиш масалалари Республика илмий-амали конференция) Ташкент. 2020 жыл. 62 б.
4. Жұбанов Қ. Ұлы дала тұлғалары. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. “Әдебиет әлемі” баспасы. Алматы. 2013 жыл. 105 б.
5. Жұмажанов Қ. Абай және қарақалпақ әдебиеті. Алматы. 1995 жыл. 30 б.
6. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. Алматы. 1994 жыл. 34 б.
7. Сағитов И.Т. Абай және қарақалпақ әдебиеті. Алматы. 1995 жыл. 27 б.
8. Сейданов Қ. Абай және Орта Азия әдебиеті. Ташкент. 2020 жыл. 253-264



Т. ЖУМАМУРАТОВ - МАСТЕР ХУДОЖЕСТВЕННОГО СЛОВА

Бекбергенова М.Д.,

Нукусский государственный педагогический институт
имени Ажинияза кафедра каракалпакской литературы
кандидат филологических наук, профессор

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271841>

Аннотация: В данной статье в сравнительно- типологическом аспекте изучаются художественные образы созданные Т.Жумамуратовым в стихотворениях «Ана», «Мойнақта» и др. Рассматриваются типологические связи фольклорных образов каракалпакских дастанов «Сорок девушек», «Алпамыс» и образов в дастане «Красавица Макарья» Т.Жумамуратова.

Anontation: In this article, in a comparative typological aspect, the artistic images created by T. Zhumamuratov in the poems "Ana", "Moynaeta" and others are studied. The typological connections of folklore images of the Karakalpak dastans "Forty girls", "Alpamys" Makarya "T. Zhumamuratov.

Поэзия народного поэта Узбекистана и Каракалпакстана, лауреата государственной премии имени Бердаха Тилеубергена Жумамуратова широко известна и любима на его Родине а также за её пределами.

Т.Жумамуратов - мастер художественного слова в истории каракалпакской литературы XX века создал произведения во всех литературных жанрах. Известны его высоко художественная поэтическая лирика, эпическая поэзия, поэмы, дастан, сатирические стихотворения, очерки, рассказы, пьесы, айтыс.

Произведения Т.Жумамуратова опубликованы в его сборниках «Жүрек мухаббаты» («Любовь сердца»), «Дослык» («Дружба»), «Менин заманласларым» («Мои современники»), «Толқында» («На волне»), «Кәраматлы тулга» («Могучая личность»), «Түрлі өткеллер» («Разные перевалы»), «Өмириңнің ози философия» («Жизнь твоя сама философия»), «Аралға келдим оралып» («Вернулся обратно к Аралу»).

Т.Жумамуратов был знатком каракалпакского устного народного творчества, каракалпакской классической литературы, хорошо знал древний арабский и персидские языки. В своей поэзии он продолжил и разработал лучшие традиции каракалпакского фольклора.

Созданные поэтом художественные образы Родины, матери, родной земли пропитаны глубоким патриотическим чувством сыновьей любви к своему

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



народу. Гордость и нежность к родной земле воспеваются в стихотворениях «Мойнақта» («В Муйнаке»), «Толқында» («На волне»), «Ел бармекен мениң туғған жеримдей» («Есть ли страна, как моя родная земля») и т.д.

Созданные поэтом образ Родины – матери и образ матери – женщины типологически связаны между собой. Родина и мать – это два понятия которые для каждого человека обозначают надежную опору, защиту, заботу. Этими чувствами наполнены стихи поэта «Ана» («Мать»), «Аралым» («Мой Арал»), «Өз үйім» («Мой дом»), «Нөкисім» («Мой Нукус»), «Мойнақта» («В Муйнаке») и др.

Образ преданной жены, друга который всегда тебя поймёт и поддержит создан в стихотворении «Қостарлар» («Супруги»). Типология образа надежного, близкого, любимого человека наблюдается во многих стихах Т.Жумамуратова, посвященных теме любви и любимой.

Поэзии Т.Жумамуратова характерны глубокие философские мысли, художественное слово поэта имеет многозначный смысл. В стихотворении «Өмірімнің лирикасынан» («Из лирики моей жизни») поэт говорит о скоротечности жизни, что каждый уходящий день сокращает человеческую жизнь. А это значит, что каждый день в жизни человека должен быть наполнен содержательным смыслом.

В творчестве Т.Жумамуратова эпическая поэзия занимает значительную место. Поэмы созданные мастером художественного слова отличаются глубоким содержанием, поэтическим совершенством. Известны его поэмы «Қәсийетли гаўхар тас» («Волшебный камень жемчуг»), «Жалынлы күнлерде» («В огненные дни»), «Океан ортасында» («Среди океана»), «Макарья сулыў» («Красавица Макарья»). Творчество Т.Жумамуратова тесно связано с каракалпакским фольклором. Некоторые его поэмы «Тырна менен жылан» («Журавль и змея»), «Суўға кеткен адам» («Утонувший человек»), «Бала туўралы сөз» («Слово о ребенке») созданы на основе мотивов легенд и мифов. Произведение «Макарья сулыў» («Красавица Макарья») по своей композиционной структуре, обрисовке героев, по характеру повествовательного изложения связано с известными каракалпакскими дастанами. Обрисовка главной героини данной поэмы Макарьи типологически связана с образами Гулайым из дастана «Қырық қыз» («Сорок девушек»), Гулпаршын из дастана «Алпамыс» и др. Например, в поэме «Макарья сулыў» поэт описывает героиню следующими словами:



«Проходили дни и таяли в былом,
А Макарья хорошела день за днём.
Стали косы – словно чёрный водопад,
и глаза горели ласковым огнем.

И красива, и стройна, и высока,
Руки белые, как первые снега.
Улыбнётся – словно между алых губ,
засверкают при улыбке жемчуга.

С ней сравниться красотой не могли
даже юные Зулейха и Лейли.
Эта девушка, наверное, была
совершеннейшим творением земли». [1: 11]

В дастане «Кырык кыз» в варианте Курбанбая жырау образ главной героини Гулаим в переводе С Сомовой описывается следующим образом:

«Словом ли медовым подарит, смеясь,
Краешком ли глаза ранит, наклонясь-
Полщища джигитов смелых сражены,
Разум потеряли, на неё дивясь.

Полночью безлунной выйдет на откос
На ветру распустит блеск тяжелых кос,-
Словно драгоценных перлов торжество,
Кто-то в подземелье темное принёс».

Не только обрисовка внешнего облика главных героинь, но и их внутренний духовный мир, описание присущих каждой из героинь качеств: ум, мудрость, храбрость, находчивость, отвага связывают эти художественные образы.

Литература:

1. Жумамуратов Т. Красавица Макарья. – Нукус: Каракалпакстан, 1975.
2. Жумамуратов Т. Шығармалар жыйнағының 3 томлығы. 1 том. -Нөкіс: Қарақалпақстан, 1978.
3. Жумамуратов Т. Шығармалар жыйнағының 3 томлығы. 2 том - Нөкіс: Қарақалпақстан. 1980.



ҚАЗІРГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

А.Ш.Кабжанова,

Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, докторант
akabjanova@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271851>

Açıklama. Bu makalede, Abay ve metaforlar, benzetmeler ve semboller aracılığıyla, şairin insan ve doğa arasındaki derin bağları nasıl betimlediği açıklanmaktadır. Şairin şiirleri ve sözlerinde, hayatın anlamı, ahlaki değerler ve ulusal değerlerin önemi belirgin şekilde ortaya çıkmaktadır. Aydınlik'ın eserleri, günümüz gençlerinin ulusal değerleri kabul etmesi ve yetiştirilmesinde önemli bir rol oynamaktadır. Ayrıca, şairin eserleri, Türk edebiyatının gelişiminde büyük bir etki yaparak ulusal eğitim sisteminde özel bir yer tutmaktadır. Aydınlik'ın eserleri, evrensel değerlerle uyum içinde olup, Türk halkının kültürü ve insanlık ahlakına yaptığı paha biçilmez katkısı gözler önüne sermektedir.

Anahtar kelimeler: Abay, dilsel imgeler, ulusal değerler, gençlik eğitimi, evrensel değerler.

Abstract. This article explains how, through metaphors, comparisons, and symbols used in the works of Abay Qunanbaiuly, the poet illustrates the deep connection between humans and nature. In his poems and prose, the importance of life's meaning, moral values, and national values is clearly depicted. Abay's works play a significant role in the formation of national values and the upbringing of modern youth. Moreover, the poet's works have a special place in the development of Kazakh literature and the national education system. Abay's writings are closely connected to global values, showcasing his immense contribution to the culture of the Kazakh people and universal morality.

Keywords: Abay, linguistic imagery, national values, youth education, global values.

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы, әрі оның шығармашылығы қазақ халқының рухани дүниесін терең танытатын қазына. Абайдың поэзиясы мен қара сөздері адамзаттық мораль, философия және өмірлік мәндер туралы терең ойлардан тұрады. Оның шығармашылығы тілдік бейнелердің көмегімен адам жанының тереңдігін, қоғамның болмысын, табиғат пен адам арасындағы байланысты бейнелеген. Абайдың шығармашылығы мен қазіргі оқушылардың ұлттық құндылықтар бейнесі талданады. Ақынның шығармашылығын зерттеу барысында қазақ әдебиетінің көрнекті ғалымдары мен тілшілер айтарлықтай еңбек сіңірген. Бұл ретте Абайдың мұрасын терең зерттеген ғалымдар қатарында Мұхтар Әуезов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Жансүгіров, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты тұлғалар бар.

Қазақ қоғамының әлеуметтік шындығын терең түсінген ақын адамды рухани байлыққа жетелейтін жолды іздеді. Ол адамның ішкі әлемін, ойлау

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жүйесін, мінез-құлық нормаларын тұтастай қарастырып, өзін-өзі тануға, қоғамдағы өз орнын дұрыс анықтауға шақырды. Абай шығармашылығында тілдің атқаратын рөлі ерекше, себебі ол тек эстетикалық құрал ретінде емес, философиялық ойды жеткізудің қуатты құралы болып табылады. Оның шығармашылығында тілдік бейнелердің негізі – метафоралар, теңеулер, символдар және әртүрлі стилистикалық тәсілдер. Бұл құралдар арқылы ол терең философиялық ойларды қарапайым оқырманға жеткізе білді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінде жиі кездесетін табиғат көріністері мен адам психологиясын салыстыру арқылы, оның ішкі дүниесінің мәнін ашып, өмірлік ақиқаттарды түсіндіруге ұмтылды. Оның шығармашылығында тілдік бейнелер терең философиялық мағынаға ие. Оның өлеңдерінде адамның рухани дамуы мен өмірдің мәні туралы күрделі ойлар қарапайым, бірақ әсерлі метафоралармен жеткізіледі. Мысалы, Абайдың «*Сен мені түсін, мен сені*» өлеңінде адам өзінің ішкі күйін және рухани дүниесін басқа адамға түсіндіру үшін күреседі [1,198]. Бұл ой терең метафоралар мен бейнелер арқылы танылады. Адам өзінің рухани әлемін түсінуге және өз орнын табуға шақырады.

Абай туындыларында тілдік бейнелердің бірегейлігі – олардың әрқашан көпқабатты болуында. Оның тіліндегі метафоралар мен символдар көп мағыналы, олар адамның сыртқы және ішкі әлемі, оның әлеуметтік және моральдық жағдайы туралы пікір білдіреді. Бұл тереңдігі мен кеңдігі Абайдың философиялық тұрғыда ерекше орында тұрғанын көрсетеді.

Ақынның шығармашылық әлемінде табиғат пен адам арасындағы байланысты көрсету маңызды рөл атқарады. Табиғат адам жанының бейнесі ретінде пайдаланылып, адамдық сезімдердің, ойлардың және моральдық құндылықтардың символы болып табылады. Абайдың табиғатқа деген көзқарасы, әсіресе, оның шығармашылығындағы теңеулер мен метафораларда көрініс табады. «*Желсіз түнде жарық ай, Сәулесі суда дірілдеп*» деген өлеңінде Абай табиғаттың тыныштығы мен адамның ішкі тыныштығын салыстыра отырып, адамды өзін-өзі түсінуге, өмірдің мәнін табуға шақырады [2,59]. Бұл бейнеде табиғаттың көріністері адамның ішкі күйін көрсететін айна рөлін атқарады.

Табиғаттың элементтері – ай, жұлдыздар, жел, көл сияқты көріністер – Абай поэзиясында адамның рухани өсімін, ізденісін бейнелеу үшін жиі қолданылады. Мұнда табиғат адамның ішкі дүниесімен, ойлау жүйесімен тығыз байланыстырып көрсетіледі, бұл философиялық тұрғыдан адамның табиғатпен

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



үндестігін аңғартады. Этикалық мәселелерге ерекше мән беріледі. Ол өз шығармаларында адамгершілік, әділеттілік, білім, ақыл-ойдың маңыздылығын үнемі насихаттап отырды.

Абай шығармаларының ең басты идеясы – адам баласының рухани дамуындағы қажетті құндылықтарды қалыптастыру. Оның қара сөздері мен өлеңдеріндегі тілдік бейнелер, әсіресе, этикалық тұжырымдар мен өмірлік философияларды нақты бейнелейді. Тілдің философиялық мәні адамның өзіне және қоғамға деген жауапкершілігін түсінуінде жатыр. Қарапайым адамдарға жақсылыққа, ізгілікке, білім мен бақытқа жетудің жолдарын ұсынатын тілдік бейнелер бар.

Ақынның «Толық адам» концепциясы да осы тұрғыдан қарастырылуы мүмкін. Бұл адамгершілік, мінез-құлық, адам мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас мәселелерін шешуге бағытталған философиялық тұжырым. Осы тұжырымдарды тілдік бейнелер арқылы қарапайым, бірақ мән-мағынасы терең өлеңдерде жеткізді.

Қазіргі оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда Абайдың шығармашылығы ерекше рөл атқарады. Ақынның ұлағатты сөздері мен ойлары, оның қазақтың ұлттық руханиятын жоғары бағалауы бүгінгі жастарға ұлттық тілдің, мәдениеттің, дәстүрлердің маңыздылығын түсіндіруде тиімді әдіс болып табылады. Патриотизм мен адамгершілік, ізгілік пен білімге ұмтылу туралы ойлар қазіргі оқушылардың бойында ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Оның сөздері ұрпақтан-ұрпаққа берілетін терең тағылымдық мәнге ие болып, ұлттың болмысын, мәдениетін сақтау мен дамытуда үлкен күшке ие. Бұл тұрғыда Абайдың туындылары әлемнің ұлттық құндылықтар бейнесін қалыптастырудың бірегей тәсілі болып табылады.

Қазіргі оқушылардың бойында әлемнің ұлттық құндылықтар бейнесін қалыптастыру және Абай әдеби мұрасы арасында тығыз байланыс бар. Оның туындылары арқылы жастарға қазақ халқының рухани мұрасын, ұлттық құндылықтарды, білім мен адамгершілік қасиеттерін дәріптеумен қатар, әлемдік мәдениеттің негіздерін де түсіндіруге болады.

Абайдың философиялық ойлары мен тілдік бейнелері қазіргі замандағы жастар үшін маңызды болып табылады, себебі олар осы құндылықтарды өз өмірінде қолдану арқылы жеке тұлға ретінде өсіп, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасады.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ақын поэзиялық шығармалары негізінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғыртуға қатысты ерекше ойлар жатыр. Бұл тұрғыда Абайдың шығармашылығында ұлттық болмыс, тіл, моральдық құндылықтар мен дәстүрлер үлкен орын алады. Қазақстандық ғалымдардың бірі М. Әуезов Абайдың шығармашылығы туралы: *«Абай қазақ халқының жүрек тереңдігі мен жан дүниесінің айнасы болды»* деп атап өткен болатын[3,358]. Оның шығармалары ұлттық болмысымызды терең түсіну мен оған жаңаша көзқарас қалыптастыру үшін өте маңызды. Сонымен қатар, Абайдың философиялық ойлары әлемдік рухани мәдениеттің деңгейінде өзінің өзектілігін жоғалтпайды.

Ғалымдардың пікірінше, Абай қазақтың ұлттық мәдениетінің жаны, ал оның шығармашылығындағы терең ойлар қазіргі ұрпақтың да дүниетанымын кеңейтуге зор әсер етеді. Абайдың «Толық адам» концепциясы қазіргі қоғамның ұлттық құндылықтарға негізделген жеке тұлғаны қалыптастырудағы негізгі бағдар болып табылады. Абай адамды толыққанды тұлға ретінде сипаттай отырып, оның ақыл-парасаты, білімге құштарлығы, адамгершілігі мен еңбекке деген көзқарасын ерекше бағалаған. Мұндай көзқарастар қазіргі оқушылардың бойында рухани байлықты қалыптастырудың негізгі принциптерін құрайды.

Абай Құнанбайұлы өзінің шығармашылығында тек қазақ халқының мәдениеті мен болмысын сипаттап қана қоймай, адамзаттық құндылықтарды терең түсінуге ұмтылды. Оның философиясындағы адамгершілік, әділет, білім және теңдік туралы ойлар тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтар болып табылады. Бұл жөнінде педагогика мен философия ғылымдарының докторы Қ. Жұбанов: *«Абайдың шығармашылығындағы адамгершілік принциптері әлемдік гуманизммен үйлесім тауып, тек жеке тұлға ғана емес, қоғамның да рухани дамуын қажет етеді»* деп пікір білдірген[4,246].

Абайдың шығармашылығында әлемдік құндылықтарды қазақы нақышта ұсынған тұстары көп. Мысалы, оның *«Жиырма жетінші қара сөзінде»* көрсетілген білім мен ғылымның маңызы, адам баласының өзін-өзі жетілдіру жолындағы күресі қазіргі замандағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ғалымдардың айтуынша, Абайдың дүниетанымы мен шығармашылық мұрасы қазіргі заманда жастарды рухани байыту мен адамгершілікке тәрбиелеудің негізі ретінде қолданыла алады. Осылайша, Абай шығармашылығының әлемдік

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



құндылықтармен тығыз байланысы оқушылардың ұлттық болмысымен тығыз үйлесім таба отырып, олардың рухани дамуына оң әсерін тигізеді.

Ақынның өлеңдеріндегі тілдік бейнелер мен метафоралар оның философиялық ойларын қарапайым оқырманға терең жеткізуге мүмкіндік береді. Ғалым С. Қирабаевтың пікірінше, *«Абайдың тілдік бейнелері қазақтың ұлттық ойлау жүйесінің көрінісі ғана емес, бүкіл адамзаттың моральдық ұстанымдарының тұжырымдамасы»* деп көрсеткен[5,194]. Абай шығармашылығындағы метафоралар мен символдар әлемдік мәдениеттің терең мағыналарына жетелейді.

Оның тілінде табиғат пен адам болмысын салыстыру арқылы адамгершіліктің, әділеттіліктің және білімнің мәні айқындалған. Мысалы, *«Желсіз түнде жарық ай»* өлеңінде табиғаттың тыныштығы мен адам жүрегінің тыныштығы арасындағы байланысты символикалық тұрғыда ашуға болады[1,159]. Бұл бейне қазіргі оқушылардың бойында табиғат пен адамның арасындағы үндестікті түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, Абайдың өлеңдеріндегі табиғаттың элементтері адамның ішкі күйі мен мінез-құлқының айнасы ретінде қызмет етеді, бұл ұрпақ тәрбиесінде аса маңызды рөл атқарады.

Қазіргі оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін Абай шығармашылығының маңызы зор. Бұл туралы филология ғылымдарының докторы Б. Әбдіғалиев: *«Абай шығармашылығы жастарды рухани байыту, ұлттық мәдениетті сақтап, оны әлемдік деңгейде қабылдай алатын тұлға тәрбиелеу жолындағы ең тиімді құрал»* деп атап өткен болатын[2,213]. Осы тұрғыда Абайдың шығармашылығы оқушыларды ізгілікке, білімге, еңбекке және адамгершілікке тәрбиелеуде ерекше орын алады.

Абайдың шығармашылығын қазіргі замандағы оқу бағдарламасына енгізу арқылы оқушыларды ұлттық мәдениетті тереңірек түсінуге, әлемдік құндылықтарды дұрыс қабылдауға бағыттауға болады. Ол өз шығармаларында адамзаттың барлық халықтары үшін маңызды моральдық қағидаларды ұсынды, сонымен қатар, ұлттық болмысымызды сақтап қалу қажеттігін үнемі айтқан. Абайдың дүниетанымы мен моральдық құндылықтары қазіргі оқушылардың бойында адалдық, әділеттілік, білімге құштарлық пен ізгілік қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қысқасы, Абай Құнанбайұлының шығармашылығында қазіргі оқушылардың бойында әлемнің ұлттық құндылықтар бейнесін қалыптастырудың негіздері жатыр. Абай философиясы ұлттық болмысты

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



түсініп, оның құндылықтарын сақтау арқылы адамзаттық мораль мен рухани құндылықтарды үйлестіре алатын жүйе ұсынады. Абайдың шығармашылығын оқушыларға таныстыру арқылы оларды қазіргі қоғамдағы моральдық және рухани құндылықтарды сақтауға, дамытуға тәрбиелеуге болады. Әлемдік құндылықтар мен ұлттық мәдениетті үйлесімді түрде ұсыну Абай шығармашылығымен жүзеге асады, бұл қазіргі ұрпақтың жан дүниесін байытуға зор ықпалын тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең - сөздің патшасы. – Алматы: Дәуір, 2006. – 566 б.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
3. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. - Алматы: Санат, 1997. – 416 б.
4. Жұбанов Қ. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1999. – 256 б.
5. Қирабаев Әдеп және жантану. Атамұра, 2010. – 352 б.



ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ:
ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ТІЛДІК САНАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

С. Ж. Жанжигитов,

PhD, қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
syrymphd@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271863>

Мақала қазақ жастарының тілдік санасындағы дәстүр мен жаңашылдықтың ықпалдасу үдерісін анықтау арқылы ұлттық мәдениеттің сақталуы мен өзгеру динамикасын зерделеуге арналған. Зерттеудің мақсаты – жастардың тілдік санасындағы құндылықтар жүйесін анықтап, олардың мәдени танымына әсер ететін факторларды зерделеу. Еркін ассоциативті эксперимент нәтижелері жастардың санасында дәстүрлі мәдени ұғымдардың сақталуымен қатар, жаңашыл көзқарастардың да күшейіп келе жатқанын көрсетті. «Ен салу» ұғымына қатысты алынған деректер меншік, шаруашылық және әлеуметтік нормалардың тілдік санадағы көрінісін айқындады. Нәтижелер этнолингвистикалық құндылықтардың өзгеру динамикасын зерделеуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: тіл, тілдік сана, этнолингвистика, мәдени код, ассоциативті эксперимент.

The article explores the process of interaction between tradition and innovation in the linguistic consciousness of Kazakh youth, analyzing the dynamics of national cultural preservation and transformation. The purpose of the study is to identify the system of values in the linguistic consciousness of young people and examine the factors influencing their cultural perception. The results of the free associative experiment indicate that while traditional cultural concepts remain present in youth consciousness, modern perspectives are also gaining strength. The collected data on the concept of "En salu" highlight the reflection of ownership, economy, and social norms in linguistic consciousness. The findings provide insights into the dynamics of changes in ethnolinguistic values.

Keywords: language, linguistic consciousness, ethnolinguistics, cultural code, associative experiment.

Қазіргі заманғы білім мен ғылым жүйесінде тілдік сана мен этномәдени ерекшеліктерді психолінгвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңызы артып келеді. Тіл – белгілі бір этностың болмысын, дүниетанымын және құндылықтар жүйесін бейнелейтін негізгі құрал. Тілдік сананың қалыптасуы, дамуы және өзгеруі этностың рухани-мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланысты [1:33].

Ғалымдар тілдік ұғымдардың семантикалық ерекшеліктері тек лингвистикалық емес, сонымен қатар мәдениеттанулық сипатқа ие екендігімен келіседі [2; 3]. Бүгінгі психолінгвистикалық зерттеулерде *ассоциативті*

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



эксперимент арқылы ұлттық мәдени концептілерді анықтау маңызды әдістердің біріне айналып отыр [4].

Қазақ тіл білімінде Қазақстандағы және шетелдегі қазақ жастарының этномәдени санасын зерттеу мақсатында жаппай ассоциативті эксперименттер жүргізілді [5]. Алайда, қазақ жастарының тілдік санасындағы дәстүр мен жаңашылдықтың өзара ықпалдастығын кешенді түрде қарастыру жеткілікті деңгейде зерттелмеген мәселе болып қала береді.

Тілдік сана – белгілі бір мәдени дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін механизмдердің бірі. Тіл арқылы этностың *рухани коды* сақталады, ал этнолингвистикалық зерттеулер оның қалай өзгеріп, бейімделетінін анықтауға мүмкіндік береді. Этнолингвистика этностың болмысын оның тілі арқылы зерделейтін ғылым саласы ретінде, халықтың дүниетанымын, құндылықтық бағдарларын және когнитивтік ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған [6].

Қазіргі заманғы ғылымда этнолингвистика тіл мен этностың өзара байланысын зерттейтін маңызды сала ретінде қарастырылады. Этнолингвистиканың негізгі зерттеу нысаны – белгілі бір этностың дүниетанымы, мәдениеті және болмысы тіл арқылы қалай бейнеленетінін анықтау. Этнолингвистика ғылымының негіздері алғаш рет А. Уорфтың идеяларымен қалыптасып, кейіннен Э. Сепирдің теориялық тұжырымдарымен тереңдей түсті. Ғалымдардың пікірінше, әрбір халықтың мәдениеті мен тілі тығыз байланыста дамып, олардың өзара әсері тілдік сананың құрылымына тікелей ықпал етеді. Осыған байланысты «*Сепир-Уорф болжамы*» этнолингвистика ғылымының қалыптасуына теориялық негіз болды. Бұл теория бойынша, адамның әлемді тануы оның ана тілінде бекітілген танымдық құрылымдарға байланысты жүзеге асады.

Қазақ этнолингвистикасының дамуына айрықша үлес қосқан ғалымдардың бірі – Ә. Қайдар. Қазақ этнолингвистикасын зерттеуде Ә. Қайдар этнос пен оның тілінің ажырамас байланысын ерекше атап өткен [7]. Ол этнос болмысын, тілдік әлемді ұлттық бірегейлікті айқындаушы негізгі фактор ретінде қарастырып, оны зерттеудің кешенді тәсілін ұсынды. Ғалым этнолингвистиканың мақсаты – этнос болмысын оның тілі арқылы тану, тілдік құндылықтар мен мағыналық құрылымдарды зерделеу екенін баса көрсетті. Оның зерттеулері қазақ этносының тілдік әлемін, рухани мұрасын, фразеологиялық қорын және ұлттық мәдени кодын анықтауға бағытталды. Ғалымның пікірінше, этнос болмысы – бұл этностың көне заманнан бүгінгі

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



күнге дейінгі мәдени-тарихи тәжірибесі, ал тіл әлемі – осы тәжірибенің көрінісі болып табылады [7].

Этнолингвистикалық зерттеулердің әдістерінің бірі – ассоциативті эксперимент. Бұл әдіс белгілі бір мәдени ұғымдарды, олардың этнос санасында қалай қалыптасатынын және ұрпақтан-ұрпаққа қалай берілетінін зерттеуге мүмкіндік береді. Ассоциативті әдістерді қолдану арқылы қазақ жастарының дәстүр мен жаңашылдыққа деген көзқарасын, олардың ұлттық мәдени құндылықтарды қабылдау ерекшеліктерін зерттеуге болады.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ жастарының тілдік санасындағы дәстүрлі және жаңашыл құндылықтардың арақатынасын анықтау. Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлі ұғымдардың қазіргі қоғамда қалай сақталатынын, өзгеретінін және бейімделетінін зерделеу зерттеудің басты бағыты болып табылады. Осыған байланысты, қазақ тіліндегі этномәдени лексиканың, фразеологиялық бірліктердің, мақал-мәтелдердің мағынасы мен қолданысы талданады. Сонымен қатар, этнолингвистикалық зерттеу арқылы қазақ жастарының дәстүр мен жаңашылдыққа деген көзқарасы тілдік санасында қалай көрініс табатыны анықталады.

Зерттеудің маңыздылығы қазақ халқының этномәдени санасын, оның тарихи-мәдени дамуын, тіл арқылы сақталған ұлттық құндылықтарын зерделеуге негізделген. Осыған байланысты, қазақ этнолингвистикасы бүгінгі таңда ғылыми негізі қалыптасқан, жан-жақты зерттеліп келе жатқан маңызды сала болып табылады. Бұл зерттеу қазақ тіл білімінде этномәдени ұғымдарды жүйелі түрде талдауға, олардың мағыналық ерекшеліктерін анықтауға және олардың ұрпақтар сабақтастығындағы рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ жастарының этномәдени санасындағы дәстүр мен жаңашылдықтың көрінісін анықтау мақсатында еркін ассоциативті эксперимент жүргізілді. Ассоциативті эксперимент қатысушылардың стимул сөздерге өз еркімен жауап беруіне негізделді. Экспериментке Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 17-25 жас аралығындағы 500 студент қатысты. Зерттеуде 100 сөзден тұратын арнайы тізім қолданылды, оған келесідей ұлттық-мәдени ұғымдар енгізілді: *жылқы, құрық, арба, ешкі, соқа, қой, түйе, мазар, сиыр, жетіқарақшы, күншығыс, бесқонақ, жайлау, жеті жұт, күнбатыс, үркер, жеті ғалам* және т.б. Эксперимент барысында қатысушылар ұсынылған сөздерге қатысты алғашқы ойға келген жауаптарын жазып берді. Бұл әдіс

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



арқылы қазақ жастарының мәдени-танымдық ерекшеліктерін, олардың дәстүрлі және жаңашыл көзқарастарын анықтау көзделді.

Талдауға түскен этнографизмнің бірі «ен салу» ұғымына тоқталсақ. Жүргізілген еркін ассоциативті эксперименттің нәтижелері көрсеткендей, бұл сөз қазақ мәдениеті мен қоғамының әртүрлі аспектілерін терең бейнелейді. Зерттеуде жиналған 500 ассоциацияның қолданылуы осы ұғымның көпқырлығын айқындайды. «Ен салу» сөзінің ассоциативті өрісі мәдени құндылықтарды, әлеуметтік рөлдер мен тарихи тәжірибені көрсететін көптеген мағыналармен байытылған.

Зерттеу нәтижелері бойынша жинақталған ассоциациялар үш негізгі топқа жіктелді: *орталық периферия* ($\geq 10\%$), *жақын периферия* (5-10%) және *алыс периферия* ($\leq 5\%$). Бұл топтардың әрқайсысы «ен салу» сөзінің мәнін ашып, қазақ мәдениетінің түрлі аспектілерін түсінуге мүмкіндік берді. Аталған сөздің мәнін анықтау үшін осы ассоциацияларды жан-жақты талдап, олардың философиялық, әлеуметтік және мәдени маңызын зерттеге тырыстық.

1-кесте – ЕН САЛУ ассоциативті өрісі

Категория	Сөздер (жиілігі, %)
Орталық периферия ($\geq 10\%$)	Мал (11.20%), Таңба (17.20%), Белгі (18.40%)
Жақын периферия (5-10%)	Сиыр (5.60%), Ем (5.60%),
Алыс периферия ($\leq 5\%$)	Қой (2.40%), Құлақ (2.80%), Жылқы (2.40%), Дәстүр (2.00%), Ырым (2.00%), Салт (2.00%), Жануар (2.00%), Дем салу (1.20%), Еңбек (1.20%), Ерекше (1.20%), Төрт түлік (1.20%), Ен (0.80%), Енші беру (0.80%), Түйе (0.80%), Сырғалау (0.80%), Сырға (0.80%), Меншіктеу (0.80%), Мүлік (0.80%), Іздеу (0.80%), Кесу (0.80%), Көз салу (0.80%), Қыздыру (0.80%), Әрекет (0.80%), Ақыл (0.40%), Алу (0.40%), Ат (0.40%), Белгі (0.40%), Атқа міну (0.40%), Ауру (0.40%), Ауыр (0.40%), Бас (0.40%), Беру (0.40%), Білмедім (0.40%), Дем (0.40%), Егін (0.40%), Екпе (0.40%), Ем (0.40%), Енші (0.40%), Еншілеу (0.40%), Үй алу (0.40%), Үлкен кісі, мал (0.40%), Хат (0.40%), Татуировка (0.40%), Тәлімшілік (0.40%), Құқық (0.40%), Тәуіпшілдік (0.40%), Күтім жасау (0.40%), Тиын (0.40%), Сызық (0.40%), Табыра (0.40%), Құрық (0.40%), Ешкі (0.40%), Мергендік (0.40%), Метка (0.40%), Мұқият болу (0.40%), Жазда туылған (0.40%), Қыз (0.40%), Жас жұбайлар (0.40%), Жеке меншік (0.40%), Жеке мүлік (0.40%), Жекеменшік (0.40%), Жер салу (0.40%), От (0.40%), Өзінікін алу (0.40%), Жіп (0.40%), Өлім (0.40%), Өнер көрсету (0.40%), Өтініш (0.40%), Папа (0.40%), Салу (0.40%), Салық салу (0.40%),



Сары дүние (0.40%), Иемдену (0.40%), Иесі белгі салу (0.40%), Иесінің зағын беру (0.40%), Лу (0.40%), Кезек беру (0.40%), Кілт (0.40%)
--

1. Орталық периферия ($\geq 10\%$)

Орталық периферияға кіретін ассоциациялар 10%-дан жоғары жиілігі бар сөздерден құралған. Бұл сөздер «ен салу» ұғымының негізгі мағыналық мәнін ашатын маңызды реакциялар болып табылады:

- *Таңба* – 43 (17.2%)
- *Белгі* – 46 (18.4%)
- *Мал* – 28 (11.2%)

Бұл ассоциациялар қазақ қоғамындағы меншік белгілеу дәстүріне, мал шаруашылығына және жеке меншіктің әлеуметтік құрылымдағы орнына қатысты. *Таңба* мен *белгі* сөздерінің кең таралуы, әсіресе, меншік қатынастарын көрсететін ұғымдар ретінде көрініс табады. Қазақ қоғамында малға таңба салу жеке меншік құқығын анықтаудың және иелік рәсімін бекітудің маңызды рәсімі болған. Бұл процесс қазақ мәдениетіндегі дәстүр мен тәртіпті сақтауға ықпал еткен. Қазақ ойшылы Абайдың еңбектерінде де еңбек, меншік және дәстүрлі құндылықтардың өзара байланысы ерекше аталады. Абайдың философиясында еңбекқорлық, жауапкершілік және қоғамдағы тәртіп негізгі қағидалар ретінде көрсетілген.

2. Жақын периферия (5-10%)

Жақын периферияға жататын ассоциациялар 5-10% аралығында кездесетін сөздерден тұрады. Бұл ұғымның әлеуметтік және тұрмыстық қырларын айқындайтын маңызды категория:

- *Сиыр* – 14 (5.6%)
- *Ем* – 14 (5.6%)

Бұл сөздер мал шаруашылығына, оның ішінде жеке меншік, малға қатысты дәстүрлі рәсімдер мен шаруашылық тәсілдеріне байланысты. Қазақ мәдениетінде мал адам өмірінің ажырамас бөлігі болып есептелген және бұл ұғымдар тұрмыстық дәстүрлерді, экономикалық қатынастарды сипаттайды.

Абай шығармаларында қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, меншік мәселелері және еңбек этикасы ерекше орын алған. Қазақ қоғамында жеке меншік құқықтарын реттеу, әсіресе малға байланысты, ен салу немесе таңба қою арқылы жүргізілген.

3. Алыс периферия ($\leq 5\%$)



Алыс периферия 5%-дан төмен жиілігі бар, бірақ семантикалық жағынан маңызды ассоциациялардан тұрады:

- *Дәстүр* – 5 (2%)
- *Ырым* – 5 (2%)
- *Салт* – 5 (2%)

Бұл ассоциациялар құқықтық, мәдени, әлеуметтік аспектілерге байланысты. Малға таңба салу – меншік құқығының белгісі ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамындағы тәртіп, жауапкершілік және реттеу нормаларының бір бөлігі.

Абайдың еңбектерінде еңбек, жеке меншік және адам құқықтарының байланысы ерекше орын алады. Құқық және әлеуметтік міндеттемелер қазақ қоғамында еңбек пен тәртіптің негізгі қағидалары ретінде қалыптасқан.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «ен салу» ассоциациясы бойынша ерлер мен әйелдер әртүрлі көзқарастарды ұстанады. Ер адамдар көбінесе «белгі», «таңба», «ен салу» сияқты терминдерді жиі қолданса, әйелдер көбінесе «сиырға таңба салу», «белгілеу», «меншіктеу» сияқты сөздерді таңдады. Бұл ер адамдардың нақты әрекеттерге, ал әйелдердің жануарларды күту және меншіктеу аспектілеріне көбірек мән беретінін көрсетеді. Ерлер жағы малға таңба қоюды дәстүрлі еңбек үрдісі ретінде қабылдаса, әйелдер бұл процесті мал шаруашылығындағы күтіммен байланыстыра қарастырады.

Абайдың еңбектерінде еңбектің тәрбиелік мәні ерекше орын алады. Ол адамзат баласының дамуы мен өркендеуі үшін адал еңбек етуді насихаттады. Осы тұрғыдан алғанда, «ен салу» қазақ халқының дәстүрлі еңбек мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл үрдіс тек малға таңба қою ғана емес, сонымен бірге меншік белгісін анықтау, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалдырудың бір жолы болды.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері «ен салу» сөзіне қатысты әртүрлі ассоциациялар арқылы қазақ халқының мәдени, әлеуметтік және шаруашылық өмірін айқындады. Бұл ұғымның тереңдігі мен көпқырлылығы қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін, дәстүрлер мен еңбекке деген көзқарасты көрсетеді. Абай Кунанбаевтың философиясында еңбек, құқық және дәстүрлер арасындағы өзара байланыс ерекше маңызды орын алады. Зерттеу нәтижелері осы философиялық концептілерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және Абайдың ұлы мұрасымен тығыз байланысты.

Қаржыландыру туралы ақпарат



Мақала 2024-2026 ж. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын АР23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде жазылды.

Пайдаланылған деректер тізімі:

1. Kuzembayeva, G., Zhumakhanova, A., Kulinich, M., Sinyachkin, V., Maydangalieva, Z. Nobility in the linguistic consciousness of Russians and Kazakhs [Text] // XLinguae. – 2019. – № 12 (4). – P. 30-40.
2. Soares, A. P., Comesaña, M., Pinheiro, A. P., Simões, A., Frade, C. S. The adaptation of the Affective Norms for English Words (ANEW) for European Portuguese [Text] // Behavior Research Methods. – 2012. – № 44. – P. 256–69.
3. Söderholm, C., Häyry, E., Laine, M., Karrasch, M. Valence and Arousal Ratings for 420 Finnish Nouns by Age and Gender [Text] // PLoS ONE. – 2013. – № 8(8). – e72859
4. Тарасов, Е. Ф. Предисловие. Базовые ценности носителей русской культуры [Текст] / И. В. Васькина, В. В. Дронов, В. А. Ильина и др.; под ред. Е. Ф. Тарасова. – Москва: РУДН, 2020. – 479 с.
5. Джамбаева, Ж. А. Ассоциативный эксперимент: методологические основы [Текст] // Вестник ЕНУ. – 2013. – № 1 (92). – С. 17–22.
6. Шорманбаева, Д. Г. Адаптация личности в условиях социокультурной трансформации общества [Текст] / Дис. на соиск. ... доктора философии (PhD). – Алматы, 2014. – 149 с.
7. Қайдаров Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 652 б.



РОЛЬ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ КУНАНБАЕВА В ВОСПИТАНИИ
СОВЕРШЕННОЙ ЛИЧНОСТИ

Ешниязова Э.Н.,

к.ф.н., и.о.доц. кафедры русского языка и литературы НГПИ имени Ажиязя
г.Нукус, Республика Каракалпакстан

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271867>

Аннотация. В данной статье рассматривается творчество великого казахского поэта и мыслителя Абая Кунанбаева. Затрагиваются проблемы воспитания будущего поколения через произведения Абая.

Ключевые слова: поэт, мыслитель, стихи, слова назидания, народ, воспитание.

В предисловии к одному из сборников Абая известный казахский писатель и литературовед М.Ауезов писал: «Для своего времени и своей среды Абай казался загадкой» [1; стр.5] Размышляя над этими словами писателя хотелось бы разгадать эту загадку, в чем секрет этого человека, почему он казался загадкой современникам и смогли ли потомки Абая понять сущность его произведений, да и всей его жизни.

А сам Абай Кунанбаев обращаясь к грядущему поколению говорил:

Пойми меня сердцем своим-

Для тебя загадкой предстану.

С бесправьем боролся, в бездорожье путь искал.

С тысячью один бился – не осуждай.

И на современном этапе все мысли высказанные великим Абаем в его произведениях, несмотря на то, что прошли года, в 2025 году отмечается 180 летие со дня рождения Абая Кунанбаева, остаются актуальными.

Потому что Абай Кунанбаев в своих произведениях поднимал проблемы, имеющее общечеловеческое значение, его идеи были ценны не только казахскому народу, но и всему человечеству.

В произведениях Абая большое значение уделяется воспитанию не только казахского народа, но и всего человечества. Как нам кажется, великий Абай через критику своего народа, показывая его некоторые недостатки, но если задуматься эти недостатки присущи каждому человеку, своим художественным словом воспитывает человека, будущее поколение. К примеру можно привести знаменитые «Слова назидания», которые состоят из 45 частей и в каждом

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



«Слове» автор затрагивает важные проблемы воспитания. К примеру во «Втором слове» Абай пишет: «Не любят народы друг друга. В детстве мне часто приходилось слышать, как наши казахи встречаясь с другими народами подсмеивались над ними. Так мы смеялись над соседями» [1; стр.286]. Автор слов назидания, поближе познакомившись с представителями других национальностей дает им объективную оценку, причем приходит к совершенно другим выводам. Во второй части данного слова он делает такие выводы: «Теперь я вижу – нет такого растения, которое не сумел бы вырастить сарт. Нет такой вещи, которую он не сумел бы смастерить. Нет такой страны, куда бы не проник купец-сарт. Живут они друг с другом дружно» и т.д. Далее автор охарактеризовал татар и русских очень достойными людьми, у которых все в порядке, трудятся, обучаются ремеслам, развиваются. Так в конце он спрашивает: «На чем же основана наша хвастливость и те пренебрежительные слова, которые мы говорим о своих соседях?»

Как нам кажется, что каждый читатель и вообще каждый человек перед тем как смеяться или критиковать других людей, он должен обратить внимание на себя, исправить свои недостатки, задуматься над вопросом «Чем же он лучше других?» Такую же идею воспевал талантливый автор слов назидания Абай Кунанбаев.

Или же взят к примеру «Девятое слово». Как и во втором слове Абай Кунанбаев выражает очень строгое отношение к своему родному казахскому народу.

«Я сам казах. Люблю я казахов или не люблю?» Как мы видим, начало данного слова тоже интригует, думаешь почему автор строк рассуждает о своем отношении всему народу. Далее по тексту читаем «Если бы любил, то хвалил бы их поступки, находил бы в них хоть одну черту, достойную челевеческой любви. Или, чтобы хоть не терять надежды, утешал бы себя мыслью: «Если нет у них этого, то может быть, есть другое». Должен был бы я хоть как-набудь поддерживать в себе веру»[1;стр. 294]. Эти строки автора наводят на мысль, что он не верит в свой народ, он не может в нем найти хороших качеств. Но далее автор продолжает свои рассуждения: «А если бы не любил я казахов, то не посещал бы их очага, не интересовался бы, что происходит среди них, и спокойно лежал бы в стороне. Или откочевал бы от них» [1;стр. 295].

По нашему мнению, Абай Кунанбаев очень любил свой народ, он был истинным патриотом своей земли, потому что такое мнение может выразить

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



только такой человек, который всем своим сердцем любит свой народ. Такое отношение великого мыслителя к своему народу можно сравнить с родительской любовью, ведь родители тоже хотят воспитать своих детей хорошими, видеть только их победы, достижения, а великий Абай ко всему этому хочет чтобы у каждого человека были такие качества как ум, воля и сердце, о чем говорится уже в другом, а точнее в «Семнадцатом слове» назиданий.

Таким образом, Абай Кунанбаев всем своим творчеством заботился о воспитании всего народа, думал о будущем своего народа, завещал, чтобы каждый человек в себе имел такие качества как разум, воля, сердце, что эти качества приведут к совершенству. Этими идеями великий мыслитель Абай через национальное переходит к общечеловеческому, ведь, эти требования, которые Абай ставит перед казахским народом не чужды всему человечеству, так воспитывая своими произведениями свой казахский народ автор вносит большую лепту в воспитании личности в мировом масштабе.

Литература:

1. Абай Кунанбаев Избранное. Алматы, 1958.
2. Абай және қарақалпақ әдебиеті,.Алматы, 1995
3. М.Ауезов Абайтаныўдан жәрияланбаған материаллар. Алматы, 1988
4. Р.Мухимов, М.Шарипов Қардош халқлар адабиёти.Ташкент, 1985



АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІ ОҚУШЫЛАРҒА
«БУМЕРАНГ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕНҒЕРТУ

Бекниязов Б.,

Әжінияз атындағы НМПИ Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, (PhD).

Алипбаева Қ.,

Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағытының 4 курс студенті.

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271904>

Аннотация: Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының өлеңдерінде кездесетін көнерген сөздерді оқушыларға тиімді меңгертудің әдістемелік тәсілдері қарастырылған. Атап айтқанда, «Бумеранг» технологиясы арқылы оқушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңашыл тәсілдер ұсынылады.

Түйінді сөздер: инновациялық технологиялар, көнерген сөздер, архаизмдер және историзмдер, «Бумеранг» технологиясы, тілдік қор, сөздік, мәтін.

Abstract: This work examines methodological approaches for effectively teaching students archaic words found in Abai Kunanbayuly's poems. In particular, innovative approaches aimed at increasing students' activity and developing their creative abilities through "Boomerang" technology are proposed.

Keywords: innovative technologies, archaic words, archaisms and historicisms, "Boomerang" technology, language fund, dictionary, text.

Бүгінгі таңда қолданылып жүрген педагогикалық инновациялық технологиялардың мақсаты білім беру сапасын арттыру болып есептеледі. Инновациялық технологияларды орнымен қолдану - оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың білімге деген қызығушылығын оятады. Оқыту үдерісін қызықты әрі тиімді етеді. Әр оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беруге мүмкіндік жаратып береді. Сондай технологиялардың бірі – бумеранг технологиясы. Бұл технология мектеп оқушыларын сабақ барысында, сабақтан тыс әртүрлі әдебиеттермен, мәтіндермен жұмыс істеуге, зерделенген материалды есте сақтауға, айтып беруге, өз ойын еркін жеткізе білуге, қысқа уақыт ішінде көп ақпаратқа ие болуға және сабақ барысында мұғалім тарапынан барлық оқушылардың білімін бағалай білуге бағытталған.[3:32]

Тілдің тарихынан, мәдениетінен және қоғамдық өзгерістерінен мағлұмат беруші көнерген сөздерді оқушыларға меңгерту – мұғалімнен үлкен білімділік пен шеберлікті талап етеді. Мектеп қабырғасында көнерген сөздерді оқытуда оқулықта берілген мәліметтерден тыс, қазақтың бас ақыны Абай өлеңдеріндегі

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



көнерген сөздермен байланыстыра, байыта оқытсақ оқушылардың білімін одан әрі тереңдете түсеміз. Көнерген сөздер бойынша оқу үдерісі барысында таратылған материалдарды оқушылардың жеке және топтық жағдайда меңгеруін, сондай-ақ сұхбат-пікірталас және әртүрлі сұрақтар арқылы үлестірме материалдардағы мәтіндерді қаншалықты меңгергенін бақылау және бағалауда бумеранг технологиясының орны ерекше.

Өзбекстан Республикасының жалпы білім беру мектептерінің қазақ тілі оқулықтарында көнерген сөздер туралы мәлімет 5-9 сыныптарында берілген. Оқулықта көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай көнерген сөздер архаизмдер және историзмдер болып екі салаға бөлінетіндігі, архаизмдерге әр халықтың күн көрісі, тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдет-ғұрпына, дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздер жататындығы, ал тарихи сөздерге ескі заманда қолданылған, дәуірі өткен тарихи сөздер атауы екендігіне тоқталып, анықтама берілген. [4:97] Саптыаяқ, кимешек, дүрия, сауын айту, адырна, шекпен, айбалта, жасауыл, ішік аға басы сияқты көнерген сөздердің мән-мағынасына түсініктеме берілген. Жаңа сабақты пысықтау және қайталау сабақтарында бұған қосымша оқушыларға төмендегі үлгіде Абай өлеңдеріндегі көнерген сөздерді меңгертеміз.

Үлгі: Үлестірме материал

Абай Құнанбайұлының шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорына кіреді. Абайдың тілдік мұрасы сан алуан, соның ішінде көнерген сөздер де кездеседі. Бұл сөздер ақынның шығармаларына ерекше мән беріп, сол дәуірдің тілдік ерекшеліктерін көрсетеді.	Абай шығармаларында кездесетін көнерген сөздер: Абыз — ақылгөй, данагөй қария. Ұлық — үлкен, басшы. Шөншік — қобдиша, сандықша. Үш тоғыз — тоғыз айлық уақыт. Ақшомшы — ағаштан жасалған ыдыс. Ықтырма — паналайтын орын. Күзеу — қыстаудың бір түрі. Жарғақ шалбар — тері шалбар. Пыстан — мылтықтың бір түрі. Шақпақ — от шығаратын құрал. Мейір — шапағат, рақым. Нала — арыз, шағым. Парыз — борыш, міндет.
---	---

Үлгі: Үлестірме материал

Көнерген сөздер	Өлең қатарлары	Мағынасын жазып көрсетіңіз
-----------------	----------------	----------------------------

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Күзеу	Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай — Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй. Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай.	
Ықтырма	Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай — Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй. Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай.	

Бұл технология бірнеше кезеңнен өтеді:

- оқушылар шағын топтарға бөлінеді;

оқушылар сабақтың мақсатымен және тәртібімен таныстырылады;

өз бетінше оқу үшін тақырып бойынша мәтіндер таратылады;

берілген мәтіндерді оқушылар жеке-дара өз бетінше зерттейді;

әрбір топ мүшелерінен жаңа топ құрылады;

жаңа топ мүшелерінің әрқайсысы топ ішінде кезекпен өздігінен үйренген мәтіндерімен ақпарат алмасады, яғни бір-біріне айтып береді, мәтінді меңгеруіне қол жеткізеді;

- берілген ақпараттың игерілу деңгейін анықтау үшін топ ішінде бақылау жүргізіледі, яғни топ мүшелері бір-біріне сұрақ-жауап береді;

- жаңа топ мүшелері бастапқы жағдайдағы топтарына оралады;

сабақтың қалған кезеңінде немесе оқушылардың білімін бағалау немесе жинаған ұпайларын есептеу үшін әр топта «топ есепшісі» тағайындалады;

- оқушылар барлық мәтіндерді қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды, ауызша сауалнама жүргізеді;

сұрақтарға берілген жауаптар негізінде топтардың жинаған жалпы ұпайлары анықталады;

- әр топ мүшесі топтағы мәтіннің мазмұнын өмірмен байланыстыра отырып, бір сұрақ құрастырады;

- топтар дайындаған сұрақтар арқылы сұрақ-жауап ұйымдастырылады («топ есепшілері» берілген жауаптар бойынша ұпайларды есептейді);

топ мүшелері жинаған жалпы ұпайлар жиынтығы анықталады;

- топтар жинаған жалпы ұпайлар топ мүшелері арасында тең бөлінеді.

Жалпы мұғалім оқу материалын немесе оқушылар жекелей қалай меңгергенін тағы бір рет өзін-өзі бағалау тәртібімен бақылап, оқылған және меңгерілген мәтіндер негізінде дайындалған үлестірме материалдарды немесе оқушыларға таратып, өз білімдерін тексеруге мүмкіндік жаратып береді.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Тұжырымдай келгенде, Абай өлеңдеріндегі көнерген сөздерді оқушыларға «Бумеранг» технологиясы негізінде меңгерту – көнерген сөздердің ерекшелігін ашып беруде, сөздік жасап үйренуде маңызы ерекше. Оқушылар әрбір сөздің шығу тарихын, мәтінде қолдану арқылы мағынасын ашуды үйренеді. Бұл технологияны қолдану арқылы оқушылар Абай өлеңдеріндегі көнерген сөздерді жақсы меңгеріп, қазақ тілінің байлығын түсінеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1952. – 342 бет.
2. Айтбаев Д., Айтбаева Г., Әбдираймова Ж. Қазақ тілі [Мәтін]: 10-сыныбына арналған оқулық – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 224 б.
3. Ишмухамедов Р. Абдуқодиров А. Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар).-Т.: Истеъдод, 2008.- 180 б.
4. Умбетова А., Исаева Г., Құттымұратова Ы. Қазақ тілі. 5-сынып (II бөлім). Оқулық. – Ташкент: “Novda Edutainment”, 2024. – 144 б.



АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР ТҮРЛЕРІН
ОҚУШЫЛАРҒА «СКАРАБЕЙ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ
МЕҢГЕРТУ

Бекниязов Б.,

Әжінияз атындағы НМПИ Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, (PhD).

Сабирова С.,

Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағытының 4 курс студенті.

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271925>

Аннотация: Мақала Абай Құнанбайұлының өлеңдерінде кездесетін қазақтың ұлттық киімдерінің түрлерін оқушыларға "Скарабей" технологиясы арқылы меңгертуге бағытталған. Негізгі мақсаты оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыру, Абай шығармаларындағы ұлттық киімдер туралы білімдерін кеңейту және "Скарабей" технологиясын қолдана отырып, оқытудың тиімді әдісін ұсыну.

Түйіндеме сөздер: Абай Құнанбайұлы, ұлттық киімдер, «Скарабей» технологиясы, интерактивті оқыту, ұлттық мәдениет, ұлттық құндылықтар, «Мига шабуыл» әдісі.

Abstract: This article aims to help students master the types of Kazakh national clothing found in Abai Qunanbaiuly's poems using the "Scarab" technique. The main goal is to increase students' interest in national culture, expand their knowledge about national costumes in Abai's works, and propose an effective teaching method using "Scarab" technology.

Keywords: Abai Kunanbayuly, national costumes, "Scarab" technology, interactive learning, national culture, national values, "Brainstorming" method.

Жалпы орта білім беруге қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, жалпы орта білім беруде оқулықтар оқушылардың жан-жақты білім алуына бағытталып отыр.[1:3]. Оқулықтардың мақсаты – балалардың тек қана академиялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар олардың сыни ойлау, шығармашылық, проблемаларды шешу және коммуникациялық дағдыларын қалыптастыру болып отыр. Кейінгі баспа бетін көрген оқулықтардағы тақырыптар оқушылардың тек қана білімдерін ғана емес, сонымен қатар олардың дағдыларын, құндылықтарын және көзқарастарын дамытуға көмектеседі.

Әрбір халықтың ұлттық киімдері – сол халықтың тарихы мен мәдениетінен дерек беріп отырады. Қазақ халқының да ұлттық киімдерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-бабаларымыз көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан ұлттық киімдеріміз де соған бейімделген. Ұлттық киімдеріміз ыңғайлы, жылы және қозғалысқа кедергі келтірмейді және әртүрлі өрнектермен безендіріліп

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



отырған. Бұл өрнектердің өзіндік мағынасы бар болып, киімдерді дайындау үшін табиғи материалдар; жүн, тері, жібек және мақта т.б. сол сияқтылар қолданылған.

Қазақ халқының және жалпы түркі халықтарының ұлттық құндылықтары жөнінде жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі оқулықтарында «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», «Сәбиге ат қою дәстүрі», «Құдалық дәстүр», «Қыз айттыру – дәстүр», «Тұсаукесер», «Домбыра – қазақ халқының асыл қазынасы» [2:3-4], «Қазақ халқының ұлттық спорты», «Бузкаши – тәжіктің ұлттық ойыны», «Өзбектің хан-атласы» [3:3] т.б. тақырыптар берілген. Оқушыларға ұлттық құндылықтарды меңгерту – маңызды және көп қырлы процесс. Ол жас ұрпақтың бойында ұлттық сана-сезімді, мәдени мұраға деген құрметті қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан да осы ұлттық құндылықтар сөз етілгенде Абай өлеңдеріндегі қазақтың ұлттық киімдері туралы жас буынға кеңірек мәлімет беру өте орынды болып есептеледі.

Абай өлеңдеріндегі қазақтың ұлттық киімдері туралы оқушыларға кеңірек мағлұмат беруде «Скарабей» технологиясын қолдансақ жақсы нәтижеге ерісе аламыз. «Скарабей» - оқушылардың ойлау кеңжиегін кеңейтуге, есте сақтау қабілетін дамытуға және қандай да бір мәселені шешу кезінде өз пікірін еркін білдіруге мүмкіндік беретін интерактивті технология. Бұл технология оқушыларға білім сапасы мен деңгейін өз бетінше объективті бағалауға, оқытылатын тақырып туралы түсініктер мен ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Ол сонымен бірге әртүрлі идеяларды білдіруге, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.[4:44]

«Скарабей» технологиясын қолдануда бірінші кезекте оқушыларға «Миға шабуыл» әдісімен бастаймыз:

- Қазақтың ұлттық киімдері туралы не білесіңдер?

- Абай Құнанбаев өлеңдерінде ұлттық киімдеріміздің қандай түрлері кездеседі?

Тақырыпты оқушыларға үйрету барысында қазақ ұлттық киімдерінің түрлері: ерлер киімі, әйелдер киімі, қазақ ұлттық киімдерінің ерекшеліктері, қазақ ұлттық киімдерінің маңызы туралы мәлімет беріледі, Абай өлеңдеріндегі ұлттық киімдер түрлері бойынша үлестіме материалдар тарқатылады.

Үлгі: Үлестіріме материал

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Шекпен	Өлең: "Қыс" Жол: "Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып"	Бұл жолда шекпеннің қыста, суықта жылу беретін қасиеті айтылып тұр. Шекпенді қазақтар қыста киетін жылы киім ретінде қолданған
--------	--	--

Тон	Өлең: "Қыс" Жол: "Тоңған иін жылытып, тонын илеп"	Бұл жолда тонның жылыту қызметі сипатталып отыр. Тон қыста киілетін әрі өте жылы киім, ол көшпенді қазақ халқының тұрмысында маңызды рөл атқарған
-----	--	---

Былғары етік	Өлең: "Ескілік киімі" Жол: "Мықшима аяғымда былғары етік"	Бұл жолда былғары етіктің көшпелі өмірде аяқ киім ретінде маңызды рөл атқарып, қыстың суығында аяқтарды жылытуға арналғанын көреміз
--------------	--	---

Киіз байпақ	Өлең: "Ескілік киімі" Жол: "Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп"	Киіз байпақ — қазақтың қыста киетін аяқ киімі, ол аяқтарды тоңудан сақтап, жылы ұстайды.
-------------	--	--

Тымақ	Өлең: "Ескілік киімі" Жол: "Күләпәра басымда, пұшпақ тымақ"	Тымақ — қазақ ерлерінің дәстүрлі бас киімі, көбінесе қыста киіледі. Бұл жолда тымақтың қазақтың ұлттық киімдерінің бір бөлшегі ретінде сипатталып тұр.
-------	--	--

«Скарабей» жеке және шағын топтарда қолдансақ жақсы нәтижеге ерісеміз. Скарабей технологиясы оқушыларға жеңіл қабылданады, өйткені ол іс-әрекеттің ойлау, танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, жеңілден күрделіге қарай жасалады. Ол оқушылардың тәжірибесін пайдалануды көздейді, рефлексивті бақылауларды жүзеге асырады. Жалпы бұл технологияны қолдануда оқушыларда басқалардың пікіріне құрмет, ұжыммен жұмыс істеу шеберлігі, белсенділік, жұмысқа шығармашылықпен қарау, мүмкіндіктерін көрсету сияқты дағдылары қалыптасады.

Абай өлеңдерінде кездесетін ұлттық киімдер түрлерін оқушыларға үйретудің маңызы зор. Оқушыларға Абай өлеңдеріндегі ұлттық киімдер туралы айта отырып, олардың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруге болады. Олар

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



арқылы өткен дәуірдің адамдарының тұрмысы, әдет-ғұрпы, эстетикалық талғамы туралы кеңірек мағлұмат алады. Ұлттық киімдердің атаулары, олардың сипаттамалары оқушылардың сөздік қорын молайтуға көмектеседі. Қорыта келгенде, Абай өлеңдеріндегі ұлттық киімдер түрлерін Скарабей технологиясы арқылы оқушыларға үйрету – олардың ұлттық мәдениетін сақтауға, тарихымен танысуға, эстетикалық талғамын дамытуға, тіл байлығын арттыруға зор үлес қосады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1952. – 342 б.
2. Айтбаев Д., Айтбаева Г., Әбдираймова Ж. Қазақ тілі [Мәтін]: 10-сыныбына арналған оқулық – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 224 б.
3. Айтбаев Д., Айтбаева Г., Темірбаева Б. Қазақ тілі : 7-сыныбына арналған оқулық – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 224 б.
4. Ишмухамедов Р. Абдуқодиров А. Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар).-Т.: Истеъдод, 2008.- 180 б.
5. Қазақ халқының ұлттық киімдері. - Алматы: «Алматы кітап», 2007. – 384 б.
6. <https://www.lex.uz/acts/3137130>



АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА
ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ:
ГУМАНИСТІК ПАРАДИГМАНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Тумабаева М.Б.,

8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының докторанты, Ілияс
Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы, 040000, Қазақстан
Республикасы, e-mail: madina_tumabaeva@mail.ru, телефон: +7 775 924 7773

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2838-6067>.

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271932>

Özet. Abay'ın şiiri hümanist düşünceyle zenginleştirilmiştir, bu nedenle eserlerini okuyarak öğrencilerini ahlaki değerlerini geliştirmek mümkündür. Makale, Abay'ın eserlerinin eğitimsel önemini ve yaratıcı yeteneklerin gelişiminde kullanım yöntemlerini analiz ediyor. Hümanist paradigmanın temellerine göre eğitim sadece bilgi aktarımına değil, aynı zamanda bireyin ruhsal ve yaratıcı gelişimine de hizmet etmelidir. Bu çalışma, Abay felsefesinden kaynaklanan yöntemlerin modern eğitim sürecinde yaratıcı bir kişiliğin oluşumu üzerindeki etkisini göstermeyi mümkün kılmaktadır.

Anahtar Kelimeler: Şiir, yaratıcı kişilik, yöntemler, paradigma.

Abstract. Abai's poetry is enriched with humanistic ideas, so it is possible to develop the moral values of students by reading his works. The article analyzes the educational significance of Abai's works and methods of their use in the development of creative abilities. According to the foundations of the humanistic paradigm, education should serve the spiritual and creative development of the individual, and not just the transmission of information. This study allows us to show the influence of methods arising from Abai's philosophy on the formation of a creative personality in the modern educational process.

Keywords: Poetry, creative personality, methods, paradigm.

Абай Құнанбайұлы қазақ халқының рухани байлығын терең әрі жан-жақты байытқан ұлы ақын және ойшыл. Оның шығармашылығы тек әдебиет қана емес, бүкіл қазақ халқының тәрбиесіне, мәдениетіне және білім жүйесіне ықпал еткен маңызды рухани мұра болып табылады. Абай поэзиясының негізгі арқауы адамгершілік, білім, ақыл-парасат, ізгілік пен әділеттілік сияқты ұғымдарға негізделген. Бұл құндылықтар оның шығармашылығында терең философиялық мәнге ие болып, адамзаттың рухани дамуына бағытталған гуманистік ойларының негізін құрайды. Абайдың философиялық мұрасы бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпай, жастарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінде шығармашыл, тұлғалық дамыған жеке адамдарды тәрбиелеу, тек техникалық біліммен ғана емес, адамның рухани

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



және моральдық құндылықтарымен байланысты болуға тиіс. Осы тұрғыда Абайдың шығармашылығынан алынатын гуманистік идеялар мен әдіс-тәсілдер оқу процесінде шығармашылық тұлға қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді. Абайдың поэзиясы арқылы шәкірттерге тек білім беріп қана қоймай, оларды азаматтық, рухани және шығармашылық тұрғыдан дамытуға болады.

Бұл мақалада Абай шығармаларының гуманистік негіздері мен олардың білім беру әдістемесінде шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған рөлі қарастырылады. Абайдың адамгершілік пен шығармашылықты үйлестіретін идеяларын оқыту арқылы оқушылардың рухани дамуымен бірге олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болатынын көрсету мақсат етіледі. Сонымен қатар, гуманистік парадигма негізінде Абайдың шығармашылығын білім беру процесіне енгізудің әдістері талданады. «Ежелгі дәуірдің ғұламаларының өзі әр шығармаларындағы басты мәселе «адамгершілік» деп білді» [3].

Абайдың көзқарасы бойынша, нағыз білім адамды барлық жағынан жетілдіруге бағытталуы қажет. Ол адамды тек біліммен ғана емес, тәрбиемен, әдептілікпен, адамгершілікпен де толықтыра отырып қалыптастыруға болады деп есептейді. Бұл гуманистік көзқарас қазіргі білім беру жүйесіне жаңа бағыт береді: білімгерлерді тек шығармашылық және интеллектуалды тұрғыдан дамытып қана қоймай, оларды моральдық жағынан да тәрбиелеу маңызды. «Инновациялық білім беру қоғамды жандандырады, жас ұрпақты үміттендіреді, барлық білім беру саласы соған бағдарланады» [4].

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы – қазақ халқының рухани және моральдық дамуының негізі ғана емес, сонымен қатар қазіргі білім беру жүйесіне шығармашыл тұлға қалыптастырудың тиімді әдістерін ұсынатын құнды мұра. Оның гуманистік философиясы, адамға деген құрмет, білімнің жоғары құндылығы мен рухани жетілуге деген ұмтылыс қазіргі заманның білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Абай шығармашылығы арқылы оқушылардың тек ақыл-ойы емес, олардың адамгершілік, шығармашылық қабілеттері де дамиды.

Абайдың гуманистік парадигмасын білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды тұлға ретінде қалыптастыруға, олардың рухани және шығармашылық әлеуетін арттыруға болады. Абайдың поэзиясы мен философиялық мұрасы қазіргі білім беру әдістемелерінде оқушыларды жан-

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жақты дамыған, қоғамға жауапты, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеудің құралы ретінде тиімді пайдаланылуы тиіс.

Осылайша, Абай шығармашылығын оқу процесіне енгізу – ұрпаққа адамгершілік, шығармашылық және рухани құндылықтарды жеткізу, олардың толыққанды тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету мақсатында білім беру жүйесінің маңызды элементіне айналады. Абайдың гуманистік идеяларының маңызы уақыт өткен сайын артып, оның шығармалары әлемді терең түсінуге, өзіндік көзқарас қалыптастыруға және қоғамда орнықты адам болуға деген ұмтылысты нығайтады. «Кез келген өнер өнімі рухани тұтыну үшін қажеттігін ескерсек, Абай сын сарабына салып отырған мәселелердің маңызы ерекше екенін барынша түйсінеміз, түсінеміз» [2].

Абайдың 1887 жылы жазылған «Өлең – сөздің патшасы» он бес шумақтан тұрады. Оның он шумағы өлең, оған қойылар талап, қазақ арасындағы өлеңге деген көзқарас туралы. Абай танымындағы өлең – «сөздің патшасы», «сөз сарасы» деген жолдары өлеңнің қасиетін кетіретін әрекеттерді сынға алады. «Қазаққа өлең деген бір қадірсіз» болғанын «көр-жерді өлең еткен ақылсыз, надан ақындар», «қобыз бен домбыра алып, топта мақтау айтқандар», «әркімнен өлеңмен қайыр тілеп, сөз қадірін кетіргендер», «мал үшін тілін безегендер» [1:96] деген жолдары арқылы көрсетеді. Абайдың поэзиясындағы әрбір жолдың мәні мен мағынасын талдау үшін студенттерге креативті тапсырмаларды ұсындық.

Тапсырма: «Поэзия әлемінде саяхат» жобасы. Бұл әдіс арқылы студенттер тек өлеңді талдап қана қоймай, оны түрлі қырынан қарастырып, терең түсіну үшін шығармашылық жобалар жасайды. Оқу процесінде студенттерге өздерінің пікірлері мен түсініктерін көрсету, шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі беріледі.

Мақсаты: Студенттердің әдеби талдау дағдыларын дамыту, сөздің маңызы мен рөлін терең түсіндіру, шығармашылық ойлауды арттыру, сөздің әлеуметтік және мәдени құндылығын көрсету.

Нұсқау: ЖИ <https://fliphtml5.com/learning-center/ru/how-to-make-a-flipbook/> платформаларын пайдалану арқылы «Саяхатқа шығу» (Идеяның визуализациясы) әдісі. Студенттерді поэзия әлемінде саяхатқа шақыру арқылы әрбір студентке өлеңнің бір жолы немесе бөлімін беру. Олар сол бөлімі бойынша креативті тапсырма құрастырып, сол өлеңнің мазмұнын визуализациялайды.



Мысалы: Өлеңнің әр жолына қатысты постер жасау, мультимедиялық көрініс, бейнемазмұн немесе әңгіме жазу арқылы өзінің түсінігін көрсету.

Нәтижесі: Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін оқыту барысында креативті әдістерді оның ішінде ЖИ платформаларын пайдаланғанда жоғары нәтиже байқалды. Білімгер-жастарға осы әдіс тиімді болып көрінді себебі ақынның айтайын деген мәселесі қазіргі қоғаммен салыстыру барысында ұқсастықтары көп болып көрінді. Ендеше, зерттеу нәтижесін диаграмма жүйесімен көрсетсек.




Диаграмма 1. («Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін оқытудағы эксперимент нәтижесі).

Бұл тапсырма студенттерді шығармашылық тұрғыдан өлеңді талдауға, сөздің маңыздылығын жаңа көзқараспен тануға мүмкіндік береді. Визуализацияның арқасында, ақынның айтайын деген ойын, постерлер арқылы елестете алды. Студенттер өздерінің креативті қабілеттерін шындай отырып, поэзияның терең мағыналарын заманауи тәсілдермен жеткізуге талпынады. Зерттеу нәтижесіне қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 3 курс білімгертері қатысып, кері байланыс барысында жүрекше стикерлер таратылды. Сол стикерлерге жазған пікірлерін оқу барысында, 18 білімгер (56.25%) өте жоғары нәтиже көрсетті, 14 білімгер (43,75%) өздерінің түсінгендерін, сонымен қатар шығарманың әсері орташа дейгейді қабылдағандары көрініс тапты, төмен деңгей анықталмады. Демек, Абайдың ойлары қазіргі заманның ақпараттық қоғамына қатысты өзектілігін сақтап тұр. Өлеңнің негізгі идеяларын бүгінгі күнмен салыстыра отырып, қоғамның ақпаратқа деген көзқарасын өзгертуге болатыны айқындалды.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін оқытудағы «Поэзия әлемінде саяхат» жобасы студенттерге шығармашылық тұрғыдан өлеңнің терең мағынасын түсінуге мүмкіндік берді. Бұл көрсеткіштер Абай шығармаларының бүгінгі күні де жастар арасында терең талданып, қолданылатынын дәлелдеді. Жобаның нәтижесі студенттердің сөздің маңыздылығын жақсы түсінгенін және

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қазіргі заманда оның әлеуметтік және мәдени маңызын қайта бағалауға бағытталғанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 640 б.
2. Aimukhambet Z. A. Абай өлеңдері метопэтика парадигмасында //Bulletin of LN Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series. – 2021. – Т. 136. – №. 3. – С. 84-93.
3. Дуйсенби А. К., Ысқақұлы Д. Түркі әлеміндегі абай мұрасы зерттеулерінің мета-анализі //Вестник университета Ясави. – 2023. – Т. 4. – №. 130. – С. 67-77.
4. Suarez L. Ismath Beevi James. Visuo - spatial Memory Advantage of Biscrptal Bilinguals- Proceedings of the 2- thAnnual Internatio-nal Conferenceon Cognitive and Behavioral Psychology . -25-26 February 2013, Singapore. – P. 60-67.



**ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІН А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
МЫСАЛЫНДА ҚАРАСТЫРУ АМАЛДАРЫ**

Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы

*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, I курс докторанты*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271936>

Аннотация. Бұл мақалада оқу сауаттылығының теориялық негіздері мен оны функционалды грамматика тұрғысынан зерттеу мәселелері А.Құнанбайұлының шығармашылығы мысалында қарастырылады. Оқу сауаттылығы оқушылардың мәтінді түсіну, талдау және қолдану қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды құзыреттіліктердің бірі болып табылады. Функционалды грамматика тілдік бірліктердің мәтін ішіндегі қызметін талдай отырып, оқушылардың мәтінді мағыналық тұрғыда игеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеуде PISA халықаралық тестілеуі аясында оқу сауаттылығын бағалау ерекшеліктері мен оның функционалды грамматикамен байланысы қарастырылды. Осы бағытта жүргізілген талдау нәтижелері оқу процесіне функционалды грамматика элементтерін енгізудің тиімділігін көрсетеді.

Түйінді сөздер. Оқу сауаттылығы, функционалды грамматика, мәтінді түсіну, PISA, тілдік бірліктер, Абайдың қарасөздері.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырылуда. Оқу сауаттылығы – жеке тұлғаның мәтінді түсіну, оны талдау, мағыналық құрылымын ажырату және алынған ақпаратты өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті. Бұл дағды 21 ғасырда қажетті құзыреттіліктердің бірі саналады және білім алушының ойлау қабілетін дамытып, түрлі мәтіндермен жұмыс істеу шеберлігін қалыптастырады.

Халықаралық деңгейде оқу сауаттылығының маңыздылығы PISA (Programme for International Student Assessment) сияқты зерттеулер арқылы анықталады. Бұл тестілеу оқушылардың алған білімін күнделікті өмірде қолдану дағдысын бағалауға бағытталған. Қазақстандағы білім беру реформалары да осы бағытта оқу сауаттылығын дамытуды көздейді, себебі функционалдық оқу дағдылары төмен оқушылардың академиялық жетістігі де төмен болатыны дәлелденген.

Оқу сауаттылығын дамытуда функционалдық грамматика ерекше рөл атқарады. Функционалдық грамматика тілдік бірліктердің тек құрылымдық емес, сонымен қатар мағыналық және коммуникативтік қызметтерін зерттейді.



Бұл бағыт мәтінді терең түсінуге, оның логикалық құрылымын анықтауға, грамматикалық құрылымдардың мәтін мағынасын қалай өзгертуі мүмкін екенін ұғынуға көмектеседі. Осыған байланысты, функционалдық грамматикалық әдістерді оқу сауаттылығын арттыру мақсатында қолдану – тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. [1]

Зерттеулер көрсеткендей, функционалдық грамматика арқылы оқушылардың оқу сауаттылығы мен мәтінді түсіну деңгейін жақсартуға болады. Бұл әдіс оқушыларға мәтіннің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктерін тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, грамматикалық талдау мәтінмен жұмыс жасаудағы маңызды құрал ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, оқу сауаттылығының теориялық негіздерін функционалдық грамматикалық аспектіде қарастыру – қазіргі білім беру ғылымы үшін маңызды зерттеу нысаны болып табылады. [2]

Оқу сауаттылығы – жеке тұлғаның мәтінді түсіну, талдау, интерпретациялау және алған ақпаратты әртүрлі жағдайларда тиімді пайдалану қабілеті. Бұл ұғым дәстүрлі «оқи білу» түсінігінен әлдеқайда кең, себебі оқу сауаттылығы тек әріп танып, сөздерді танумен шектелмейді, ол мағынаны түсіну, ақпаратты сараптау және оны қолдану дағдысын қамтиды.

Қазіргі зерттеулерде оқу сауаттылығының бірнеше негізгі компоненттері ажыратылады:

1. Түсіну (декодтау) – мәтіндегі сөздер мен сөйлемдердің мағынасын ашу, негізгі ойды ұғыну.
2. Интерпретациялау (талдау және байланыстыру) – мәтіннің мазмұнын басқа ақпараттармен салыстыру, логикалық байланыстарды орнату.
3. Бағалау және қолдану – мәтіндегі ақпараттың сенімділігін бағалау, алынған білімді нақты жағдайларда пайдалану. [3.17]

Оқу сауаттылығының даму эволюциясы XX ғасырдың екінші жартысында басталды. Бұрын оқу қабілеті тек мәтінді дауыстап оқу немесе жазбаша мазмұндаумен бағаланса, қазіргі таңда оның функционалдық және когнитивтік аспектілері маңызды рөл атқарады. Әлемдік тәжірибеде функционалдық оқу сауаттылығын бағалаудың негізгі құралдарының бірі – PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық зерттеуі. Бұл тестілеу оқушылардың оқыған мәтінін қаншалықты терең түсінетінін, оны күнделікті өмірде қалай қолданатынын бағалайды. [4]

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



PISA нәтижелері көрсеткендей, жоғары оқу сауаттылығы бар оқушылар ақпаратты тиімді өңдей алады, әртүрлі мәтіндер арасындағы байланыстарды анықтап, оларды логикалық тұрғыда қолдануға қабілетті. Бұл ретте, оқу сауаттылығы тек гуманитарлық бағытта ғана емес, жаратылыстану ғылымдары мен математикалық сауаттылыққа да әсер етеді. [9]

Оқу сауаттылығының маңыздылығын білім беру жүйесі де ерекше атап өтеді. Қазақстанда бұл ұғым білім беру бағдарламаларында, әсіресе жаңартылған мазмұндағы оқыту стандарттарында кеңінен қолданылады. Мектеп бағдарламаларында оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, ақпаратты саралау, функционалдық мағынасын түсіну қабілеттерін жетілдіру негізгі мақсаттардың бірі ретінде қарастырылады. Мысалы, Абайдың үшінші қара сөзі бойынша құрастырылған ашық және жабық тест тапсырмаларын ұсынып көрелік:

1. Қазақтың бірінің біріне қаскүнем, жалқау, тілектес болмауының себебі неде?

- a) Өнер, ғылымнан басқа ойдың жоқтығынан;
- b) *Төрт аяқты малдан басқа ойдың жоқтығынан;*
- c) Егіншіліктен басқа ойдың жоқтығынан;
- d) Саудадан басқа ойдың жоқтығынан;
- e) Білімне басқа ойдың жоқтығынан;

2. “Тағы болыс болып қаларға мүмкін болар ма екен” деп ойлаудың себебі неде?

- a) *Халыққа шексіз билік жүргізуге құмарту*
- b) Халыққа кеңес жүргізуге құмарту
- c) Халыққа қол ұшын беруге құмарту
- d) Ауылдың жағдайын көтеруге құмарту
- e) Халықты өнер, білімге жетелеуге құмарту

3. Байлар момын халықтың үстінен не мақсатпен өтірік арыз жазады?

- a) Жерді халыққа бермеу үшін;
- b) Момын халықтан құтылу үшін;
- c) *Ұрлықтары әшкере болмай, болыс болу үшін;*
- d) Кедейлерге малдарын бақтыру үшін;
- e) Кедейлерді ауылдан алыстату үшін;

4. Үшінші қара сөзінде ақын не себепті малға жақын, надан, билік құмар адамдар жайында сөз қозғайды?



5.Қара сөздегі Абай ақынның ойының өзектілігі неде?

6. Қара сөздегі кездесетін кірме сөздердің мағынасын өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз

Һәмма ғалам-	партияластық-	уголовный іс-	дознание-тергеу-
уезный начальник-	военный губернатордың назначениесі-	старшина-	посредник-

Қазіргі заманғы әдіскерлер мен зерттеушілер оқу сауаттылығын дамытудың тиімді жолдарының бірі ретінде функционалдық грамматиканы қарастырады. Грамматикалық құрылымдардың мәтіннің мағынасын қалай өзгертуі мүмкін екенін зерттеу арқылы оқушылардың мәтінді терең түсіну қабілеті артады. Бұл тәсіл оқу сауаттылығын дамытудағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осылайша, оқу сауаттылығы – білім берудегі басты құндылықтардың бірі және оны дамыту қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды міндеті болып отыр.

Функционалды грамматика тілдік бірліктерді тек құрылымдық сипатта ғана емес, олардың мәтін ішіндегі мағыналық және коммуникативтік қызметін ескере отырып қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, оқу сауаттылығының деңгейін арттыруда функционалды грамматиканың рөлі ерекше, себебі мәтінді толық түсіну үшін оның грамматикалық, мағыналық және контекстуалдық ерекшеліктерін талдау қажет.

Функционалды грамматиканың негізгі зерттеу нысандарының бірі – мәтін құрылымының байланыстылығы мен тұтастығы. Мәтіннің мағыналық тұтастығы оның лексикалық құралдары, грамматикалық байланыстары және логикалық құрылымы арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл тұрғыда байланыстылық (cohesion) және тұтастық (coherence) категориялары маңызды орын алады. Байланыстылық – мәтіндегі сөздер мен сөйлемдердің грамматикалық және лексикалық құралдар арқылы өзара байланысуы, ал тұтастық – мәтіннің



логикалық және мағыналық тұрғыда бірізділігі. Функционалды грамматика осы екі көрсеткіштің негізінде мәтінді талдау әдістерін ұсынады. [5]

Оқу сауаттылығын дамытуда синтаксистік құрылымдардың ерекшеліктері маңызды рөл атқарады. Мәтіндегі сөйлемдердің құрылымы мен олардың күрделілік деңгейі ақпаратты қабылдауға тікелей әсер етеді. Мысалы, бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер мен салалас құрмалас сөйлемдер оқырманға әртүрлі дәрежеде түсінікті болуы мүмкін. Сондай-ақ, есімдіктердің референциясы, модальділік, шақ категориясы мен грамматикалық тұлғалар мәтіндегі мағыналық байланыстарды нақтылай түседі.

Функционалды грамматика оқу сауаттылығын бағалау тестілерінде, әсіресе PISA халықаралық зерттеуінде, маңызды әдістемелік құрал ретінде қарастырылады. PISA тапсырмалары көбінесе оқушылардың мәтінді түсіну және интерпретациялау қабілетін бағалауға бағытталған. Бұл тапсырмаларда оқушылардан мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін талдау, оның семантикалық байланыстарын анықтау және грамматикалық құралдардың мәтін мазмұнына әсерін түсіну талап етіледі. Осыған байланысты, оқу сауаттылығын дамытуда себеп-салдарлық құрылымдар, шартты құрылымдар, хронологиялық тізбектер және автор көзқарасын білдіретін грамматикалық құралдар ерекше маңызға ие.

Функционалды грамматиканың оқу сауаттылығына тигізетін әсерін айқындау үшін мәтінмен жұмыс істеудің түрлі әдістері қолданылады. Олардың ішінде мәтінді құрылымдық-семантикалық талдау, сөйлемдердің синтаксистік құрылымын өзгерту арқылы мағыналық реңкін анықтау, мәтіндегі логикалық байланыстарды табу сияқты тәсілдер бар. Бұл әдістер оқушыларға мәтінді жай ғана түсіндіріп қоймай, оның ішкі құрылымын талдауға мүмкіндік береді. [6.14]

Қазіргі әдістемелік зерттеулер функционалды грамматиканы оқыту барысында оқу сауаттылығын арттыруға көмектесетінін дәлелдейді. Грамматикалық құрылымдарды тереңірек түсінген оқушылар мәтіннің логикалық байланыстарын тез анықтай алады, автордың негізгі ойын дұрыс қабылдайды және мәтіндегі астарлы мағыналарды түсінуге бейім болады. Сонымен қатар, функционалды грамматика оқушылардың жазба тілін дамытуда да маңызды рөл атқарады, өйткені олар грамматикалық құрылымдардың мәтіннің ақпараттық мазмұнына қалай әсер ететінін түсіне отырып, өз ойларын нақты әрі жүйелі түрде жеткізуге үйренеді. Осылайша, оқу сауаттылығы мен функционалды грамматиканың өзара байланысы қазіргі заманғы білім беру



жүйесіндегі маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Функционалды грамматикалық тәсілдерді оқу үдерісіне енгізу оқушылардың мәтінді түсіну, талдау және тиімді пайдалану қабілеттерін арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау дағдыларын да дамытады.

Оқу сауаттылығы – заманауи білім беру жүйесіндегі негізгі құндылықтардың бірі. Ол оқушылардың мәтінді түсіну, ақпаратты талдау және алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл тұрғыда функционалды грамматика оқу сауаттылығын жетілдірудің тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Функционалды грамматика тілдік бірліктерді олардың мәтін ішіндегі қызметімен байланыстыра отырып зерттейтіндіктен, оқушылардың мәтіннің құрылымын тереңірек түсінуіне, грамматикалық байланыстарды сараптай білуіне және ақпаратты логикалық тұрғыда өңдеуіне көмектеседі. [7.36]

Зерттеу нәтижелері оқу сауаттылығын арттыруда синтаксистік құрылымдардың, грамматикалық категориялардың және мәтіннің байланыстылығын қамтамасыз ететін құралдардың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. [8.11] Сондай-ақ, PISA секілді халықаралық бағалау жүйелерінде мәтінді түсіну мен интерпретациялауға бағытталған тапсырмалар оқушылардың функционалды грамматиканы меңгеру деңгейімен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. [9] Осыған байланысты, оқу бағдарламасына функционалды грамматика элементтерін енгізу оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруде маңызды қадам болып табылады.

Қорыта айтқанда, оқу сауаттылығы мен функционалды грамматиканы бірлесе дамыту – білім берудің өзекті мәселелерінің бірі. Функционалды грамматикалық тәсілдерді оқу үдерісіне енгізу оқушылардың мәтінді түсіну қабілетін жақсартып қана қоймай, олардың сыни ойлауын дамытып, тілдік құзыреттілігін нығайтады. Осыған орай, оқу сауаттылығын функционалды грамматика негізінде қалыптастыру – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына және ақпараттық қоғамда өз орнын табуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әміров Р. Қазіргі қазақ тілі: Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 1983.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
3. Оразбаева Ф. Тілдік коммуникация және оқыту мәселелері. – Алматы: Санат, 2000.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



4. Сағындықова Н. PISA зерттеулері аясында оқу сауаттылығын дамыту әдістері // Педагогика және оқыту әдістемесі, 2022, №2, 78–85.
5. Тұрсынбекова А. Функционалды грамматика және мәтін құрылымы // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2021, №3, 45–52.
6. Төлеубаев Ә. Функционалды грамматика негіздері. – Астана: Ұлттық академиялық кітапхана, 2012.
7. Хасанұлы Б. Қазақ тіліндегі синтаксистік байланыстар. – Алматы: Рауан, 1996.
8. Шәкенова А. Қазіргі қазақ тіліндегі функционалды-грамматикалық құрылымдар. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық ғылыми-техникалық орталық, 2018.
9. OECD. PISA 2018 Results: What Students Know and Can Do. – Paris: OECD Publishing, 2019.
10. Абайдың қара сөздері, Алматы, Жалын баспасы, 1990ж.



**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ЖӘНЕ СЫНИ ОЙЛАУЫН
ДАМЫТАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Мухамадиева Мариямбуйи Наримановна,

*«Өрлеу» «БАҰО АҚ филиалы Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты
«Педагогика және пәндік әдістер» кафедрасының аға оқытушысы
Қазақстан, Алматы*

Карсыбаева Арай Байжановна,

*«Өрлеу» «БАҰО АҚ филиалы Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты
«Педагогика және пәндік әдістер» кафедрасының аға оқытушысы
Қазақстан, Алматы*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271942>

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Дағдылар мен қабілеттердің қалыптасу дәрежесі балаларды оқитудың тиімділігіне ғана емес, олардың әлеуметтенуі мен жеке даму процесіне де әсер етеді. Дағдылар мен қабілеттер іс-әрекетте қалыптасады, ал оның коммуникативті ерекшеліктері сабақта да, сабақтан тыс уақытта да оқушылардың қарым-қатынас процесінде қалыптасады және жетіледі. Орта мектептің қазіргі кезеңде дамуында әдістемелік тұрғыда ғылыми қауымдастық коммуникативтік бағыт қағидаларына мән береді. Бұл қағидада бағдарлау бірқатар мақсаттарға қол жеткізуді қамтиды, олардың негізгісі өз пікірлерінің берілуін және басқа адамдардың идеяларын түсінуді қамтамасыз ету болып табылады. Бастауыш мектеп жасында бала тиімді қарым-қатынас құралдарын игере бастайды, қарым-қатынас жағдайын шешу мәселесіне тап болады. Мектеп ұжымында ол түрлі әдістерді, ересектермен де, құрдастарымен де өздерінің ерікті қабілеттеріне сүйене отырып, қарым-қатынас түрлерін бейсаналық түрде қолдануға көптеген мүмкіндіктер иеленеді. Бастауыш мектеп оқушысының қарым-қатынасы әлеуметтік қатынастар мектебіне айналады. Коммуникативтік дағдылар мен қабілет коммуникативтік құзыреттілікпен өзара тығыз байланысты. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларының құрылымына мына компоненттер кіреді:

– эмпатия (қарым-қатынас процесінде эмоционалды байланыс орнатуға деген ұмтылыс, сұхбаттасушының эмоционалды жағдайын сезіну қабілеті);

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



– креативті-іс-әрекеттік (жаңа қарым-қатынас жағдайларында бұрын алған коммуникативті білімдерін, қабілетін, дағдыларын қолдана білу, қарым-қатынастың әлеуметтік мақұлданған формаларын өз бетінше құру, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста бастама көтеру, жанжал жағдайларында сыни тұрғыда әрекет ету, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында ауызша және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдану, эмоционалды көріністерді реттеуге деген ұмтылыс);

– бағалау-рефлексивті (қарым-қатынас процесінде жеке қасиеттері мен іс-әрекеттерін бағалау, қарым-қатынас кезіндегі өзге адамдардың іс-әрекеттері мен қасиеттерін дұрыс қабылдау және бағалау мүмкіндігі). Сондықтан бастауыш мектепте оқушылар мен мұғалім арасындағы өнімді қарым-қатынас үшін жағдай жасау қажет. Баланы мектепте сәтті оқыту үшін келесі компоненттер қажет деп ойлаймыз: ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынастың қажеттілігі; вербалды және бейвербалды қарым-қатынас құралдарын меңгеру; ынтымақтастыққа эмоционалды оң көзқарас; әңгімелесушіні тыңдай білу. Демек, бастауыш сынып оқушыларының дағдылары мен қабілеті оқушы сұрақтарға жауап беруді, сұрақтар қоюды, диалог жүргізуді, оқығанды баяндауды, тыңдауды үйренген жағдайда қалыптасады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың сыни ойлауын дамыту ерекше мән беріп отыр. Сыни ойлау қабілеті – бұл ақпаратты талдау, оның бағалау және қорытынды жасау қабілеті. дағдыланушылардың шығармашылық және логикалық бұл қабілеттерін жетілдіреді, өмірлік қажеттіліктерді шешуде тиімді шешімдерге көмектеседі. Бастапқы бастауыш сынып оқушылары үшін сыни ойлауды қалыптастыру маңызды, бұл кезең баланың ой-өрісі мен танымдық қабілеттері дамудың бастапқы деңгейіндегі кезең.

Сыни ойлау – бұл алынған ақпаратты сын тұрғысынан қарау, жан-жақты талдап, оны шешудің бірнеше бөлігін анықтау қабілеті. Бұл дағдының басты ерекшелігі – оқушы ақпаратты тек қабылдап қана қоймайды, оны өз көзқарасымен бағалап, өзінің пікірін білуі қажет. Сыни ойлауды дамытудың маңызы- бастауыш сынып оқушыларында сыни ойлау дағдысын дамыту олардың оқу процесінде белсенділік танытуына әсер етеді. Сыни ойлау арқылы оқушылар оқулықтағы ақпаратты тек жаттап қана қоймай, оны өмірлік жағдаяттарда қолдануды үйренеді.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Мектеп қабырғасында Абай шығармалары бастауыш сыныптан оқытыла бастайды. Абай туындыларын бастауыш сынып оқушыларына оқыту үлкен шеберлікті қажет етеді. Оның әрбір өлеңі балаға жан-жақты тәрбие беруді ойластырады. «Ғылым таппай мақтанба», «Сабырсыз, арсыз еріншек», «Әсемпаз болма әрнеге», «Бойы бұлғаң» өлеңдері балаларды ғылым-білім үйенуге шақырып, адам бойында кездесетін жақсы, жаман қасиеттердің жігін түсінуге жетелейді. Адамның өсіп жетілуіндегі тәрбиесіне де ерекше мән берген ақын. Оның дәлелі: «адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап татып – естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» деген даналық ойы, яғни адам ақыл-ойының, есінің тәрбие арқылы ғана жетілетінін ғылыми түрде дәлелдеген.

– Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан,
Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан, – деп жас ұрпақтың белгілі бір өнер үйреніп, пайдалы іспен шұғылдануын, адал еңбекпен нан табуын уағыздайды. Ол үшін қайырымдылық пен адалдық, қайрат пен ақыл керек екенін тағы ескертеді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде “адам болам” деген жастарға бес зиянды нәрседен аулақ болып, бес асыл қасиетті бойыңа дарытпасаң, ғылымнан еш пайда жоғын өсиет етеді. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде Абай мұрасын қолдану өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-парасаты биік болуына, мінез-құлқы, іс-әрекетіне ықпалы зор екені даусыз. Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысаны «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп жас буынды елдің, халықтың қамын ойлайтын, адал қызмет ететін ұрпақ болуға шақырады. Ұлы ақын өзінің 38-қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек» деп үйретеді. «Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық. Надандық – білім, ғылымның жоқтығы, дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны, талапсыздық, ұятсыздық – бәрі осыдан келіп шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны» дейді. Түсіне білген адамға астары терең осы сөз өз еңбегімен күн көруді, кісі ақысын жемеуді, арамдықтан бойын аулақ ұстауға тәрбиелейді.

– Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.



Ондай болмақ қайда деп

Айтпа ғылым сүйсеңіз, – деп ұрпағына даналық ақылын айта отырып, талапты болуға, жақсыдан үлгі алуға, ғылым, білім үйренуге үндейді.

Міне, Абайдың осындай даналыққа толы туындыларын бастауыш сынып оқушыларына оқыту нәтижесінде оқушылардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді дарытуға болады. Абайдың жылдың 4 мезгіліне арналған өлеңін, қарасөзін, өнер-білімге шақырған шығармаларын оқыту кезінде оның балалық шағы, туып-өскен ортасына кеңірек тоқталуға болады. Балалар зерттеу жұмысын жүргізіп, сабаққа өз жобасын жұп болып, топ болып дайындайды. Абай өлеңдеріне жан-жақты талдау жүргізіп, түйінді ойларын айтады.

Сыни ойлау әдістері өте көп:

1. Пікірталас және топтық жұмыс әдістері арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз пікірлерін ортаға салуға мүмкіндік береді. Өзгерту әдістері сыни ойлауды дамытудың тиімді бірі болып табылады, әр оқушы өз көзқарасын айтып, дәлелдеуі керек. Пікірталас барысында оқушылар әртүрлі көзқарастарды тыңдап, оларды қарап, өз әсерін жасайды. Сонымен қатар, топтық жұмыста әр оқушының өз рөлі бар.

2. Жобалық әдіс – бұл адамдар белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жүргізіп, оны топ алдында қорғау әдісі. Бұл әдісті ойлау қабілетін дамытуға үлкен мүмкіндік береді, оқушыларға өз бетінше ақпарат іздеп, оны талдау қажет. Жоба барысында оқушылар мәселенің мән-жайын терең зерттеп, қорытынды жасайды және оны дәлелдеп табуы керек.

3. Бұл әдіс оқушыларды өз ойларын жинақтап, олардың серіктестерімен бөлісуге үйретеді. Біріншіден, мұғалім белгілі бір сұрақ қояды немесе тапсырма береді. Оқушылар кейін жеке өздері ойлайды, кейіннен жұптасып, өз ойларымен алмасады. Соңында әр жұп өз ішінде бүкіл сыныппен бөліседі. Бұл әдістерде жеке тиімді қарым-қатынас жасау, пікір алмасу және бірлесіп жұмыс істеулеріне мүмкіндік береді.

4. Бұл әдіс сыни ойлауды дамытудың тағы бір тиімді құралы болып табылады. Мысалы, «Венн диаграммасы» әдісі арқылы оқушылар екі немесе одан да көп ұғымдарды салыстырып, олардың ұқсастықтары мен белгілерін қолданады. Бұл тапсырмаларды талдау және талқылау қабілетін жетілдіреді. Мысалы, мұғалім оқушыларға екі кейіпкердің мінез-құлқын салыстырып, қандай қасиеттері ұқсас, ал олардың қандай ерекшеліктерін анықтауды сұрауы

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



мүмкін. Бұл әдіс оқушыларға заттар мен құбылыстарды сыни бағалауға мүмкіндік береді.

Сыни ойлауды дамыту процесінде мұғалімнің рөлі өте маңызды. Мұғалім оқушыларға тек білім беретін ғана емес, олардың ойлау қабілетін дамытушы тұлға болуы қажет. Мұғалім оқушыларды ойлануға, талдауға және өз пікірін дәлелдеуге шақыруы керек.

Сыни ойлау – оқу процесіндегі басты технологиялардың бірі болып табылады. Бастауыш сыныптарда сыни ойлауды дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді логикалық және шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, оны қабылдау қабілетін де дамытады. Сұрақ-жауап әдісі, проблемалық тапсырмалар, пікірталас, топтық жұмыс және жобалық әдістер – сыни ойлауды қалыптастырудың тиімді жолдары болып табылады. Мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытатын әдіс-тәсілдер, сыни ойлауды дамыту әдістерін сабақ барысында белсенді қолдану арқылы жан-жақты дамытуға ықпал ете алады.

Бастауыш сынып кезеңі – шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең қолайлы уақыт. Бұл кезеңде, қиялы шарықтап жаңа идеяларды іздеуге құштар болады. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде мен оқушылардың осы ерекшеліктерін ескеру арқылы, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін оқушыларға еркін еңбек беру, қиялын ұштауға жағдай жасау, шығармашылық жаттығулар орындату өте маңызды.

Шығармашылық қабілеттер дегеніміз не?

Шығармашылық қабілет – бұл адамға жаңа, ерекше ойлар мен идеяларды тудырып, оларды іске асыруға мүмкіндік беретін қасиет. Бала кезінен шығармашылық қабілеттерді дамытқан жағдайда, оқушының өз бетімен ойлау қабілеті, өзіндік шешімдер қабылдауы қалыптасады. Мұғалім – шығармашылық қабілеттерін дамытатын негізгі тұлға. Бастауыш сынып мұғалімі шығармашылығын дамыту үшін олардың жаттығуларын ескере отырып, әртүрлі жаттығуларды жасау керек. Мұғалімнің міндеті – оқушыларға еркін ойлау, өз жобаларын іске асыру үшін мүмкіндік беру. Сондай-ақ, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әдеби ортада түрлі жағдайлар жасау маңызды: сурет салу, әңгіме құрастыру, жазу, көркем еңбекпен айналысу және т.б.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Мектеп қабырғасындағы оқу үрдісі барысында оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктері мен қабілеті арасындағы айырмашылықтарды естен шығармау керек. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың өзіндік дербес мүдделері, қабілеттері, икемдері болса, онда оқу процесінде еңбектің түрлі саласын енгізіп, олардың шығармашылық ынтасын көтермелеп отыру керек. Білім—шығармашылықтың тірегі. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілеттері оның білімінен тысқары кете алмайды. Бастауыш сынып оқушыларында көркем шығармашылық қабілеті басталуға дейін жұмысты орындауға қажетті білімі жетіспей жатады. Сондықтан олар тек бірегей шығармашылық ғана емес, жалпы кез-келген өнімді жасай алмайды. Демек, балаларды қажетті негізгі білімдер мен шығармашылық өнімдерді жасауға керек болатын дағды, әдістерге үйрету керек. Ол пәндерді оқыту барысында жан-жақты іске асады. Бастауыш сынып жасындағы оқушылар көп нәрсенің бәрін бірдей меңгеріп кете алмайды. Егер оқытылатын материал мөлшері оның ақыл-ой, ерік- жігер мүмкіншілігінен асып кетсе, онда бала артық білімді игермек түгіл, өз мүмкіндігіне сай келетін қалған материалды іріктеген кезде балалардың белгілі бір уақыт өлшемінде тиімді игере алмайтын материал санына шек қоямыз. Ал бірақ іс-әрекетін оның дербестігімен бірлікте қараймыз. Өйткені, олар бір-бірімен тығыз байланысты және бірінің дамуына екіншісі ықпал жасайды. Баланың еңбекке деген бейімділігі бала күннен бастап қалыптаса бастайды. Оқу және еңбек үстінде ол әрі қарай дамып нығаяды. Дарындылық оқу және шығармашылық болып екіге бөлінеді. Бұл екеуі егіз ұғым секілді. Өмірді танып білу әдетте оқып үйренуден басталады. Сонан соң бала сол білімін шығармашылықпен пайдалануға ұмтылады. Яғни, оқушы бір деңгейден екінші деңгейге көтеріліп, әрі қарай толыса түседі. Оқу және көркем шығармашылық қабілетінің арасындағы байланыстарды ескеру өте маңызды. Адамның ақыл-ойы биіктеген сайын көркем шығармашылық қабілеті де жоғарылай түспек. Бастауыш мектеп жасындағы баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның қабілеттерін жан – жақты дамытуға, өз күші мен мүмкіндігіне деген сенімінің болуына әрқашан жағдай жасап отыруымыз қажет. Бұл проблеманы шешуде жоғарыда айтылған педагог – психологтардың пікірлері мен тұжырымдарын басшылыққа аламыз. Сонда ғана бала шығармашылығын дамытудағы еткен еңбегіміз өз жемісін бермек. Оқыту жұмысының табысты болуы, оқытудың озық әдістерін қолдануға ғана байланысты болып қоймай, оқушылардың көркем шығармашылық

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қабілеттерінің әртүрлілігін ескеруге де байланысты болатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, ойлау, таным, өзін-өзі тәрбиелеу т.б. белсенділіктер.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. – Астана, 2017 ж.
2. Дүниетану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 29б.
3. «Мәңгілік ел» құндылықтары - қазіргі қазақстандық білім берудің негізі» баяндамалар жинағы. -Алматы, 2016.
4. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. – Алматы, 1995.



**АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІН ТАЛДАУДА КОММУНИКАТИВТІК
ТАПСЫРМАЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИКЕМДІ ДАҒДЫЛАРЫН (SOFT SKILLS) ДАМУ**

Кылышбекова Нурсауле Уканбаевна,

*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы, Алматы облысы бойынша ҚДИ аға оқытушысы, Абай
атындағы ҚазҰПУ докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271956>

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы тұжырымдамасы 1960 жылдары пайда болды және нақты өмірлік мәселелерді шешуге арналған оқу және жазу дағдыларының жиынтығын білдіреді. Стратегиялық мәліметтерге қарағанда алдағы жылда мектеп оқушыларының оқуы мен дамуындағы функционалдық сауаттылық негізгі сауаттылыққа қарағанда маңыздырақ болады. Бүгінгі таңда функционалдық сауатты оқушы білім сапасының көрсеткіші болып табылады. Өмірде тек академиялық білім жеткіліксіз. Нақты жағдайларда алынған ақпарат пен дағдыларды пайдалана білуге баса назар аударылады.

Функционалдық сауаттылығы дамыған оқушының ерекше белгілері:

- ✓ түрлі тұрмыстық мәселелерді сәтті шешуі;
- ✓ әртүрлі әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынас жасау және түрлі тығырықтан шығу жолын таба білуі;
- ✓ коммуникацияларды құру үшін негізгі оқу және жазу дағдыларын пайдалануы.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы өзінің «Қай әдіс жақсы?» мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы, оларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін», - дейді. Сондықтан мұғалім, ең алдымен, өзі оқытатын пәнді білуге, ал онан соң оны жеткізе алатын болуға міндетті. Оқушыларды қызықтыру үшін білімді қажет жағынан бастап, түсінікті формада айтып жеткізу, ең басты мәселеге тоқтала білу, ең мәнді нәрсені екінші қатардағы мәселеден ажырата білу, осының бәрін нақты, мысалдар келтіре отырып айтып беру – өте үлкен өнер, мұның өзі жұрт ойлайтындай оншалық оңай емес.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ұстаздық еткен жан жалықпай, үнемі шығармашылық ізденісте болып, педагогикалық іс-тәжірибесін замана талабына сай жетілдіріп отыруы тиіс. Мұғалімнің тиімді әдістерді таңдауы оқушылардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттырып, олардың жақсы оқуына, оқу материалын жақсы ұғып алуына ықпал жасайды. Таңдаған әдісі шәкірт санасына дарып, оның білім алуына жағдай жасаса, оқытушының еңбегі нәтижелі болатыны сөзсіз. Оқушыға қазақ әдебиетін оқыту арқылы дүниетанымын кеңейтіп, рухани дамытып, жан-жақты білім беруде коммуникативтік жаттығулардың алатын орны ерекше. Әдеби шығармалар тұлғаның қазақша сөйлеу тілін коммуникативтік тұрғыдан дамытып, еркін сөйлеп, пікірлесуіне мүмкіндік жасайды, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Коммуникативтік бағыт тілді оқытуда да қарым-қатынасты сөйлесім әрекеттері арқылы жүзеге асыруды көздейді. Сөйлесім біліктілігін арттырады. Бүгінгі таңда ұлт руханиятынан бастау алатын ұлттық тәрбие туралы сөз еткенде ұлы Абайдың мұрасы шәкірт тәрбиелеудің таптырмас темірқазығы. Ақынның өлеңдерімен қатар қарасөздері де оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудың негізгі ресурстарының бірі десек, қателеспейміз. Ақынның қара сөздерін талдауда оқу сауаттылығын дамыту әдістерінің бірі-ашық тест тапсырмалары өнімді нәтиже бере алады. Мысал ретінде Абайдың бірінші және екінші қарасөздерін талдап көрелік,

Абайдың бірінші қара сөзі бойынша құрастырылған ашық тест тапсырмалары:

1. *Қалай деп ойлайсыз, ақын «алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық» деп нені меңзеп отыр?*

2. *Жоғарыда берілген қара сөздің мағынасын бір құрмалас сөйлеммен түсіндіріп бере аласыз ба?*

3. *Қара сөзде кездесетін ақын айтқан пікірлерді өз сөзіңізбен түсіндіріп жазыңыз*

Ел бағу	Мал бағу	Бала бағу	Дін бағу	Ғылым бағу
---------	----------	-----------	----------	------------

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



--	--	--	--	--

4. Ашық тест арқылы қорытындылау.

1. Абайдың қарасөз жазудағы мақсаты не?

-

2. Қарасөз деген не?

-

3. Абайдың қарасөздерінің идеялары қандай?

4. Қарасөздердің ерекшеліктерін атаңыз.

-

5. Абайдың қарасөздерін зерттеген, шет тілдеріне аударған кімдер?

-

6. Қара сөздер арқылы жатталған қандай нақыл сөздерді білесіз?

-

7. Абай қарасөздерін өмірінің қай кезеңінде жазған?

8. Абай қарасөздерінен қандай тәлімдік ой түйдіңіз?

Абайдың бірінші қара сөзі бойынша қатысымдық тапсырмалар
Мәтінге дейінгі кезең:

1. Берілген жаңа сөздерді оқып, түсіндірме сөздіктің көмегімен түсінігін жазыңыз: әурешілік, қажу, баянсыз, байлаусыз, қоршылық, дерт, тілемсек, кездеме софылық және т.б. Мысалы, әурешілік – босқа жан қинаушылық, нәтижесіз іс істеушілік.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



2. Берілген сөздердің синонимдік қатарын табыңыз: «бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса»

3. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрыңыз: *өмір, ел, ғылым, білім, пайда, тыныштық, жұмыс.*

4. Берілген сөйлемдердегі сөздерді өз орындарына қойыңыз:

- *Енді, қайтіп, қалған, өткіземіз, өмірімізді, не қылып?* - *Қайранмын, соны, өзім де, таба, алмай.*

Мәтінмен жұмыс:

1. Мәтіннің 1-2 азат жолын оқытып, ары қарай не болатынына болжам жасаңыз: *Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын. Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!* (жалғасын айту)

2. Мәтіннен жаңа сөздермен тіркескен сөздерді табыңыз.

3. Мәтіннің негізгі мазмұнын білдіріп тұрған тірек сөздерді анықтап, көшіріп жазыңыз.

4. Берілген сұрақтарды мәтіннің мазмұнына сәйкес орналастырып, жауап беріңіз:

1. Мәтінде ғылымды неге тез қартайтатұғын күйік дейді?
2. Автордың соңғы шешімі қандай?
3. Автор неге мал баққысы келмейді?
4. Бала бағу туралы не айтылған?
5. Орта жасқа келгенде көрген-білгені туралы қандай ой айтады?

Мәтіннен кейінгі жұмыс:

1. Мәтіннен қарама-қарсы құрылымды сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

2. Мәтін мазмұны бойынша бос орындарға қажетті сөздер мен тіркестерді жазыңыз:

1. *Енді жер ортасы жасқа келдік: _____, _____; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік.*

2. *Балалар _____ керегінше өздері бағар.*

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



3. Не көңілде, не көрген күнінде бір _____ жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

4. Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны _____, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын.

Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтырыңыз:

Автордың ойын өз сөзіңізбен жазыңыз:

1. Ел бағу-
2. Мал бағу-
3. Ғылым бағу-
4. Дін бағу-
5. Балаларды бағу-
6. Соңғы істейтін ісі-
7. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыз, әңгімелеңіз.
8. Автор осы қарасөзін жазғанда қандай көңіл-күйде болды деп

ойлайсыз?

Абайдың екінші қарасөзі бойынша икемді дағдыларға бағытталған шығармашылық тапсырмалар:

Қара сөзден алынған пікірлер	Өз пікірім
«Енеңді ұрайын ,кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп,шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы»	
«Ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті»	
Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз.	

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



2. Өзге халықтардың өмір тәжірибесіндегі тағылымды жағынан үлгі алу туралы пікірі туралы не айтасыз?

	Ноғай (татар)	Сарт (Өзбек)	Орыс
Абай пікірі			
Абайды қынжылтқан ойлар			
Абай ұсынысы			

1. Қарасөзде кездесетін кірме сөздер, фразеологизмдер мен көнерген сөздердің мағынасын өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.

ноқай –	башалиік-	қырмызылық-	ахирет-
құзғын-	күң-	ұзық-құлақ-	шаһар-

4. «Неліктен?» сұрау есімдігінен басталатын 6 сұрақ құрастырыңыз.

- ✓ Неліктен.....?
- ✓ Неліктен.....?
- ✓ Неліктен.....?
- ✓ Неліктен.....?
- ✓ Неліктен.....?
- ✓ Неліктен.....?

Сұрақ құрастырылып болған соң оқушылар кубикті бір-біріне лақтыру арқылы сұрақ-жауап тапсырмасын орындайды.

Ескерту: Мұғалім кубиктің алты бұрышын алдын ала нөмірлеуі қажет.

Коммуникативтік жаттығулардың мақсаты – қазақ тілін, әдебиетін коммуникативтік бағдарда оқытудың тұтас мақсатын іске асыру және коммуникативтік біліктерді оқыту мен дамыту болып табылады. Коммуникативтік біліктерге тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу, жазу қызметтері жатады. Осы сөйлеу қызметтерінің коммуникативтік мақсаттарға сай қалыптастырылуы мектеп оқушысының қазақ тілінде коммуникативтік қатынас жасай алуына зор мүмкіндік береді. Қазіргі заманда ақпараттың түрі, оның көлемі артып келеді. Бұл ақпаратты таңдауда, түсінуде, сақтауда және ұсынуда қиындықтар туғызады. Заманауи мұғалім оқу тапсырмаларын оқушының күнделікті өміріне байланысты құрастырып, өмірлік маңызды



мәселелерді шешуі қажет. Осы мақсатта оқу жағдаяттарын құру үшін қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында өмірден мысалдар келтіру, материал ретінде хабарландырулар, жарнамалар, нұсқаулар, т.б. ұсыну, Блум таксономиясы бойынша тапсырмалар құрастыру өз нәтижесін береді. Бұл тапсырмалар проблемалық жағдаяттарды шешуге бағытталған. Сол сияқты қазақ тілі де тек пән ғана емес, оқу құралы. Шартты түрде оқымай, бізден не сұралып жатқанын түсінбей, кез келген тапсырманы шешу мүмкін емес. Басқа мектеп пәндеріндегі кез келген тапсырма нақты болса да, ол әдеттегі ережелерді қолдануды талап ететін мәтіннен басталады. Қазақ тілін жетік, сауатты білмей, достармен сөйлесу немесе сапалы келіссөздер жүргізу, әңгімелесушіні бір нәрсеге сендіру, оның аргументтерін тыңдау, мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасау мүмкін емес. Мәтінмен жұмыс жүргізу - қазақ тілі сабақтарындағы оқылым дағдысының негізі. Сондықтан бұл әдістің ерекшелігі оқушылардың шығармашылық жұмыспен қамтылуы. Мәтінмен жұмыс кезінде оқушының шығармашылығы, мүмкіндігіне қарай сөз тіркесін сөйлемдерге айналдыру, сөзжұмбақ, ребус немесе сканворд құрастыру мүмкіндігін тудыру болса, жаңа материалмен жұмыс кезінде өз ойын сурет не тірек сызбалары арқылы жеткізуіне болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2016ж.
2. PISA халықаралық зерттеуі. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі, Ұлттық білім беру статистикасы бағалау орталығы. //
3. Астана – 2013.
4. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «PISA, TIMSS
5. зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту», //Астана- 2014.
6. А.Құнанбайұлы, «Қара сөз», Алматы- 2009.
7. М.Балақаев. «Тіл мәдениет және қазақ тілін оқыту». Алматы-1989.
8. М.Балақаев. «Қазақ тілінің мәдениеті». Алматы-1971.
9. Т.Қордабаев. «Қазақ тіл білімінің мәселелері». Алматы -1991.
10. С.Құрманғалиева. «Қазақ тілінің мәселелері». Алматы- 1965.
11. Р.Сыздықова. «Сөз құдіреті». Алматы- 1997.
12. Р.Сыздықова. «Сөздер сөйлейді». Алматы- 1980.
13. С.Жендырбаева. «Мәнерлеп оқу». Алматы-1992.
14. С. Мақырұлы, Г. Құрманбай, А. Қыраубайқызы. «Қазақ әдебиеті»,
15. 8- сынып, Алматы, «Мектеп» баспасы 2011.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



16. С. Мақырұлы, Г. Құрманбай, А. Қыраубайқызы. «Қазақ әдебиеті», 11- сынып, Алматы, «Мектеп» баспасы 2011.
17. Абайдың қара сөздері, поэмалары, «Ел» баспасы // Алматы - 1993.
18. А.Мұхтаров. «Қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін дамытуға педагогтардың кәсіби дайындығын жетілдіру», Алматы-2016ж.



АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Қанаатова Гүлістан Оралбай қызы,

Қарақалпақстан Республикасы педагогикалық шеберлік орталығы

«Тілдерді оқыту методикасы» кафедрасы аға оқытушысы

Ulpan-1977@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271958>

Özet. Bu makalede, Abay Kunanbayuli'nin eserleri aracılığıyla öğrencilerin fonksiyonel okuryazarlığının geliştirilmesi ele alınmaktadır. Şairin şiirleri ve düzyazıları, eleştirel düşünme yeteneğini ve kendi görüşünü açıkça ifade etme becerisini geliştirmede etkili bir araç olarak sunulmaktadır. Metinleri gerçek yaşamla ilişkilendirme ve bilgiyi pratikte kullanmaya yönelik görevlerin önemi vurgulanmaktadır. Ayrıca Bloom taksonomisi ve proje tabanlı araştırma yöntemlerinin kullanımı da makalede yer almaktadır. Sonuç olarak, Abay'ın mirasının, modern, bilinçli ve bilgili bireyler yetiştirmedeki rolü açıkça ortaya konulmaktadır.

Annotation. This article explores the development of students' functional literacy through the works of Abai Kunanbayuli. The poet's poems and prose are presented as effective tools for fostering critical thinking and the ability to express personal opinions. The article emphasizes the importance of connecting texts with real-life situations and performing practical tasks to apply knowledge in practice. The use of Bloom's taxonomy and project-based research methods is also highlighted. Overall, the role of Abai's legacy in educating modern, well-rounded, and knowledgeable individuals is clearly demonstrated.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық – бұл білімді өмірде тиімді пайдалана білу, ақпаратты талдау, қорытынды жасау және шешім қабылдау қабілеті. Осы бағытта қазақ әдебиетінің классигі, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының шығармаларын қолдану – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді құралы болып есептеледі. Өйткені, ақын туындылары - тек көркем мәтін ғана емес, терең философиялық ой, өмірлік тұжырым, адамзаттық құндылықтар мектебі.¹

Абай өлеңдері мен қара сөздерін оқыту барысында оқушылар тек мәтінді оқып қана қоймай, оның мәнін түсіну, астарын ашу, өмірмен байланыстыру арқылы функционалдық сауаттылықтарын дамытады.

Функционалдық сауаттылық — бұл адамның алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуі, ақпаратты дұрыс түсіну, оны талдау, салыстыру, өз

¹Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. — Алматы: Жазушы, 2012.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



ойын еркін әрі дәлелді жеткізе алу қабілеті.² Бұл ұғым ең алғаш XX ғасырдың ортасында халықаралық білім беру жүйесінде пайда болды. XXI ғасырда білім берудің басты мақсаты – оқушыны тек біліммен қаруландыру емес, алған білімін күнделікті өмірде тиімді пайдалана алатын, ойы сергек, белсенді тұлға ретінде қалыптастыру.

Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру тізімін 2030 жылға дейін дамыту концепциясын бекіту туралы» 2019 жыл 29 апрель RF-5712-сан бұйрығы негізінде Халыққа білім жүйесін түбегейлі реформалау, оның сапасын арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, заманауи технологияларды енгізу және халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға жету үшін тұрақты негіз қалануда.³ Оның мақсаты – оқушыны өмірлік мәселелерді шеше алатын, жаңа ақпаратты игеріп, оны талдап, қолдана білетін, қоғамда белсенді әрекет ететін азамат ретінде қалыптастыру. Яғни, оқушыларды тек пәндік біліммен ғана шектемей, алған білімдерін өмірде қолдану міндеті қойылған. Бұл бағытта пәндерді оқыту барысында оқушылардың практикалық тапсырмаларды орындауы, өмірмен байланысты жағдаяттарды шешуі, мәтінмен жұмыс істеуі, сыни ойлау дағдыларын дамыту, жобалау әрекеттерін жүзеге асыру басты назарға алынады.

Осы орайда Абай шығармалары – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың айқын мысалы бола алады. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері өмірлік жағдайларды түсінуге, өз ойыңды жеткізуге, шешім қабылдауға және түрлі көзқарастарды құрметтеуге үйретеді. Ұлы ақынның шығармалары арқылы оқушылар ақпаратты тиімді пайдалана білуді, сыни тұрғыдан ойлауды, өз көзқарасын дәлелдеп жеткізуді және әлеуметтік қарым-қатынаста ашық болуды меңгереді. Сондықтан Абай мұрасын білім беру процесінде жүйелі түрде пайдалану – қазіргі заман талабына сай тұлға қалыптастырудың кепілі болып саналады.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздері – адамгершілік, еңбекқорлық, білімге құштарлық, әділеттілік сияқты құндылықтарды дәріптейтін шексіз рухани қазына. Осы бағытта РАФТ (рөл, аудитория, формат, тақырып) технологиясын

² ЮНЕСКО. «Functional literacy» анықтамасы және құжаттары. — Paris, UNESCO, 2016.

³ "Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» 2019 жылғы 29 сәуірдегі RF-5712-сан бұйрығы"

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, оқушы Абайдың қара сөзін талдай отырып, өзін зерттеуші ретінде сезінеді, ал аудитория ретінде сыныптастарын таңдай отырып, өз ойларын күнделік немесе мақала форматында жүйелей алады. Мұндай тәсіл оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына, мәтінмен жұмыс істеу қабілеттерінің артуына және өз көзқарасын нақты әрі сауатты білдіруіне жол ашады. Сонымен қатар, Абай шығармаларында жиі кездесетін «толық адам», «еңбек», «білім» ұғымдары арқылы оқушылардың өмірлік бағыт-бағдары қалыптасады. Олар тек мәтінді оқып қана қоймай, оны өмірмен байланыстырып, өз тәжірибесінде қолдануға үйренеді. Мұның нәтижесінде оқушының функционалдық сауаттылығы артып, ол ақпаратты тек қабылдаушы ғана емес, оны өз бетінше өңдеп, қолдана алатын тұлғаға айналады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқыту процесін жүйелі түрде құру маңызды. Осы ретте Блум таксономиясының сатыларын тиімді қолдану оқушылардың ойлау дағдысын дамытудың негізгі құралы бола алады. Блум таксономиясы бойынша тапсырмалар оқушының білімді жай меңгеруінен бастап, оны терең түсінуіне, қолдануына, талдауына, жинақтауына және бағалауына дейінгі сатыларды қамтиды.⁴ Абай шығармаларын осы сатылар арқылы меңгерту оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың мәтінді өмірлік жағдайлармен байланыстыра алуына жол ашады. Алдымен, **«Білу»** деңгейінде оқушылар Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы негізгі мәліметтерді меңгереді. Бұл кезеңде оқушылар ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздерін атау, үзінділерді жаттау арқылы өз білім қорын қалыптастырады. Келесі **«Түсіну»** сатысында оқушылар Абай шығармаларының мазмұнын өз сөзімен түсіндіруге дағдыланады. Бұл кезеңде олар «Толық адам» ұғымын қалай түсінетінін немесе Абайдың «Еңбек етсең ерінбей» деген қағидасын қазіргі өмірмен байланыстыра отырып түсіндіреді. **«Қолдану»** кезеңінде оқушылар өз алған білімін практикада қолдана бастайды. **«Талдау»** деңгейінде оқушылар Абай шығармаларын бүгінгі өмірмен салыстырып, басты идеяларын сараптайды. Мысалы, «Адам болам десеңіз» өлеңіндегі негізгі ойды заманауи қоғаммен салыстыру тапсырмалары арқылы оқушылар сыни тұрғыда ойлауға үйренеді. **«Жинақтау»** сатысында оқушылар

⁴ Блум Б.С. «Таксономия образовательных целей». — М.: Педагогика, 1972.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жаңа идеялар ұсынады, өз шығармашылық жұмыстарын жасайды. Олар Абай сөздері негізінде өз мотивациялық өлеңдерін немесе эссе жаза отырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Соңғы «Бағалау» кезеңінде оқушылар өздерінің және сыныптастарының жұмыстарын сын тұрғысынан бағалайды, өз ойларын дәлелді түрде айтып, қорытынды жасайды. Бұл кезеңде «Абайдың қара сөздері – мәңгілік құндылық» деген пікірге қатысты өз көзқарасын білдіре отырып, өз тұжырымдарын ұсынады.

Сонымен қатар, функционалдық сауаттылықты дамытуда жобалық және зерттеу жұмыстары ерекше маңызға ие. Оқушыларға Абай шығармаларын зерттеу, өмірлік мысалдармен ұштастыру, өз ойларын жазбаша және ауызша жеткізу тапсырмаларын беру – олардың зерттеу дағдысын қалыптастырады. Мысалы, оқушыларға «Абай және қазіргі жастар тәрбиесі» немесе «Абайдың қара сөздеріндегі еңбек тақырыбы» атты шағын зерттеу жобасын жасауға мүмкіндік беру олардың дербес ізденуіне, ақпаратты жинақтап, жүйелей білуіне ықпал етеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда тағы бір тиімді әдіс - эссе жазу. Эссе - оқушының өз көзқарасын нақты дәлелдермен жеткізетін, ойлау қабілетін көрсететін жазба жұмысы.⁵ Абайдың кез келген шығармасы негізінде эссе жазу тапсырмасы оқушыларды өз ойын жүйелі жеткізуге, дәлелдеуге және қорытынды жасауға үйретеді. Мысалы, «Абайдың қара сөздеріндегі еңбек құндылығы» немесе «Абай айтқан «толық адам» – заманауи тұлға бейнесі» тақырыптарында жазылған эссе - баланың аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлауын дамытатын тамаша тапсырма.

Қорыта келе, Абай шығармаларын оқу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздері әрбір оқушының таным көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Абай мұрасы арқылы оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға, ақпаратты саралай білуге, шешім қабылдауға, өз ойын дәлелдеп жеткізуге үйренеді. Ең бастысы, олар алған білімдерін өмірде қолдана алатын, ұстанымы берік, рухани дүниесі бай азамат болып өседі. Осы тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында

⁵ Сатыбалдиева А., Жұмабекова Л. «Эссе жазу әдістері және оның оқушының шығармашылық қабілетін дамытудағы рөлі» // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. — 2021. — №3. — 45-50 б.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абай шығармаларын жүйелі пайдалану – оқушының өмірге бейім, білімді, парасатты тұлға болып қалыптасуына бағыт беретін негізгі құрал екені сөзсіз.

Сондықтан, Абай шығармаларын оқыту барысында тек мәтінмен шектелмей, оны өмірмен байланыстыруға, оқушылардың практикалық дағдыларын жетілдіруге баса назар аударуы қажет. Өйткені, Абай мұрасы – тек өткеннің емес, бүгінгі мен болашақтың рухани қазынасы. Осы қазынаны жас ұрпақтың жүрегіне сіңіру – олардың функционалдық сауаттылығын арттырумен қатар, отансүйгіш, саналы, зерек, білімді тұлға қалыптастыруға алып келетін берік көпір болатыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» RF-5712. 29 апрель 2019 жыл
2. ЮНЕСКО. «Functional literacy» анықтамасы және құжаттары. — Paris, UNESCO, 2016.
3. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. Алматы: Жазушы, 2012.
4. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер жинағы. Алматы: Ана тілі, 2017.
5. Блум Б.С. «Таксономия образовательных целей». М.: Педагогика, 1972.
6. PISA Халықаралық зерттеулері бойынша әдістемелік материалдар. — Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.
7. «Көшімбетова С.А. «Қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» ғылыми мақала. «Білім берудегі инновациялар» журналы, №2, 2022.
8. Әбдіғазизова Ж. «Қазіргі білім беру жүйесінде Абай мұрасының рөлі» — «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №5, 2023.
9. Сатыбалдиева А., Жұмабекова Л. «Эссе жазу әдістері және оның оқушының шығармашылық қабілетін дамытудағы рөлі» // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. — 2021. — №3. — 45-50 б.



ОРЫС ЖӘНЕ ӨЗБЕК СЫНЫПТАРЫНДА АБАЙ
ШЫҒАРМАЛАРЫН «CLIL» ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ
(Қарақалпақ тілі оқулығындағы әдеби материалдар мысалында)

Мамбетова Гулчехра Абибуллаевна,
НМПИ таяныш докторанты
gulcehra941@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271962>

Аннотация. Бұл мақалада басқа тілдерде білім алатын сыныптарда Абай шығармаларын CLIL әдісі арқылы оқытудың тиімділігі қарастырылады. Абайдың қара сөзі мысалында тіл мен мазмұнды кіріктіріп оқытудың әдістері талданады. Зерттеуде оқушылардың мәтінді түсіну деңгейін арттыруға бағытталған педагогикалық эксперимент жүргізіліп, оның нәтижелері талқыланады. CLIL әдісін қолдану әдеби шығармаларды оқытуда тілдік кедергілерді азайтып, оқушылардың когнитивтік дағдыларын дамытуға көмектесетіні анықталды.

Түйінді сөздер: CLIL, Абай шығармалары, кіріктірілген оқыту, әдебиет, педагогикалық эксперимент.

Annotation This article examines the effectiveness of using the CLIL method in teaching Abai's works in classes where instruction is conducted in other languages. Using the example of The Fifth Word, the study analyzes methods of integrating language and content learning. A pedagogical experiment was conducted to enhance students' text comprehension, and its results are discussed. The findings show that the CLIL approach reduces language barriers in literature studies and helps develop students' cognitive skills.

Keywords: CLIL, Abai's works, integrated learning, literature, pedagogical experiment.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) әдісі шет тілінде оқыту үдерісін тиімді етуге бағытталған. Бұл әдіс әдебиетті тілдік ортада оқытудың инновациялық тәсілі ретінде қарастырылады. Абай шығармаларын CLIL әдісі арқылы оқыту оқушылардың тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың сыни ойлау қабілетін арттыруға көмектеседі.

Бұл зерттеу Абайдың шығармаларын CLIL әдісі негізінде оқытудың тиімділігін анықтауға бағытталған. Нақтырақ айтқанда, Абайдың қара сөзін талдау арқылы, оқушылардың мәтінді түсіну, тілдік және мәдени аспектілерін меңгеру деңгейін бағалау көзделеді.

CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдісін Дэвид Марш (David Marsh) 1994 жылы алғаш рет ғылыми тұрғыда сипаттаған. Ол бұл әдісті мазмұн мен тілді қатар үйрету тәсілі ретінде ұсынды. Яғни, оқушылар пәнді



(мысалы, география, биология) екінші тілде оқып, сол арқылы тілдік және пәндік дағдыларды қатар дамытады.

CLIL әдісін әдебиетті оқытуда қолдану

Әдебиетті CLIL әдісі арқылы оқыту идеясы кейінгі зерттеушілер тарапынан дамыды. Бұл бағыттағы негізгі ғалымдар:

Do Coyle, Philip Hood, David Marsh – CLIL-дің жалпы әдіснамалық негіздерін қарастырды. [1]

Richard Pinner – CLIL және әдебиетті оқыту тақырыбында зерттеулер жүргізді. Оның "Unlocking Literature through CLIL" атты мақаласы CLIL-дің әдебиет сабақтарында қолдану тәжірибесін сипаттайды.[2]

Ana Llinares, Tom Morton, Rachel Whittaker – CLIL әдісі арқылы пәндік тілді дамытудың жолдарын зерттеп, оның ішінде әдебиетпен байланысты аспектілерін қарастырды. [3]

Яғни, CLIL бастапқыда жалпы пәндерді оқыту әдісі ретінде ұсынылды, ал оны әдебиетті оқытуға байланыстыру кейінгі зерттеушілердің еңбегі болып табылады. Бүгінде CLIL әдеби шығармаларды талдау мен тілдік дағдыларды қатар дамыту құралы ретінде қолданылады. CLIL әдісі төрт негізгі компонентке негізделеді:

- **Content (Мазмұн)** – пәндік білім мен дағдыларды қалыптастыру.
- **Communication (Коммуникация)** – тілдік дағдыларды дамыту.
- **Cognition (Когниция)** – сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды жетілдіру.
- **Culture (Мәдениет)** – мәдениетаралық түсіністікті дамыту.

Бұл әдіс оқушылардың тек пәндік білімін арттырып қана қоймай, оларды шет тілдік ортада еркін ойлауға және сөйлеуге бейімдейді.

Әдебиетті оқытудағы «CLIL» әдісінің рөлі

Әдеби шығармаларды CLIL әдісімен оқыту бірнеше артықшылықтар береді:

Оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырады – әдеби шығармалар тілдік құрылымдарды үйренуге және оларды қолдануға мүмкіндік береді.

Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады – «CLIL» әдісі арқылы әдеби шығармаларды талдау оқушыларды мәтінді терең түсінуге және өз ойларын дәлелдеуге үйретеді.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Мәдениетаралық түсінікті қалыптастырады – әдебиет белгілі бір халықтың рухани құндылықтарын бейнелейді, сондықтан оны оқу мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді.

Коммуникативтік дағдыларды жетілдіреді – оқушылар талқылау, пікір алмасу, эссе жазу сияқты дағдыларды меңгереді.

Абай шығармаларын «CLIL» әдсімен оқытудың ерекшеліктері

Абай шығармаларын оқытуда CLIL әдісін қолдану оқушылардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттырады. Абайдың "Қара сөздері" философиялық ойға негізделген, сондықтан оларды оқыту кезінде оқушылардың когнитивтік қабілеттері дамиды.

Абайдың қара сөзін «CLIL» әдісімен оқытуда:

Content: Абайдың қара сөздерінің идеялық мазмұнын талдау.

Communication: Оқушылар мәтінді талқылау арқылы өз пікірлерін қазақша жеткізеді.

Cognition: Оқушылар мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, философиялық мағынасын түсіндіреді.

Culture: Абайдың қара сөздері арқылы қазақ халқының ой-санасы мен құндылықтарын түсінеді.

Теориялық талдау көрсеткендей, CLIL әдісі көптілді сыныптарда әдебиетті оқытудың тиімді құралы болып табылады. Абай шығармаларын осы әдіспен оқыту оқушылардың тілдік дағдыларын дамытумен қатар, олардың сыни ойлау қабілетін арттырып, ұлттық құндылықтарды түсінуге көмектеседі.

Тәлим рус және өзбек тиллерінде алып барылатуғын бірақ мемдекеттик тил ретінде қарақалпақ тили оқытылатуғын сыныптырдың 11-сынып [1] оқулығында Абай Қунанбай улының бесінши қара сөзи әдеби материал сыпатында берилген. Сол сыныптарда Абайдың қара сөзин «CLIL» әдсімен оқытылғанда төмендегише нәтижелерге қол жеткизилди.

Эксперименттің негізгі мақсаты – Абайдың бесінші қара сөзін CLIL әдісі арқылы оқытудың тиімділігін бағалау. Оқушылардың әдеби шығарманы түсіну деңгейін, тілдік дағдыларын және сыни ойлау қабілетін дамытуға CLIL әдісінің қаншалықты әсер ететінін анықтау.

Эксперименттік зерттеу әдістемесі. Зерттеу екі топта жүргізілді: Бақылау тобы – дәстүрлі әдіспен оқытылды. Эксперименттік топ – CLIL әдісі қолданылды.



Экспериментке қатысушылар: Зерттеу рус және өзбек сыныптарының 11-сынып оқушылары арасында өтті. Жалпы 40 оқушы (әр топта 20 оқушы) қатысты.

Эксперименттік кезеңдер: Диагностикалық кезең: Оқушыларға Абайдың бесінші қара сөзі ұсынылып, алдын ала тест жүргізілді.

Негізгі кезең: Эксперименттік топқа CLIL әдісі негізінде сабақтар өткізілді.

Қорытынды кезең: Екі топ арасында салыстырмалы талдау жасалып, сауалнама мен тест нәтижелері бағаланды.

Эксперимент нәтижелері Эксперимент аяқталғаннан кейін екі топтың оқу нәтижелері салыстырылды.

Нәтижелер: Түсіну деңгейі: CLIL әдісі қолданылған топта оқушылардың мәтінді толық түсінуі 30%-ға жоғары болды.

Тілдік дағдылар: Эксперименттік топтағы оқушылар сөздік қорларын байытып, сөйлеу дағдыларын жақсартты.

Сыни ойлау: CLIL әдісімен оқыған оқушылар мәтіннің мағынасын тереңірек талдай алды.

Мәдениетаралық түсінік: Оқушылар Абайдың идеяларын қазіргі өмірмен байланыстыруда жоғары нәтиже көрсетті.

Жалпы, «CLIL» әдісі көптілді сыныптарда әдебиетті оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, оқушылардың оқу мотивациясын арттырады. Бұл әдісті жүйелі түрде қолдану болашақта білім сапасын көтеруге және оқушылардың тілді меңгеру деңгейін жақсартуға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Do Coyle, Philip Hood, David Marsh “CLIL-Content and language integrated learning” Cambridge University Press 1st edition. 2012
2. Richard S.Pinner. “Unlocking Literature through CLIL” Sophia University Press. 2012
3. Ana Llinares, Tom Morton, Rachel Whittaker “The Roles of Language in CLIL” Cambridge University Press. 2012. 352 p
4. Z.Ismaylova, .Turimbetov, A. Dawletova Qaraqalpaq tili, 11-klass. (Oqıw basqa tillerde alıp barılatuǵın klaslar ushın sabaqlıq). Nókis:- «Qaraqalpaqstan» baspası, 2019 jıl,71-bet



ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айтбаев Ділшатқожа Темірбайұлы,
ТМПУ профессоры, ф.ғ.д. (DSc)

Файзуллева Фазилат Илияс қызы,
Бастауыш тәлім факультеті 1-курс студенті

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271967>

Аннотация. Бұл мақалада өзбек және қазақ тілдерінде фонетиканың зерттелуі, дәлірек айтқанда дауысты дыбыстардың зерттелуі мен өзіндік ерекшеліктері айтылған.

Тірек сөздер: үндесу заңы, буын, орфоэпия, орфография, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, вокализм.

Аннотация. В этой статье рассказывается об изучении фонетики в узбекском и казахском языках, а именно об изучении и отличительных особенностях гласных.

Ключевые слова: закон созвучия, слог, орфоэпия, орфография, гласные, согласные, вокализм.

Annotation. This article discusses the study of phonetics in Uzbek and Kazakh, or rather, the study and originality of vowels.

Key words: law of consonance, syllable, orthoepy, spelling, vowels, consonants, vocalism.

Өзбек және қазақ тілі фонетиканың зерттеу нысандары: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың жасалуы, тілдің дыбыстық құрамы мен өзіндік ерекшеліктері, дыбыстардың өзара іштей жіктелуі, үндесу заңы (қазақ тілі), дыбыстардың тіркесу ерекшеліктері, сөз ішіндегі дыбыстардың үндесуі (қазақ тілінде), қатар келген дыбыстардың бір-біріне әсер етуі (қазақ тілінде), буын, екпін, орфография мен орфоэпия және олардың ара қатынасы, дұрыс сөйлеу, сауатты жазудың принциптері сияқты тағы басқа мәселелер.

Тіл білімінің басқа салаларымен салыстырғанда фонетика өз нысанының тілдік қана емес, материалдық жағын да – дыбыстарды жасайтын адамның дыбыстау (артикуляция) жүйесін, яғни айтылым базасын, дыбыстың айтылымын (акустикасын), естілімін (перцепциясын) қарастырады [9].

Алғашқы зерттелулерде қазақ тілі дыбыс жүйесі туралы, қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасы туралы бірізді пікір де, қазақша терминдер де жасалған жоқ. Қазақ тілі дыбыс жүйесінің белгілі бір мәселесі бойынша арнайы зерттеу жүргізілгендіктен орыс түркологтары еңбектерінде фонетика таза практикалық мақсатта болды. Сондықтан олардың зерттеулері қазақ тілі дыбыс

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жүйесі жөніндегі алғашқы мәлімет деңгейінде ғана еді. оны төмендегі шолуымыздан байқауға толық болады. Демек, нағыз ғылыми зерттеу А.Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов еңбектерінен басталады деп білеміз [11].

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөнінде алғашқы мәліметті Н.И.Ильминскийдің 1860 жылы Қазан қаласында шыққан «Материалы к изучению киргизского наречия» («Ученые записки Казанского университета») деген еңбегінен кездестіре аламыз [2;199,10]. Ильминский қазақ тіліндегі дыбыстарды екі топқа жіктеп, дауыстылардың сегіз түрін (*а-ä, е, ы, і, о-ö, у-ү*), дауыссыздардың он тоғыз түрін (*п, м, w; т, д, н; ж, з, ш, с; р, л, j; ḳ, ğ, к, г, ң*) атап өтеді (дыбыстарды өзара артикуляциялық жуықтығына қарай жіктеп көрсеткен). Н.И. Ильминский тіл алды ашық *ä (ə)* дауыстысын дербес фонема түрінде қарамай, *а* дауыстысының варианты ретінде түсініп, оны негізгі дауыстылар-дың тобынан шығарып тастайды.

Түркі тілдерінің фонетика мәселесін зерттеу жайында В.В.Радловтың сіңірген еңбегі аса зор. В.В.Радлов тұңғыш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жасап, онда қазақ фонетикасының едәуір мәселесін сөз етті. Түркі тілдері фонетикасының сан алуан мәселелері, лингвистиканың сол кездегі компаративистика бағыты бойынша түсіндіреді.

В.В.Радловтың «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» атты еңбегі [7; 126] күні бүгінге дейін өзінің ғылыми мәнін жоғалтқан емес, мұнда қазақ фонетикасының едәуір мәселелері, атап айтқанда: дыбыс құрамы, сөзде дыбыстардың қолдану ерекшелігі, дыбыстардың дистрибуция кезеңі, ол дыбыстардың әр түрлі өзгеру заңдылықтары, сингармонизм құбылысы, екпін категориясы сияқты өзекті мәселелер өзге түркі тілдерінің материалдарымен салыстырыла отыра әңгіме болады. Сонымен қатар қазақ тіліне тән кейбір фонетикалық құбылыстарға аса назар аударған.

Қазақ тілі дыбыстарының дауысты және дауыссыз болып бөлінетін артикуляциялық белгілері көрсетілген: «Дауысты дыбыстар дауыс желбезегінің толық тербелуінен жасалады, ал дауыссыз дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі аз тербеледі немесе дауыссыздарды жасауға мүлде қатыспайды. Дауыстыларды айтқанда ауа кедергісіз, қарқынсыз шығады да, дыбыстау мүшелерінің барлығы дерлік қатысады. Ал дауыссыздарды айтқанда, ауа кедергіге ұшырап, белгілі бір дыбыстау мүшелерінің қатысуымен жасалады» [6; 32–33]. Дыбыстардың басты жіктелім белгісі ретінде дауыс желбезегінің орны бөлек екендігі көрсетілген. Қазақ тіл білімінде 12 дауысты дыбыс ба екендігі



кейін фонетикаға байланысты лингвистикалық еңбектерде кездеседі: *а, ә, е, э, о, ө, ы, і, и, ұ, ү, (у)* [3; 115, 1; 384, 4, 5].

Өзбек тілінеде де тіл дыбыстарының белгілі бір жақтарына орай арналған ғылыми еңбектер баршылық. Алдымен, өзбек тілінің фонетикалық және грамматикалық салалары бойынша терең ғылыми жұмыстар амалға асырылғандығына назарт аударсақ. Бұл бойынша, негізінен, А.Н.Кононов, А.К.Боровков, В.В.Решетов, У.Турсунов, А.Ғуломов, Ш.Шоабдурахманов, Ғ.Абдурахманов, М.Асқаров, Ш.Рахматуллаев, Ф.Абдуллаев, С.Усманов, М.Мирзаев сынды ғалымдардың еңбектері мен қызметтері мол. Одан кейінгі басқыш А.Сафаев, Ж.Мухтаров, И.Кучқортөев, А.Хожиев, А.Махмудов, С.Отамирзаева, Э.Умаров, А.Нурмонов, Э.Умаров және М.Миртожиевтердің де айрықша еңбектері бар. Өзбек тілі грамматикасы бойынша кең көлемді ғылыми жұмыстар қорытындысы және он тоғыз жұмыстың жиындысы ретінде 1975–1976 жылдары жаралған екі жақтама «Өзбек тілі грамматикасын» айтуға болады.

Өзбек тіл білімінде фонетикаға төмендегіше анықтама береді: фонетика – (гр. *phone* – *дыбыс*) тілдің кең мағынадағы дыбыс құрылысын зерттейтін лингвистиканың бір бөлімі. Ол дыбыстармен байланысты әр түрлі құбылыстарды тексереді. Сол себепті, оған тілдің тек қана дыбыс жүйесін тексеруші бөлім сипатында қарау дұрыс емес. Фонетика дыбыстармен байланысты болған құбылыстарға еніп, демек, дыбыстардың пайда болуына де тікелей қатысатын сөйлеу органдары, олардың функциялары, сөйлеу (тіл) барысын-дағы дыбыстардың өзгерістері мен олардың себептерін, сөйлеудің фонети-калық тұрғыдан жіктелуі, оның маңызы әрі тілдің дыбыстық жүйесін зерттеу оның негізгі қызметтерінен саналады. Әр бір тіл өзінің фонетикасына ие. Ол сол тілдегі дыбыстардың пайда болуы (жасалуы) және акустикасының (дыбысталуы) өзіне тән ерекшеліктерін, сол сияқты оның классификация-сымен байланысты мәселелерді де қарастырады. Айтылуы (дыбысталу) мен жазылуы тұрғысынан әрі екпін мен буын ерекшеліктерін де зерттейді [8; 6].

Қазіргі өзбек тілінің фонетикасына үңілетін болсақ, онда 29 фонема бар екендігіне куә боламыз. Бұлар да қазақ тіліндегідей екі топқа: дауысты және дауыссыз дыбыс болып бөлінеді. Бұл топтар дауыстың айтылуындағы дауыспен салдыр қатысуының дәржесіне орай белгіленеді. Дауыстылар да, дауыссыз да қарама-қарсы белгілер негізінде кіші-кіші топтарға бөлінеді. Мысалы, өзбек тілінеде 6 дауысты дыбыс бір жүйе болып, олар салдырының жоқтығымен

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



дауыссыздардан ажыралып тұрады. Дегенмен, бұл жүйенің өзі де ары қарай жіктеледі. Олардың қарама-қарсы қойылуы. (1-кестеге қараңыз)

1-кесте.

И (i)	У (u)
Е (e)	Ў (o')
А (a)	О (o)

Жалпы алғанда, минимал тілдік бірлік болып саналатын фонема адамның сөйлеу мүшелері арқылы пайда болатын дауыс көріністерінің жалпы үлгісі саналады да, шексіз дыбыстың қосылуы негізінде адам санасында мәңгі жасайды. Сөйлеуші осы психоакустикалық образ негізінде сөйлеу аппараттарын әрекетке келтіріп дыбыс жасайды немесе тыңдаушы өзге тараптан пайда болған дыбысты есітіп санасындағы үлгіге салыстырып көреді.

Өзбек тілінде де өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында еш қандай кедергіге ұшырамауынан дауысты дыбыс жасалуы айтылған. Дауысты дыбыстар таза дауыстан құралады да, олардың пайда болуында үн үлпектерінің қызметі болады, себебі дауысты дыбыстар ауызда пайда болады. Дауысты дыбыстар жүйесі лингвистикалық термин сипатында «вокализм» деп аталады. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар 12-ге (*а, ә, е, э, о, ө, у, ү, ұ, ы, і, и*) жіктелсе, өзбек тілінде дауысты дыбыстар, жоғарыда айтқанымыздай алтыға бөлінеді (*и, а, о, у, ў, е*). Латын графикасы негізінде олар төмендегідей болады: *i, e, a, u, o', o*.

Қорыта айтқанымызда, түркі тілдер семьясына енетін өзбек және қазақ тілдеріндегі дауысты дыбыстардың акустикасы мен артикуляциясында ерекшеліктер жоқ сияқты, дегенмен дауыстылар санында өзгешеліктер бар – қазақ тілінде дауысты дыбыстар саны 12 болса, өзбек тілінде дауыстылар саны 6-ақ. Меніңше, өзбек тілінде де қазақ тілі сияқты дауыстылар саны көп болса, сөздерді орфоэпиялық тұрғыдан дұрыс әрі анық айтуға септіші мол тиеді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жүнісов С. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. –Б. 384.
2. Ильминский, Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия / [Соч.] Н.И. Ильминского. – Казань: Унив. тип., 1861. – С. 199;
3. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1975. –Б. 115.
4. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1993.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



5. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – А.; 2004.
6. Оразбаева Ф., Сағидолда Г., Қасым Б., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – Б. 32–33.
7. Радлов В.В. Фонетика северных тюркских языков. – Лейпциг, 1882. (На немец. яз.) 2 Бартольд В.В. Собр. соч. т, III, ч. I. – М., 1963. – 126 с
8. Ш.Абдурахмонов, И.Дарвишоев. Хозирги ўзбек тилидан (фонетика) амалий машғулотлар ишланмаси. – Наманган, 2011. – Б. 6.
9. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B%D0%BD%D0%B5%D1>
10. <https://www.academia.edu/94302424/%D0%98%D0%BB%D1%8C1860>
11. <https://www.soyle.kz/article/view?id=614>



**ЖАН-ЖАНУАРЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕ
ЖАТЫС СЕПТІГІНІҢ ЖАСЫРЫН КЕЛУІ АРҚЫЛЫ ҮНЕМДЕЛУ
ҚҰБЫЛЫСЫ**

Айтбаев Ділшатқожа Темірбайұлы,
ТМПУ профессоры, филология ғылымының докторы

Алдоңғарова Нұрбала Абдижаббар қызы,
Бастауыш тәлім факультеті І-курс студенті

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271973>

Аңдатпа. Бұл мақалада тіл біліміндегі үнемдеу заңы, оның түрлері туралы теориялық мәліметтер талқыланады, сол сияқты жан-жануарларға байланысты мақал-мәтелдердегі жатыс септігінің түсіп қалуы негізінде пайда болған морфемикалық үнемдеуге арналады.

Тірек ұғымдар: функционалды тіл білімі, тіл бірліктері, тіл заңдылықтары, сөйлеу, үнемдеу заңы, экономия, ықшамдау.

Аннотация. В данной статье обсуждаются теоретические сведения о законе экономии в языкознании, его видах, а также посвящена морфемной экономии, возникшей на основе склонения склонения в пословицах и поговорках, связанных с животными.

Ключевые слова: функциональное языкознание, языковые единицы, языковые законы, речь, закон экономии, экономика, компактность.

Annotation. This article discusses the law of saving in linguistics, theoretical information about its types, as well as is devoted to morphemic saving, which arose on the basis of the omission of the noun case in Proverbs related to animals.

Keywords: functional linguistics, linguistic units, linguistic laws, speech, law of economy, economics, compactness.

Функционалды тіл білімі – [тілдің қарым-қатынас](#) құралы ретіндегі қызметін сипаттайтын бағыттар мен көзқарастардың жиынтығы. Қарым-қатынас құралы ретінде тілдің қызметіне басты назар аударатын құрылымдық [лингвистиканың](#) бір тармағын құрайтын бағыттар мен мектептер. Функционалды тіл білімінің негізін қалағандар: И.А.Бодуэн де Куртене [12], Ф. де Соссюр [13], О.Есперсен [14]. Функционалды тіл білімінің негізгі принципі – тілді сөйлеу құралдарының белгілі мақсат көздеген жүйесі деп тану. Ойлаудың бейнесі, көрінісі болып табылатын тілдің негізгі мәні, қызметі қарым-қатынас құралы болуы десек, тілдік бірліктердің жеке грамматикалық ерекшеліктерін зерттеумен бірге, оның сөйлеудегі қызметін айқындаудың мәні зор.

Қазіргі таңда функционалды тіл білімі зерттеудің әр түрлі аспектілері мен бағыттары пайда болып, даму үстінде болды: функционалды [грамматика-ның](#)



жалпы теориялық мәселелері; функционалды-синтаксистік концепция; функционалдық аспектология; өріс теориясы арқылы зерттеу сияқты тағы басқа мәселелер. Функционалды тіл білімі қазақ тіл білімінде енді ғана қолға алына бастаған сала болып, тіл табиғатын кешенді сипатта зерделеумен, адамдардың қарым-қатынасында белгілі бір хабарды жеткізуде қолданылатын лексикалық, грамматикалық бірліктердің қызмет жүйесінің өзара қарым-қатынасындағы заңдылықтарды айқындаумен анықталады. Ол әр түрлі тілдік деңгейге жататын бірліктерді ортақ семантикалық қызмет атқаруына байланысты жүйелі бір құбылыс ретінде қарастырады. Функционалды тіл білімінің басты ерекшелігі – тілдік құралдар қызметі жүйесінің сөйлеу барысында мағына мен мәнді берудегі ортақ заңдылықтарын айқындау, яғни грамматикалық бірліктердің, лексикалық жүйе мен контекстің арасындағы ортақ заңдылықтар сөйлеуге қатысты анықталып, талданады [9].

Тіл халықтың қоғамдық, әлеуметтік өмірімен, саяси-экономикалық жағдайымен тығыз байланыста дамиды, кемелденеді. Сондықтан да қоғам өмірінің даму қарқыны түрлі тарихи дәуірде түрліше деңгейде көрінетіні сияқты, әдеби тілдің де даму шеңбері бірде кеңейіп, бірде тарылып отырады. Бұл заңды өзгерістер тілдің барлық категорияларын өз ішіне алады. Бірақ қандай өзгеріс болмасын, тіл қалай дамымасын, ол өзінің адамдар арасындағы қатынас құралы ретіндегі қызметін өз дәрежесінде атқара береді [11].

Тіл сөйлеу барысында, яғни сөйлеуде белгілі бір оқиға желісіне айналады, сол сияқты тіл заңдылықтары да сөйлеуде шындыққа айналып отырады, тілдің үнемделуі (тежелу) де бұл заңдылыққа жат емес [8; 58]. Тілдегі үнемділік дегенде тілдігі күрделі пікір мен ойларды жай қарапайым қалыпта баяндау үшін тыңғылықты формалар жасайды. Мұндай қалыптар айрықша индивидтердің сөйлеу барысында пайда болады да жалпы тіл деңгейіндегі әр бір үнемділік түрі сөйлеу деңгейіндегі дәл осындай жағдайға сәйкес келеді, себебі тіл деңгейіндегі әр бір үнемділік түрі сөйлеу деңгейіндегі басқышты басып өтудің негізінде амалға асады [5; 50].

Үнемдеу заңы адамға өз ойын көп сөйлемей-ақ, өз уақытын үнемдеу мақсатында аз ғана сөзбен білдіруіне себепкер болады. Ал мұның өзі белгілі бір ойды білдіру үшін керекті сөйлем мүшелерінің сөйлем құрамында түгел болмауына әкеп соқтырады. Осыдан сөйлемнің грамматикалық жақтан ықшамдылығы туындайды.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Тілдегі үнемділік (экономия) принципі сөйлеушінің (индивид) психофизиологиялық қуатын тіл бірліктерін қысқарту, түсіріп қалдыру негізінде үнемдеу, қарым-қатынас жасауда уақытты қысқарту, тілдегі артықшылықты жою мүмкіндіктерінен туындайды. Бұл айқын көрінетін жалпы тенденция, оның мәні бойынша үнемшілдік сөйлеу қарым-қатынасын жеңілдетуге қызмет етеді және берілетін ақпараттың сапасына кері әсер етпейді [7; 60].

Тіл біліміндегі үнемділік принципі тілдің түрлі аспектілерінде пайда болады. Мәселен, фонетикалық үнемдеу (буындардың ығысуы, буындардың түсіп қалуы, т.б.), лексикалық үнемділік (метонимия, синекдоха, т.б.), морфемикалық үнемділік (сөзжасамда қосымшалардың түсіп қалуы не ықшамдалып қысқаруы, қысқарған сөздер, т.б.), морфологиялық үнемділік (есімдік, т.б.), синтаксистік үнемділіктерді (эллипсис, сөйлем мүшелерінің жасырын келуі, сөйлемде сөздердің түсіп қалуы, т.б.) [6; 72-76] атауға болады.

Талдау нысанымыз морфемикалық үнемділік негізінде мақал-мәтелдерде жатыс септігінің түсіріп қалдыруы нәтижесінде пайда болатын үнемділікке арналған. Қазіргі қазақ тілінің септік жалғауларына арналған беттерінде тек қана жатыс септігі емес, бәлкім басқа да септік жалғауларының түсіріп қалуы нәтижесінде де сөйлеу барысында үнемділіктің пайда болуына да кезігеміз. Мәселен, «*Мал қадірін білмеген, жан қадірін білмейді*» деген мақалымызда *мал* және *жан* сөздерінен кейін ілік септігінің түсіп қалғанына куә боламыз да, онда үнемділік пайда болады. Сол сияқты «*Мал аяған – аттан құр, төл аяған – ақтан құр*» деген мақалымызда да *мал* және *төл* сөздерінен кейін табыс септігінің жалғауы түсіп қалған, соның нәтижесінде үнемділік пайда болған. Ал «*Алдымен Астана барамын, содан соң Қостанай*» деген сөйлеу барысындағы сөйлемде «*Астана*» және «*Қостанай*» деген сөздерден кейін барыс септігінің жалғауы берілмей түсіріліп қалған. Бұл сөйлемде тек қана барыс септігі ғана түсіріліп қалмаған, сонымен бірге құрмалас сөйлем құрамында бірінші сөйлемде айтылған «*барамын*» деген етістік, кейінгі сөйлемде айтылмай, түсірілген. Бұл сөйлемде күрделі үнемділік кездеседі, яғни морфологиялық әрі синтаксистік үнемділік принципі айқын көрінеді. Демек, әрі жалғау түсіп қалған, әрі сөз.

Енді морфемикалық үнемдеу принципі негізінде жатыс септігінің түсіп қалуы нәтижесінде жасалған жан-жануарларға арналған мақал-мәтелдерге талдау жасасақ: 1. *Пішенді салқын шап, Қойды салқын бақ.* 2. *Қырсықты қой,*



Қыс қырқылады. 3. Семіз қой **қыс** майын жеп шығады, Арық қой жанын жеп шығады. 4. **Қыс** қойыңды қоналы жерге қыстат, **Жаз** қойыңа жазық жерді жайлат. 5. **Күндіз** қойын күтерсің, **Кеш** жүнін түтерсің. 6. **Қыс** қойыңды бақ, **Жаз** шөбіңді шап. 7. Қойды **күз** құмға айда, **Жаз** шымға айда. 8. Жер айдасаң **күз** айда, **Күз** айдамасаң, **жүз** айда. 9. Қойыңды **жаз** бақ, **күз** бақ, Сонан соң құй бақ, құй бақпа. 10. **Екі аяқты** – бажса тату, **Төрт аяқты** – бота тату. 11. **Жазғытұрғы** жел, **Жардай** атанды жығады. 12. Жаман сиыр, **Жаз** бұзаулайды. 13. **Қора** малың болсын, **Көше** талың болсын, Мал – аяғың, Тал – таяғың. 14. **Жаз** жайлауды же, **Қыс** қойнаууды же. 15. Шаруа. **Жаз** жазылады, **Қыс** қысылады [10].

Бұл сияқты мақал-мәтелдерді түрлі тақырыптардағы нақыл сөздер негізінде ізін жалғастыра беруімізге болады. Біз бұл мақаламызда тек қана жатыс септігі жалғауының түсіріп айтылуы негізінде пайда болған үнемдеуге мысалдарды талдауға әрекет еттік. Тоқ қарамен жазылған сөздердің барлығында үнемдеу заңы негізінде жатыс септігі жалғауы түсіріліп қалдырылған.

Қорыта айтқанда, жан-жануарларға байланысты айтылған мақал-мәтелдерде жатыс септік жалғауының түсірілуі негізінде пайда үнемділікке назарымызды қараттық. Үнемділік, жоғарыда айтқанымыздай, адамға өз ойын көп сөйлемей-ақ, өз уақытын үнемдеу мақсатында қосымшалардың түсіріп қалдыру немесе аз ғана сөзбен білдіруіне себепкер болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахманова О.С. Словар лингвистических терминов. – Москва: Сов. энциклопедия, 1966. – С. 52.
2. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. – Москва: Изд. иностр. лит., 1955. – С.176.
3. Бондалетов В.Д. Социальная лингвистика. Уч. пособие для студентов пед. институтов по спец. 2101 “Русский язык и литература”. – Москва: Просвещение, 1987. – С. 72.
4. Гафуров А. Имя и история. Об именах арабов, персов, таджиков и тюрков. Словар. – Москва: Наука, 1987. – С. 116–221.
5. Джураев Б. Шахрисабзский говор узбекского языка. –Ташкент: Фан, 1964. -С.50
6. Махмудов Н. Диалогларда эллипсис. // Ўзбек тили ва адабиёти. – Тошкент, 1975. – №5. – Б.72-76
7. Тоирова Г.И. Экономия в разговорном стиле прагматические свойства. Образование и инновационные исследования. 2022 г. – №5. –С. 60.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



8. Ўринбоев Б. Ўзбек тили сўзлашув нутқи синтаксиси масалалари. – Тошкент: Фан, 1974. – Б. 58.
9. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>.
10. <https://stud.kz/makal-matelder>.
11. <https://stud.kz/referat/show/79843>
12. <https://cyberleninka.ru/article/n/lingvistichskie-kontseptsii-i-a-bodu-ena-de-kurtene-kak-kontseptualnye-osnovy-metodiki-obucheniya-inostrannogo-yazyka>.
13. <https://cito-web.yspu.org/link1/metod/met137/node8.html>.
14. <https://cyberleninka.ru/article/n/spetsifika-metodov-o-espersena-i-l-v-scherby>.



ҚОС СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН СЫН ЕСІМДІ СИНОНИМДЕР

Қутыбаева А.,

Әжіняз атындағы НМПИ таяныш докторанты

Балтабаева С.,

Әжіняз атындағы НМПИ қазақ тіл және әдебиеті 1-курс студенті

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271977>

Аннотация. Ғылыми мақалада синонимдердің жасалуына соның ішінде қос сөздер арқылы жасалған сын есімді синонимдерге Абай шығармаларынан мысалдар келтірілген.

Кілтті сөздер: Синоним, қос сөз, сын есім, қосарлама қос сөз, қайталма қос сөз, лексика-грамматикалық мағына.

Annotation. The scientific article shows examples of the creation of synonyms, including critical synonyms created using double words from Abay's works.

Key words: Synonym, double word, adjective, double double word, repeated double word, lexical-grammatical meaning.

Тілде күрделі қос сөздер арқылы жасалған синонимдер де кездеседі. Қосарланған сөздерден пайда болған синонимдер құрамындағы екі компоненттің де мағынасын қамтиды. Тілдегі қос сөздерді тіл мамандары қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп екі топқа бөледі.

«Қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес сөздерден құралады. Олардың әрқайсысының компоненттері, біріншіден, мағына жағынан, бір-бірімен жақын, ыңғайлас сөздер болса, екіншіден, олар морфологиялық тәркіні жағынан бір тектес. Үшіншіден, осындағы әрбір қос сөздің компоненттері синтаксистік қызметтері жағынан бір-біріне бағынбай, әрі бір-бірінен тәуелсіз болып, салаласа құрылған күрделі сөздің бірімен-бірі тең, табиғи бөлшектері есебінде қызмет етеді. Бұл аталған үш түрлі ерекшелік қосарлама (қос) сөздердің күрделі сөз болып жасалуына таяныш болумен қатар, олардың өзге күрделі сөздердің ажырауына да негізгі белгі есебінде қызмет етеді [1.110].

Осындай ерекшеліктеріне байланысты қосарлама қос сөздер өзара синонимдес, антонимдес сыңарлардан да құралуы мүмкін. Мысалы: мұңлы-зарлы, даусыз-талассыз, ерлі-байлы, қайтпас-қайсар, күйлі-қуатты. деген қос сөздер синонимдес, сыңарларлардың қосарлануынан пайда болған.

Қосарлану тәсілі арқылы жасалған сын есімдер негізгі түбірлердің қайталанып келуі арқылы да (биік-биік), туынды түбірлердің қосарланып келуі



нәтижесінде де (сырлас-мұндас, күйлі-қуатты) жасалады. Өзара мәндес сын есімдер қайталанып, не қосарланып айтылғанда, әр түрлі мағыналық реңктерді білдіреді. Абай шығармаларынан мысалдар келтірейік:

Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды,
Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген [5.55].

Олардың шәкірттерінің көбі араб-парсыдан тіл үйренсе, **бірлі-жарым** болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады [5.149].

Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда [4.30].

Жалпы, сөздердің қосарланып келуі нәтижесінде қалыптасқан күрделі сын есімдер біртұтас мағынаны білдіреді де, әр түрлі сындық, сапалық қасиеттерді жинақтап, даралап, күшейтіп көрсету үшін қолданылады.

Бір сөздің қайталануы немесе әр түрлі сөздердің қосарлануы нәтижесінде пайда болған қос сөздер барлық сөз табынан табылса, күшейтпелі буын арқылы жасалатын қосарлама қос сөздер сөз таптарының ішінен тек сын есімге ғана тән. Жеке сөз табы болып табылатын сын есімнің өзіндік ерекшелігі – осындай күшейтпелі формасының болуы. Үстеме буындар мен күшейткіш үстеулер арқылы сын есімнің шырай формасы жасалады. Демек, үстема мағыналары бар сын есім синонимдер сын есімнің күшейтпелі шырай формалары арқылы жасалады. Сөздерге қосымша мағына үстейтін күшейтпелі формалар, біріншіден сапалық сын есімдерге ғана жалғанса, екіншіден, олардың орын тәртібі берік әрі тұрақты болады. Мағыналық жағынан белгілі бір сындық қасиетті не өте асыра, не өте төмендете, әлсірете көрсете келіп, бұл шырай формалары негізгі сын есімнің алдында тұрады. Мысалы: жап-жақсы, тәп-тәуір, әп-әдемі, жып-жылы, ып-ыстық, жап-жаман, ап-ауыр, сеп-семіз, жұп-жуан, топ-толық т.б.

Жалпы күшейткіш буын арқылы жасалған сын есімдер қос сөздің бір түрі болып санала ма, жоқ па деген мәселені шешуде тіл мамандарының пікірлері әр түрлі болып келеді. Мәселен, Н.А.Баскаков пен А.Ысқақов үстеме буынды сын есімлерді қос сөздердің бір түрі деп есептей келіп, бұл формалар арқылы жасалған сөздерді қайталама қос сөздердің қатарына жатқыза отырып, оларды «үстеме буынды немесе күшейтпе буынды қос сөздер» деп атайды. Сонымен қатар, А.Ысқақов қап-қара, сап-сары, қып-қызыл, жұп-жұқа деген тәрізді қос сөздердің құрамында келетін бұл үстеме буындар сөзге жаңа лексикалық



мағына қоспай, тек ұлғайту я солғындату реңкін жамайтынын атап көрсетеді [1.110].

А.Н.Кононов мұндай формаларды сын есімдердің күшейткіш формалары дей келіп, олардың жартылай редупликация жолымен жасала отырып, заттың сынын, сапасын, қасиетін асыра, шегіне жеткізе баяндайтынын атап өтеді [2.149].

Проф. К.Аханов үстеме немесе күшейтпе буынның негізгі қызметі қос сөз тудыру емес, сын есімнің күшейтпелі шырай формасына жасау дей келіп, мұндай күшейтпе буынды сөздерді қос сөздердің қатарында емес, сын есімнің шырай формаларының қатарында қарастыру керек деп көрсетеді [3.26]. Бұл форманың тек сын есімдерге ғана тән екендігін және бірден-бір негізгі қызметі сын есімнің шырай формасын тудыру екендігін ескеріп, оны сөз тудыру тәсілдерінің қатарында емес, форма тудыру, соның ішінде сын есімнің күшейтпелі шырай формасын тудыру тәсілі деп қараған жөн деп таниды.

Абай синонимдерді таңдауда нағыз ұтқырлық танытқан. Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер – поэзия тілінің ең бір қажетті құралы. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу ақынның айтпақ ойын дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады. Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас мағыналы сөздер болса, олардың қолданысы көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алатындығын Абай шығармаларынан топталған мысалдар арқылы дәйектеп көрсеттік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. Ана тілі. 1991ж. –Б.110.
2. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.–Л. 1996.С.149.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы. Мектеп. 1992ж.
4. Абай. Қалың елім қазағым. Алматы. Атамұра. 2002ж —Б.223.
5. Абай. Жинақ. 1-2- т. Алматы. Ата мұра. 2005. —Б. 200.
6. Адилова Г.А. Құтыбаева А. Қазақ тіліндегі кірме сөздер арқылы пайда болған синонимдер. Филологиядағы фундаменталь зерттеулер және оқытудың инновациялық мүмкіндіктері. Халықаралық конференция материалдары. Нөкіс. 2022. 17-18-май. —ББ 157-160.



ENHANCING DIFFERENTIATED INSTRUCTION: HOW AI TOOLS SUPPORT PERSONALIZED LESSON PLANNING FOR DIVERSE LEARNERS

Yerdosova Bagida Urazaliyevna,

Profi University “Pedagogika va chet tillar” kafedrasi o‘qituvchisi

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271981>

Abstract. *This article investigates the significance of differentiated teaching in building inclusive and individualized learning environments, with a focus on how technology, namely artificial intelligence (AI), improves this approach. Differentiated instruction customizes the learning process to students' specific requirements, interests, as well as abilities, resulting in improved engagement and successful educational experiences. However, it poses difficulties such as time restrictions, various expectations from students, and continuing engagement. The use of AI tools has been found to assist differentiated instruction by tailoring learning, organizing lesson planning, and providing flexible content, guaranteeing that students receive adequate support and challenges. Regardless of the potential benefits, limitations in access like as insufficient equipment and connection settings, and also a shortage of educator training, prevent the complete implementation of the above technologies. The paper suggests that resolving these problems through infrastructure-based investments and continued professional development is critical to realize technology's potential in creating an inclusive, individualized learning environment.*

Keywords: *Differentiated Instruction, Personalized Learning, Artificial Intelligence (AI), Inclusive Education, Adaptive Learning, Technology Integration, Flexible Grouping, Student Engagement, Learning Styles, Lesson Planning, Educational Technology, Learning Preferences, AI-Powered Tools, Content Differentiation, Teacher Training, Access Limitations*

Introduction

Differentiation is more than simply providing instruction; teachers can tailor their learning environment to the readiness of learners, their interests, or communicative styles. Differentiation can mean different things to different educators, and how it is taught depends on a variety of circumstances, including the age group and subject. Regardless, individualized instruction gives learners more choice and voice, as well as additional benefits including improved outcomes, engagement, and inclusivity. Traditional methods of instruction are shifting as technology is integrated into classrooms around the world. The incorporation of (AI) Artificial Intelligence is already changing the way teachers develop instructional content. Many educators are adopting artificial intelligence to assist them simplify administrative work and improve their overall efficiency. Others use it to develop more individualized lesson plans, ensuring that every student feels involved and receiving instruction that is tailored to their competence and learning style.



II. Understanding Differentiated Instruction

Differentiated education is a strategy for meeting the different learning needs, talents, and preferences of students in a single classroom. The main idea of differentiated education is to adjust learning to individual needs [1], recognizing that children learn in a variety of ways and at varying rates. Instructors can customize lessons by tailoring content, methods, and products to specific student profiles. This includes providing students with many ways to learn a material, such as visual, aural, and kinesthetic approaches, as well as varied entrance points to a lesson based on their existing knowledge and ability.

Another key principle is versatile grouping. Rather than employing the same grouping strategy for every task, teachers cycle students through different groups depending on the learning goal. Groups can be formed based on aptitude, interest, or random arrangement, allowing students to collaborate with different classmates, exchange innovative ideas, and experiment with content in new ways [2]. Flexible grouping encourages collaboration and guarantees that students receive a variety of assistance and challenges that are tailored to their learning requirements. Furthermore, differentiated instruction relies heavily on a variety of content and assessments. Teachers employ a variety of resources and methods to convey knowledge in ways that resonate to various students. This could include presenting the same subject from many perspectives through the use of books, movies, interactive activities, or technology. Similarly, assessment systems should be adaptable to evaluate students' understanding in a variety of ways. Alternatives to depending simply on traditional examinations, assessments can involve portfolios, projects, presentations, or performance challenges that allow learners to demonstrate their learning in ways that align with their abilities.

Challenges in Differentiated Instruction

While individualized instruction can be extremely effective, it additionally presents significant hurdles for teachers to negotiate. One of the most major obstacles is time limits. Differentiating lessons necessitates meticulous planning, which includes the development of numerous resources, tasks, and assessments. This frequently takes much longer than planning a one-size-fits-all class. Teachers may struggle to strike a balance between the need for individualized planning and the realities of time constraints and the multiplicity of other things they are expected to complete. Another obstacle is meeting the various demands of the students. Students enter class with different levels of previous experience, approaches to learning, and



academic strengths. Teachers must constantly monitor and analyze these various requirements, which may include children with learning difficulties, students who are gifted, beginner English users, or those who require extra assistance. Differentiating effectively entails developing an in-depth awareness of every learner and being able to adapt resources and tactics that assist all learners progress. This necessitates considerable effort and adaptability on behalf of the instructor [3].

Generating engagement is also a significant difficulty in differentiated instruction. Those who have difficulty with a subject might lose motivation, whereas advanced individuals may become uninterested and unchallenged if the training is not sufficiently demanding. It is critical to find a balance by assigning projects that are both engaging and sufficiently challenging for each student. If students fail to engage, they may not fully take part in a learning process, reducing the impact of differentiation.

Finally, finding a balance between instructional quality and efficiency might be difficult. Differentiating training sometimes requires additional preparation time, and the requirement to focus on specific pupils may limit the amount of knowledge taught. Make sure to thoroughly outline your directions, consider potential challenges, and establish a balance between clarity and complexity. Giving multiple instructions to the entire class might be confusing and places too much emphasis on individual assignments. It is necessary to carefully plan directions, consider potential obstacles, and strike a balance of clarity and difficulty [4]. Teachers are required to figure out how to give high-quality, tailored lessons while covering all of the necessary curriculum topics on time. This balancing effort can be especially difficult in topics with a strictly regulated program or when instructors are responsible for numerous subjects and grade levels. Despite these limitations, differentiated teaching is an effective strategy for creating an inclusive and encouraging learning environment in which all students can succeed based on their unique needs and strengths.

III. How AI Tools Enhance Differentiated Instruction

Personalizing Learning

AI contributes significantly to personalized learning by exploiting student data to develop individualized educational experiences. AI can provide insights into each student's specific learning needs by examining a variety of student data, including evaluations, habits of learning, and performance. As an example, AI systems can detect weaknesses and strengths in students, allowing teachers to determine which



areas deserve additional attention or which topics require clarification. This personalized feedback enables teachers to adapt their approach and design individualized learning paths that cater to the varied skills in the classroom. Furthermore, AI-powered adaptive learning platforms are intended to constantly alter content and pace based on student achievement. These platforms assess students' reactions in real time and adjust the level of the material accordingly, ensuring that pupils are not overwhelmed or bored. In this case, if a student performs in one area, the artificial intelligence system can increase the difficulty of tasks to provide a more demanding experience. If a student struggles with a particular topic, the platform can provide extra practice or alternative explanations, allowing each learner to progress at their own speed. This type of adaptive learning increases students' engagement and confidence by offering knowledge that is appropriate for their present state of understanding.

Automating Lesson Planning

AI tools are also proven to be quite useful in supporting educators with lesson design, especially in differentiated learning settings. Teachers frequently spend a significant amount of time developing lesson plans that address the different requirements of their pupils. AI-powered solutions can automate much of this process, allowing teachers to develop individualized lesson plans more effectively. These technologies use student data, such as learning preferences and past knowledge, to develop lesson plans that are appropriate for individual or group needs. For example, AI lesson planners can recommend suitable activities, instructional methodologies, and materials depending on each student's learning objectives and capabilities [5]. This enables teachers to save time while ensuring that their lectures are personalized and successful.

Content Differentiation

One of the most significant benefits of AI in differentiated instruction is the ability to provide a variety of materials that adapt to different learning styles and requirements. AI can deliver a variety of learning materials, including videos, articles, interactive simulations, and games, to engage students in ways that are tailored to their preferred learning styles. AI systems excel at evaluating vast volumes of student data, making them excellent for identifying habits, likes and dislikes, as well as areas of strength and weakness, enabling for the creation of individualized educational materials and teaching approaches [6]. Visual learners, for example, may benefit from videos or infographics, whereas kinesthetic learners might participate in



interactive exercises that allow them to experience with concepts. AI systems may curate and recommend items based on specific interests and needs, to ensure every student have access to knowledge that is relevant to them. Furthermore, AI can help modify assignments according to student performance levels. As an instance, if a learner is having difficulty learning a specific idea, AI can suggest simpler assignments or further practice. If a learner is proficient in a skill, the artificial intelligence can give more advanced assignments to help them continue their study. This level of differentiation guarantees that all students work at a level that is both demanding and attainable, resulting in a perfect atmosphere for learning. To summarize, AI solutions improve differentiated instruction by customizing learning, optimizing lesson planning, and distinguishing content. Adaptive learning platforms customize lessons to individuals by assessing student data, whereas AI-powered technologies simplify time-consuming processes like lesson planning, giving teachers more time to concentrate on individualized support. AI's capacity to provide a variety of materials and assignments ensures that all learners receive the support and challenges they need to thrive in a tailored learning environment.

IV. Challenges and limitation Access Limitations: Inadequate Furniture and Connectivity

A key problem in incorporating learning technology into classrooms is a shortage of appropriate devices, sometimes known as access limitation. To be effective, instructional technology requires not just the existence of digital instruments such as computers and tablets, but also consistent internet access. Unfortunately, many schools, particularly those in underserved or rural locations, confront major challenges in this area. If schools do not have enough computers or gadgets for each student, using learning technologies becomes extremely unfeasible. In such cases, a classroom may only have a limited number of devices, making it difficult to ensure fair access to educational resources. Even if student's own gadgets, the speed and stability of their internet connection are crucial. Slow or periodic internet connections can interrupt students' ability to access online materials, engage in virtual lectures, or submit homework. This type of technical barrier limits the full potential of digital learning tools, which frequently demand uninterrupted connection for real-time interaction, multimedia use, and access to cloud-based resources. As a result, kids in such classrooms might lose out on the interactive and individualized learning opportunities that technology may provide. To address these access barriers, schools and universities must invest in contemporary infrastructure. This includes



ensuring that classrooms have appropriate gadgets, enhancing internet connectivity, and offering technical assistance for these systems. Also, there should be a focus on closing the technological gap between urban and rural areas, since students from families with low incomes or less developed regions frequently face barriers to technology access.

Poor Knowledge of Technology: Lack of Effective Educator Training

Another key impediment to bringing technology into the classroom is educators' lack of knowledge and abilities. Teachers who have not received adequate training in new and developing technologies may find it difficult to completely integrate these tools into their teaching practices. Many schools have a gap between the rapid advancement of instructional technologies and the rate at which educators are educated to use them. Without a basic grasp of how to integrate technology into courses, instructors might find themselves relying on old approaches that do not capitalize on the benefits of digital tools. The problem with a lack of technological expertise extends beyond simply knowing how to use a device or program; it also includes understanding how to incorporate digital tools into curriculum design, modify them for varied learning requirements, and assess student achievement in tech-enhanced environments. Without this deeper understanding, even the most powerful tools would be misused or used incorrectly, limiting their efficacy. Furthermore, teachers may lack the confidence to tackle technical issues as they arise or to investigate new tools that could help their students. This reluctance to employ technology in the classroom may also arise from a fear of failure or a concern about losing control of the learning process. Professional growth is critical in addressing this challenge. Schools should prioritize continuing, thorough training courses that teach educators not only how to utilize certain technology, but also how to modify their pedagogical techniques to make the best use of these resources. Workshops, online courses, peer-to-peer learning networks, and mentorship from experienced tech-savvy teachers can all assist instructors keep up with technology advances. In addition, administrative assistance and a collaborative environment at school that encourages innovation as well as digital literacy will help to lessen students' anxiety and resistance to using new teaching methods. By providing educators with the resources, training, and support they need, schools can ensure that technology becomes a meaningful part of the learning experience for both teachers and students.

Conclusion



In conclusion, the integration of technology, particularly Artificial Intelligence, into differentiated instruction has the potential to transform educational practices by offering more personalized and inclusive learning experiences. By integrating technology-driven solutions, educational institutions can foster more inclusive and personalized learning environments that address the unique needs and preferences of students, enhancing accessibility and effectiveness for all. As these technological advancements continue to progress, the education system is expected to undergo a transformation, resulting in more engaging and impactful learning experiences that enable students with diverse learning styles to excel. By harnessing the potential of technology to accommodate varied learning preferences, educators and policymakers can shape a future where education is genuinely accessible, tailored, and supportive of each student's growth and development.

References:

1. M. T. Liu, P. T. Yu, “Aberrant learning achievement detection based on person-fit statistics in personalized e-learning systems”, *Journal of Educational Technology & Society* 14(1), 2011, pp. 107-120
2. Personalized Learning in Teaching English as Foreign Language: Limiting the Challenges, Increasing Its Effectiveness Agnes Herawati.
3. Adami, A.F. (2004). Enhancing students’ learning through differentiated approaches to teaching and learning: A Maltese perspective. *Journal of Research in Special Educational Needs*, 4(2), 91-97.
4. C.A.Tomlinson, How to differentiate instructions in mixed-ability classrooms, 2nd edition
5. Kehoe. F, *Irish Journal of Technology Enhanced Learning* Vol 7, Issue 2 Special Issue: The Games People Play: Exploring Technology Enhanced Learning Scholarship & Generative Artificial Intelligence, Leveraging Generative AI Tools for Enhanced Lesson Planning in Initial Teacher Education at Post-Primary
6. Kamalov, F., & Gurrib, I. (2023, January 1). New Era of Artificial Intelligence in Education: Towards a Sustainable Multifaceted Revolution. Cornell University. <https://doi.org/10.48550/arxiv.2305.18303>



ЭФФЕКТИВНОСТЬ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ В YESSENOV UNIVERSITY

Битикова Алмагуль Исмаиловна,

*старший преподаватель, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени
Ш.Есенова*

Ақтау, Казахстан

e-mail: almagul.bitikova@yu.edu.kz

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271985>

Переход Республики Казахстан в международное образовательное пространство повышают актуальность вопросов подготовки профессиональных кадров. Данная проблема является приоритетным направлением и процессы глобализации превращают высшее профессиональное образование в одни из важнейших элементов социальной инфраструктуры развитых государств [1]. Следует отметить, что процессы глобализации проявляются в стремлении европейских государств к унификации и интеграции образовательных стандартов, выработке общих критериев образовательной политики в рамках Болонского процесса, начало которому было положено подписанием Болонской декларации 19 июня 1999 года в г. Болонье (Италия) представителями 29 европейских стран.

Одним из важных моментов образовательного процесса в новых условиях является академический обмен между преподавателями и студентами вузов. Данный процесс стал неотъемлемой частью жизни практически любого казахстанского университета, в том числе и в *Yessenov University*. При всей неоднозначной оценке академическим сообществом Болонских принципов эти самые принципы внедряются постепенно в университетскую жизнь, отчасти меняя ее формы и содержание.

В Болонском процессе различают два вида академической мобильности: «вертикальную» и «горизонтальную». Под вертикальной мобильностью подразумевают полное обучение студента на степень в зарубежном вузе, под горизонтальной обучение в течение ограниченного периода (семестра, учебного года) [2]

В современной вузовской практике большой интерес представляют новые образовательные достижения важнейшим средством являются гармонизации программы, которые общеевропейского образовательного пространства, как



инструмента, позволяющего вузам использовать потенциал друг друга, решать задачи, иногда непосильные для отдельных вузов. Иначе говоря, академическая мобильность, развитая в той или иной степени, условие реализации совместной программы [3].

Студенческая мобильность — это возможность обучающихся временно проходить обучение или стажировку в другом университете, стране или даже на другом континенте. Сегодня она становится важным элементом современного образования, способствуя академическому, профессиональному и личностному развитию студентов. Вопрос эффективности студенческой мобильности волнует не только обучающихся, но и образовательные учреждения, инвестирующие ресурсы в обменные программы.

В настоящее время в Каспийском университете технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова заключено 110 договоров о сотрудничестве с вузами СНГ и странами дальнего зарубежья.

Один из главных плюсов академической мобильности — повышение качества образования. Участники программ обмена получают доступ к новым методикам преподавания, уникальным курсам и высококвалифицированным преподавателям. Например, студент инженерного направления, обучаясь в зарубежном вузе, может изучить современные технологии, которые еще не применяются в его родном университете. Это расширяет его профессиональный кругозор и дает конкурентное преимущество на рынке труда.

Также важным аспектом является развитие исследовательских навыков. Многие студенты, участвующие в мобильности, вовлекаются в научные проекты, которые могут стать основой для дипломной работы или будущей диссертации. Совместные исследования с иностранными коллегами помогают

наладить академические связи и интегрироваться в международные научные сообщества.



«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Активно осуществляются обменные программы среди студентов с различными вузами. В течение нескольких лет, ежегодно, наши студенты проходят обучение в университете имени Адама Мицкевича в Познани, являющийся крупнейшим государственным вузом Познани и один из лучших в Польше. В данном университете прошли обучение Назарханқызы Балауса, Калмахан Сымбат, Сабитжанова Асель, по ОП «Иностранный язык: два иностранных языка».



Также прошли академическую мобильность Айдарбаева Аймира, Орысбаева Айдана по ОП «Русский язык и литература» в Белостокском государственном университете в г. Белосток в Польше.



Осуществляется обмен студентами на семестровое обучение по ОП «Юриспруденция», «Нефтегазовое дело», «Международные отношения», «Иностранный язык: два иностранных языка» в Университете Малайя (Малайзия), Университете Сакарья (Турция), Ближневосточном техническом университете г. Анкары (Турция), Вильнюсском государственном университете (Литва), Бакинском государственном университете (Азербайджан).

Обучение за границей способствует языковой практике в естественной среде. Даже если программа мобильности проводится





на английском языке, студент неизбежно сталкивается с местным языком, что помогает улучшить коммуникативные навыки. Это особенно актуально для тех, кто изучает иностранные языки или планирует работать в международных компаниях.

Кроме того, студенческая мобильность формирует межкультурную компетентность. Участники программ знакомятся с традициями, ценностями и образом жизни другой страны. Это способствует развитию гибкости мышления, толерантности и способности адаптироваться к новым условиям — качеств, востребованных в глобальном мире.

Опыт обучения или стажировки за границей является значительным преимуществом при трудоустройстве. Работодатели ценят кандидатов с международным опытом, так как это свидетельствует об их самостоятельности, умении работать в мультикультурной среде и высокой мотивации к развитию.

Некоторые студенты после программ мобильности получают предложения о работе или стажировке в стране пребывания. Например, участники Erasmus+ или программ обмена между вузами нередко находят возможность продолжить карьеру в международных компаниях, университетах или исследовательских центрах.

Студенческая мобильность является эффективным инструментом развития личности и профессиональных навыков. Она улучшает качество образования, способствует языковому и культурному обогащению, а также повышает конкурентоспособность выпускников на рынке труда. В современных условиях глобализации и академической интеграции такие программы становятся неотъемлемой частью высшего образования, открывая студентам новые перспективы и возможности.

Использованная литература:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы. - Астана, 2010.
2. Кунанбаева С.С. Болонская конвенция и международное научно-образовательное пространство. - Алматы, 2007.
3. Лукичев Г.А., Развитие образования в государствах участниках Болонского процесса /Г. А. Лукичев // Высшее образование сегодня. - 2003. - № 8. -С.34-37.



ПУНКТУАЦИЯ ЖӘНЕ МӘТІН КОММУНИКАЦИЯСЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ

Бисмильдина Динара Досымжан қызы,

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Қазақстан, Астана қаласы

Bismildina@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15271991>

Аннотация: Қазіргі цифрландыру дәуірінде ойды сауатты жеткізу мақсатында сөзді стильдік тұрғыдан орынды қолдануға, тілдің орфографиялық және пунктуациялық заңдылықтарын сақтауға қатысты жауапкершілік төмендемеуі тиіс. Қазақ тіліндегі әрбір тыныс белгісі – сөйлемнің мағынасын айқындаушы көрсеткіш. Қазақ тілінің пунктуациялық белгілеріне қатысты ережелер қазақ жазба тілінің барлық салаларына ортақ және олар мәтін коммуникациясында қатаң сақталады. Тіпті авторлық пунктуациялық өзгешеліктер де (автордың өзіндік сөз қолданысындағы жеке дара қолтаңбасы) жалпы қабылданған пунктуациялық заңдылықтар мен ережелерге ешқандай зиянын тигізбеуі керек.

Кілтті сөздер: мәтін коммуникациясы, пунктуация, тіл мәдениеті, сауаттылық.

Abstract: In the modern era of digitalization, responsibility should not be reduced to the stylistically appropriate use of the word, compliance with the spelling and punctuation laws of the language in order to express thoughts correctly. Each punctuation mark in the Kazakh language is a determining indicator of the meaning of a sentence. The rules regarding punctuation marks of the Kazakh language are common to all branches of the Kazakh written language and are strictly observed in textual communication. Even the author's punctuation differences (the author's own singular signature in the use of his own word) should not harm the generally accepted punctuation patterns and rules in any way.

Key words: text communication, punctuation, language culture, literacy.

Жазба тіл ұзақ уақыт бойы [көркем әдебиетте](#), ресми қарым-қатынаста, ғылыми ақпараттарды сақтауда және оларды тарату салаларында қызмет етіп келеді. Автор мен оқырман сөйлеу коммуникациясының жазбаша формасы – мәтін арқылы қарым-қатынасқа түседі. Жалпы коммуникативтік актінің «хабар таратушы – хабар алушы», «жазушы – оқушы», «сөйлеуші – тыңдаушы», «процедент – реципиент», «адресант – адресат» сияқты екі жағы бар десек, онда мәтін коммуникациясы автор мен оқырман арасында жүзеге асады. Сөйтіп, автор мәтін арқылы екінші адамға (оқырманға) әсер етіп, жаңа ой-пікір мен идеяның тууына, оқырманның білім аясы мен дүниетанымының кеңеюіне ықпал етеді. Осыған байланысты тілдік норманың «сөздерді дұрыс айту», «сөздерді сұрыптап, талғаммен қолдану», «сөйлеу мәдениетіндегі заңдылықтарды сақтау» сияқты аспектілері міндетті түрде сақталып отыруы

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қажет. Өйткені тіл мәдениеті дегеніміз – коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану деген сөз. Тіпті сөйлемдегі «әрбір тыныс белгісі – сөйлемнің мағынасын айқындаушы көрсеткіш. Сондықтан бір тыныс белгісінің орнына екінші тыныс белгісін қоя салсақ, бір сөйлемнен әлденеше мағына ұғынылады» [1:40]. **Соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдарының тілі, ондағы сөз қолданысы мен жалпы тіл мәдениеті жиі талқыланып жүр.** Сөз мәдениеті көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, мәтін құрастыруда тіпті ауызекі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен сабақтасады. Қазіргі цифрландыру дәуірінде сөз қолданысына, тіл нормаларын сақтауға деген жауапкершілік төмендемеуі тиіс. Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениетінің төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі. Осыған орай, тіл нормаларын, сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде танып, сөз мәдениетін ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалап, әлеуметтік көзқарасты дұрыс қалыптастыруымыз керек.

«Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауамен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық» [2:20]. Бүгінгі күні ғаламтор немесе жаһандық желінің арқасында, ағартушы Ыбырай Алтынсаринше айтсақ, «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» деңгейге жеттік. Ғалым А.В. Арциховский «Оно имеет большое значение для обогащения всей системы отношений личности с миром, разрывает рамки непосредственного окружения, делает индивида причастным ко всем событиям мира, к разным поколениям, странам, эпохам», – деп, жазба сөздің қызметін көрсеткен [3]. Жазба тіл адамзат дамуына, өсіп-өркендеуіне ерекше ықпал етеді және оның өзіндік жүйесі бар. Мәтін коммуникациясын сауатты құрастыруда қазақ тілінің қазіргі графикасында, баспасөз тәжірибесінде ғылыми негізде қалыптасып орныққан, тұрақты жүйеге келтірілген, әрқайсысының қолданылатын орындары, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналары айқындалған тыныс белгілерін де орнымен қолдану керек. «Тыныс белгілері бірде сөйлемнің құрылысына қарай, бірде мағынасына қарай, бірде айтылуына қарай қойылады. Сондықтан тыныс белгілерінің қойылу негізі сөйлемнің құрылысымен, мағынасымен және интонациясымен тығыз байланыста болады.



Интонация пен пауза тыныс белгілерін қоюда қосымша қызмет атқарады. Ал бірсыпыра тыныс белгілері сөйлемнің мағынасына қарай қойылады да, бірқатары сөйлемнің құрылысына байланысты қойылады. Алғашқы, сұрау белгісі мен леп белгісі, нүкте, көп нүкте, тырнақша, т.б. сөйлемнің мағынасын білдіру үшін қойылады» [1:35].

Локалды желі арқылы таралатын ғаламтордың мына жанрлары адамдар арасындағы жиі қолданылады: 1. Чат-коммуникация; 2. Форум-коммуникация; 3. Электронды пошта-коммуникация. Бұдан басқа ғаламторда мынадай қосалқы коммуникация түрлері бар: влогтар, уики-жобалар (Уикипедия, уикибілім) т.б. Ал «WhatsApp», «Viber», «Facebook», «Вконтакте», т.б. арқылы жіберілетін хабарламалар лезде және жылдам жүзеге асырылатын мәтін коммуникациясына мысал бола алады. Мұндайда коммуниканттарға қойылатын талаптардың бірі және соған байланысты аса қажет қабілет – ойды нақты әрі айқын, грамматикалық, пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазбаша жеткізу, сөйтіп, қазақ ғаламтор тілінің мәдениетін сақтау. Қазіргі қазақ ғаламтор жүйесіндегі негізгі смайлдар қазақ тілінің пунктуациялық белгілерімен бірге қолданылғанда, олар белгілі бір мағынаны білдіреді. Нақтырақ айтқанда: 1. :) (қос нүкте және жабық жақшадан тұратын смайл) – күлкілі езуді білдіреді. 2. :((қос нүкте және ашық жақшадан тұратын смайл) – қайғыру, мұңдануды білдіреді. 3. :-((қос нүкте, сызықша және жабық жақшадан тұратын смайл) – ренжу, ызалану сезімін білдіреді. 4. ;) (нүктелі үтір мен жабық жақшадан тұратын смайл) – қу немесе сарказмдық мінезді білдіреді. Кейде ол контекс ыңғайына қарай күлкіні де бейнелейді. 5. :-/ (қос нүкте, сызықша және қисық сызық) – мысқылдау немесе сарказм үшін қолданылады. 6. ;-) (нүктелі үтір, сызықша және жабық жақшадан тұратын смайл) – жартылай көңілденуді білдіреді. 7. :-# (қос нүкте, сызықша және торша) – айтуға болмайтын құпия нәрсе. 8. :-* (қос нүкте, сызықша және жұлдызша) – бетті сүю; 9. :'- (қос нүкте, сызық, сызықша, жабық жақша) – жылау. 10. :-/ (қос нүкте, сызықша, қисық сызық) – мырс ету. 11. :-| (қос нүкте, сызықша, түзу сызық) – ерінді қысу. 12. :*) (қос нүкте, жұлдызша және жабық жақша) – мұрынның қызаруы. 13. }:-) (жабық фигуралы жақша, қос нүкте, сызықша және жабық жақша) – қасты жыбырлату. 14. |):-) (сызық, жабық жақша, қос нүкте, сызықша және жабық жақша) – милиционер. 15. [:-| – (жабық тік жақша, қос нүкте, сызықша және сызық) – франкештейн. 16. >:-) (жабық фигуралы жақша, қос нүкте, сызықша және жабық жақша) – панк (жастардың шаш қою формасы).

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ғаламтор тілінің ерекшелігі болып табылатын бұл белгілер вербалды хабардың мән-мағынасын толықтырумен қатар қосымша ақпарат береді, жазуды үнемдеу мақсатында немесе айтылмайтын сөздің орнына қолданылады. Смайлдардың арнайы қолданылу орны болмайды. Олар мәтіннің ортасында, басында немесе аяғында қойылады. Соған қарамастан ғаламтор арқылы жүзеге асырылатын мәтін коммуникациясы сауатты ресімделуі керек, ол үшін тілдік нормалармен қатар пунктуациялық заңдылықтар да қатаң сақталуы тиіс.

Көркем туындылар мен баспасөз бетіндегі пунктуациялық белгілердің өзгерісіне, тыныс белгілеріне байланысты жалпыға ортақ ережелердің сақталмауына қатысты ой-пікірлерді саралай келе және «қазақ тілінің мәдениеті», «автордың көркем шығармасы», «баспасөз стилі және тілі» сияқты ұғымдардың ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін ой елегінен өткізе отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Қазақ тілінің пунктуациялық белгілеріне байланысты ережелер жалпыға ортақ, яғни олар қазақ жазба тілінің барлық салаларын қамтитындықтан, құжаттық мәтін коммуникациясында да, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын мәтін коммуникациясында да бұл талаптар қатаң сақталуы қажет. Бірақ ақын-жазушылардың өз жанынан шығарған авторлық туындыларында, олардың көркем шығармаларында, баспасөз бетінде жарияланған авторлық құқығы бар материалдарындағы негізді, себепті, мәнді пунктуациялық өзгерістерге жол беріледі. Бұл автордың өзіндік сөз қолданысының ерекшелігі, белгілі бір кезеңде өмір сүрген автордың өзіндік стилі, автордың жеке дара қолтаңбасы ретінде қабылданады. Алайда мұндай авторлық пунктуациялық өзгешеліктер жалпы қабылданған пунктуациялық заңдылықтар мен ережелерге ешқандай зиянын тигізбеуі тиіс, яғни ақпаратты жеткізуде, мәтін құрастыруда тілдік құралдарды қолданудың авторлық жеке дара стилінің кесірінен тіл мәдениетінің басқа салаларында қолданылатын пунктуациялық нормалары зардап шекпеуі керек, оларда тыныс белгілерінің ережелері қатаң сақталуы қажет. Біздің түсінігімізше, автордың жеке дара стилі немесе өзіндік сөз қолданысы дегеніміз – мәтін құрастыруда тілдік құралдарды қолданудың индивидуалдық ерекшеліктері. Құжаттық мәтін коммуникациясында авторлық жеке дара стиль әрекеті бірізділендіру және стандарттау күші бар ережелермен шектеледі. Олай болмаған жағдайда, тілдің терминологиялық нормативтік-лингвистикалық негіздеріне елеулі нұқсан келеді.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Сондықтан қай кезде, қай уақытта және қай жерде болмасын, тіл мәдениетін жетілдіруге, тілді дұрыс әрі орынды қолдана білуге, күнделікті өмірде және қарым-қатынас құралы әрі ғылыми-іскерлік байланыста рухани өміріміздің айнасы болып табылатын тілімізге ешбір жан бейтарап қарамағаны дұрыс.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 128 бет.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. – 1992.
3. Коноваленко М. Ю., Коноваленко В. А. Теория коммуникации: учебник для бакалавров. – М.: Издательство Юрайт, 2012. – 415 с.



АБАЙ ТІЛІНДЕГІ ИСЛАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Ескеева Мағрипа Қайнарбай қызы,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

түркітану кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

Астана, Қазақстан Республикасы

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272001>

Аңдатпа. Қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың туған халқы жайлы тұжырымдамалық пайымдаулары мен гуманизмге, жалпыадамзаттық мүддеге бағытталған ғибратты ойлары бүгінгі қазақ әлемінің рухани дамуының өзегіне алынуда. Мақала Абай шығармаларындағы ислами құндылықтарды бейнелейтін тілдік бірліктерді талдауға бағытталған. Түркілердің діни сенімінің тарихи бастауын құрайтын Тәңірлік идеясы мен мұсылмандық дәстүр сабақтастықта қарастырылады. Абай тіліндегі ислами құндылықтардың тілдік репрезентациясын құрайтын тілдік бірліктер кешені анықталады. Қазақ дүниетанымындағы діни құндылықтарын сипаттайтын «Тәңір», «Алла», «Құдай» теонимдерінің синонимдік мағынасы мен ортақ символдық мәндері сараланады.

Түйін сөздер: Абай Құнанбаев, қазақ тілі, қазақ қоғамы, рухани-мәдени құндылық, діни құндылық, мұсылмандық дәстүр, тілдік репрезентация, теоним, кірме сөз.

Abstract. The conceptual reflections of Abai Qunanbaiuly, the great son of the Kazakh people, on his nation, as well as his instructive thoughts directed towards humanism and universal interests, form the core of the spiritual development of the modern Kazakh world. This article aims to analyze the linguistic units in Abai's works that represent Islamic values. The continuity between the Tengrianism, which constitutes the historical foundation of the religious beliefs of the Turkic peoples, and Islamic traditions are examined. The study identifies the set of linguistic units that constitute the linguistic representation of Islamic values in Abai's language. Additionally, the synonymous meanings and shared symbolic significance of the theonyms "Tängir" (Tengri), "Allah," and "Qudai" (God), which characterize religious values in the Kazakh worldview, are analyzed.

Keywords: Abai Qunanbaiuly, Kazakh language, Kazakh society, spiritual and cultural values, religious values, Islamic tradition, linguistic representation, theonym, loanword.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармалары үздіксіз даму үдерісінен өтіп келе жатқан қазақ әдеби жазба тілінің жаңа бағытта дамуына серпін берумен қатар қазақ қоғамының төл рухани-мәдени құндылықтарын заманға сай дамытудың, әлемдік өркениетте өз орнын алатын ұрпақ қалыптастырудың бағыт-бағдарын да меңзейді. Абайдың қазақ қауымына тән «рухани дерт» жайлы тұжырымдамалық пайымдаулары мен гуманизмге, жалпыадамзат мүддесіне, қазақ мүддесіне бағытталған тағлымға толы ғибратты сөзі бүгінгі қазақтың рухани дамуының өзегіне алынуда. Абай әлемін тану – қазақтың рухани

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



әлемінің нығаюына, рухани өрлеуіне серпін береді. «Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі» [1].

Қалың қазақтың қамы үшін, елдің елдігін сақтаудың жолын іздеген ұлы ақынның:

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сыпырылды байлығың, баққан жылқың.

Баста ми, қолда малды талас қылған

Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын [2, 23],

- деген толғанысы оның халық болашағын ойлаған «жанайқайының» көрінісі. Абайдың даналығы мен парасаттылығын, күрделі рухани әлемі мен мен көпқабатты дүниетанымын сипаттайтын шығармаларының бүгінгі ұрпаққа да, келер ұрпаққа да берері мол. Сондықтан Абай Құнанбаев шығармалары тіліндегі діни құндылықтар көрінісін саралау аса маңызды, бұл қазақ халқының басқа да мәдени құндылықтарын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Адамдар қауымын қалыптастырушы, ортақ мүддеге ұйымдастырушы идеологиялық механизм, қарым-қатынасты реттеуші құрылым ретінде танылатын діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар басты құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады. Қазақ халқының рухани құндылықтар жүйесі ежелгі сақ, ғұн, көне түркі және орта ғасыр түркілерінің мәдениетінен бастау алып, XIII-XIV ғасырлардағы тарихи оқиғаларға байланысты «күйзеліске ұшыраған исламдық өркениеттің түркістандық тармағының» [3,257] тезінен өтіп, XV-XVIII ғасырлар аралығында дара болмысын сипаттайтын дербес этностық құндылықтар жүйесін қалыптастырғаны белгілі.

Абай қоғамы – қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен рухани құндылықтарының өзгерістерге түсе бастаған, қазақ даласына рухани-мәдени, саяси сипаттағы жаңа идеялардың келе бастаған кезеңге сәйкес келді. Қазақ қауымына ұлттық болмысты сақтай отырып, заманауи өмір көшіне ілесу, озық мәдениетті игеру қажеттілігі туындады. Осы мүдде Абай шығармаларының өзегіне айналды. Ұлы қаламгер ислам дінінің, ислам философиясының гуманистік қағидаларын жоғары бағалады және оны белгілі бір дәрежеде қазақтың рухани-мәдениетін көтеру, жаңарту мақсатында пайдаланды, мәселен,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



төмендегі өлең шумағының мазмұнында халықтың намысын қайрау арқылы адами қатынастарды ретке келтіру идеясы айқын аңғарылады:

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтамызды бұзбастық иманымыз.
Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі,
Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз? [2, 251].

Абайдың мұсылманшылдық дәстүр мен ислами құндылықтар туралы күрделі философиялық тұжырымдары қара сөздерінен де, өлеңдерінен де көрініс береді. Ұлы ақынның дүниетанымдық ерекшеліктері мен ұғым-түсініктерін зерттеген ғалым Ғ.Есім «Ислам діні ауқымында екі мәселенің басын ашып қарастыруымыз керек. Олар – діни идеология мен діни философия. Абай діни идеологиядан аулақ, сондықтан оның көзқарасын діни философия жағынан іздеу керек» деп ой түйеді [4, 73]. Ұлы ойшылдың ғылым-білімге айырықша басымдық беруі, адам болмысы мен адами құндылықтардың мәнін, ғылым мен білімнің маңызын ислами діни философиямен үндестіре саралауы – халық санасына ықпал етудің, рухани құндылық бағдарын ғылымға, білім мен өнерге бағыттаудың жолын іздеген ішкі толғаныстары мен ой кемелдігінің нәтижесі: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады. Ол – Алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Аның үшін ол алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (38-қс.) [2, 415].

Абай Құнанбаев шығармалары тіліндегі дінге қатысты сөздер мен тіркестер, сөйлемдер ХІ ғасыр түркілері мен қазіргі қазақтардың діни құндылықтарының лингвистикалық моделін қалыптастырушы таңба әрі діни дүниетанымның ақиқат көрінісін белгілейтін тілдік репрезентация ретінде танылады. Қазақ тіліндегі діни құндылықтың доминант бірліктері – *Алла*, *Құдай*, *Тәңір*, *Жаратушы*, *Жаратқан (ие)*, *Жасаған (ие)* теонимдері синонимдік қатар түзіп, белсенді қолданылады. Абай Құнанбаев шығармалары тілінің ерекшеліктерін зерттеп, Абай тілінің жиілік сөздігін түзген академик Р.Сыздық ақын тілінде *Алла* – 133, *Құдай* – 160, *Тәңірі* – 43, *Жаратушы* – 7, *Жасаған* – 1 рет қолданыс тапқанын көрсетеді [5,71].

Жалпы діни құндылық тарихының көне қабаттарында мифологиялық наным-сенім жатады. Бұл орайда, түркі халықтары діни құндылықтарының

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



бастауындағы Тәңірлік идеясының маңызы зор. Көне түркілердің табиғи құбылыстар, қоршаған орта, адамзаттың пайда болуы, адами қасиеттер жайлы таным-түсініктері, жалпытүркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі туралы нақты мағлұмат беретін бірден-бір жазба дерек – YI-X ғғ. түркі жазба ескерткіштерінде Тәңірлік сенім жайлы мол тілдік дерек сақталғаны белгілі: *üze kök teңri, asra jaуыз jer qylyntuqda ekin ara kisi oyly qylynmys* «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған [6, 1]. Ислам дінін ұстанатын түркі халықтары тіліндегі діни құндылықтар көрнісінің де бір арнасын «Тәңірлік» идеясының із-сілемдері құрайды, бұл Абай шығармаларының тіліне де тән.

Көне түркілер ел өміріндегі сәтсіздіктерге «Тәңірі» емес, өздері кінәлі екенін тасқа қашап қалдырып отырған. Мысалы: *Begleri, bodunі tüzsiz üçün, tabуaс bodun tebligін kürlig üçün, armaqçisін üçün, inili-eçüli kek şürtükін üçün, begli bodunliу joңaşürtuqін üçün türk bodun illedük ilin іçүіnu іdmіs* «Бектерінің, халқының түзу еместігі үшін, табғач халқының алдауына иланғаны үшін, өтірігіне көнгендігі үшін, інілі-ағасының дауласқанынан, бекті халықтың жауласқанынан түркі халқы елдігінен айрылды» [6, 173] деген сөйлемнен көне түркілер болмысын тек діни-мифологиялық қарапайым дүниетаным арқылы ғана сипаттауға болмайтынын, адам іс-әрекеті, олардың жағымды-жағымсыз қылығы, білігі мен біліксіздігі арқылы айқындалатын ақиқат шындықты да терең түсіне білгенін көрсетеді. Жердегі адамзаттың сәтсіздіктеріне көктегі Тәңірдің/Құдайдың қатысы жоқтығы туралы идеяны Абай да айтады: «... жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, ләкин қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес» (28-қс.) [2, 405].

Тәңір теонимін ислам мәдениеті басымдық алып тұрған дәуір өкілдері ортағасырлық ойшылдар тілінде де, ислам мәдениетін орыс мәдениеті ығыстыра бастаған заманда өмір сүрген Абай тілінде де қолданылуы түркілердің төл сенімі – Тәңірлік идеясының ислам дінімен үйлесімділікпен астасып кеткенін аңғартады: *Teңri äzze ve celle ögdisin ayır* [7, 17] «Өзіз уа ұлы Тәңірдің құдіреттілігі айтылады» [8, 65]; *Көрік – Тәңір дәулеті, Қылса ұнар құрматы* [2, 136]; *Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас... Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің* [2, 394] т.б.



Тәңір «діни. 1. Құдай, Алла тағала, Құдірет; 2. Құдіретті күш иесі, пір» [9, 791]. Түркі халықтары дүниетанымының негізгі лексикалық бірлігі, жалпы алтайлық *täñir* теонимі морфологиялық құрылымы, этимологиялық уәжі айқындалмаған көне лексемалар қатарына жатады. Ғылымда *тәңір* сөзіне жасалған бірнеше этимологиялық талдаулар белгілі: *teñgiz* «теңіз» сөзімен бір семантикалық ұяға кіреді, $r \approx z$ сәйкестігі түркі тілдеріндегі жүйелі заңдылық [10, 171]; *teñ* «половина, равно» сөзімен түбірлес [11, 73-84]; бастапқы түбірі *ta/tä/te* «аспан» моделі, *-ŋ*, *-r* сөзжасам элементтері [12, 45]; *tañ* «утренняя заря» және *iñir* «вечерняя заря» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған [13, 316]. Мыңдаған жылдарды қамтитын даму жолынан өткен жалпыалтайлық *täñir* теонимінің этимологиялық тегін анықтап, морфемалық жігін ажырату әлі де терең зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе. *Тәңір* теониміне талдау жасаған зерттеушілер аталған сөздің әртүрлі тілдердің көпшілігінде түрлі фонетикалық және семантикалық өзгерістерімен қолданылатынын негізге алып, түркілік тілдік топ (семья) қалыптасқанға дейін қолданыста болған лексема қатарында қарастырады [13, 335-336].

Жаратқан/Жаратушы «көне. Діни ұғым бойынша бүкіл әлемді жаратқан ұлы күш, құдірет; дүниеге келтіруші, өмір беруші» [9, 271]: *Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пәндеміз. Ол – жаратқан тәңірінің ісі* (45-қс.) [2, 440]. Адамзатты және оның қоршаған ортасын қалыптастырған адамға беймәлім «құдіретті күш» ұғымын білдіретін *Жаратқан, Жаратушы, Жасаған* лексемалары қазақы дүниетанымға сай қазақ тілінің сөзжасам үлгісімен жасалған тілдік бірліктер. Қалыптасу жолы мен құрамындағы компоненттердің жігі айқын, семантикалық-аталымдық уәжі белгілі, етістіктерден зат есімдердің жасалу заңдылықтарына сәйкес туындаған қазақ лексикасының төл қабатын құрайтын сөздер.

Құдай «діни. Бүкіл ғаламды жаратушы, Алла тағала, Құдірет; 2. ауысп. Ең мықты, әмірші, бастық» [9, 532-533]. Құдай ақиқаттығы, құдіреттілігі жайлы идеялар *Құдай* лексемасы арқылы жасалған көптеген фразеологизмдердің семантикалық уәжіне негіз болды. Түркілер мен парсылардың бір аймақта көршілес өмір сүруіне байланысты *Құдай* парсизмі түркі тілдерінің ономастикалық кеңістігіне *Алла* арабизміне қарағанда ертерек енген болса керек. Қазақ тіліндегі белсенді қолданысы, теоним қатысқан фразеологизмдер мен паремиялар ауқымының молдығы, ауыз әдебиеті үлгілерінде де жиі кездесуі *Құдай* сөзінің тілімізде ерте кезден-ақ қолданыста болғанын

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



айғақтайды. *Құдай* лексемасы ауыз екі тілде *Құда* тұлғасында да кездеседі: *Құданың құдіреті*.

Абай тілінде де *Құдай* сөзі *Алла* лексемасына қарағанда жиі қолданылады: *Біреулер құдайдан бала тілейді* (10-қс.) [2, 387]. *Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді* (16-қс.) [2, 393]. Сондай-ақ, Абай шығармаларында *Құдай тағала* күрделі лексемасын белсенді пайдаланады. *Алла тағала* тіркесінің ізімен жасалған қазақ тіліндегі *Құдай* парсизмі мен *Тағала* арабизмінің плеоназмдық қатар түзіп қолданылуының экспрессивтік мәні бар, күрделі теоним мазмұны *Құдайдың* құдіретілігін күшейте түсетін семантикалық реңк береді.

Алла/Аллаһ «діни. Құдай, жасаған, жаратушы» [9, 42]. Қазақ тілінде *Алла* теонимі арқылы жасалған тұрақты тіркестер де көп қолданылады: *Алла атымен* «шындық, сендіру үшін айтылады»; *Алла жар болсын/жарылқасын* «жолың болсын/әрдайым жолың болсын», *Алла жазуы* «құдайдың салғаны», *Алла риза болсын* «тәңір жарылқасын», *Алла тағала* «құдіреті күшті құдай» [9, 42]. Түркі тілдеріне *Алла* лексемасының енуі тікелей түркілерге ислам дінінің таралуына байланысты IX-X ғасырлардан бастап қалыптасқан лингвомәдени байланыстың нәтижесі. Абай тілінде: *Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған гашықтық өзі де хақтық һәм адамдық дүр* (38-қс.) [2, 415].

Абай шығармалары тілінде құран сөздері жиі кездеседі: *Лә Иллаһа Илла Алла* «Алладан басқа құдай жоқ» [2, 6] لا إله إلا الله ; *Иннаа а,ғтайнаакә –л-кәусар* (А) إنا أعطيناك الكوثر «шын мәнінде саған Кәусарды бердік» [14, 602] т.б. Ұлы ақынның 38-қара сөзі Алланың негізгі сипаттарына, құран сүрелеріне, шариғат заңына қатысты философиялық түсініктемелер беруге арналған. Абайдың ислами сауаты төмен дін қызметкерлерін, өздерін мұсылманның үмбетіміз деп санайтын қазақтардың тіл сындыруға қырының жоқтығын, құран сөздерін сауатты айту дағдысын қалыптастыруға ұмтылмайтынын әділ сынға алатын шығармаларында да *Алла* теонимі жиі қолданылады.

Кез-келген қоғамның үйлесімді дамуы, белгілі бір дәрежеде, сол қоғам мүшелерінің береке-бірлігі мен мақсат-мүддесіне, рухани-мәдени деңгейіне, мақсатқа жету барысындағы іс-әрекетіне де байланысты болатыны белгілі. Алайда, адам мүмкіндіктерінен тыс, адамзат шешімін таба алмайтын құбылыстар да болады. Бұл діннің қоғамдағы ерекше маңызын айқындаумен қатар, қоғам мүшелерінің дүниетанымдық ерекшеліктерін, өздеріне тән рухани

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



әлемін қалыптастырады. Соған сәйкес, тілдік жүйеде түрлі рәміздік мазмұнға ие лексикалық бірліктер қалыптасады, олардың негізгі бөлігі этнос тілінде бұрыннан қолданыстағы төл сөздердің мазмұнына орнықса, кей жағдайда қоғамдағы өзгеріспен бірге келген кірме сөздердің мазмұндық аясына енеді. Алла теонимі де ислам дінінің келуімен бірге қазақ халқының діни дүниетанымын сипаттайтын концептуалды түсініктер кешенін таңбалайтын әрі олардың мазмұнын айқындайтын тілдік репрезентацияның тірек сөзіне айналды. Қазақы болмыстың ерекшелігін, өр рухын сипаттайтын «Шалқайғанға шалқай, ол – Алланың ұлы емес, Еңкейгенге еңкей, ол – атаңның құлы емес» деген паремияның семантикалық уәжінің астарында да Алланың құдіретіне мойынсұну идеясы жатыр. Алла сөзі тілімізде бұрыннан бар жалпыалтайлық лексикалық қабатқа тән *Тәңір*, түркілік/қазақы қабаттағы *Жасаған*, *Жаратқан*, *Жаратушы* парсы тілінен енген *Құдай* сөздерімен синонимдік қатар түзей отырып, белсенді қолданысқа ие болды. Халық дүниетанымындағы Жаратқан иенің ерекше қасиеттері Алла теонимінің мазмұнына жинақталып, қазақ тіліндегі діни концептінің ерекше белгілерін сипаттайтын фразеологизмдер мен паремиялардың қалыптасуына негіз болды.

Қазақ тіліндегі Алла сөзінің мазмұны Алланың ерекше белгілерін сипаттайтын бірнеше сакральды және рәміздік мағынаны қамтиды: Алла – ақиқат, Алла – жалғыз, Алла – мәңгі, Алла – құдірет, Алла – жаратушы, Алла – мінсіз, Алла – көркем, Алла – әділ, Алла – мейірімді т.б. Абай Құнанбаев тіліндегі Алла, *Тәңір*, *Құдай*, *Жасаған*, *Жаратқан*, *Жаратушы* синонимдерінің этномәдени мазмұнынан да мәңгілік пен құдіреттіліктің, әділет пен махаббаттың, қайрат пен талаптың, ғылым мен білімнің, қайырымдылық пен қарапайымдылықтың, сұлулық пен көркем мінездің т.б. әлеуметтік қатынастардағы тұрақты да маңызды қасиеттердің түпнегізін Жаратқан Иенің болмысына қатысты айқындайтын семантикалық идеялар жинақталған.

Пайғамбар. Мұсылман қауымының діни құндылықтарын сипаттайтын, жалпы діни концептінің тілдік моделін құрайтын тілдік репрезентацияның біразын Мұхаммед пайғамбардың болмысын айқындайтын лингвистикалық бірліктер құрайды. *Пайғамбар* «1.Әулие, көріпкел, Алланың дінін, уағызын қауымға таратушы. 2. ауысп. Өзінше білгір, әулие»: *Пайғамбар жасы* «алпыстан асқан шақ, алпыс үш жас», *Пайғамбардың үмбеті* «пайғамбар жолын қуушы, мұсылман» [9, 664]. Ислам діні бойынша, Құдіретті Алла тағаланың елшісі, Аллаға ең жақын – қасиетті Мұхаммед пайғамбардың бар



болмысы әр мұсылман баласына үлгі. Абай «Пайғамбар жолын – хақ» ретінде танып, құрмет тұтады: *Алланың, пайғамбардың жолындамыз* [2, 251] т.б. Ақын туындыларындағы діни құндылықтарды сипаттайтын тілдік бірліктер қатарында басқа пайғамбарлар мен періштелердің, қасиетті ұғымдардың аттарын білдіретін теонимдер де кездеседі: *Нәби, Рағит, Қыдыр* т.б.

Құран «Ислам дінінің негізгі ереже, уағыздары жазылған қасиетті кітап» [9, 544]. Ислами дүниетаным бойынша, ғылым мен өнер-білімінің де түпнегізі – Құран Кәрім, себебі ол – Алланың сөзі. Қазақ тіліндегі *Құран ұстады*: «ант-су ішті, ант берді» фразеологизмінің семантикалық уәжі де Құранның Алладан түскендігімен анықталады. Абай тіліндегі Құранға қатысты сөздер де негізінен арабизмдерден тұрады: *Құран рас, алланың сөзідүр ол, Тәуилине жетерлік ғылымың шақ* [2, 251], *тә'уил* ← التأويل «жору, мәнісін айту» [15, 41]; *Уа кутубихи дегенмен ісі бар ма?* [2, 250], *уа кутубихи* ← وكتبه «оның кітаптарына (сенемін)» [15, 848]; *Қираәтін оқытып, Көріп едім шатылды* [2, 9]. (А,9), *қираәт* «құранды арабша айтылуынша оқу» ← القراءة «Құран қырағаты, оқылуы» [15, 592] т.б.

Абай о дүниелік болған адамның артынан құран оқудың сауабы мен «жұрттан қалмас үшін» құран оқудың ара-жігін ажыратуды да ізгілікпен байланыстырады: *Артымнан балам құран оқысын десең, тіршілікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды. Жаманшылықты көп қылсаң, балаңның құраны неге жеткізеді?* (10-қс.) [2, 387-388].

Шариғат. Абай Құнанбаев шығармалары тіліндегі діни құндылықтарды айқындайтын лингвоиндикаторлардың бірі – *шариғат* лексемасы. *Шариғат* «діни. Адам өмірінің барлық жай-жапсарын қамтитын мұсылман дінінің заңы, ережелері» [9, 905] ← الشريعة «шариғат, заңдық қағида» [15, 370]. Абай дүниетанымы бойынша, шариғат адамгершіліктің де өлшемі: *Біреуді ызаландырмақ – шариғатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс* (26-қс.) [2, 401] т.б. Шариғат заңдылықтарын құрмет тұтқан ұлы ойшыл ислам дінін өз мақсаттарына бұрмалаған кейбір діни өкілдерін сынға алады: *Моллалар тұра тұрсын, хұсусан бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар...Өздері хүкім шариғатты таза білмейді, көбі надан болады* [2, 427]; шариғаттың мәнісін түсінбей жатып, мұсылманшылық парызын өтеген болып жүрген замандастарын әжуаға айналдырады: *Нует қыла білмейді, Не қылады нәілді...Нәіл түгіл, намазы. Бірі желге кетеді* [2, 9]; қазақтың намазды сауатты оқуға ұмтылмайтынына күйінеді: *Қазақ құлшылығым құдайға лайық*



болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны...Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды (16-қс.) [2, 393]. Ақын шығармаларындағы шариғат қағидаларының ерекшеліктерін сипаттайтын тілдік бірліктердің мазмұны «Шариғат жолы – адамшылық жолы, тазалық – жолы, тіл ұстартып, араб тілін үйрену – жолы» ұстанымына негізделеді.

Иман. Қазақ халқының діни құндылықтарын танытатын терең мазмұнды ұғымның бірі – иман/имандылық. Ұғымның мазмұнына сәйкес *иман* лексемасының семантикалық аясы да аса кең. *Иман* «діни 1. Ислам дінінің бес парызының бірі, діншілдік наным. 2. Адам бойына тән ізгілік, адамгершілік. 3. Белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, уәде, үміт» [9, 353]. Қазақ тілінде *иман* сөзі арқылы жасалған туынды сөздер мен фразеологизмдердің саны да ауқымды, мағыналары да сан қырлы. Тіліміздегі бір ғана *иманды* ↔ *имансыз* оппозициясының мазмұны адамгершілік қасиеттер мен адамшылыққа жат қылықтарды сипаттайтын семалардың тұтас кешенін қамтиды. Бұл қазақтың рухани мәдениетіндегі иманның қаншалықты маңыздылығын, халық санасына соншалықты сіңісті болып кеткен адамгершілік өлшемі екенін көрсетеді.

Қазақ қазақ мәдениетінде кісілікті сақтау – имандылық шарты, бұл Абайдың да басты ұстанымдарының бірі. Айырықша ақыл-парасат иесі Абай тіліндегі иман жайлы лингвоакпараттың жалпы мазмұны: имандылық – адамның рухани әлемін тазарту жолы, қоғамды жаман әдеттен арылту жолы. Ұлы тұлға қоғамдық санаға ықпал етудің, халықтың рухани мәдениеті мен тұрмыс деңгейін көтерудің жолын ислам дінімен байланыстыра отырып, болмыс пен ақиқат жайлы өз шындығын, өз халқының шындығын өз шығармаларына арқау етті.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. <http://www.akorda.kz/>
2. Абай. (Ибраһим Құнанбаев). Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005. – 488 б.
3. Мәдениеттану. Авторлар ұжымы: Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А., Ибекеева С. –Алматы: Раритет, 2007. – 416 б.
4. Есім Ғ. Хакім Абай. –Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
5. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі//Көптомдық шығармалар жинағы. Т.2. –Алматы: Ел-шежіре, 2014. –580 б.
6. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. –232 б.
7. Reşid Rahmeti Apat. Kutadgu bilig. I. Metin. –Istanbul: Milli Eğitm Basımevi, 1947. – 658 s.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



8. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Аударған және түсініктемесін жазған А.Егеубаев //Әдеби жәдігерлер. Т.5. –Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 б.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
10. Сулейменов О. Трансформация огня. –Алма-Ата: Жалын, 1985. – 240 с.
11. Татаринцев Б. И. О происхождении тюркского наименования неба (таңрі) и его соответствий // Советская тюркология. 1984. № 4. – С. 73-84.
12. Махмутов А. М. Көне топонимдердің мағынасы // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – Б.40-52.
13. Жубанов Е., Ибатов А. Анализ этимона таңрі «всевышний» (опыт ретроспективного подхода) // Проблемы этимологии тюркских языков. –Алма-Ата: Ғылым, 1990. – С. 314-337.
14. Құран кәрім қазақша мағына және түсінігі / Аударған Халифа Алтай. – Сауд Арабиясы, Медина қаласы: «Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран шәриф» баспасы, 1991. – 604 б.
15. Арабша-қазақша сөздік. Құрастырғандар: Ы.Палтөре, Ж.Жүсіпбеков, Р.Мухитдинов, Қ.Қыдырбаев т.б. – Алматы: «Нұр Мұбарак» баспасы, 2016. – 918 б.



АБАЙДЫҢ АҚЫЛ СӨЗІНДЕГІ ҮШКІЛМЕН ӨЛШЕНГЕН ӨЛШЕМ

Салқынбай А.Б.,

филология ғылымдарының докторы, профессор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272009>

Аннотация. Мақалада Абай Құнанбайұлының «Қайрат», «Ақыл-ой» және «Жүрек» ұғымдарын үшкіл ретінде біріктіре қарастыруының терең мәні талданады. Абай бұл үш ұғымды адам баласының ізгілік жолында жүруіне қажетті рухани құралдар деп сипаттайды. Мәтінде қайраттың ерік-жігер мен күш-қуатты, ақыл-ойдың білім мен ғылымды меңгеру арқылы дұрыс шешім қабылдауға, ал жүректің адамды рухани тазалыққа, мейірімділікке және әділеттілікке жетелеуін көрсетеді. Абай үш ұғымды өзара үйлесімді және толықтыратын принциптер ретінде қарастырып, олардың адам өміріндегі маңыздылығын терең түсіндірген.

Мақалада жалпы адами құндылықтар мен моральдық даму зерделеніп, Абайдың үшкіл концепциясы адамның рухани толықтығын қалыптастыруға бағытталған ілімді білдіреді. Абайдың үш ұғымды біріктіруі, олардың бір-бірімен тығыз байланыста және өзара толықтырып отыруы адам баласының рухани және моральдық тұрғыда жетілуіне ықпал етеді. Осылайша, Абайдың философиясында адам жан дүниесінің біртұтастығы мен ізгілікке ұмтылу басты орын алады.

Кілт сөз: Абайдың қара сөзі, жеке тұлға, мінез, «Қайрат», «ақыл-ой», «жүрек» үшкілі, авторлық байлам.

Annotation. This text analyzes the deep significance of Abai Kunanbayev's integration of the concepts of "Courage," "Reason," and "Heart" as a triad. Abai describes these three concepts as spiritual tools essential for a person to walk the path of goodness. The text demonstrates how courage represents willpower and strength, reason helps in making the right decisions through knowledge and learning, and the heart guides a person toward spiritual purity, kindness, and justice. Abai views these three concepts as interconnected and complementary principles, deeply explaining their importance in human life. The text addresses universal human values and moral development, with Abai's triadic concept representing a system aimed at fostering spiritual completeness in a person. Abai's integration of these three concepts, their close connection and mutual reinforcement, contribute to the spiritual and moral growth of an individual. Thus, in Abai's philosophy, the unity of the human soul and the pursuit of goodness are of central importance. The relationship and unity of these three concepts elevate a person to a higher moral level, contributing to their spiritual maturation. Abai's philosophical insights offer a profound understanding of human values in the present day.

Key words: Abai's Words of Wisdom, Individual, Character, The triad of "Courage," "Reason," and "Heart", Authorial conclusion/interpretation

Жеке тұлғаның тіршіліктегі орны оның ішкі жан дүниесінің байлығымен не рухани кедейлігімен, мінез-құлқының ерекшелігімен өлшенсе керек. Әрбір жағдайға қатысты жасалатын кісі әрекеті - сол жан дүниесіндегі рухани

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қуатының көрінісіндей. Жағымпаздық пен турашылдық, әділеттік пен арамзалық, жалған айту мен адалдық, жақсылық пен жамандық жасау сияқты күнделікті тіршілікте болып жататын қилы психикалық әрекеттер әрбір жеке тұлғаның ішкі жан дүниесінің бейнесіндей. Біздің таным әлеміміздің шексіз кеңістігінде бағдар болатын басты құндылықтар бар, қалыптасқан адами нормалар бар. Адамгершілік пен ар тазалығы туралы тарихи тәжірибеде қабылданған белгілі қағидалар мен нормалар бар.

Адам жан дүниесін, мінезін терең зерделейтін ділдің негізгі психикалық категорияларын сипаттау және адам санасының белгілі бір құрылымдарын білдіретін тілдік құралдарды анықтау қазіргі тіл білімінің маңызды ғылыми бағыттарының бірі. Діл, ұлттық мінез, ұлттық рухани құндылықтар мәселелеріне деген әлеуметтік қызығушылықтың артуы ғалымдардың да бұл мәселеге бет бұрып, ғылыми тұрғыдан зерделеуіне қажеттілік туғызады. Тіл – адам туралы ғылым. Өйткені тіл – адамның өзі. Адам баласының ішкі болмысы, жан дүниесінің сыры мен мәні сөз арқылы айшықталып, сөз арқылы таңбаланады.

Құнанбайұлы Абайдың «Он алтыншы» және «Он жетінші» сөзіне үңілсек, мәтіндегі сөз арқылы берілген ұшқыр ойының жемісін көреміз, оқимыз, бағалаймыз. Ақынның күнделікті шындық өмірді нақты білуі, авторлық дәлдікпен әлем бейнесінің көрінісін танытуы, *қайрат, ақыл-ой, жүрек* үшкілімен өлшенген өлшемін әдіптеуі – қазақ дүниетанымын жаңа биікке жеткізер жол. Өз тұжырымдарын діттеген тұлғаға анық жеткізуді көздеген автор осы мүдденің үдесінен шығу мақсатында мүмкіндік беретін қажетті құралдарды толық пайдаланады. Сондай-ақ мәтіндегі тілдік бірліктердің таңдалуы, ұйымдастырылуы мен қолданысы, сөз тіркестері мен сөйлемдердің бір-бірімен жымдаса келіп, басты пікірдің салмағына үлес қосуы ерекше ішкі үйлесімдікті танытады. «Ақыл сөздің» басы Қазаққа арналған: *«Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді»*. Рас па? Рас. Тәңірінің бар екенін терең сезінгенмен, араб діні талап ететін рәсімдердің бәрін толықтай жасауға көшпелі тірліктің, күнделікті мал қамының қажеттілігі, тіпті әріден келе жатқан тарихи сана әрқашан мүмкіндік берер ме? Жұрттың жасағанын қайталап, *«жығылып, тұрып жүрсек болғаны»* дейтіндер аз емес екені де рас. «Распенен таласпа мү'мин болсаң» (Абай). Ал шын сөзді айтқан кісінің лебізін неге «сын», «сынау» деп қабылдауымыз керек? Мұнда Абай тек ақиқатында күнделікті

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



өмірде өзі сан рет көріп, талай жанның істегенін білген соң айтып отырмағанын қайдан білеміз? Бүгінгі қазақ баласының «күлшылығы құдайға лайық» дей алармыз ба? Алдау мен арбаудан, біреудің аузындағы тамағын қағып кетуден жасқанбайтын, көз алдыңызда өтірік пен жағымпаздыққа белшесінен батқан пенделерді көрмей, олардың қылған күлшылығы Аллаға лайық еді дей алармыз ба? Яки, сөздегі мән әлем бейнесінде болып жатқан нақты әрекеттерді бағалаудан туған, бір ойлау жүйесі арқылы біріктіріліп, қоғамдық санадағы кемшілікті дәл көрсету арқылы жасалған толғамды ой деп бағалаймыз. Айтылған сөйлемдегі концептуалды ой автор санасының бірегей үлгісі. Сын болса да, шын сын. Осы авторлық сананы модельдеу, танымдық бағыт ретінде алға қою, қоғамдық сананың реттеуіне қызмет ететін басты рухани құндылық деп бағалау қажет. «Күлшылықтың құдайға лайық болуы» – терендік, биіктік, кеңдік ұғымдары шегінде үйлесім тауып, адами қасиеттердің – ізгіліктің, сенімнің, мейірімнің, адалдықтың, жақсылық жасаудың дамуына әкелері анық.

Әрбір адамның әлем бейнесі туралы таным дүниесінде дін туралы түсінігі болары хақ. Жеке тұлғаның білімі мен білігіне, мәдениетіне, өскен ортасына сәйкес діни ақпары, ол діннің маңызы мен мәні туралы түсінігі де әр қилы болады. Діни түсініктердің жалпы жиынтығын құрайтын мәдени ұғымдар халықтық дүниетанымды анықтайды. Діни дискурстың орталық элементі болатын «құдайға сыйыну» ұғымының қазақы ортада «саудагерлікке» салынатынын Абай анық байқап, қатты шенейді. *«Саудагер несиесін жия келгенде «тапқаным осы, біттім деп, алсаң - ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы еді зой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді. «Оқымадың демесе болады дағы, тілімнің келмегенін қайтушы еді» дейді»*. Солай болған. Қазір де осылай. Дінді тазартып, ойланып, үйреніп әлек болып жатқанымыз бар ма, әлде дүмше молданың айтқанын ойланбай қайталап, әкеге қарсы сөйлеп, анаға қарсы уәж айтып, ұрпағымызды аздырып жатырмыз ба? Абай сөзіне бүгін де мән беріп, ойлану мақұл.

Саудагер көпшілікке несие таратады да, мәмілелескен, келіскен уақыты келгенде оны жинауға ниет етеді. Бірақ несие алушы сөзінде тұрмаса, сөзінде тұруға кісілігі жетпесе, *«тапқаным осы, біттім деп, алсаң - ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?»* дейтіні бар. Бұл тіршілікте кездесіп жататын, көпке таныс әрекет. Осы көпке таныс әлемнің тілдік бейнесі арқылы біздің

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



таным дүниеміз үшін бейтаныс жаратылыс иесі мен адам баласы арасындағы қатынасты параллель қою арқылы санаға оңай әсер етудің оңтайлы жолын табады Абай. Құдай Тағала сені Аллаға құлшылық етіп, ізгі амалдар жасау үшін жаратпады ма, ертең ақиретте бұ дүниеде жасаған әрекеттеріңе есеп беретін уақыт келеді, соны елеп, ескеріп, саудагерден алған несиенді қайтарғандай қайтарасың, бірақ ол сен есебін тауып есесін қайтармай қоятын саудагер емес деген ойды салыстыра отырып, анық да дәл жеткізеді. Мұндағы саудагер мен несие алушының және Алла мен жанды (өмірді) уақытша алушы арасындағы қарым-қатынас қатар қойылып, олардың ұқсастығы мен өзгешелігі сараланады. Әрине, Алла саудагер емес. Оны алдай алмайсың, бергенін қайтармай қою мүмкін емес. Ендеше, *«Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын», «Оқымадың демесе болады дағы, тілімнің келмегенін қайтушы еді»* - деу жаңсақтық, жаңылғандық.

Данышпан Абай дінді қазақ баласының қалай қабылдағанын, өзі толық түсінбейтін, тілі де келе бермейтін араб сөзінің сипатын өзгертіп, «көп айтса көндіге» басып, жұрттың жасағанын жасап, ішкі мәніне терең бойлауға зауқы соқпай жүрген көптің ісін көріп-біліп, ең алдымен жеке тұлғаның ділін (мінезін, мәдениетін, тұрмыс салтын, санасын) түзу жолға бағдарлауды ойлайды. Ол үшін өзі толық адамның маңызды талаптары санайтын негізгі *«қайрат; ақыл-ой; жүрек»* атты үш ұғымның басты қасиетін ашып, қадірін көтеруді мақсат етеді. Ақын шығармашылығында *«қайрат; ақыл-ой; жүрек»* үшкілі психикалық, логикалық бірлік ретінде басты ойының, тұжырымдамаларының өзегінде тұратын, үнемі дамытылатын күрделі һәм әмбебап құрылым. Әмбебап болары бұл аталған үшкіл қай халықта болса да, қай заманда болса да, қай амал-тәсілмен айтса да өзінің мәңгілік философиялық астары мен маңызын, адам психологиясындағы орнын жоғалтпайды.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде *«қайрат»*, *«ақыл-ой»*, *«жүрек»* ұғымдары, негізінен, бөлек қарастырылып, адам баласының өміріндегі үлкен психологиялық, логикалық феномен ретінде бағаланады. Адами ғылымдар жүйесі саналатын – философия, теология, медицина, биоэтика, лингвистика, психология, логика ғылымдарының жүйесіне терең еніп, концептуалдық құрылымның негізі ретінде қалыптасқан. Нәтижесінде адам туралы әртүрлі ілімнің мақсаты мен міндетіне кіріп, жеке зерттеу нысанына айналып, бөлек зерттеледі. Ал қазақ данышпаны Абай бұл ұғымдарды үшкіл ретінде біріктіре қарастыруының үлкен мәні бар. Бірімен-бірі біте қайнасып, Адами тіршіліктің

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



мәнін келтіретін үшкіл концептер – таным тұтастығының жиынтығын көрсететін, әлемнің тұтас бейнесін сездіретін, концептуалдықты сақтайтын ілім жүйесі.

«Қайрат», «ақыл-ой», «жүрек» үшкілінің бірлігін онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық өлшемде зерделеу бүгінде ғылыми тұрғыдан ең өзекті мәселе деп танымыз. Жеке тұлғаның бірегейлігі мен өзіндік ойы мен пікірінің болуынан бастап, жалпы қоғамның ізгілігі, қоғамдағы мәдениеттің ізгілігі мен игілігі осы үшкілдік қызметін бағалаумен тікелей байланысты.

Абай, ең алдымен, «он алтыншы» сөзінде осы үшкілді тақырып ретінде танытып, жеке-жеке аннотация береді. Өзі оны «аннотация» деп атайды да. «Тақырып: қайрат; ақыл-ой; жүрек» - деп жазыпты. Кез-келген «қара сөзіне» тақырып қоймаған автор бұл ақпаратты жеткізудің ерекшелігін, мәні мен маңызын терең барлап, оған арнайы «тақырып» деп жазады. Тақырып кез келген функционалды стильде ақпаратты жай ғана жеткізіп қоймайды, оның шындыққа қатысын, құндылығын, көп жағдайда жаңалығын көрсету үшін қойылады. Мәтін саласын зерттеген ғылыми еңбектерде «тақырыпқа» ерекше мән беріліп, оның ежелден келе жатқан дәстүр екені айтылады. Абай ұсынған тақырыпта танымдық қызмет те, қажет десеңіз, жарнамалық қызмет те, номинативтік қызмет те қатар жүреді. Олай деуіміздің мәнісі, тақырыпты оқығаннан кейін кісінде қызығушылық оянады, қайрат, ақыл, жүрек туралы ақпарат алуға ұмтылады, әрі әр түрлі ұғымды анықтайтын сөздердің бірге қолданысы оқырманын ойлануға жетелейді. Мәтіннің тақырыбы тарқатылар ойдың бастапқы нүктесі, қолда ұстайтын жібінің ұшы сынды. Жіптің ұшы арқылы ой тарқатыла түсіп, әрекеттер мен оқиғалардың бастауын айқындай, оқырманын жетелей жөнеледі. Мәтіннің мазмұндық құрылымындағы негізгі семантикалық сыңардың бірі ретінде танылатын тақырып оның мазмұнымен, онда айтылатын оймен, идеямен тығыз байланыста болады. Абай да осыған мән берген. Тақырып пен мәтіннің арасында логикалық байланыс, мазмұн тектестігі одан кейінгі «он жетінші сөзде» де жалғасып жатады.

Абай Құнанбайұлы үшкілге мынадай аннотация береді:

Қайрат: ...күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алатұғын мен емес пе? **Осы екеуі маған қалай таласады?**

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ақыл: *Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады.*

Жүрек: *Мен - адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманишылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысан, ұят, рақым, мейірбанишылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады».*

Байқап отырғанымыздай, мәтінде қайрат, ақыл, жүректің өзін бағалауы, өзі туралы пікірі. Әрбірі өзінің адам баласының ізгілік жолда жүруі үшін жасайтын қызметін біледі. Қайрат сізді «күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алады», ақыл «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы, не залалды» екенін білдіреді, жүрек «адам денесінің патшасы», онсыз пайданы іздей, залалдан қаша алмайсыз. Үлкеннен ұялып, кішіге рақым жасау, жақсыға елжіреп, жамандықтан қашқызатын да – жүрек.

Абай адам бойындағы үш қасиеттің мәнін бағалату үшін оларды таластырады. Бұл талас үшеуінің өздерін көтере бағалауы мен сөзінің соңында «**Осы екеуі маған қалай таласады?**» деген сұрақ қоюы арқылы аңғарылады. Сұраулы сөйлем арқылы қарама-қарсы басқаша әрекеттің болу мүмкіндігі теріске шығарылып, өзіне-өзі сенімді екені экспрессивті мән арқылы айқындалған. Әр «кейіпкер» өзінің ешкімде жоқ қасиетін талдай көрсетіп, адам өміріндегі өзінің маңыздылығын атайды.

Осы бір ғана сұраулы сөйлем арқылы «қайрат», «ақыл», «жүрек» сынды «кейіпкерлердің» өздерін жоғары бағалауы берілген. Қасиеттердің жеке тұлға бойындағы идеалды көрінісі, мақсаты, қалауы, ұмтылысы мен қызығуы қандай болуы керектігі талданып, бастапқы ұстанымдары мен қорытындылары арасындағы бағалауды қамтитын мәлімдемелері қысқа да нұсқа қамтылған.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Адам жан дүниесінің қалыптасуының басты қайнар бұлағы саналатын бұл үшкіл жеке тұлғаның рухани әлемін қалыптастырады.

Сұраулы сөйлемнің бағалауыштық семантикасын қарастыру барысында оның коммуникативтік қызметінің ерекшелігін, ойды айқынырақ жеткізіп, «кейіпкердің» нені, қалай қабылдайтынын аңғаруға болады. Сөйлемнің жалпы сипатында коммуникативті қатынас маңызды семантикалық және синтаксистік мағынаға ие. Егер мәтіннен осы қайталанып тұрған сұраулы сөйлемді алып тастар болсақ, онда «қайрат», «ақыл», «жүректің» өздерін бағалауы ғана қалып, өзара «кім мықты» таласы көрінбеген болар еді. Абай бір ғана сұраулы сөйлемді қайталап беру арқылы олардың бөлек мықтылығының күшінің әлсіздігін, тек бұл үшеудің бірлігі ғана тұлғаны мықты етерін ғылым сөзімен дәлелдейді. Абайдың осы ойды хабарлы не лепті сөйлеммен бермей, сұраулы бір ғана сөйлем арқылы жеткізуі – үлкен шеберлік. Аз сөзбен көп мағына жеткізе алудың ас шеберлігінің тағы бір дәлелі дер едік. Әрине, айтылған ойды өзге сөйлем түрлерімен де жеткізуге болары хақ. Алайда Абай таңдаған сұраулы сөйлемнің қайталанып берілуі өмірдегі сандаған тайталастардың жиынтығындай. Ал оның ғылыми жауабы адам бойындағы қасиеттің әр түрлі қарама-қайшылықтарда оқшаулануы мен бөлектенуінің мәнсіздігін, жүрек әміріне бағынудың *«әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбанишылық дейтұғын нәрселердің бәрін»* қанағаттандыра алатын, қанаттандыра білетін оң байлам боларына сендіреді. «Он жетінші сөздегі» үлгілік баяндау арқылы Абай Ғылым тілімен «қайратқа», «ақылға», «жүрекке» баға береді. Бұл психологиялық аспектіден зерделей қарасақ, зейіннің сөйлеу сигналдарымен, аксиологиялық бағалаумен сәйкес келеді. Сұрақ жауап арқылы корреляцияланады; автордың байламы – ғылыми дәлелденген байлам. Оны қабылдау не қабылдамау – жеке тұлғаның таңдауында, бірақ ғылыми негізделген, жүйелі пікірді есті кісінің таңдары тағы анық.

«Қайрат, ақыл, жүректі бірдей ұстап», түзу жолмен «сонда толық болуға» ұмтылса, ой бүтіндігінің оқушы мен тыңдаушыға жеткені. Әуелгі тақырыпта берілген мәннің мазмұндағы көрінісімен бірлігі, тұтастығы айқындалады, нақтыланады. Мәтін құрылымындағы мұндай мәнді бірлік сөйлемнің рематикалық сипаты арқылы өзінің мағыналық және қызметтік (функционалдық) белгілеріне сәйкес бір коммуникативтік типіне тән жауабын бағдарлаған жағдайда болады. Ғылым атынан Абайдың берген жауабы жеке тұлғаны ынталандыруға, мотивация беруге бағытталған.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Әлем бейнесінде ең әмбебап құндылық ізгілік, жақсылық жасау, мейірім деп бағаласақ, қайрат осы жолдан адаспауға, бойды күнәһарлықтан сақтап, оң жолда жүруге бастайды. Ақыл бұ дүниеде ненің пайдалы, ненің залалды екенін біледі, сөзді де ақыл арқылы ұғып, байлам жасайды. Жүрек таза болса, «адамзаттың бәрін бауырым деп сүйеге» шамаң жетпек. Кейіпкерлердің әрқайсысының бағалауы – адамның жан дүниесі үшін құнды. Бұл үшкілді біріктіруші күш – мақсат биігі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалары. – Алматы, 2020.
2. Салқынбай А.Б. Абайдың даналық әлемі. -Астана, 2023.



**АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІ БҮГІНГІ ҚОҒАМДЫҚ
САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСТІНДЕ**

Ақмарал Нұрғожақызы Отарова,
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272013>

Халқымыздың ұлы тұлғасы Абай-ұлт руханияты мен мәдениетінің символы. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы, бүкіл адамзат игілігі. Поэзиясы - мәңгілік поэзия, даналық пен махаббаттың, парасат пен адалдықтың поэзиясы.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма...

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді.

Қазақ халқының ой-санасында соны бағыт ұстанып, қазақ елін прогреске жетектеген ұлы ойшыл ақын «Түзетпедік едім заманды» деп, өз танымының тұрғысынан жас ұрпақтың жаңа өкілін дәуір талабының деңгейінде оқытып, тәрбиелеуді мақсат тұтып, белсене әрекет етті.

“Қазақтың бас ақыны Ұлы Абайдың өлген күнінен қаншама алыстасaq, рухына соншама жақындаймыз. Халқымыз үнемі бұл күйде тұра бермес, ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артар. Халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...” деген болатын Алаш зиялысы Міржақып Дулатов.

Мінеки, бүгінде халқымыздың бас Ұлы ақыны, данышпан хакім, жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбайұлының туғанына – 185 жыл болып отыр.

Шындығында, Ұлы дала философы, ағартушысының өмірден озғанына 2 ғасырға жуықтаса да оның бейнесі туған халқына жақындай түседі. Бүгінгідей жаһандану дәуірінде ұлы ойшылдың жауһар туындылары терең ой-танымының құндылығымен өміршең.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Бұл туралы ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан мақаласында айтып өтті. «Абайды білу-өзіңді тану. Өзін-өзі тану және адамның тұрақты дамуы, ғылым мен білімнің басымдығы-жетілудің көрінісі»деді.[1].

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бүкіл өмірін елінің көкірек көзі – сауатын ашып, жетелеуге арналған ұлы Абайдың еңбегін бағалағанда алдыңғы орында оның бүкіл халықтың рухани бас ұстазы болғандығы тұрар еді. Ұлы ұстаздың ағартушылық көзқарасының алтын дінгегі – адам тәрбиесі, содан туындайтын бүкіл халық тәрбиесі. Әрбір жас адам ақыл ойдың, мидың, жүрек пен сезімнің күшін пайдаланып, өз елінің «кетігін» бітейтін «кірпіш» болса деп армандайды. Сонда адам мұраты мен халық мүддесін ұштастыратын жастар тәрбиесіндегі басты нұсқа қандай десек, ұлы ақын: «ақыл сенбейтін іске сенбе, ондай іске кіріспе, әуелі білім, ғылым өнер жолын таңдап алып, «естілерден үлгі ал, еңбекпен ғана мал тап» деп жол сілтейді. Ұлы ұстаз жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп есептейді.

Ал кемелдікке жетудің тура жолы – адам бойында имандылық қасиеттердің туындауынан басталады. Абайдың рухани әлемі мен шығармаларындағы басты ортақ философиялық мәселе – адам болмысы. Адамның өз орнын табуы, өзіне жол сілтеп, бағыт-бағдар беруі – Абай этикасының негізгі ұстанымында мәні ашылып түсіндірілген.

Абайдың толық адам ілімі – философиядағы адам мәселесі және шығыс философтарының адам мәселесі ілімдерімен жүйелі сабақтастықта келеді. Атап айтқанда, Әл-Фарабидің «парасатты адам ілімі», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» дастанында баяндалған «жауанмәрттілік ілімі», Ахмет Яссауидің «камили инсани» яғни адами кісілік ілімі, Сүлеймен Бақырғанидың сопылық ілімі, Шәкәрімнің «ар ғылымы» ілімдері негізінде іліми мектебін жасақтады. Әлемдік рухани ой үдерісінде сараланған саңлақтардың асыл қиқатын Абай хакім жалғастырды. Асыл ақиқатты, адамгершілік құндылықтарды өз еңбектерінде ойшылдық, даналық сипатта көркем түрде жеткізді.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Данышпан ақынның шығармаларын зерттеу тәуелсіздік алған жылдардан бастап атеистік қоғамның кеңестік идеология шеңберінен шығарылып, жаңа бағытта ғылыми өрісін кеңейтті.

Абай шығармаларын зерттеуге А.Байтұрсынов, М.Әуезовтен бастап сандаған отандық, әлемдік ғалымдар өз үлестерін қосып келеді. Соның ішінде қазіргі жаңа серпінмен абайтану ғылымын зерттеушілердің көшбасшысы – Мекемтас Мырзахметұлының еңбегі орасан зор.

Ғалым өз еңбектерінде ойшыл, ғұлама Абайдың толық адам іліміне қатысты былай деген болатын:

«Адамзат қоғамы тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан ең басты мәселелердің бірі – жеке адамның ақыл, мінез жағынан пісіп жетіліп, яғни толық адам болуы жайлы ойлар пікір күресін тудырып келуде. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе – адам болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттары неден тұрмақ дегенге әр заман ойшылдары өз ұғым-нанымы, заман талабы тұрғысынан жауап беріп келді. Бұл іспеттес тарихи сұрау Абай өмір сүрген ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында ұлы ойшыл алдына да қойылды [2, 230],- деген болатын. Абай адам мәселесін оның қайшылыққа толы қоғамдық болмысының контекстінде қарастырады.

Абай қоғамның тәрбиесі жеке адамнан басталатынын көрсетеді. Өйткені «адам түзелмей заман түзелмейді» деп ашық айтып, тобырдың ішінде тұлға жүрмесе мәнінен айырылатынын меңзеп, «не болды өңкей нөл» деп налыды. [3, 337].

Алдымен, ұлы тұлға неге толық адам іліміне келді? деген сұраққа жауап іздеп қаралық. Ақын өмір сүрген - ХІХ ғасыр Ресей патшалағының қазақ даласын отарлау саясатының аса күшейген кезі болатын. Ел билігіне болыстық жүйенің енгізілуі-қазақ халқының менталитетіне, мінез-құлқының өзгеруіне кері әсерін тигізді. Шен-шекпенге, билікке таласу болыстық сайлау, ауылнай т.б қызметтерге таласу, ел адамдарын, рулы елді бір-біріне айдап салу, содан туатын түрліше жағымсыз мінездердің пайда болуы, бар малын шығындап пара беру, алу, күншілдік пен арыз жазу, жағымпаздық, сатқындық т.б бұрын-соғды қазақ баласында кездеспеген өзге де толып жатқан ұсақтану, тексіздікке бару, ұлттық рух, намыстан айырыла бастауды Абай өз заманында терең сезінді.

Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінде уақыт, қоғам шындығының бет бейнесі көрінді. Жағымпаз, паракор болыс-ел қамын ойлайтын тұлға емес.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Жеке басы, ақша, атақ үшін елін, ұлтының мүддесін сатып жіберетін пақыр. Ел тұтқасын ұстаған адамдар осындай азғындыққа бара жатырса, ел болашағы не болмақ? Отаршылдықтың сұрқия саясаты дендей еніп жатырған осындай сұмдықтарына қандай тосқауыл қояға болады? Халықты жамандықтан, ұлтты бұзылудан сақтап қалудың жолы қандай? Отаршылдықтың бетін қайтаратын қазақ даласында күш жоқ. Ондай күшті ұлы ақын таба алмады. Мәнеғ сол кезде Абай халықтың өзінің мықты рухы мен сенімі, намысы ғана сақтап қалатынын түсінді. Ол үшін халықты, жас ұрпақты соған бағыттайтын ілім қажет деп ойлады. Абай шығыс философиясына ден қоя отырып, оны өз тарапынан толықтырып, тереңдетті.

Осы мүдде тұрғысынан Абай адам болам деген әрбір талапты жастың бойында адамшылықтың қандай нәрі, ізгілікті сипаттары басым болу керектігін алғаш рет «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде саралап, көп нәрсенің төркініне назар аудартады. Ұлы ақын жас ұрпақтың адам болу талабының тұңғыш қадамы неден басталу керек деген сұраққа: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - деп жауап береді. Ондағы бес асыл мен бес дұшпанның негізі, профессор М.Мырзахметұлы айтқандай, шығыстың ойшылы Ғұламаһи Дауанидің (ХҮ) шәкірті Жүсіп Қарабағидың (ХҮІІІ) «Рисаласындағы» 2-ге бөлінетін жан азығынан (жанның пайдалы және зиянды азығынан) негіз алады. Рисалада шын сенім, жомарттық, ғылыми түсінік пен күншілдік, жалған сенім бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Бұл ой Абай дүниетанымында одан ірі тереңдетіліп, адам бойына аса қажетті «бес асыл қасиет» пен оған қарама-қарсы зиянды «бес дұшпан» айқындалады. Абай айтқандай әрбір жас өзінің дүниетанымын қалыптастыруда «жанның пайдалы тамағымен» сусындауға саналы түрде бет бұрғанда ғана толық адам жолына түсе алады.

«Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» деп білген Абай елінің ертеңін білім-ғылыммен байланыстырды; сондықтан да халқын оқуға, білім алуға, ғылымды үйренуге шақырды. «Ғылым» Алланың сегіз сипатының бірі екенін еске салды: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат», «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» (Оныншы сөз). Абай «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (Он сегізінші сөз), «Ғылым мал табу құралы

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



емес, мал ғылымды дамыту үшін қажет» дейді. Демек, ғылым – өмірді танып-білудің бірден бір жолы; адам білімдар болған сайын ақиқатқа қарай, яғни Аллаға да жақындай түседі деген сөз». Күллі адам баласын қор қылатын 3 нәрсе бар. Әуелі-надандық, екінші-еріншектік, үшінші-залымдық деп білерсің. Содан қашпақ керек деп толғайды.

Абай ілімінің бір жұмбағы – жүректің көзін ашу. Хәкімнің жүрек жайындағы ой толғауларының негізі мен желістері «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек», «Кейде есер көңіл құрғырың», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Алла деген сөз жеңіл» сияқты өлеңдері мен «Менің сырым, жігіттер, емес оңай», «Жүректе көп қазына бар, бәрі қызық» деген аудармаларында, қарасөздерінде баяндалады.

Былайғы қазақтың жүрек туралы ұғымы «жүректі адам», «батыл адам» дегеннен шықпайтынын айта келіп, оған тың мағына үстеп, «рақым, шапағаттың қайнар көзі» деп философиялық тұрғыдан мән береді. Ақыл, қайрат, жүректің бірлігінде жүректі бірінші орынға қояды.

17- қарасөзде жүректі сөйлетіп, «қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады» деп сөйлетеді.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек,-
Деп ғылымға ден қоя отырып:
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,

-деп ой қорытады.

Мұндағы «ыстық», «нұрлы», «жылы» эпитеттеріне ақын терең мағына үстеген. Ақылдың өзін «нұрлы ақыл», «суық ақыл» деп бөлген ақын жоғарыдағы қарасөзінде айтқандай, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылықтың ұясы жүрекке бірінші орынды беруі, оған ішкі қуатты, ақыл-ойды билетуі-адамзатты гуманизмге шақыруы және әрбір адамның бойында мейірбандық, адамдықтың үстем болуын қалауы еді. Әрине, Абайдың бұл философиялық дүниетанымының ұлы ойшыл, ғалым әл-Фарабиден бастау алғаны ақиқат. [4, 94].

Абай шығармашылығында жүректің культін көтеріп мадақтағанда, сол мағынаға өз тарапынан айрықша гуманистік астар беріп, адамзат баласының бойында ұялаған ең асыл қасиеттер – мейірім, рақым, әділет, шапағат, ар-ұят

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



атаулының қайнар көзі, құтты мекені ретінде қарауымен ерекшеленеді. Сол себептен де адамгершілік туралы осы ойларын өнер тілімен жүйелі түрде оқырман қауымға түсінікті етіп жеткізеді. Жүректің баламасы ретінде әділет, шафағат сөздерін пайдаланады.

Абайдың танытуынша, шафағат та, әділет те - жүрек ісі. Адамшылық жолында жүрек ісінің аталмыш екі қасиеті бірімен бірі ажырамас егіз құбылыс, құстың қос қанаты іспеттес бүтін дүниелер. [5, 62]. Ол туралы 17-қара сөзі мен «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде тоқталып өткен.

«Толық адам» кім деген сұраққа Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек, -
немесе,

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, -

деген тезистерінде жауап беріп өткен. Оның гуманистік дүниетанымынан туындап, бүкіл шығармаларында желілеп тарап жатқан осы толық адам туралы ой-толғаныстарының құяр арнасы: «Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадалет, шафағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол — құданың жолы», - деген сөзінде жатыр. Осы ой байламында Абай тарататын мораль философиясы мен адамгершіліктің негізгі желісі де жатыр. Осы наным тұрғысынан туындап отырған адам болудың ең басты тіректері ретінде ақылды, әділетті, рахымды ұсынатын Абай: «Бірақ сол жолға жүруді өзінше кім қалап қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді», - деп өз танымының негізі қайда жатқанын көрсетіп отыр

Абайдың ішкі нанымы, дүниетанымы, адамшылық жолындағы үгіті мен мораль философиясы жайлы танымы толық түрде «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде айтылған. Мұнда мораль философиясына соғатын үш сүю (иманигүл) деп аталатын ақын танымының мағынасы осы өлеңде түгелге жуық ашылған:

“Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,



Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ біл.

Ойлан дағы үшеуін таратып бақ,

Басты байла жолына, малың түгіл”

Бірінші сүю – күллі ғаламды махаббатымен жаратқан жаратушыны сүю. Екінші сүю – адамзатты бауырыңдай сүю. Оның ішіне қыбырлаған құмырсқасынан бастап жер әлемдегі ұлтына, нәсіліне қарамай бүкіл адамды сүю, құрметтеу. Ал үшінші сүю – Абайдың 38-қарасөзінде Алланың бойындағы 8 сипаттан құдірет пен ғылымды біріктіріп алатын ғақылға (ақылға) сүйене отырып ұстанатын ғәділетті (әділетті) сүю. Иманигүл – толық адам болудың темірқазығы. [3, 214].

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе,

дәмі кетпес.

Қарадан хакім болған сендей жанның

Әлемнің құлағынан әні кетпес,

- деп Мағжан ақын толғағандай,

Абай өмір сүрген заман кеткенімен, бүгінде Абайды Мағжан айтқан әлем аренасына уақыттың, тағдырдың өзі алып келіп отыр. Біздің міндетіміз – Абайдың «Толық адам» іліміне терең бойлау. Ұлы ойшылдың ой өркениетін іске асыру кезеңі келді. Абайды оқу, тану, ойларының тереңіне үңілу, маржанын теру – ойшылдың ой өркениетіне мойын бұру болып табылады

Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында нақты міндеттер қойып: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін», деген болатын.

Қазіргі уақытта біз неге Абайдың «толық адам» іліміне қайта ден қойып отырмыз? Үстем идеологиялы кеңестік кезең қанша дегенмен, тұйық, оқшауланған қоғам болды. Қазіргі уақыттың ерекшелігі – жаһандану үдерісі өте күшті жүріп жатыр. Мұның жақсы жақтарымен қатар, өзге елден келіп жатқан көптеген жат ағымның, теріс идеологияның, дәстүр-салтымызды, наным-сенімімізді бұзатын жағымсыз ықпалдардың күшейіп тұрғанын жасыра алмаймыз. Оларға қалай төтеп беруге болады? Қалай өзіміздің ұлттық

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



менталитетімізді сақтаймыз? Осы орайда алдымызда темірқазығымыз-Абай ілімі бар, адаспайтын жолымыз жатыр.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Дана ақын келер ұрпақты жүрегімнің қуаты, перзенттерім деп Абайдың толық адам туралы ілімі еліміздің ертеңі жастарымыздың жоғары адамгершілік нормаларын, жан-жақты білімділікті, ғылымға ұмтылуды, рухани биік мәдениетті, ұлтқа адал қызмет етуді талап етеді, жолын көрсетеді.

Ғұлама ақын, ойшыл Абайдың мұрасын жаңаша көзқарас тұрғысында бағалау- бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы болса, келер ұрпақтың үлгілейтін ісі болмақ. Абай – данышпан, хакім, қазақтың идеалы болып мәңгілік халқымен жасай бермек

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан мақаласы Егемен Қазақстан газеті. 2020ж
2. Мырзахметов М. Абайтану. 1 т. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. – 432 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. - Алматы, 1977
4. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - Алматы, 1994.
5. Омаров Д. «Абайдың рухани мұрасы» - Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2007 ж.



ЖАРЫҒЫ ОРТАҚ ЖАЛПЫҒА

Зайкенова Руда Зайкеновна,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
профессоры, филология ғылымының докторы.
Қазақстан, Алматы

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272015>

Makale, Abai'nin mirasını tanımanın gerçek sorunlarını ortaya koyuyor. Abai'nin şiir ekolünde, sanatsal ve edebi eserlerde milli bilgi ve manevi ve kültürel değerlerin, ahlakın, inancın, sevginin, dostluğun, adaletin, barışın, birliğin, liderlik pozisyonunu belirleme fırsatı bulacağız.

The article reveals the actual problems of recognizing Abai's heritage. Abai's school of poetry, artistic and literary works of national knowledge and spiritual and cultural values, morality, faith, love, friendship, justice, peace, unity, we will have the opportunity to determine the leadership position.

Түйін сөздер: адамзаттың ақылгөйі, жыл құсындай, зерттеуші, жылымық, хақ жолы.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – адамзат баласының ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, жаһандану үрдісіндегі мақсаткерлікке жұмылдырады.

Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деп басталатын өлеңіндегі «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген сөзінің астарында үлкен мағына бар [1]. Данышпан ақын «Жүрегіңнің түбіне терең бойла» деу арқылы «мыңмен жалғыз алысуға» тура келген күрделі тағдыры мен ұлт намысын қорғаған рухани биігін жіті пайымдауға, дұрыс қорытынды жасауға жол нұсқаған. Оның өмір сүрген дәуірі қазақтың ұлттық санасын ширататын қазіргі заманалық құбылыстармен тікелей байланысты. Сондықтан да ақынның келешек ұрпаққа арнаған адамгершілік жайлы өсиеттері мен үлгі-өнегесін оқып үйрену еліміздің мәңгілік ұлттық тұғыры болып қала бермек. Арада қаншама уақыт өтсе де, Абай тұлғасы биіктемесе, аласарған жоқ. Қазіргі уақытта ұлы ақынның киелі таным болмысы **«адамзаттың ардағы, адамзаттың ақыны, адамзаттың ақылгөйі»** ретінде әлемдік кеңістікке тарады.

«Абай» энциклопедиясында: «Абайтану – ұлы ақын мұрасын жан-жақты терең зерттеуді мақсат ететін қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі» деген түсініктеме берілген [2].

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



1920 жылдардың соңында Мәскеуде болған Мағжан, Әлиханнар «Алқа» атты әдеби ұйым құрып, оның айқындамасында: «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп еріксіз шалған бірінші құрбаны», – деген сөзінде үлкен мағына жатыр [3]. Бұдан абайтану ғылымының қалыптасуына аса үлкен күш жұмсалғанын көреміз. М.Әуезов бүкіл саналы ғұмырын абайтану тарихына арнау арқылы «абайтанудың бірегей білгірі» атанды. Абайдың дүниетанымы, өскен ортасы, Абайдың рухани нәр алған қайнар бұлағы, шығыс пен батыс әдебиетінің әсері, Абайдың ақындық дәстүрі, әдеби ортасы, текстологиясы т.б. М.Әуезов зерттеулерінде көрсетілген күрделі мәселелерді 1940–1950 жылдары С.Мұқанов, Ә.Жиреншин, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, т.б. жалғастырса, 1950–1960 жылдарда Қ.Мұхаметханов, Т.Нұртазин, Т.С.Сильченко, Т.Тәжібаев, З.Ахметов, А.Нұрқатов, М.Мырзахметұлы т.б. одан әрі жалғастырды.

Осы аталған ғалымдардың қай-қайсысының болмасын алған бағыттары бойынша жазған монографиялық еңбектері сол тақырыптағы алғашқы ғылыми зерттеулер болып табылады. Мәселен, академик Қ.Жұмалиев 1946 жылы «Абай поэзиясының тілінен» докторлық диссертация қорғап, қазақ әдебиетшілері арасынан ғылым докторы деген атаққа тұңғыш қол жеткізсе, 1948 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты арнайы монография ұсынды. Ғалымның 1941 жылы қорғаған «XVIII-XIX ғасыр қазақ әдебиетінің тарихы» атты кандидаттық диссертациясында басқалармен қатар Абай шығармашылығы да арнайы сөз болады. Филология ғылымынан тұңғыш қорғалған осы диссертациялардың Абай шығармашылығына тікелей қатысты болуы да, сол кездің өзінде-ақ ақынның жаңа өкіметке де танымал бола бастағанын танытады. Өйткені Қазақстанда Ғылым академиясы 1946 жылы ғана құрылғандықтан, қазақ ғалымдары Ленинград (қазіргі Петербург) пен Мәскеуде қорғайтын. Соның өзінде 1990 жылдарға дейін жұмыс Қазақстанда қорғалса да, диссертациялар орысша жазылып, Мәскеудегі Жоғары аттестациялық комитеттен бекітіліп барып, күшіне енетін.

Қ.Мұхаметхановтың 1951 жылы М.Әуезовтің жетекшілігімен «Абайдың әдебиет мектебі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Осы жұмыстан кейін «М.Әуезовтің ғылымдағы көлеңкесі» деген айып тағылып, қуғынға ұшыраған ғалымның еңбегі тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана 1993-1997 жылдары «Абайдың ақын шәкірттері» атты 4 кітаптан тұратын зерттеу

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



еңбегі жарық көрді. Сондай-ақ Қ.Мұқаметхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы» (1959) атты еңбегі абайтануға қосылған зор үлес болды.

Бұл жерде жас оқырманға 1937-1938 жылдардағы халықтың басына төнген репрессиядан кейін тағы қандай «қуғындау» болды деген заңды сұрақ туады. Мұның себебін түсіну үшін мына нәрселерге көңіл аудару керек. 1939 жылы басталған екінші дүниежүзілік соғыс, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына» ұласқандықтан, саяси қуғындау науқаны «халық жаулары» мен олардың әулетін соғыстың ең алдыңғы қауіпті шебіне аттандыруға ұласты. Десе де бұл идеология науқанының сәл толастауына себеп болды.

1945 жылы Кеңес-Герман соғысында жеңіске жетіп, мәртебесі артқан Кеңес өкіметі енді ел ішіндегі саяси идеологияға қайта көңіл бөле бастайды. 1946-1948 жылдар аралығында коммунистік партияның идеология саласындағы әсіресе Орталық партия комитетінің органы Мәскеуден шығатын «Правда» газетінде «Қазақстан тарихы маркстік-лениндік тұрғыда баяндалсын» деген қаулыларынан кейін тағы да саяси қуғын-сүргін басталды. Дәлірек айтқанда, «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер» (1947 ж.) деген тікелей қаулысынан кейін «ескі мәдени мұраға сын көзімен қарамай, ұлтшылдыққа бейімдеп, өрескел бұрмалаған» белгілі ғалымдар мен жазушылар тағы да жаппай қуғын-сүргінге ұшырай бастайды. Әсіресе 1951 жылы тарих пен әдебиет саласындағы зиялы қауым өкілдерінің бірқатары буржуазиялық ұлтшылдықпен айыпталып, алды 25 жылға сотталып, арты қудалауға ұшырады. Бұл қатарда тарихшы Е.Бекмағанов, әдебиетшілер Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Қ.Мұхамедқановтар 25 жылға сотталса, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Т.Тәжібаев, Ә.Қоңыратбаев, Т.Нұртазин, Ә.Мәметова сияқты ғалымдар жұмыстан қуылды.

1953 жылы Кеңес өкіметінің бірінші көсемі И.В.Сталиннің қайтыс болуы Могиқандардың соңы іспетті М.Әуезовтің де, басқалардың да тірі қалуына себеп болды. Бұдан кейін өкімет басына келген Н.С.Хрущев жеке адамға табынушылық пен дүниежүзілік мәдениеттен оқшау ұстауды сынап, демократияға жол ашуға тырысты. Орыс тарихында «Хрущевский оттепель» деп аталған, қазақтар «Жылымық» деген бұл кезеңде қазақ әдебиетінің әртүрлі жанрда өрістеуіне негіз жасалды. Бұл туралы М.Әуезовтің «жыл құсындай жаңалық сезінемін» дейтіні сол.

1947-1951 жылдар арасындағы Кеңестік идеологияның саяси жазалау науқанына «Абайдың әдебиет мектебі» бірінші болып ілінді. Себебі мұнда

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



басқасын айтпағанда жала жабушылардың пікірі бойынша «ірі феодал Құнанбайдың тұқымы, атақты халық жауы Шәкәрім Құдайбердіұлы» да бар болатын. 1951 жылы қорғалған Қ.Мұқаметқановтың «Абай төңірегіндегі ақындар» («Абайдың әдебиет мектебі» деген алғашқы атауы осылай өзгерген) атты диссертациясы сол жылы жоққа шығарылып, өзі 25 жылға сотталғаннан кейін М.Әуезовке бұл мәселені жылы жауып қоюға тура келді. Қ.Мұқаметқанов «ғылым кандидаты» деген атағын тек 1956 жылы ресми түрде қайтарып алғанмен, жазушының көзі тірісінде орындай алмай кеткен осы арманға арада 40 жылдан астам уақыт өткенде ғана қол жеткізеді.

«Жылымық кезеңге» қайта оралайық. Академик Зәки Ахметов 1951 жылы «Абай және Лермонтов» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясы негізінде 1954 жылы орыс тілінде жеке кітап шығарды. Бұл жұмыс кейіннен монографиялық қомақты зерттеулерге ұласты. Мамандығы тарихшы болса да, Абай шығармаларын ұзақ уақыт зерттеген Ә.Жиреншин «Абай және оның орыс достары» (1949), «Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлы ақыны және ойшылы» (1950), «Абай және орыстың революционер-демократтары» (1959) деген зерттеу еңбектер жазды. Ол 1961 жылғы Абайдың бір томдық толық жинағын құрастырып, жаңадан табылған бес өлеңін қосып, толықтырулар енгізді.

Академик М.Сильченко 1957 жылы «Творчество биография Абая» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, осы жылы аталмыш атпен кітап шығарды. Абайтанушы ғалым Р.Сыздықова 1959 жылы «Абай прозасы тілінің морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертациялар қорғаған. Белгілі профессор ғалымдар Т.Нұртазиннің «Абайдың ақындық шеберлігі» (1954), Т.Тәжібаевтың «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева» (1957), А.Нұрқатовтың «Мұхтар Әуезов творчествосы» (1965), «Абайдың ақындық дәстүрі» (1966) атты ғылыми-зерттеу еңбектері абайтану тарихына қосылған қомақты үлес. Бұлар қылышынан қан тамып, ұлттық әдебиетіміздің қалыпты арнамен дамуына кесір-кесапатын тигізген Кеңес өкіметінің коммунистік идеология жағдайында өмір сүрсе де, абайтанудың дұрыс бағыт алуына жол ашты.

Осы аталған әдебиетші ғалымдардың ішінен тәуелсіздік заманына жеткен Қ.Мұхаметханов, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы социалистік реализм әдісі тұрғысынан талданып келген абайтанудың айта алмаған, жетілдіре алмаған тұстарын барынша айқындап, қазіргі ұлттық көзқарас тұрғысынан жүйелеудің

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



негізін салды. Қазіргі абайтану мәселелерінің даму бағыттары осы аталған ғалымдардың еңбектерінің негізінде дамып келеді.

Абайдың екі томдық тұңғыш академиялық жинағын құрастырып, Абай туралы монография жазып, «Абай» пьесасын, Абай операсының либреттосын, атақты «Абай жолы» роман-эпопеясын жазған М.Әуезовтің «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген сөзінің мағынасы тек тәуелсіздік таңымен бірге ашылды [4].

Абай шығармаларын терең де, жан-жақты таныту – халқымыздың тарихы мен әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде кәдеге жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға сенімділік туғызады. Абай ілімінің ұлттық сананы ұйытатын мүмкінділігі мен өзектілігі де осында.

«Абай сынына толмаған сөзді аузына алмайды» екен. Бұл пікірдің мағынасына абайтануды оқу арқылы көз жеткізу қиын емес. Бұл үшін ғұламаның «әрбір сөзі бір кітапқа жүк болатындығын» (Г.Бельгер) түйсіне білсе, Абай «нақлиясы» мен «ғақлиясын» танып, «алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілердің» ісін бағамдауға болады. Абайдың ақылы мен өсиетін оқып-үйрену барысында жаһандық құбылыстар мен ұлттық әдебиеттер арасындағы қайталанбайтын ерекшеліктерді бағамдауға мүмкіндік туындайды [5].

Абайдың «Отыз жетінші қарасөзінде» айтылған «Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз – ғашық тұл, шәкіртсіз – ғалым тұл» деген сөзін үнемі қаперде ұстаған адам ойсыз болмауға бейімделеді.

Абай әлемін танып-білу арқылы мынадай махсұтқа қол жеткіземіз:

1) Қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын танып, шығармаларын оқып, өзектілігін айқындап, абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғынамыз.

2) Ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіну арқылы жастардың ұлттық танымы қалыптасады, шығармашылық қиялы дамиды, көркем туындының идеялық мәнін, тілдік ерекшеліктерін талдап, пікір алмасады, өмірден өз орнын табуына бағыт-бағдар алады.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



3) Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік тұрғысынан танимыз. Ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды игеру арқылы ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алу мүмкіндігіне ие боламыз. Адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты, әділеттілікті, татулықты, бірлікті үлгі-өнеге етеміз.

4) Абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға, толық адам тұжырымына қатысты өзекті мәселелерді оқып-үйренеміз. Ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын анықтаймыз.

5) Ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымынан үйренеміз. Қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастарымен танысамыз.

6) Ақынның шетел ақындарының шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларынан үйренеміз.

7) Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдай отырып, қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау жұмыстарынан хабардар боламыз.

«Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – ақиқат, оған ғашықтық – хақ жолы және адамдық жолы» деген Абайдың даналығын тану – заман мұраттарымен үндесіп жатқан міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005 – 488 б
2. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
3. Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы. (Респ.ғыл.теор.конф.мат.). – Алматы: Кие, 2009. – 128 б.
4. Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Ғылым», «Жібек жолы», 1997-2011; Екінші басылым. «Дәуір», «Жібек жолы», 2014.
5. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.



**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ КОГНИТИВТІ
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРДЫҢ КӨРІНІСІ**

Жұбай Орынай Сағынғали қызы,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қауымдастырылған
профессоры, филология ғылымының докторы*

E-mail: alm-ornai@mail.ru

Үдербаев Алмас Жауынбай ұлы,

*Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университетінің
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымының кандидаты*

E-mail: a.uderbayev@satbayev.university

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272023>

Мақала Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі тіл, сана, ақыл, дүниетаным сынды ұғымдар когнитивті лингвистикалық тұрғысынан талдауға арналған. Негізгі назар тілдің менталдық функциялары, концептуализация және мәдени кодтардың көрінісіне аударылады. Зерттеу ретроспективті талдау әдісіне негізделген, яғни ғалымның XIX ғ. идеялары когнитивті лингвистиканың заманауи ұғымдарымен салыстырылады.

The article examines concepts such as language, consciousness, mind, and worldview in Abai Kunanbaev's Kara Sozder (Words of Edification) through the lens of cognitive linguistics. The primary focus lies on the mental functions of language, conceptualization, and the manifestation of cultural codes. Employing a retrospective analysis methodology, the study juxtaposes 19th-century philosophical ideas with modern cognitive linguistic frameworks to explore how language shapes cultural cognition.

Makale, Abay Kunanbayev'in Kara Sözləri'ndeki dil, bilinç, akıl ve dünya görüşü gibi kavramların bilişsel dilbilim perspektifinden analiz edilmesine odaklanıyor. Temel vurgu, dilin zihinsel işlevleri, kavramsalleştirme ve kültürel kodların görünümüne yöneliktir. Çalışma, retrospektif analiz yöntemine dayanır; yani 19 yüzyıldaki fikirlerin modern bilişsel dilbilim kavramlarıyla karşılaştırıldığı bir yaklaşımdır.

Тілді когнитивті тұрғыдан зерттегенде тілдің білімді сақтап, жеткізуші қызметі көрінеді. Сол себепті адамның ойлау, сөйлеу қабілетін зерттеуде когнитивтік лингвистиканың орны ерекше. Когнитивті бағыттағы зерттеулер Абай кезеңінен (тіпті одан да бұрын) бастау алады. Ғалымның зерттеулерінде тіл, сана, ақыл, қиял, тілдік сана, таным, ұғым, концептуалдау, тыңдаушы, сөйлеуші факторы, т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған.

Ғұлама қара сөздерін нөмірлемегені белгілі. Әйтсе де шарттылық үшін кейін қойылған саны бойынша атасақ, 7-сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – «ішсем, жесем, ұйықтасам» деп тұрады. Бұлар –

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – «білсем екен» демеклік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тұра жүгіріп: «Ол – немене?», «Бұл – немене?» деп, «Ол неге үйтеді?» – деп, «Бұл неге бүйтеді?» – деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген», – дейді [1]. Бұл жерде Абай когнитивті лингвистиканың негізгі бірліктері – таным, сана мәселелерін сөз етіп отыр. Саналы адамды ғана адам ретінде сипаттай отырып, ғалым адамның хайуаннан негізгі айырмашылығы ретінде ақылды, саналы болуды атайды, «дүниенің көрінген Һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайтынын» ескертеді.

Абайдың қара сөздерінде сезімдік таным мен логикалық таным анық көрсетілген. Ғұлама сезімдік танымды нақты саралап көрсетеді: «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек», – деп, жибили қуаттың кәсіби қуатқа айналатынын айту арқылы когнитивті лингвистикаға тереңдеп бойлағанын көреміз. Ғұламаның «көңілге түскен сурет» деп отырғаны – қазіргі тілмен айтқанда, ғалам бейнесі. Яғни адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, иіс, дәм) арқылы қабылданған ақпарат ғалам бейнесін қалыптастырады. Адам қабылданған ақпаратты санасымен түйсінеді.

«Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша: әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық... Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», – деп жазған еді [2]. Әр сөзін зерделей білген ғалым кейін Абайдың сөздерін қазақ тіл білімінің терминдерін түзіп, қалыптастыруда молынан пайдаланғаны байқалады.

Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнеріне қатысты бірқатар атауларына (*сөз, тіл, айтушы, тыңдаушы, сөз қисыны, ғаламды сөзбен көрсету*, т.с.с.) Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің әсері барға ұқсайды. Бүгінгі таңдағы шеттілдік атаулардың орнына А.Байтұрсынұлы түсінікті де ыңғайлы қазақы атауларды пайдаланған. Қазіргі кезде когнитивті бағыттағы зерттеулерде «языковая картина мира» «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген аудармалар қолданылып жүр. Бұл орайда ғалым «ғаламды сөзбен көрсету» деген атауды ұсынады [3]. «Дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген баламалар – қазақ тілінің сөзжасам, сөзқолданыс табиғатына қайшы, калька жолымен жасалған. «Тілдік тұлға» атауына қатысты да соны айтуға болады. Ал А.Байтұрсынұлы ұсынған «ғаламды сөзбен көрсету» деген атау қазақы дүниетанымға тән, дәл атау екеніне талас жоқ. Сол себепті бұл атауды ғылыми айналымға енгізу қажет. Әрине, бұл сөздердің (*сөз, тіл, айтушы, тыңдаушы, сөз қисыны, ғаламды сөзбен көрсету*, т.с.с.) бірқатары қазақ тілінде Абайға дейін қолданылған. Ахмет Байтұрсынұлы Абай ақынның қолданысындағы сөздерге терминдік мән жүктеген. Сол арқылы қазаққа ұғынықты, қазақы танымға тән атаулар қалыптастырған.

Абай Құнанбайұлының ой-тұжырымы Жүсіпбек Аймауытұлының еңбектерінде де сабақтастық тапқан: «Біз фотографиямен неге пайдаланбаймыз? Сөзбен суреттеу нәрсенің ұзын ырғасы, долбары, нобайы сықылды болатындығы бәрімізге мәлім. Бір танысыңызға бір адамның түрін суреттеп айтып көріңіз. Ол суреттеген кісіңізді жолықтырғанда, оны танымасына мен кепіл. Әңгіме ым (мимика) мен ымдасу (пантомима) да, оларды сөзбен суреттегеннен фотографияға түсірген әлдеқайда сәл оңай емес пе?.. Әрине, бұл жазулар сөзбен жазуды мүлде керексіз тауып, шығарып тастайды. Қайта сөз, сурет, фонограф жазулары бакыланушы адамды жақсы зерттеуге біріне бірі көмектесіп пайдасы тиеді. Сөздің одан да артық пайдасы, арманырақ барғанда, ақылмен білетін нәрсеге келгенде көзге анық көрінеді,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



онда көбінесе сөзге сүйенуге тура келеді. Біздің жат ететініміз – түптің түбінде тілсіз жануарлар сықылды болмай, бәрін де сөзге айналдыру ғой» [4].

Байқап отырғанымыздай, Ж.Аймауытұлының тұжырымында Абайдың ақыл, сана, ақыл, ес, мінез, қиял, қайрат, қуат, көңіл, мақтаншақтық, адам мен хайуанның айырмашылығы, ғалам бейнесіне қатысты ойы жалғасын тапқан. Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі ой-тұжырымын, атауларды (*мен, менікі, т.с.с.*) дамыта отырып, Жүсіпбек *адам, жігіт* атауларының орнына «әлеуметтік мен», «мендік», «мендік мен» атауларын енгізеді, күнде көріп, жолығып, айналысатын адамдарды «біздің суретімізді түсіретін түрлі айна» түрінде сипаттайды [4:300].

Жүсіпбек Аймауытұлы Абайдың еңбектерін пайдаланғанына толық негіз бар. Оны Жүсіпбектің: «Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің, өзің өзінді күзет кел, шырағым!» – дейді Абай. Өзгелердің «мен» туралы пікірі ұшқары болса, өзімді қалай тануым керек? Маған жапсырған өзгелердің пікірін, сынын қалайша өзімнен алып тастауым керек? Кәйткенде өзіммен өзім жекеленіп, өзімді білемін? Міне қиын мәселе – осы» – дейді [4: 300].

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасында» Абай Құнанбайұлының жибили қуат пен кәсіби қуатқа, сезімдік таным мен логикалық таным, тән көрінісі мен жан көрінісіне қатысты ой-тұжырымы сабақтастық тапқан. Мағжан Жұмабаев жан көріністерін үшке жіктейді: білу яки ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері һәм қайрат көріністері [5]. Мағжан жан көріністерін былайша сипаттаған: «Біз бір заттың яки көрінісінің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл – ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл – ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл – қайрат ісі» [5]. Ғалым: «Адамның жан көріністері жоғарғы үш тапқа бөлінгенімен, бұл үш тап бір-біріне жуымайтын емес, бұл үш таптың арасында берік байлам бар. Яғни адамның жан тұрмысында бірлік бар. Екінші түрлі айтқанда, адам бір іс істегенде, осы үш тап жан көріністерінің үшеуі де қатынасады. Мысалы, біздің бір саусағымыз ауырды. Сонда біз саусағымыздың ауырғанын сеземіз. Бұл – ішкі сезім ісі. Саусақтың ауырған себебін тексереміз. Бұл – ақыл ісі. Сол ауруды жеңілдетуге, бітіруге, жазуға ұмтыламыз. Бұл – қайрат ісі. Ал енді адамның әрбір ісіне осы үш тап жан көріністерінің үшеуі қатынасатын болғандықтан, сол ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті... Бір адамның осы үш тап жан көріністері тең болмай, біреуі таразыны басып билеп



кетсе, ол адам бақытты болмақ емес», – дейді. Бұл ойлары Абайдың қара сөзіндегі қағидағтарымен үндеседі.

Ұлттық дүниетанымды бейнелейтін сана тіл арқылы көрініс табады. Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Бұл орайда алаш зиялылары Абай ұстанымдарын, Абай дүниетанымын Темірқазық ете отырып, еуроцентризмнен ада ұлттық ғылым салаларын қалыптастырды. Түрлі ғылым салаларын қазақ тілінде қалыптастыру арқылы XX ғасырдың басын қазақ ғылымының алтын ғасырына айналдырды. Адам болмысты тілі арқылы танитындықтан, ұлттық ғылымның жарқын болашағына негіз қалады.

Қазақ тарихында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды алаш зиялылары философия, тіл, әдебиет, педагогика, психология, т.с.с ұлттық ғылым салаларының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Ғалымдардың когнитивті лингвистика, коммуникативті синтаксис, функционалды лингвистика, психология, психолінгвистика, педагогика, т.с.с. салаларға арналған еңбектерінің метатілінде Абай Құнанбайұлының сөздік қорындағы атаулар қолданылып, ғұламаның концептуалды ойы, ұстанымы әрі қарай жалғасын тапқан. Сол себепті «Абай Құнанбайұлы қазақ даласында осы ғылым салаларының, жаңа парадигмалардың қалыптасуына ықпал етті» деуге толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. - 1-том. - Алматы: Жазушы, 2020. - 640 б.; 2-том. - Алматы: Жазушы, 2020. - 528 б.; 3-том. - Алматы: Жазушы, 2020. - 488 б.
2. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. - 1913. - №40, 43.
3. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана, 2017. - 740 б.
4. Аймауытов Жүсіпбек Шығармалары. - Алматы: Елшежіре, 2013. - 4-том. - 184 б.
5. Жұмабаев Мағжан Шығармалар жинағы. - 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: Жазушы, 2008. - 97-187-бб.



АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ДӘУІР САБАҚТАСТЫҒЫ

Құттымұратова Ырысты Абдирахмановна,

Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты PhD, доцент

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272027>

Қазақстан мен Өзбекстан сияқты ірі екі елдің әріптестік байланыстарын сөз еткенде қос мемлекет арасындағы тарихи тамырластықты, достастық пен сыйластықты, содан келіп өрбитін мән-мағынасы терең байланыстарды айтпай кетуге болмас. Бүгінгідей алмағайып уақытта екі мемлекет басшыларының, сондай-ақ қазақ пен өзбек халықтарының ынтымақтастығы, ауызбірлігі экономикалық өрлеуге бастап, ілгері қарай дамуымызға үлкен серпін әкелетіні сөзсіз. Иә, Қазақстан үшін Өзбекстан ортақ шекарасы бар әріптес ел ғана емес, ауылы аралас, қойы қоралас жатқан бауырлас ел. Демек, бұл орайдағы мемлекетаралық қарым-қатынастар да осы тұрғыдан өрбитіні түсінікті. Елдеріміз арасында 1998 жылы «Мәңгілік достық туралы» 2013 жылы «Стратегиялық серіктестік туралы» мемлекетаралық шарттардың қабылданғаны белгілі. Бұл маңызды құжаттар да екі елдің бір-біріне деген құрметінің жарқын үлгісіндей.

– Қазақ пен өзбек халықтары – бауырлас халықтар, олар бір халық, бір ұлт. Жай ғана, бір халықтың көшпенді өмір салтын ұстанған жартысы мен отырықшы өмір салтын ұстанған жартысы. Қазақтың да, өзбектің де сүйегін құрап отырған бөліктер біреу өзіміздің қоңырат-найман, арғын-қыпшақ, қаңлы, жалайырлар, алшын, сіргелілер екенін көреміз.

Бұған негіз Құрметті Президентіміздің Өзбекстан бойлап Абай Құнанбаев шығармаларын дәріптеу бойынша шығарған қаулысы болды.

Абай Құнанбаев —қазақ халқының ұлы ақыны, жазба әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен бірге ұлы ойшылы. Оның поэтикалық шығармалары мен «ғақлия» сөздері пәлсапалық этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой пікірлерге толы.

Абайдың қарасөздеріндегі басты тақырыптардың бірі - мораль, тәрбие мәселелері. Бұл тақырыпқа 12-ші, 20, 36-шы, 44-ші сөздер кіреді. Ақын өлеңдерінде көтерілген адамгершілік, гуманистік мәселелер ғақдияларынды де терең, дәлелді пікірлермен берілген.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абайдың дүниенің дамуы жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстарын бір-бірімен өзара байланыста, үнемі өзгеріс дамуда болады, адамды қоршаған ортаның — табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы білуге болады деп қарастырады.

Абай «малыңды жауға, басыңды дауға» салып, өмірінді қор қылмай татулас, бірлесіп ел боп «Егіннің ебін, сауданың тегін» үйрен, «жан аямай кәсіп кыл» деп өсиет айтты. Ол қазақ ауылындағы тап тартысын кере білді, бірақ сол таптық қанаудан құтылудың жолы оқу, ағарту деп қарады.

Абайдың қарасөздерін тақырып жағынан топтасақ, он-он бір тақырыпқа бөлінеді. 1-ші сөзінде Абай жазуға кіріскендегі мақсатын айтады. Осы қарасөзінде ақынның айтпақ ойының өміршегдігі мен бүгінгі заманмен үндестігіне таң қаласыз: "... Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде кім ішінен сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған бел байладым"-дейді. Абай тек осы қарасөзінде ғана емес, барлық қарасөзінде бейне бір оқушысымен әңгімелесіп отырғанд ай, ол өзіне-өзі сұрақ беріп, оған нақтылы жауап береді. Ұлы ағартушы Абай өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Қара басының қамын ғана ойлайтын яғни тән қажеттігін өтеуді ғана ескеріп рухани қажеттілікті ойламайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімдер алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды. Оқудағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты.

Пайда ойлама, ар ойла
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге,— деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, парақорлықпен алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Ойында жоқ олардың
Салтыков пен Толстой.
Я тілмаш, я адвокат,
Болсам деген бәрінде ой,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



— деп сөкті. Жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен»— дейді.

Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып білім алған.
Би болған, болыс болған мақсат емес,
Өнердің бұдан өзге бәрі жалған.

Ел болу үшін қала салып отырықшы болу керек, егіншілікті кәсіп ету, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін терең түсінген ол: «Барынды салсаң да балана ғылым үйрет. Ғылым, өнер дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі...»— деп озық мәдениетті болуға үндейді.

Абай тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлді-- «Әне оны берем, міне мұны берем деп, бастан баланды алдағаныңа мәз боласың, соңынан балаң алдамшы болса кімнен көресің? «Боқта!» деп біреуді боқтатып, «кәпір қиянқы, осыған тимеңдерші» деп, оны масаттандырып тентектікке үйретіп қойып, «ку, сұм бол» деп, «пәленшенің баласы сенің сыртыңнан сатып кетеді деп, тірі жанға сендірмей жат-мінез қыласың» — деп, теріс тәрбие беретін ата-аналарды қатты сынға алады. «Ақыл ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қылап...
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап,

— деп кейбір жастардың іс-әрекетіне кейістік білдіреді.

Талап, еңбек, терен ой,
Қанағат, рақым-ойлап қой.

Бес асыл іс көнсеніз,— деп, ел қамын ойлаған жастардың бойында қандай қасиеттердің болуы керектігін тізбектейді. Ақылды азамат болу үшін адам бойындағы қасиеттердің қалыбы үш нәрсеге байланысты екендігін айтады:

«...Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек»,— деп адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық салғырттық, жалқаулық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді еске сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдылардан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңгізу, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді қастерлейді.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің 19-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді»—деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Абай «сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандық, тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сепгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т. б. жаман мінез деп есептейді. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай еткізгенің жайында өзіңнен өзін есеп ал»—дейді.

Жастардың белгілі бір өнер үйреніп, пайдалы іспен шұғылдануын, адал еңбекпен мал табуын уағыздаған ұлы ақын оларға:

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң, әрқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігің тап та, бар қалан,
Өмірден өз орныңды таба біл,
Қоғамның пайдалы азаматы бол, - деп өсиет айтады.

Абай үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ождан мәселелері қай қоғамда болмасын аса қажет, адамды қиыншылық атаулыдан аман алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің өзгермес заңы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз нысанасы екені даусыз.

Міне, осындай ұлы тұлғаның философиялық ой-тұжырымдарға толы дүниесін жас ұрпақтың санасына сіңіріп, ой-өрісін кеңейту бүгінгі біз сияқты педогогтар алдындағы басты міндет болмақ. Сондықтан да Құрметті Президентіміз айтқанындай ұлы ойшылдардың ізбасарлары болған Ұлы



ортадағы ғұламалар салған сара жолды жалғастырып, достықтың, туысқандықтың алтын көпірін жалғастыру қазіргі зиялы қауымның алдында тұрған үлкен жауапкершілік деп ойлаймын. Бүгіннен бастап-ақ екі ел ғалымдары алдында ұлы ақын-жазушылар туындыларын екі тілге аударып, болашақ ұрпақтар үшін түсінікті әрі қолжетімді етіп таярлау міндеті тұр. Арада біраз уақыт осы жұмыстар қолға алынбай қалды. Сондықтан да Мемлекет басшылары қолдап, жас ғалымдарға арнайы аударма мәселесіне көңіл бөлуіне мүмкіндік туғызса, және жас ғалымдардың білімінен орынды пайдаланылса бұл өте үлкен жобаларға жол ашар еді деп ойлаймын. Бұл әрине туысқандық қатнасты нығайтатын және бір үлкен бастама болар еді.

Әдебиеттер:

1. Kuttimuratova I. The influence of the karakalpak language on the speech of Kazakhs of Karakalpakstan // Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 73-2. – С. 39-40.
2. Kuttimuratova I., Bazarbaeva G. Dialectological peculiarities of the kazakh language of Kungrad region in Karakalpakstan //Chief Editor.
3. Kuttimuratova I., Mambetkerimov G. Overview of toponymic names in Kungrat district // Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 74-2. – С. 46-48.
4. Kuttimuratova I., Bazarbaeva G. Dialectological peculiarities of the kazakh language of Kungrad region in Karakalpakstan //Chief Editor.
5. Kuttimuratova I., Mambetkerimov G. Onomastic term of kungrat district of Karakalpakstan //Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 74-2. – С. 43-45.
6. Quttimuratova I. A. Lingua-geographical study of the lexical dialectology of the kazakhs in the Republic of Karakalpakstan //Theoretical & Applied Science. – 2019. – №. 12. – С. 674-677.
7. Abdiraxmanovna, Q. I. (2016). Professionalisms connected with fishing in the language of the Kazakh people in Muinak and Kungrad regions of Karakalpakstan. Austrian Journal of Humanities and Social Sciences, (5-6), 34-37.
8. Куттымуратова Ы. А. Изучение лексики казахского говора Кунградского района в лингвогеографическом аспекте //Вестник Челябинского государственного университета. – 2011. – №. 13. – С. 84-86.
9. Taubaevich, Koblanov Zholaman, and Tortkulbaeva Tursynay Abdigaziyevna. "The Role Of William Shakespeare's Work In The Development Of European Literature." Journal of Positive School Psychology 6.8 (2022): 299-304.
10. Zholaman Taubaevich Koblanov, Tursynay Abdigaziyevna Tortkulbaeva, Yrysty Abdirakhmanovna Kuttymuratova, Kuvondik Ayitbayevich Kadirov, Akmaral Nurkodjaevna Otarova, Raushan Maratovna Kametova Taubaevich K. Z. The Role Of William Shakespeare's Work In The Development Of European Literature //Journal of Positive School Psychology. – 2022. – Т. 6. – №. 8. – С. 299-304.



АБАЙ ӘЛЕМІ: ЕЛДІК МҮДДЕ МЕН АДАМ МҰРАТЫ (Хакім Абайдың «Қарасөздер» қазынасын қайта оқығанда)

Рақымжан Тұрысбек,

филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан: Астана, ЕҰУ, Қазақ әдебиеті кафедрасы-8.701.480.2303)

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272039>

Абайдың шығармашылық қазынасы – байтақ әлем: қайта қарап, оқыған сайын тереңіне тартып, жаңа бағыт, кең өріс, көркемдік кеңістігімен назар аудартады. Хакім Абай бастапқы тұстан-ақ: «...өз сөзім - өзімдікі» дегенді анық айтып, келесі кезектегі мақсат-мұраттарын айқындап, осы бағыттағы ұстаным-көзқарастарына мықтап табан тірейді. Көрген-білгенін, таным-тәжірибесін, танып-түстегенін ақыл-көрігінде қорытып, сана сәулесінен өткізіп, таразыға салады (1.270). Әсіресе, адам-пенденің жаратылысына, табиғатына таңданысын жасыра алмайды. Өмірін, уақытын босқа өткізу, еңбегін-кәсібін бағаламау, білім-ғылым, тәлім-тәрбие ісіне мән бермеу т.с.с. ақиқатын айтып, бағасын беріп, маңызын ашады. Қысқа ғұмырдың алдамшы, өткіншілігіне де қапа болады. Баянсыз, тұрлаусыз сиқына бас шайқап, жаны жабырқап, көңілі түсіп, іштен тынады. Оның мән-мәнісін былай білдіреді: «...бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айқастық, тартыстық-әурешілдікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық: қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік...». Бұған қоғам, өмір, тұрмыс-тірліктен мың сан дәлел-деректерді тілге тиек етеді. Адам мен оның өміріне, еңбек мұраттарына, тұрмыс-тіршілігіне терең мән береді.

Алдағы өмірге барлау, талдау жасайды. Адам мұраты, өмірі мен еңбегіне еркін енеді. Өмірдің бұралаң жолдарына, кәсіп-дағдыларға, тұрмыс-тірліктің мың сан арналы, тайғақ кешуге толы тараулы жолдарына көңіл тоқтатып, көз жібереді. Әсіресе, ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, соғылық қылып, дін бағу, балаларды бағу сынды сан салалы, алуан арналы бағыт-бағдарларға, өмір-тұрмыстың, уақыт-сынаптың сырлы сипаттарына ден қояды. Оның арасында білім-ғылым, кәсіп-қызмет, дәстүр-дін, тәлім-тәрбие иірімдеріне де көңіл бөліп, жіті назар аударады. Бәріне де мән-маңыз береді. Басым бағыттарына еркін енеді. Сыр-сипаттарын ашады. Нәтижесінде, сөз жоқ: «өз сөзім - өзімдікі» деген қағидалы көзқарастарын алға шығарады. Өмір мұратына ден қойып, тәлім-

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



тәжірибесіне тоқтайды. Мұның өзі: «Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді» деген өмір философиясынан алынған толғам-толғаныстарымен табиғи үндесіп, сабақтасып-ақ тұр. Шындық шырағы да танылады. Бастысы, әрине өзі өмір сүрген қоғамдық құбылыстарға, кезеңдік көріністерге, адам әдемі мен еңбек, тұрмысына, уақыт тынысына жіті көз, сергек көңілмен қарайды. Көбінде көңілге кірбің ұялатқан келеңсіз, көлеңкелі көріністерді, кедергі-қайшылықтарды қалт жібермейді. Соның себеп-сырларына үңіледі. Демек, Хакім Абайдың - «Бірінші сөзі» өмірден алынған, тәжірибеден өткен маңызды мәселелерді қозғайды. Өз өмірі мен уақтысындағы басты бағыттарды тап басып, соған қатысы мен көзқарастарын, мүмкіндіктерін кең көлемде айқындайды. Бастысы, әрине өмір өрнектерін, білім-білігін, тәлім-тәжірибесін - «ақ қағаз бен қара сияға» сыйғызып, «өз сөзім- өзімдікі» екенін байыпты баяндайды. Бұдан байқалатыны: Хакім Абай өмірдің бұралаң жолдарынан өтіп, қоғамның кедергі-қайшылықтарын көріп, адам мен оның еңбегінің ұнамды һәм ұсқынсыз сиқын да танып-түстейді. Көңілді кеңге салған сәттері де бар. Жүрекке салмақ түскен тұстарын да бүкпесіз баяндайды. Өлшеніп берген өмірдің мағынасыз, мәнсіз қалпына кейіс те білдіреді. «Адамзат - бүгін адам, ертең топырақ» екенін де еске салады. Орайлы тұста:

«Қадірлі басым,

Қайратты жасым.

Айғаймен кетті амал жоқ.

Болмасқа болып қара тер,

Қорлықпен өткен қу өмір,- дегенді де жасыра алмайды. «Ойға түстім, толғандым, Өз мінімді қолға алдым», - дейтіні де осы кезеңге дөп келіп тұр. Өмір мұраты мен маңызын да осы тұстан бағамдайды. Біздіңше, Хакім Абайдың: «Өз мінімді қолға алдым», - деген қалпы мен қауіпін, ауыр халін арғы-бергі кезеңнің бетбұрысты һәм белесті тұстарынан көптеп кездестіреміз. Бұған Хакім Абайдың «Қарасөздерін» қайта оқығанда, үміт ұлғайып, арман-аңсарларына қарышты қадаммен ілгерілейтініміз анық. Өмірдің қыр-сырына қаныға түсеміз. Уақыт тынысына еркін еніп, қоғамдық һәм кезеңдік көріністерге, адам өмірінің бұралаң жолдары мен тағдыр-талайына көңіл көзімен үңіліп, «мыңмен жалғыз алысудың» мән-жайына қанығып, терең сезінеміз. Мезгілдің салмақ-сырына ден қоямыз. Қоғам, адам, өмір, уақыт бедерін терең тани түсеміз. «Сезімпаз көңіл, Жылы жүрек» те, «Улы сия, ащы тіл» де айқын танылады. Нәтижесінде:

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Өмір, дүние дегенің,
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің,
Ойлай берсең, у екен,-

деген қорытындыға келеді. Адам мұраты айқындалады. Өмір-уақыттың бағасы көрсетіліп, сыр-сипаттары ашылады. Мән-маңызы айқындалады.

Ақиқатында, «Қарасөздердің» тұтас табиғатынан:

- ұлт мұратының өзекті тұстары танылып, оның өзі арғы-бергі кезеңдердің артық-кем жайттарымен қатар, салыстырыла беріледі;

- арғы тарихтың тағылымды тұстары да, кешегі кезең көріністері де өмір өрнектерімен өріліп, байланыс-бірлікте баяндалады;

- ақиқаттың аты - хақ, хақтың бір аты - Алла екендігі басты мұраттарға арқау етіледі. Алла тағала – өлшеусіз, ал ақыл - өлшеулі болатындығы, әрбір ғалым-хакім емес, әрбір хакім-ғалым аталатыны өмір өрнектерімен, тәжірибемен сабақтастығы да айқын аңғарылады;

- ұлт пен ұрпақ қамы, адамшылық әлемі, жасампаздық жолы, ізгілік пен игілік иірімдері, білім-ғылым жүйесі, тәлім-тәрбие жайы, махаббат пен ғаделет сипаттары кәделі, сауапты істер арқылы жүйелі жеткізіледі;

- адамзатқа ортақ - жан мен тән, адамшылыққа жат: надандық, еріншектік, залымдық, арамдық, жамандық (жемек,кимек,күлмек,ішпек,сүймек,мал жимақ,мансап іздемек т.с.с.) қырлары кеңінен көрсетіледі;

- ең негізгісі, Хакім Абай адамға ортақ асқақ мұраттар мен адамшылыққа жат келеңсіз көріністерді кезең шындықтарымен сәйкестікте сабақтап, уақыт бедерімен бейнелі безбендеп, өмір-тұрмыстың мысал-деректерімен нанымды сөз етеді. Нәтижесінде, кезең-уақыттың өзекті мәселелерін қоғам, замана шындықтарымен байланыста баяндайды. Келеңсіз һәм өрескел оралымсыздықтар, оның өмірдегі көріністерін, адам-пенде бойындағы кереғар сипаттардың күйініш-сүйінішті жайттарымен қоса қабат көрсетіп, нанымды ашады. «Сұм-сұрқия, қу заман» шындығы ашылады. «Құйрығы шаян, беті адам» кейпіндегі - «толық адамның» баянсыз мәнін, жағымсыз, жұғымсыз, ұсқынсыз, сиықсыз сиқын қатты мінеп, сын тезіне салады.

«Қарасөздер» табиғаты мен тағылымына еркін енсек, «Хакім Абай ұлт мұраты, елдік мүдде мәселесін – еңбек, білім, ғылым, өнер төңірегінде кеңінен өрбітеді. Алыс-жақын елдердің (мысалы,орыс,ноғай,сарт т.с.с.) өмір-тұрмыс,кәсіп-дағдыларына,дәстүрлеріне ден қояды: «...сарттың екпеген егіні

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзімен өзі әуре болып, бірімен-бірі ешбір шаһари жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малынды кірелеп, сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық - бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда.

...Оның бәрі бірін-бірі қуып, қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық әсері».

Ал, надандық пен жалқаулық, еңбексіз бен жылпостық, залымдық пен зұлымдық, ұрлық пен бұзақылық сыры былай беріледі: «...ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі - қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз - қорқақ, мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ-қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз-надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады». Бұл тұстардан, сөз жоқ өмір-тұрмыстағы кәсіп-дағды, дәстүрден өзге, еңбек мұраты басым бағыттарға ие болады. Әр елдің өзіндік өзгешелігі, қалыпты жайттары еске алынып, «еңбек етуге, мал табуға» арналатындығы үлгі-үрдіс ретінде көрсетіледі.

«Қарасөздер» қазынасының асыл арқауы мен басты бағыттары – Адам әлемін, еңбек болмысын, өмір өрімін ашуға арналады. Осы реттен келгенде, адам мұраты мен адамшылық жолы, ар мен ұяттың маңыз-мәні мынаған келіп саяды: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды»

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады». Біздіңше, бұл жерде өмір мұраты алдыға шығып, елдік мүдде, адам еңбегі, дос-дұшпан, жақсы-жаман қасиеттер, бос уақыт мәні, мал-жан сыры айқындала түседі. Оның қадір-қасиеті, белгі-ерекшеліктері жан-жақты ашылады.

Хакім Абай білім-ғылымға, өнерге өзгеше қарайды. Оны оқып-білу, үйрену керектігіне көп көңіл бөледі. Оған қатысты: «Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі», - дейді. Одан кейінгі жерде: «...ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!..Көрсек қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Одан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды ақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын? Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!», - дегенді анық айтады. Ақиқат хақында айтқанда: «Хақтың бір аты - Алла, ғылым-Алланың бір сипаты», - дегенді баса көрсетеді. Иман ісін алға шығарады.

Бұдан байқалатыны: Хакім Абай өмір мұратын өзіндік тәжірибелермен байытып, келеңсіз көрініс, кедергі-кемшіліктерді анық көрсетеді. Ел әңгімелерін, халық даналықтарын назарда ұстап, адам мұратын, өмір сырын, еңбек сипатын кең көлемде ашады. Ақыл-парасат, білім-ғылым, тәлім-тәрбие мәнін айқындап, олардың басты нысаны, түпкі нәтижесі адамгершілік жолына апаратын - адастырмас компос екенін баса көрсетеді. Демек, «Қарасөздер» кезең көріністерінің жиынтық сипаттамасы емес, керісінше қазақ қоғамына тән, адам өмірі мен еңбегінен, қарым-қатнасы мен тұрмыс-тіршілігінен орын алған ақиқат жайттардың шындығы. Өмір, тәжірибеден алынған, әрі білім-біліктің жиынтығы, әрі көркемдік-эстетикалық, мәдени-рухани қуаты жоғары, тағылымы мол қымбат қазыналар қатарына жатады.

Ақынның бұл бағыттағы ой-сөз жүйесі қоғамның барша саласын қамтып, оның өзі көбінде ел өмірі, дәстүр мен дін, тәлім-тәрбие, тұрмыс-тіршілік баянын айқындай түседі. Айталық, оның қайсыбір тұстары – жалығу / 20-сөз/,мақтан / 21-сөз / төңірегінде өріс алады.

Ақынның жалығу мен мақтанға қатысты көзқарастары – «бір қуаныш,бір жұбаныш» төңірегінде кең өріс алады (23-сөз). Халқымызда, өмір-тұрмыста жиі ұшырасатын – жақсы-жаман, дос-дұшпан, надан-залымның әрекет-қимылдары,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



«көппен көрген - ұлы той» дегенге табан тіреу сынды ерекшеліктердің қырсыры ашылады. Сайып келгенде, ақын оны әуел баста-ақ: «...қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш бар», - деп түйін жасайды. Өмір мұратын, тәлім-тәжірибе тағылымын үлгі етеді.

Абай әлемінде – жүрек ісі, ақыл мен тіл мұраты терең көрініс табады. Ақын адам әлемін айқара ашып, ондағы қозғалыс-тіршіліктің басты факторы, өмірдің өзекті һәм өшпес қуатты қайнар көзі – жүрек шындығын, ақыл-парасат нұрын, дін-дәстүр әсерін, рух пен тіл мүмкіндіктерін кең көлемде ашады. Адам мұратын, өмір мәнін, тіршілік нәрін - жүрек ісімен сабақтастықта сөз етеді. «Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма?» деп өмір-тірліктегі жүрек ісі арқылы жүзеге асатын жағдаяттарға айрықша мән береді. Ақын айтқан: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» мәселесін, «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі», «Күйесің, жүрек, күйесің» сынды ар-ұяттың маңыз-мәнін елдік мүдде тұрғысынан, парасат биігінен қозғайды. Өмір мұраттарына ден қояды. Тұрмыс-тіршілік тынысына назар аударады. Нәтижесінде: «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады» дегенді анық айтады (14-сөз). Ал: «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» дегенінен «жүрек-таразы» екенін, алға тартады (14-сөз). Мұның өзі-қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнер айтысындағы – «жүректі жақтадым» деуі (17-сөз), сосын: «адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озық» екенін тап басып көрсетуі өмір шындығы еді (18-сөз).

Тегінде, ақыл-парасат, жүрек ісі, тіл қуаты – адам-пендеге берілген артықшылық, мол мүмкіндік болса, оның қоғамдағы, өмір-тұрмыстағы көлеңкелі көріністері кім-кімге де ой саларлық. Абай айтқан: «ақылды кісі мен ақылсыз кісінің» (15-сөз) әрекет-қимылдары осыған келіп саяды. Оқып көрелік: «...есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып, іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ ойласа, көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Егер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші-әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір түрлі дерт болады екен, уа әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде, яки эне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен...Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» (15-сөз).

Бұдан, сөз жоқ Абай әлемінің шексіз-шетсіз кеңістігін көріп қана емес, сонымен бірге ақылды һәм ақылсыз әрекеттерді, өмірдің өткінші-өкінішті тұстарын, уақыттың бағалы-қызықты сәттерін, жастық пен мастық сырларын т.с.с. қоғам, адам, өмір шындықтарымен байланыста көрсетіп, оның әлеуметтік мәнін, адамшылық жолын, фәлсафалық факторларын тәлімді тәжірибе тағылымдарымен өзектес өрбітіп, сыр-сипаттарын сенімді сөз етеді. Басты байлық – Адам факторын бар қырынан ашып, оның ішінде қоғамның қозғаушы күші, айрықша ақыл-парасат иесі екендігін тап басып, қадап айтады. Назар аударарлығы, Абай әлемінің қайсібір тұстарынан-ақ қоғамдық-кезеңдік көріністерге сергек қарап, өмір-уақыт сырларына еркін еніп, осының негізінде замана шындықтарына айрықша мән беретіні көрінеді. Ол поэтикалық мұрасынан да танылады:

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек.
Харакет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.

Өркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек.
Заманға заман күйлемек,
Замана оны илемек.

Бұл- заман шындығы. Өмір сыры. Уақыт тынысы.

Абай мұрасында адам өмірінде кездесетін пайдалы һәм зиянды әдет-дағдыларға, келеңсіз көрініс-құбылыстарға кең орын беріледі. Оның қоғамға, адам өмірі мен еңбегіне, ақыл-парасатқа, білім-ғылымға кері әсері кеңінен

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



көрсетіледі. Оның бір алуаны жан-жүрек, көңіл толқыны төңірегінде өріс алса, келесі бір сарасы байлық-мақтан (42-сөз), «ой кеселдері» әсерінен туындайды:

«Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар:

әуелі-көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

екінші-сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;

үшінші-сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек;

төртінші-ой-кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.

Ой-кеселдері: уайымсыз, салғыртық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе-күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

«Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу-мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы кедей де болса, аз да болса орны төрде, майлы атқа, майлы етке қолы жетеді. Желөкпелеу, мақтаншақ байларды: «сіз айтсаңыз, отқа түсуге бармын» деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ содан алып киімін бүтейтіп киіп, тәуір атын мініп алып, қатарлы бір құрметке жетіп жүре береді».

Жинақтап айтқанда, мұның бәрі-баршасы – адамшылық жол, әділетті іс, ғибратты тәлімге кері әсері көп-ақ. Кереғар, көлеңкелі тұстары да мол. Орайлы тұста, Абай «ой кеселдерінен» арылу-тазару һәм сақтануды алға тартады. Оның қоғамға жат, адам мен оның еңбегіне кері әсері барын – ақыл-парасат, білім-ғылым, игілік-ізгілік, жасампаздық жолы арқылы жүйелі жеткізеді. Ақыл-парасатқа, білім-білікке ден қойып, терең мән береді.

Дәстүр мен дін төңірегіндегі Абай ұстанымы кезең, уақыт шындықтарымен сейкес келеді: «Қазақ құлшылығым құдайға лайықты болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны. Саудагер несиесін жия келгенде, «тапқаным осы, біттім деп, алсаң-ал әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді. «Оқымадың демесе болад тағы, тілімінің келмегенін қайтушы ед» дейді.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?» (16-сөз).

Абайдың - «кербездің ісі» (18-сөз), бай-болыс, би-мырза туралы талғамдарынан (22-сөз) адам әлемінің қыр-сыры, өмір-дүние дидары, уақыт бедері нанымды ашылады. Ал, қазақ мақалдарына қатысты көзқарастардан өмір өрнектері, тәжірибе тәлімі, уақыт бедері, шындық шырағы терең танылады: «Қалауын тапса қар жанады», «Сұрауын тапса адам баласының бермесі жоқ» деген ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп қорлықпенен өмір өткізгенше малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған аттың несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып мінбей-түспей, арып, шөмендеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны. «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар? Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың қылығы емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-анасын сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек» (29-сөз).

Ақын мұратынан айқын аңғарылатын басым бағыттардың бірі - білім-ғылым жүйесі. Ақын бастапқы тұста - білім-ғылым ісіне қадам басу үшін талаптың керегін, оның «біраз шарттары» барын еске салады. Білім-ғылымға құштарлық арман-аңсарлармен шектелмейді. Оның үстіне біліп-көріп, көңілге тоқығанның мәні зор. Мақсат айқын, бағыт белгілі болу керектігі көрсетіледі. Ар ілімі үлгі етіледі. «... ғылымды, ақылды сақтайтұғын - мінез» жөнінде де байыпты байламдар жасалады. «Мінездің беріктігі» - ақылға, арға қызмет ету керектігі назарға алынады (32-сөз).

Басты аңғарылатын жайт: Хакім Абай ақыл-парасат, білім-ғылым жүйесін бар асылдан да жоғары қояды. Жер-жаһандағы жақсылық һәм жасампаздық жолы, игілікті іс пен ізгілікті қадамдар – адам ақыл-ойының, білім-ғылым жетістіктерінің жемісі екенін мың сан мысал-дерекпен де, өмір тәжірибесімен де, тәлім-тәрбие тағылымдары арқылы да жүйелі жеткізеді. Өмір тағылымдарын үлгі, үрдіс ретінде еске алып отырады.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абай осы бағыттаған ой-сөз желісін - жан мен тән қуаттары төңірегінде тереңдете түседі (41- сөз). Адам мұраты, өмірі мен еңбегі - жан әлемі арқылы өріс алса, тән қуаты - байлық, дәулет арқылы көрініс береді. Адамшылық жолы, талапсыздық әрекеті - жан һәм тән қуаттарының артық-кем тұстарын-ақыл, қайратты тең ұстап, өмір-уақыттың өлшемі етіледі (43- сөз).

Абайдың талап пен талапсыздық төңірегіндегі көзқарас, ұстанымы (44- сөз) қазақ қауымының дүниетанымымен сәйкес келеді: «Адам баласының ең жаманы - талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен-бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Өрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады...

Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды-дағы, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, қазақтың бетінен оқып іздеген талап емес.

Анық үшін кітап сөзіменен іздеген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді.

Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңды қыла бер, көкіректі дым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап қайдан оқып, ұмтылған талап екенін білерсің» (44- сөз).

«Қарасөздердің» үздік үлгісі, өрнекті өнегесі - 37- сөзде жинақы, жүйелі беріледі. Хакім Абай мұнда өмірдің өрнекті тағылымдарын, тәлімді тәжірибелерін барыншы қонымды, қысқа-нұсқа үлгіде жеткізеді. Хакім Абайдың даналық мәйегіне айналған, ақыл-нақыл, өсиет сөздері ағартушылық һәм дидактикалық сипаттарымен де мәнді. Ғибраттық-танымдық қуаты мол. Өміртанытқыштық-тағылымдық қырлары да маңызды болып табылады. Әсіресе, адам әлемін, оның өмірі мен еңбегін, кәсіп-дағдысын, тұрмыс-тіршілігін, жақсы-жаман жағдаяттарды, дос-дұшпан әрекеттерін, отбасылық тірлікті, әке мен бала, ер-әйел қарым-қатынасын, байлық пен билік, бақ пен тақ, т.с.с. белгі- ерекшеліктерін, сыр-сипаттарын нақты әрі нанымды ашады:

« 1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

1. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.
2. Әкесінің баласы - адамның дұспаны. Адамның баласы - баурың.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



3. Өзің үшін еңбек қылсаң өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.

4. Мен егер закон қуаты қолымда бар кіс болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

5. Егер ісім өнсін десең, ретін тап.

6. Биік мансап-биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады. Жікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды.

7. Дүние-үлкен көл, заман-соққан жел, алдыңғы толқын-ағалар, артқы толқын-інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.

8. Жаман дос-көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.

9. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.

10. Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң - өзің ғана тілейсің» (37-сөз).

Демек, Абайдың даналық мәйегі – ақыл-нақыл, өсиет сөздері адам мұратын, өмір сырын, уақыт тынысын тап басып, тәжірибе тәлімі мен тағылымын, ой-сөз жүйесін қысқа-нұсқа үлгіде беруімен мәнді болып табылады. Ақыл-парасат нұры, өмір танытқыштық сыры мол.

Жинақтап айтқанда, Хакім Абайдың «Қарасөздері» поэзиялық туындыларынан өзіндік өзгешелігі бар, өмір тағылымы мен тәлімдік қырлары басым еңбектер қатарына жатады. Оның көпке ортақ ұнамды тұстары әркез-ақ зиялы қауым мен зерттеушілер назарын аударғаны анық. Айталық, алғашқы Абайтанушы - Ә.Бөкейхан Абай әлемінің қыр-сырына еркін енеді: «Абай он-он екі жастар аралығында қазақ даласында жүріп хат таныды. Ал он екі жасындағы Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түседі. Абай он төрт жасында сонда жүріп үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседегі және үш айлық орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік оқуы аяқталады. ...

Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді» (2.310).

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ал, М.Әуезов пен Ж.Аймауытұлы «Абайдың өмірі һәм қызметі» атты мақалада («Екеу» бүркеншік есімді қолданған) Абайтанудың өзекті мәселелеріне ден қояды: «Абайдың ең бір артық өзгешелігі заманның ыңғайына жүрмей өзінің «өздік» бетін мықтап ұстап, ақылға, ақиқатқа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұнжыарлық кемшілік, міннің ортасында туып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі жырақта жүріп қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы.

... Абайдың пайдасыз сөзі жоқ. Ахлақ, адамшылық туралы айтқан терең мағыналы, үлгілі сөздері кемшіліктің мінезін тәрбиелеп, ақыл көзінің ауданын кеңейтпек. Жүректен толғанып, ыза мен қайрат айдап шыққан қайғылы, хафалы, зарлысөздері адамның ақылын өз ішіне үңілтіп, жанымен сыр таластырып ұғып, оқып түсіндіргендердің сезімін тәрбиелемек»(3.1-3).

Абай әлемі, ондағы ел мүддесі мен мұраты, руханият құндылықтары әр кез-ақ ұлт қайраткерлері мен қаламгерлерінің, ғалым-ұстаздардың назарын аударып келгені анық. Айталық, академик М.Әуезов Абайдың ақындық мұрасы мен «Қарасөздері» хақында былай ден жазады: «... Абайға ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек боп танылады. Ол надандық, зорлық, жуандық, пәле-қорлық сияқты атқамінерлер мінезімен мықты тұрып алысуға кіріскен еңбегі. Абайды кейінгі буынға және сол кездегі қалың елге, көпшілікке, саналы жастарға нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі. Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық надандықпен кектене алысады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады» (4.166). «Қарасөздер» көркем прозаның өзіне бөлек, Абайдың өзі тапқан бір алуаны болып қалыптанады. Бұл сыншылық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» (5.168). Абайдың «Қарасөздеріне» қатысты ғалым-тілші Р.Сыздықова төмендегіше ой қорытады: «Қарасөздерді» көлемі жағынан шағын-шағын 46 бөлек шығарма құрайды. Олардың жанрлық сипаты да әр түрлі: көбі публицистикалық туындылар, 46-сөз деп берілгені білім-таным үлгісіндегі тарихи очерк, 25-сөз Сократ пен Аристотельдің әңгімесі деп берілген мысал, өсиет, 5-сөз мақал-мәтелдерді талдаған филологиялық этюд, 37-сөз афоризмдер жиынтығы, 7-сөз психологиялық тақырыпты қозғаған этюд, 43-сөз философиялық толғаныс, 38-сөзді мораль мәселелері жайындағы ой-пікірлері болып келетін ғылыми-публицистикалық еңбек деп ажыратуға болады.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



... Абай прозасы тілі мен стилі жағынан толық қанды шығармалар екенін баса айтамыз. Бұл туындылардың басымы дидактикалық әңгіме философиялық этюдтер, тарихи очерктердің алғашқы үлгілері, қазақ жазба дүниесіндегі таза ұлттық тілдегі соны бастамалар деп танымыз. Ұлы Абайдың сан қилы еңбегінің бір қыры да осы жерде» (6.108,110).

«Абай» энциклопедиясында ақынның өмірі мен шығармашылық қазынасына кең орын беріледі (7.327-352).

Абай әлемі, әсіресе ақындық өнерден тыс өзгеше өрнекті, ерекше еңбегі - «Қарасөздері» екені анық. Асылы: «Абайдың қара сөздерінің» соңғы нұсқасы Мүрсейіттің 1905,1907 және 1910 жылдардағы қолжазбалары бойынша жарияланып келеді. «Қара сөздер» деген атау өлең сөзден бөлек шығарма мағынасын білдіреді. Өлең өнерін қазақ қара сөз демейді. Қара сөз «проза» деген мағынада айтылған. Қара сөз еркін ой білдіру формасы. Ақын өлеңдерінің кейбір күрделі дүниетанымдық мәселелері қара сөздерде тісіндірілген» (8.9).

Абайдың шығармашылық мұрасы көптеген әдеби-ғылыми еңбектерге, анықтамалықтар мен арнаулы кітап, жинақ және конференция материалдарына енді (9).

Анығында, Абай мұрасында әлеуметтік-тарихи жағдайлар, адам әлемі мен еңбегі, өмір-уақыт сырлары мол. Оның өзі профессор Х.Сүйіншәлиев айтқанындай: «Абайдың қарасөздері мен нақылдары - ақын шығармашылығының елеулі саласы, өлеңдерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалары. Сонымен бірге, әдеби жаңа түр, алғаш көрінген проза, публицистика. Ақынның тереңнен толғаған озық ойларының шынайы туындысы. Өлеңдерін туғызған тарихи әлеуметтік жағдайлар қарасөзінің тууына да себепкер. Ол - өлеңдерінде де ,қарасөздерінде де өмір шындығын, халықтың арманын, болашақ қамын көздеген жазушы» (10.911). Бұдан бөлек, академик-жазушы М.Әуезов Абай әлемін, ұлт руханиятындағы орын-үлесін кеңінен көрсетіп, жіті зерделейді: «...Бұл күнге шейін қақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінде қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасақ, үлкен адасқандық болады.

Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды....

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Қазақ әдебиетіне Абай кіргізген жаңалық көп. Абай-қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы:тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан - Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан...

Абайдың барлық өлеңі - қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш; қырдағы қалың қазақтың осы күнге шейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл - Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі» (11.227,230).

Қазақ руханиятындағы Абай дәстүрі де назар аударарлық деңгейде болғанын академик С.Қасқабасов жіті танып, байыпты бағалайды: «Абай дәстүрі мынадай сипаттарда көрінеді. Ол-әдебиетте жаңашылдық, поэзияда-әдемілік, қоғамда-әділеттілік. Осыларды алдыңғы қатарға қойған Абай үшін ең басты мәселе – сыншылдық пен шыншылдық. Бұлардан барып азаматкерлік (гражданственность) шығады, ол-сын мен шынды айта білу, өзінді түзей білу, жетілдіру. Бұл түптеп келгенде, өз ұлтыңды жетілдіру,сол арқылы қоғамды жетілдіру, дамыту. Міне,шындықты, қаншалықты ащы болса да айту, адамдағы кемшіліктерді, қоғамдағы келеңсіздіктер мен әділетсіздікті, қаншалықты ауыр, қауіпті болса да сынау-бүгінгі таңдағы біз үшін де актуалды, Абай дәстүрі осы. Абай осындай азаматкерлігі үшін жапа шекті, рухани жалғыздыққа ұшырады. «Моласындай бақсының жалғыз қалдым, тап шыным», -деуі осыдан. Ол қазақты жетілдірсем, қазақ қауымын өзгертсем, деп армандады» (12.103,104).

Абай мұраты мен тағдыр-талайынан да елдік мүдде, ұлттық мәселелер кеңінен көрініс береді. Оны зерттеуші Т.Жұртбай анық аңғарады: «...Абай-қазақ халқының ар-ожданы, ұлттық мақтанышы және намысы. Ол тек қана қазақ елінің тегін тектегенде ғана қасиеті артатын ұлы тұлға емес, қадым заманнан бері көшпенділер мәдениетінің барлық болмысын бойына сіңірген жиынтық қасиет. Абай қазақ ұлтының ұлт боп өмір сүргендігінің және ұлт ретінде өмір сүруге хұқы барлығының кепілі. Себебі, дүние жүзілік ауқымға сай қазақтың ұлттық санасын оятқан және оны қалыптастырған адам-Абай. Өзге де дара тұлғалар қазақ жерінде өмір сүрді. Алайда соның барлығы тұтаса келіп Абайды толықтырды...

Абайдың тағдыры мен тауқыметті толғаныстарының тамырын өзі өмір сүрген заманынан,отаршылдық езгіден бөліп алып қарау мүмкін емес. Осы уақытқа дейін Абайдың зарға толы өлеңдерін бай мен болысқа ғана қаратыла айтылған, орыстың шенеуніктерін ғана әшкерелеген деп бағалап келдік.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Шындығына сайғанда, Абай осы туындылар арқылы Ресейдің отаршылдық пиғылын, құлдыққа айналдырмақ болған құлқын қолқасымен суыра әшкереледі» (13.12,15).

Тұтастай алғанда, Абайдың «Қарасөздері», ондағы кеңінен айтылып, терең қозғалған мәселелер - «ел мінезінен» өзге: адам әлемі, қоғам, өмір, еңбек, тарих, таным, тұрмыс-тіршілік түйіткілдері, даңқ пен даңқырт, жалқаулық пен талапсыздық, салғырттық пен немқұрайдылық, жамандық пен зұлымдық, «дүние рахаты», ағартушылық һәм адамгершілік мұраттары, ақыл-парасат, білім-ғылым, тарих пен тағдыр, дәстүр мен дін, әдет-дағды, жан-жүрек, мінез-құлық, намыс пен сенім, сыр мен сипат, тәлім-тәрбие т.т. болып табылады. Елдік мүдде, адам мұраты бәрінен биік, асқақ көрінеді.

«Қарасөздер», яки Абай атап көрсеткендей: «өз сөзім - өзімдікі» шеңберінен шығып, «қойын дәптері» міндетін ғана атқармай, керісінше қалың көптің өмір тағылымдарын кең көлемде танып-түстеп, одан халқымыздың тағдыр, тұрмысынан жан-жақты орын алған әр алуан құбылыстар мен көріністерді, қилы кезең шындықтарын, ел-жерге қатысты қағидалы қисындарды, адам мұраты мен ортақ мүдделердің сыр-сипаттарын кең көлемде көрсетеді. Оның бәрі-баршасынан: Абай мұраты, арман-аңсарлары, көзқарас эволюциясы, елдік мүдде, адам әлеміне байланысты айтылған ақыл-кеңес, нақыл-өсиет, тәжірибе тәлімі т.т. өмір тағылымынан нәр алып, тағдыр талқысы тұрғысынан кім-кімге де ой салады. Кезең-уақыт шындықтары айқын. Адам мұраты мен ұстанымы маңызды мәнге ие болады.

Абайдың «Қарасөздер» атты прозалық мұрасы жанрлық жағынан дәстүрлі әдеби туынды, немесе әңгіме, естелік, мемуар үлгісі емес. Сондай-ақ, оқиғалы-сюжетті, толғам-толғаныс, нақыл-өсиет сөздер жиынтығына да жатпайды. Біздіңше, Абай әлемінің өн бойынан берік орын алған арғы-бергі кезең шындықтары, өз дәуірінің көріністері, ақиқат жайттардың жиынтығы басым бағыттарға ие болады. «Қарасөздер» қазынасы қоғам мен адам қарым-қатнасының берік байланысын, уақыт тынысының белгі-ерекшеліктерін бедерлі бейнелеген жан-жүрек пен көңіл толқынының көркем шежіресі. Тақырыптық-жанрлық ерекшелігі бар, болмысы бөлек, мазмұны ерек, тілдік мәнері, стильдік құбылысы өзгеше қазыналы биік. Өмір тағылымының, тарих пен танымның өрнекті өнегесі, үздік үлгісі. Абай әлемінің асқақ даңқы, биік тұғыры, көркемдік кеңістігі, мәдени-рухани айнасы.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Хакім Абайдың «өз сөзім - өзімдікі» екенін анық аңғартар - «Қарасөздер» мұрасының тұтас табиғаты мен тағылымынан: өмір тәжірибесі мен өнер өлкесіндегі көрген-білген, танып-түйген жайттары ұлттық тұрғыдан байыпты сараланып, ақыл-парасат арнасы, білім-білік көрінісі, талғам таразысы уақыт бедерімен байланыс-сабақтастықта өріс алып, одан елдік-қоғамшыл қасиеттері кең көлемде танылатындықтан, ұлт мұраты мен руханиятының арналы бастаулары мен қазыналы қайнарлары, мәдени-рухани Іәм көркемдік-эстетикалық құндылықтары айқын аңғарылады. Демек, Хакім Абайдың «Қарасөздер» атты қазыналы кеңістігі – халқымыздың арғы-бергі кезеңдердегі жемісті жетістіктерін, келеңсіз кемшіліктерін қатар көрсеткен, сондай-ақ адам мұратын, өмірі мен еңбегін, ақыл-парасат нұрын, білім-ғылым жүйесін, дін мен дәстүрді, тарих пен танымды, мәдениет пен тілді т.с.с. жүрек әмірі мен көңіл таразысына тартылып, тәжірибе тәлімімен байланыста баяндалатын парасат-пайымы мол тағылымды туынды.

Хакім Абайдың «Қарасөздері» - поэтикалық мұрасының көркем шежіресі, халық тағылымының өрнекті өлкесі, адам әлемі мен өмір мұратының тәлімді тәжірибесі, ұлттық сөз өнерінің жаңа көкжиегі, кең өрісі.

«Қарасөздердегі» елдік мұрат, адамгершілік жолы, ақыл-парасат өнегесі, өмір тағылымдары – жаңа бағыт, іргелі ізденіс, айқын мұрат, терең дүниетаным, шынайы шындық, өзгеше амал-тәсіл, тың ой, сарабдал сөз жүйелерімен сенімді өріс алатындықтан, қай кезең, уақытта да тарихи негізін, көркемдік мәнін, мәдени-рухани нәрін жоғалтпайтындықтан, жаңашылдық Іәм сабақтастық сыр-сипаттарымен қалың көпшілік жадына берік ұялары хақ. Қысқасы, Хакім Абайдың «Қарасөздеріндегі» ұлттық мұрат пен руханият арналарының басым бағыттары, кешеден-бүгінге ұласқан өрнекті өнегесі, үлгілі үрдістерінің маңызды қырлары мен тағылымды тұстары адам әлемінің алуан қырларын, өмірдің өшпес өрнегін кеңінен көрсетеді.

«Қарасөздер» - Абай әлемінің айнасы, ұлт руханиятының көркем шежіресі. Елдік мұрат-мүдденің, дін мен дәстүрдің, халықтық дүниетанымның, тарих пен танымның қазыналы қайнары. Өмірдің өрнекті, өнердің өрісті көркем көкжиегі. Уақыт бедерінің шынайы сырлары.

Хакім Абайдың жүрек сәулесі мен көңіл айнасын, ақыл-парасат нұрын кеңінен көрсететін – «Қарасөздері» адам мұраты мен өмір өнегесінің, халықтық дәстүр мен руханият қайнарларының мәңгілік сипаты. Кезеңнің шындық шежіресі. Болмыстың бүтін бедері. Елдік мәні, ұлт ұстыны.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



«Қарасөздер» - Абай әлемі, халық мұрасының қайнары, замана шындығы мен тағылымының сырлы шежіресі.

Хакім Абайдың «Қарасөздер» қазынасы – кеше мен бүгіннің көркем де сырлы шежіресі, елдік мүдде мен адам мұратының біртұтас тұғыры, қазақ руханиятының асқақ даңқы, болашақтың берік бағдары.

Әдебиет:

1. Абай. Қара сөз. Поэмалар. - Алматы: Ел, 1993.- 270 бет
2. Бөкейхан Ә. Абай (Ибрагим) Құнанбаев (Мүнәһиб-Некролог).- Таңдамалы (Избранное).- Алматы: Қазақ энциклопедиясы. Бас редакциясы, 1995.-310 бет
3. Екеу. Абайдың өмірі һәм қызметі.- «Абай», 1918, №2. -1-3бет
4. Абай. Таңдамалы өлеңдер.-Алматы: Жазушы, 1985.-166 бет
5. Өуезов М.Өр жылдар ойлары. -Алматы, 1959. -168 бет
6. Сыздықова Р.«Қарасөздер» қазынасы.- «Абай», 1993, №1-2.-108,110 беттер
7. Абай (энциклопедия).-Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра», 1995. - 327-352 беттер
8. Қазақ әдебиеті (энциклопедиялық анықтамалық). - Алматы: Аруна, 2005. — 9 бет
9. Өуезов М. Абай (зерттеу).-1933; Мұхтар Өуезов (энциклопедия).-2011; Нұрқатов А. Мұхтар Өуезов (зерттеу).-1957; Мырзахметов М.Абайтану тарихы.-1994; Тоқтаров Р.Абайдың жұмбағы (роман).-1999; Тәуелсіздік және Абайтану.-2010; Тәуелсіздік тудырған романдар.-2012, т.т.
10. Сүйіншәлиев Х.Қазақ әдебиетінің тарихы (оқулық).-Алматы:Санат,1997.- 928 бет
11. Өуезов М. Әдебиет тарихы.-Алматы:Ана тілі,1991.- 240 бет
12. Қасқабасов С. Абай.-Алматы: «Алматы» баспа үйі,2010.- 112 бет
13. Жұртбай Т. «Күйесің,жүрек...Сүйесің».-Алматы:Санат,2001.- 408 бет



АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫ

Карибаева Азиза Утегеновна,

*ф.ғ.к. қауымдастырылған профессор, РАМның корр. мүшесі Шерхан Мұртаза
атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық Университеті, Қазақстан*

Утегенова Асел Тимуровна,

Тараз қаласы, № 16 мектеп оқытушысы

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272041>

Резюме: В этой статье рассматриваются вопросы о том, что философские мысли Абая Кунанбаева. А так же философские взгляды в творчестве, поэзии и в словах Ғақлия.

Ключевые слова: мысль, мыслитель, дана, философ, философский мир, хаким, философские мысли, мировоззрение, галарей образов, философские взгляды и т.д.

Қазақ халқының бас ақыны, ұлы ойшылы, Абай Құнанбаевтың даналық әлемі бір төбе. Ұлы тұлғаның артына қалдырған мол мұралары, ғылыми тұрғыдан зерттелгенімен, әлі де біз білмейтін шығармаларының қатпарлы тұстары өте көп.

Ол өзінің өлеңдерінде, қара сөздерінде, аудармаларында, терең мағыналы ұғымдар мен тілі орамды ойларын жеткізе білген ұлы тұлға. Сонысыменде, Абай-дара, Абай-дана, Абай-данышпан, - деп түсінеміз. Өзінің алысты көрегендігімен шығыс данышпандарынан алған терең білімін, келешек ұрпақты тәрбиелеуге арнаған. Ол қазақтың философы, хәкімі. Мысалы, Абайдың «Өкінішпен көп өмір кеткен өтіп...» - деп басталатын өлеңі философиялық толғаныс болғандықтан мұнда ойшыл-адам, жан-адам, татулық, адамдық, достық, өкпе сызы, жүрек жігі, көңіл жүгі, кірлемеген көңіл,-деген сияқты сөздер ақынның толғаныстан туған сөздері.

Абайдың сөз кестесі керемет, адамға философиялық ой салады[1.207].

Мәселен, жастарды тәрбиелеуде, оның тіл құдіретіне таңданасың, мейлінше тәнті боласың. Мысалы, Сенде бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан... деген өлең жолдарында, сөздер тура мағынасында емес, белгілі бір көркемдік тәсілді қолданып, образдар галарейасын жасап тұр. Мұндағы ой «кірпіш» тас емес, жас адамның образы, ал «кетік» сөзі әрбір адамның қоғамда алатын орны, атқаратын қызметі болса, бұл сөздің номинативтік мағынасы емес, астарлы мағынада айтылған, адамның қоғамда өз орнын табуы арқылы, қызмет етуге шақыруы, бұл ақынның философиялық ойы, даналығы.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абайдың негізгі философиялық нысаны: жүрек, ой, көңіл, өмір, сөз, тіл, дүниетаным т.б. сияқты ұғымдар, адамның ішкі дүниесін, жалпы өмірді толғайтын ақынның ойшылдығы мен данышпандығы. Мысалы, ақынның философиялық толғауларында кездесетін мына бір толғанысы, ол «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген жолдан... басталатын өлеңінде, ақын жалпы адамзатқа тән әдет пен қасиет қылықтарды баяндай отырып, сөзді ұғарлық кісі болса, сонымен бірге мұндасады да, сырласады. Мысалы:

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір, қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық, артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек...

Бұл өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырған данышпандық сөзі. Оны түсінер жүрек пен естір құлақ болса, алды мен артын ойлап, ойланып барып шешім қабылдап, келешекке дұрыс көзбен қарар еді, - деген ой толғауы болатын.

Ал Абайдың азаматтық, ар-ұждан толғанысы, дүниеге, болмысқа деген көзқарасы – философиялық толғаныс. Өйткені, мұнда дерексіз ұғымдар сөз болады. Мәселен, Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінде ең алдымен «толғаныс», «поэзия», «сөз» деген ұғымдарды білдіретін «қызыл тіл» деген сөз тіркесінен бастап, ой, әдет, өлең, қайрат, толғаныс, пікір мағынасындағы: сөз, мінез, насихат, өсек, нысап, ұят, дәулет, нәсіп, еңбек, ар, өтірік, ұрлық, зорлық, тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, қулық, сұмдық, қорлық, дерт, талап, ғылым, жалғыздық, - деген сияқты қырыққа жуық дерексіз ұғым атаулары келтірілген [2.246].

Әрине, ақын бұл құбылыстың теориясын да, текст түзудің амал-тәсілдерінде оқып білген жоқ. Сондықтан да, Абай – көзқарасы. Мәселен, ой толғанысы, ойшыл адам, данышпан, - деген мағынада келсе, жан, адам, адамның жаны деген ұғымды білдіреді. Ал, татулық - адамдық, достық деген мағынада жұмсалады. Сондай-ақ, көңілдің көшуі - көңіл болмауы, өкпе сызы - көңілге алу, жүректің қарсы айырылуы - көңіліне алу, кірлемеген көңіл-шынайы көңіл т.б. - деген сөздер адамның рухани дүниесін байытатын философиялық ой толғаныстар.

Данышпан, әрі философ Абайда жиі қолданылатын сөздер «ой» және «жүрек» сөзі. Сондықтан, ақын тілінде көбінесе осы сөздерге байланысты эпитетті тіркестер кездеседі. Мысалы: қуатты ой, ескі ой, ылай ой, ұйықтаған ой т.б. Сонымен қатар, ынталы жүрек, жаралы жүрек, ызалы жүрек, ауру

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жүрек, асыл жүрек т.б. да эпитетті сөз тіркестері кездеседі[3,248]. Осы сөз тіркестерінің сын-сипат атауларымен келгенде, оның адамға байланысты образ беріп тұрғаны айқындала түседі. Мысалы:

Үрпиген жүрек басылмай,
Талапты көңіл елірмес...
Кірлеген жүрек өзі үшін,
Тұра алмас әсте жуынбай....

Сондай-ақ, ауқымды, салмақты ұғым атауларының бірі мен бірегейі: қайран сөз, түгел сөз, жел сөз, жылы сөз, бос сөз, босалқы сөз т.б. Мәселен, қазақта: Түгел сөздің түбі бір, Сөз атасы Майқыби, - деген нақыл сөз бар. Бұл аталы сөз, түсінген адамға арғы жағында философиялық ой-түйіні жатыр. Атақты түрколог ғалым Н.А.Баскаковтың классификациясының негізіне үңілсек, ол қыпшақ-ноғай тобынан таратқан: қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының атасы осы Майқыбиден таралған ұрпақ[4,207].

Мәселен, жүрек, ой, тіл, сөз, көңіл, дүние, өмір сияқты сөздерді білдіретін ұғымдар, адамның ішкі дүниесін білдіретін және жалпы өмір айнасын толғаған қызыл тіл, ойшыл ақынның философиялық негізгі нысаны болып табылады.

Ақынның философиялық толғауларында етістіктің мақ жұрнақты тұлғасы жиі қолданылған. Мысалы, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», - атты өлеңінде қимыл есімінің мақ жұрнақты тұлғасы метафизикалық ұғымның көрсеткіші сияқты ақынның философиялық толғанысы бар. Мұнда ақын адамзатқа тән жалпы қасиет пен қылықтарды баяндап, сөзді ұғар кісі болса, сонымен мұндасады, сырласады. Өйткені, әрбір ақынның немесе жазушының өз шығармашылығы оның досы, сырласы, мұндасы бола алады. Мәселен, мына бір өлең жолдарында кездесетін ой толғау:

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық, артта қалмақ,
Бір құдайдан өзгенің бәрі өзгермек...,

деп талдап отырған тұлға мен ұйқас құрайтын элементке ой екпінін түсірген деуге болады. Бұл өлең мазмұны жағынан өте бөлек дүние. Өйткені, мұнда философиялық ой толғаныс емес, замандастарының іс әрекетін айтып, ренжу, түңілу, ызалану мақсатында дос-сұм-сұрқия, орыс-әкімдер, жұрт, қазақ қауымы, жағымсыз іс әрекетке барып жүр, - дейді.



Мұндағы Абайдың айтпақ болған негізгі идеясы, философ, ойшыл ретінде толғаған тақырыптарына, жанрлық жаңашылдықтарына сәйкес кейбір сөздерді жиі қолданып, әдеби тілдің актив сөздік қорына айналдырғаны ерекше көзге түседі. Дегенмен, ол гуманист, дүние жүзіндегі ұлы гуманистердің алдыңғы қатарында, өзгелерден айрықша тұрғанын танытады. «Гуманизм» дегеннің өзі, әділдікті жақтау, адам баласына қажетті игілікті істерді уағыздаумен адамды сыйлап, оған жақсылық жасау принциптеріне сүйенетін болса, Абайдың өз өлеңдерінде, қара сөздерінде, ең алдымен жырлағаны имандылық, адамгершілік қасиеттері болды. Мысалы, ақын өз шығармашылығында адамдық, «адамгершілік тұлғасын» және «адамгершілік» мағынасындағы сөзді отыздан артық қолданған. Мәселен, «иман» сөзін өз тіліне 59 рет үйірген, дейді Р.Сыздық [1, 225].

Өйткені, «имандылық» дегеннің өзі «гуманизм». Ал адамды имандылыққа шақыру, оны таныту – гуманист суреткердің міндеті. Иман-сөзі о баста «ислам дінінің бес парызының бірі» дегенді білдірген. Ал терминдік мағынасын Абайдың түсіндіруінше, «Алла табарака уа тағаланың бірлігіне, барлығына жіберген жарлығына мойынсұнып, иланбақ»-деп сенгені болғанымен, бұл сөзді қазақтың халық тіліне: «адамгершілік ізгілікке» деген сенім ұғымында жиірек қолданылған.

Абайдың өзі Аристотель сөзімен айтқанда: Ұятың мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер, -дегенінде «иман» сөзі діни нанымды ғана емес, ар, ұят сияқты адамгершілік қасиетті сақтап тұр. Мысалы:

Ішім-өлген, сыртым-сау,
Көрінгенге деймін -ау.
Бүгінгі дос - ертең жау,
Мен не қылдым япырмау,

- деген өлең қатарындағы іш-сырт, өлген-сау, бүгінгі-ертеңгі, дос-жау деген төрт жұп антонимді қолданған

Сонымен қатар, ақын: «өмір мен өлім», «жақсылық пен жамандық», «достық пен қастық» «білім мен надандық» сияқты кереғар құбылысты көрсету арқылы өмірге деген өзінің көзқарасын, философиялық ой түйінін білдіреді.

Абай өзінің «Сегізаяқ» атты өлеңінде философиялық, азаматтық, суреткерлік ой толғамдарын білдірген. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынов та өткен ғасырдың басында, елдің ұлттық тәуелсіздігінен айырылып, отарлау

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



саясатының арқасында жұрттың күн кешіп отырғанын және халықтың ғылым білімнен құр қалғанын халқына паш етеді. Мәселен:

Қазағым-елім,
Қайқайып-белің.
Сынуға тұр таянып,
Талауда-малың,
Қамауда-жаның,
Аш көзінді-оянып.
Қанған жоқпа әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?

-деп қазақ қоғамының ұлттық намысын оятпақ болады. Бұл идея Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл ақындық, ағартушылық қызметінің лейтмотиві болса, өз ойын айтатын өлеңін Абайдың «Сегізаяғының» үлгісімен жазу болды [5.]

Абайдың ойшылдық табиғаты өз мәнінде ашылмады. Абай заманындағы еңбектерде ол ағартушы деген идеологиялық түсінік қалыптасты. Оның философиялық ой-толғамдарға құрылған қара сөздерін «нақыл сөздер» -деп түсіндірді. Бұл заманның сол кезеңдегі ойлау деңгейінің көрсеткіші болатын.

Ал кезінде Ахмет Байтұрсынов Абайды «Қазақтың бас ақыны» -деп таныған болса, ал Мағжан Жұмабаев «Алтын хәкім Абайға» деп өлең жырларын жазған. Осы дәстүр өз жалғасын тауып, қолдаушыларын таба бастағанда, кеңестік қоғам оған тоқтау салып, Абайға «ағартушы» деген ғана «дәреже» қалдырды.

Ал оның өзі Мұхтар Әуезовтың қажырлы еңбегінің нәтижесінде болған. Абай «философия» деген терминді өз өмірінде тіпті қолданбаған. Өйткені, оны «христиандық дүниетаным» - деп есептеген. Ол философиялық бұлақтың бастауынан нәр алып, сусындаған ақын. Абай мойындаған философтар: Сократ, Платон, Аристотель болатын.

Ал бұлардың заманында христиандықта, исламдық та діни жүйе анықталмаған. Дін туралы ұғым, түсінік, жүйе, басқаша болатын. Дін идеологиялық және ағартушылық қызметтеріне енбеген кез еді. Сол замандағы Абайды қызықтырған грек ойшылдары. Батыс философиясының, мәдениетінің христиандық ірге тасы болғанымен, әрине мұсылмандық көзқарастармен үйлесе бермейтін еді. Ал, батыс мәдениетін, діни дәстүрден ада,-деп түсіндірді.

Сондықтан, Абай еуропалық білімді ғана алып, оның дүниетанымын қабылдамады. Өзінің мәдени дүниетанымдық дәстүрлі кеңістігінің сызығынан

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



шықпады. Солай етіп, ұлттық ойлаудың өз арнасын тапты. Абай өз заманындағы жаңашылдық болып саналатын, ағартушылыққа ден қоймады. Өйткені, қазақ даласында «ағартушылық» дінмен бірге жүріп жатты. Сондықтан, ол ұлттың «ойшылдық» дәстүрін жаңа сапаға шығарды. Сөйтіп, Абай да жеке өзі «дара ойшыл» болды.

Сол себепті, ол философияны «метафизика» ұғымында қабылдады. Абайдың дүниетанымында «себептілік» басты ұғым болып есептелді. Өйткені, ол әрбір істің бір себебі бар,-деп есептейді. Әрине себептілікті ашу, ғалымның ісі. Ол ғалым мен хәкімнің бір-бірімен бірлігі және өздеріне тән мазмұндарын таратып берген. Ал ғалымдар, әрбір істің себебін іздеп ғана қоймай, оның детерминативтік ұғымына, табиғатына үніліп заңдылықтар ашады.

Сондықтан, Абай хәкімдіктің бағыттық жағын ғана айтқан. Бірақ, ол кімдердің хәкім екенін атап өтпеген. Мәселен, Сократ, Платон, Аристотельдің хәкімдігіне Абайдың таласы жоқ болатын.

Өз еңбегімен тарихта аты қалған Бақырғанидың Сүлейменін өз заманының білімпаздары оны «Хәкім ата» деп таныған. Ол Бақырған қыстағында туып өскен. Түркістандық белгілі ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің мыңға жуық шәкірті болған, соның ішінде тарихта «Хәкім ата» деген аты қалған осы шәкірті.

Себебі, оның «Хәкім ата» кітабы 1845 жылы Қазанда түркі тілінде басылды. «Дана ата» немесе «Хәкім ата хикаясы» белгілі ақын, мистик Сүлеймен Бақырғанидың еңбегі болатын. Олар: 1846,1867,1858, 1888 жылдары Қазан қаласында жеке кітап болып басылып шыққан.

Сүлеймен Бақырғанидың «Тағы ғажап» еңбегі екі жолды рамаль әдісімен жазылған «бәйіт», ол 1856 жылы Қазанда шыққан. Сондай- ақ ғалымның қолжазбасы Сүлеймен әфанды бұхарлық шайхының басшылығымен 1882 жылы Стамбулда жарияланған. Ал, 1893 жылдан бастап, Қазанда төрт рет жарық көрген[6,46].

Негізінде, Сүлеймен Бақырғаниды Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал бойларына Түркістанның бұрынғы халқы қарақалпақтың «Хәкімі» боласың, - деп Қожа Ахмет Яссауи жіберген. Өйткені, сол дәуірде Түркістан қарақалпақ халқының Ата мекені болған екен. Онан соң, қазақта Лұқпан хәкім болған. Біз ес білгелі Қаңлықөл ауданында «Хәкім ата» қойымшылығы болған, қазір де бар. Бірақ, біз оның кім екенін білмей өстік.

Қазіргі таңда Өзбекстан Республикасының президенті Шәфкат Мирзаевтің басшылығымен Сүлеймен Бақырғанидың жатқан жерін анықтап, Мойнақ

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



ауданының «Достық» ауылында Сүлеймен хәкім Бақырғаниға арнап, Күмбез салдырып, оның зиратына халықтың және туристердің баруы үшін жағдай жасап, «Туризм» орталығына айналдырған. Сондықтан, қазақ халқында үш «хәкім» бар, - деп есептейміз. Ал өзімнің атымнан және қазақ халқының атынан, Өзбекстан Республикасының президенті Шәфкат Мирзаевқа: « мың алғыс айтып, ғұмыры ұзақ болсын, дүние тұрғанша тұрсын, халқына жасаған еңбегін Алла қолдасын»!-деп дұға етемін.

Кезінде, Абай аңсаған Аристотель, Платон, Сократ сияқты ғалымдар мен хәкімдер түркі халықтары арасында да көбейе берсін!

Ойымызды түйіндей келе айтпағымыз, Абай Құнанбайұлының ақыл-парасат туралы қаншама ой-толғамдарының бар екенін, оның қара сөздерін оқу арқылы білеміз. Ақынның жырларын, қара сөздерін жүйелі түрде зерттеп-зерделеп, жас ұрпаққа жеткізу қажет. Ол Абайды шығармалары арқылы жете түсінуге, оның жанына терең үңілуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Сыздық Р.С. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: «Арыс», 2004. 267.
2. Сыздық Р.С. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі Алматы: «Арыс», 2004, 246.
3. Сыздық Р.С. Қазақ әдеби тілінің тарихы Алматы: «Арыс», 2004, 248.
4. Карибаева А.У. Түркі этнолингвистикасының кейбір мәселелері//Қазақ тіл білімі: «Қолданбалы лингвистика мәселелері» атты Аймақтық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. Тараз 2019.
5. Ғарифолла Е. Абай туралы философиялық трактат. Алматы: «Қазақ университеті», 2004.- 83б.
6. Карибаева А.У. Көркем шығарманың тілі. Тараз, 2009. 86.
7. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы, 1971, 41-46.



ӘОЖ 82.555.59

ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ: ДУЛАТ ЖӘНЕ АБАЙ

Пертаева Эльмира Күлибай қызы,

*Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.*

Муратбаева Айғаным Сериковна,

*Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272047>

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырда өмір сүрген Дулат және Абай шығармаларының сабақтастығы қарастырылған.

Кілтті сөздер: Қазақ әдебиетінің тарихы, Дулаттану, Абайтану, дәстүр жалғастығы, әдеби орта, ақындық мектеп, Абай қарасөздері

Аннотация. В статье рассматривается преемственность творчества Дулата и Абая.

Ключевые слова: История казахской литературы, Дулатоведение, Абаяведение, преемственность традиций, литературная среда, школа поэзии

Annotation. The article examines the continuity of the creativity of Dulat and Abai.

Keywords: History of Kazakh literature, Dulat studies, Abai studies, continuity of traditions, literary environment, school of poetry

Қазақтың Абайдан бұрынғы әдебиеті тексіз, төркінсіз әдебиет емес еді. Халықтың ауыз әдебиеті, оның ішінде **әсіресе, поэзия** өзгеше бай, әрі өзінше көркем болатын. Өз өмірінде, тағдыры мен тұрмысында айрықша орын алған, ғасырлар **бойы мұңдасы**, сырласы, әрі ақылшысы болған сөз өнерін халық аса жоғары бағалады, оны молықтырып, жетілдіріп отырды, жадында сақтады. Ерлік пен елдікті халықтың жарқын қасиеттерін жырлаған эпикалық тынысы кең, ұзақ желілі **дастандар мол** болатын. Тарихта аты-жөні мәлім жекелеген **ақындардың** творчествосы, импровизация мен айтыс өнері де **мол дамыды**. Абай соларға үңілмей, соқпай кеткен жоқ.

Кемеңгер Абай өзіне дәуір артқан, тарих жүктеген міндеттің ұлан-ғайыр кеңдігін де, мән-маңызын да мейлінше терең түсінген. Ол өзінің асқақ идеяға толы, асқан көркем шығармаларын ермек іздеп, еріккендіктен жазған **жоқ, зор** әлеуметтік мақсат көздеп жазды. Аса қуатты ақындық таланты классикалық

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



әдебиеттердің тәжірибесіне иек артуы, уақыт рухын, тарих тамырының соғысын қалтқысыз сезінуі **оның** сол мақсатына жетуіне мүмкіндік берді.

Ұлы Абайды қазақ төл жазба әдебиетінің атасы деп танығанымызға ғасырға жуық уақыт өтті. Абайдың өмір сүрген ортасы, ақындық айналасы, батыс пен шығыс әдебиетінің ойшылдарына қатысты мәселелердің көпшілігінің басы ашылып, дәлелденіп жатыр. Біз Абайды шығыстың, әсіресе, орыстың классикалық әдебиетінің творчестволық тәжірибесі мен реалистік принциптерінен тағылым ала отырып, бүкіл әлемдік поэзияның деңгейіне көтерілді. Сөйтіп ол туған халқының мәдени тарихында тұтас дәуір құрады деп келдік. Ал ақынның алдында кімдер тұр деген сауалға жауапты алыстан іздедік. Олар батыстың Гете Байрон, Пушкин, Лермонтовтары мен шығыстың Фердауси, Науаи, Шамси және тағы басқалары. Әлем әдебиеті классиктерінің қатарындағы данышпан ақынның батыс пен шығыс әдебиетін жете меңгеруі логикалық заңдылық. Ал, оған топырағынан әсер етуші ақындар болмады деу үлкен қате пікір. Абайға ең бірінші әсер еткен жыраулар поэзиясы. Ал жыраулықтан ақындыққа өткен дәуірден мысалға алатын болсақ, өзінен бір буын бұрын өмір сүрген Дулат, Шортанбай, Мұраттардың отты жырлары. Әсіресе, Дулат Бабатайұлының айшықты жырлары деп айтуымызға болады. Себебі, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясының алғашқы нұсқасы «Абай жолы» романында Дулат деп беріп, оны Абайға ақылшы аға ретінде әдемі суреттеген. Оны көркем шығарма дейін десек, М.Әуезов өз сөзінде: «Абай өмірі мен «Абай» романының айырмашылығы жоқ. Романдағы адам, жер, су, уақиға бәрі дәлме-дәл. Сөйтіп, роман шын тарихшыға қосымша. Шын тарих – тарихи романға қосымша беріп отырады» [1, 146.]. Бұның өзі біздің сүйенген негізіміздің бір дәлелі. Дулат пен Абай жайлы сөз қозғағанда, біздің келіп тірелетін жеріміз Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы–ол» деген өлеңіндегі:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.

Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,

Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау! – [2, 666.]

деген тіркестер. Осыны негізге алған кейбір ғалымдар Дулатты Абайға маңайлатқысы келмейді. Бұл сауалға сыншы Т.Шапай былай деп жауап береді: «Абай – Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырауды бекерге ауызға алмайды. Бұлар – сарай ақындары емес. Абай жек көретін, ел ақтап өлең айтқан, сөз

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қадірін кетірген қатардағы өлеңшілер емес. Бұлар күмәніңіз болмасын – Абай үшін, өзінің алдында өткен қазақ ақындарының ішіндегі ең қадірлі есімдер. Бұқар, Дулат, Шортанбайды – «мансұқтау» – таза эстетикалық тұрғыдағы «терістеу». Бұл айталық, Шортанбай, Дулат шығармаларының әлеуметтік сипаттарын, өзіндік шындығы мен әсемдігін жоққа шығару емес. Жаңа поэтиканың туғанын жариялау. Осы фактіні жұрт санасына сіңіру үшін нақ солардың беделдері қажет болды деп түсіну керек» [3, 153б.]. Ал профессор М.Мырзахметов «Екі күймек бір жанға әділет пе?» деп аталатын мақаласында: «Қазақтар арасында кеңінен танылған Дулат жырау шығармаларын Мәулекей қазақ ішінде молдалық етіп жүрген жылдарында жинастырғанға ұқсайды. Осы тұста мұсылмандар арасында панисламистік уағыздың кең өріс алуына орай ол 1880 жылы Шал ақынның, Шортанбайдың және өзінің өлеңдеріндегі ақырет қамы, ақыр заманды жыр еткен туындыларын жамап-құрап, тіпті текстологиялық жағынан өңін айналдырып, бұлар Дулат өлеңдері болмаса да, Дулат атынан «Өсиетнаманы» жариялатып жібереді. «Өсиетнамадағы» діншілдік сарын тіпті патша өкіметінің цензура комитетін сескендіруі себепті, олар кітаптағы көптеген өлең жолдарын алып тастап, кей беттерін тергізіп, қайта өзгерткізуіне (ЦГИАЛ, фонд – 777, опись 3, 1880, дело №10, л. 182-184) көп нәрсенің астарлы сыры жатыр. Яғни, Дулат мұрасының өз заманында жаңылыс танылып, біздің заманымызда қате бағалануының басты себебін де, бірінші рет мұра ретінде әділетсіз күйі де жыраудың өмір сүрген заманындағы саяси-әлеуметтік тарихи оқиғалар мен отаршылдық саясаттың бағыт-бағдарымен тікелей байланыста ала отырып қарастырғанда ғана түсіне алмақпыз.

Ал «Өсиетнама» жарияланып жарық көрген жылы отыз бес жастағы жігіт ағасы Абайдың ғылым жолына түсіп, іштей түлеп, қорлану жолында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілген» заманы болатын. Осыдан сегіз жыл өткен соң, яғни 1888 жылы Абай «Біреудің кісісі өлсе, қаралы– ол» деген атақты өлеңін жазды. Сонда:

*Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.
Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау, –*

деп Дулат өлеңіне де өткір сыншыл пікір білдіргенде сүйенген дәлелі Мәулекей қолынан шыққан «Өсиетнамадағы» Дулат атынан құрап-жамап



берілген өлең табиғатын айтып отыр емес пе екен деген ой маза бермейді» [4, 118б.] – деп өзінше тұжырым жасайды. Әрине, Абай – сыншы. Ол тек жекелеген ақындарды ғана емес, бүкіл қоғамды сынайды. Қазақ әдебиетіне жаңаша жол салып, рухани төңкеріс жасаған Абай өзінің алдындағы ақындарға былай сын айтуы заңдылық. Осы арада басын ашып айта кетер бір мәселе, Абай өзінен бұрын өмір сүрген ірі ақындардың өлеңдерінің «бірі – жамау, бірі – құрау» дегенде, осы күнгі кейбір зерттеушілер айтып жүргеніндей оларды жоққа шығарудан аулақ. Бұл бар болғаны кімге болсын, неге болсын сын көзімен қарайтын, өлеңді «сөз патшасы» деп түсінген Абайдың, сол патша сөздің мәртебесі төмендемей, бөгде сөзбен арасы былғанбай, саф тазалығын сақтауын қалаған қатал сыншылдықтан туған талғампаздық талабы, әр өлеңнің «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, жұп-жұмыр тегіс келсін айналасы» деген ақындық тілегі. Абай бұл ақындардың қай-қайсысын да жоғары бағалаған, солардан үйренген. Салыстырып көріңіз, сөз сенімділігі үшін бір ғана мысал келтірелік:

Дулат ақынның:

*Мөңіреп жұртқа ой қайтты,
Бұзауы өлген сиырдай [5, 105б.]*

немесе

*Саудагер сарттай қайтты өмір,
Құмар ойнап ұтылған [5, 105б.]*

сияқты образға толы тіркестерін Абай ақынның:

*Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой [2, 72б.]*

деген өлең жолдарынан ажырата алмаймыз. Абай Дулат тапқан ойдың жалғаушысы, дамытушысы іспетті. Дулаттан бір бұл ғана емес, осы тәріздес бірнеше ой алып, оны өз шығармасында өзгеше өң беріп, құлпырта пайдаланып жатса, Абай ондай ақынды қайтіп жоққа шығармақ.

Сонымен бірге екі ақынның тағы бір тоғысатын тұсы жеке руларға соқтықпай, қазақ халқын тұтастай алып, сыни көзқараспен сөз сомдауы.

Дулаттың:

*Әуелгі қазақ деген жұрт,
Миығыңды көрсетпей,
Ұстарасыз өскен мұрт – [5, 91б.]*

деген бастапқы жолдар Абайдың:

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың – [2, 286.]*

дегенімен сабақтасып жатса, «Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» дейтін тармақтың тамыры Жанақтан тартылады:

*Бір ұрты май болғанда, бір ұрты қан,
Екі мінез адам ғой түсі суық [6, 160б.].*

Бұл өлеңдерде айтылып тұрған «ұстарасыз өскен мұрт» сол кездегі қазақ халқының саяси ахуалына, түкке түсінбейтін көрсоқыр надандығына налыған ақындардың жан айқайы десек те болады. Ұлы Абай «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде, ел ішіндегі жағымсыз мінез-құлықтар, өсекшілік, мақтаншақтық, еріншектік, арамтамақтық, өтірікшілдік, озбырлық және тағы басқа жауыздық атаулыны сынаса, енді бір өлеңінде ақын көп наданмен алысып, өзін күрес майданында жеңілген жандай сезініп:

*Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажсыдым, сен қажсы.
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не лажсы? – [2, 141б.]*

дейді. Дулат та Абай сияқты өз кезінде халықтың береке-ынтымағын кетірген алтыбақан алауыздығын «бәленің отын үрлеген ел басшысы сан пысықтарды барынша қатты сынады.

*Ер шөгін есер ер жетті,
Дұрыс бастар басшы жоқ,
Әділетке шөлдетті – [5,107б.]*

деп замана жайын кеңінен тербете сөз қылды.

Жалғыз ел билеу, заң-сот істеріне қатысты ғана емес, өзге сәттерде де екі алыптың үндес, идеялас тұрғанын көреміз. Мысалы, ақынға, ақындыққа екеуі де қатаң талап қояды. Дулат:

*Жырышының аты жырышы ма,
Әркімнен өлең жаттаса.
Сөз –жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз қылып баптаса ... [5,72б.]*

десе, Абай:

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы – [2, 636.]

деген талап қояды. Бірақ «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиген» сөз патшасын қалың жұртшылық түгел қабылдап жатыр ма? Абайдың:

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы [2,636.]

деп зар илегені және белгілі.

Кім жалғыз, бұл жалғанда – есті жалғыз,

Мұңдасар болмаған соң бір сыңары.

Жалтаңдап жалғыз Абай өткен жоқ па ?

Қазақтан табылды ма соның нары ?

Өлеңімен жұбатты өзін-өзі,

Еңбегі еш, іші беріш, жүзі сары.

Сөзін ұғып, ақылын алмаған соң,

Патша қойса, не керек қазақ шары – [6, 1306.]

деп Шәкәрім айтқандай, ұлы Абай «сөзімді айналама жеткізе алмадым, ұғып тындар адам аз» деп күңіренсе, осы ойды Дулаттан да көреміз. Ол бірде:

Бәрі тегін, жер тезек,

Қайсысын таңдап алайын,

Асыл сөзден бұл кетті... – [5,1066.]

дей келіп, сол асыл сөзді айтатын да, тындайтын да кісі жоқ ылғи «қылығың, қылжақ туысқан, қырт пен мылжың ағайын десе, тағы бірде:

Ел құлағы саңырау,

Кімге айтамын сөзімді...

Бәрін айт та, бірін айт,

Ұғынар мұны ел қайда? – [5,1096.]

деп заман жайын толғап, ел билеген ұлықтар мен қадірі асқан жақсыларды сынап, «қармайтұғын талы қалмай, тереңге сүңгіген елі» туралы «түнде ұйқы бермеген көзінен төккен арманын айтады. Бұл Дулат пен Абайдың ортақ зары, заманы, ортасы тудырған шындық үні.

Жалпы Дулаттың басқа замандастарынан ерекшелігі – өмірді сырттай ғана бақылап жырлау емес, оған іштей еніп, әр адамның мінез-құлқын ащы мысқылмен әжуалап немесе сылдыр сөзбен сыдыртып емес, бай теңеулер,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



эпитеттермен бірге соны образдар жасау арқылы жаңашылдық тұрғысынан көрінуі.

Дулат жырларының тағы бір өзіндік ерекшелігі – қазақ халқын тұтастай алып қатал сынға алуы. Ол Қашқари өмір сүрген түркі дәуірінен бастау алып, ұлы Абай салған қазақтың төл жазба әдебиетіне дейінгі дәуірге желі болып тартылған айшықты жырлар мен отты ойлар тудырған айтулы абыз болған. Ол – нағыз ақындық үлгіде өлең жазып, оның негізін салды деп айтуға әбден лайық адам. Дулат – қазақ төл жазба әдебиетінің алғашқы нышандарын тудырған ұлы реформатор. Профессор Рабиға Сыздықованың пікіріне сүйенсек: «Дулат – Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға біртабан жақын келген, Европа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп аталатын өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауыш танытқан ақын. Қазақ поэзиясы Абайға дейін ауызша жаралып, ауызша таралған, тілі ауыз әдебиеті тілінен өзгеше түсетін, авторлы поэзия болды, қазіргі жазба поэзияны бастаушы – Абай десек, Абайдың тақыр жерден өнер таппағанын және білуіміз керек.

Қазақ жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Дулат деп айтуымызға әбден болады» [7, 214б.].

Қазақ жазба әдебиетінің қайнар көзі Абай болса, ол Дулат жырларынан бастау алып жатыр деп түсінуіміз керек. Ол – жазба әдебиет пен ауыз әдебиетін жалғап тұрған алтын көпір іспетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қанапияұлы Ә. «Абайтану курстары». М.Әуезовтің ҚазМҰУ-де оқыған лекцияларынан //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. – №7- 9. –12-14 =б.
2. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.
3. Шапай Т. Анық Абай // Жұлдыз. – 1999. – №2. – 153-157 =б.
4. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 128 б.
5. Бабатайұлы Д. Замана сазы: Өлеңдер мен дастандар /Құраст., баспаға әзірлеген Қ.Өмірәлиев. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160б.
6. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды) II томдық /Құраст., М.Мағауин., М.Байділдаев. – Алматы: Қазақ баспасөз жөніндегі Мемлекеттік Комитеті бас редакциясы. – РББ. 1991. – Т. 1. – 384 б.
7. Абай. Энциклопедия. Р.Сыздықованың мақаласы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.



ӘОЖ 82.09 (574)

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Беркен Жазира Қалдыбек қызы,

*Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып
мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.*

Беркенова Рабиға Ағабек қызы,

*Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, профессордың ассистенті,
филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272049>

Резюме. В статье дан подробный анализ духовно-культурного наследие Абая. Наряду с этим исследовано значение духовно-культурного наследия поэта в казахском обществе.

Summary. The article provides a detailed analysis of the spiritual and cultural heritage of Abai. Along with this, the importance of the poet's spiritual and cultural heritage in Kazakh society is investigated.

Абай Құнанбайұлы – қазақтың мәңгілік рухани шамшырағы, тұтас ұлттың ой-санасын оятқан ұлы ақын, философ, ағартушы. Оның шығармашылығы – ұлтымыздың мәдени және рухани дамуының алтын қазығы. Абай қазақ халқының болмысын, ішкі жан дүниесін, арман-аңсарын терең түсініп, жыры мен қара сөздері арқылы соны жаңа деңгейге көтере білді. Ол халқына білімнің, ғылымның, өнердің маңызын ұғындырды, надандық пен жалқаулықтың, екіжүзділік пен мақтаншақтықтың ұлт болашағына кедергі екенін ашық айтты. Абай мұрасы – мәңгі жасайтын рухани байлық. Оның әрбір өлеңі – тұнық ойдың, терең философияның көрінісі. Ол «Толық адам» ілімін қалыптастырып, адамдықтың, ақыл мен жүректің үндестігін дәріптеді. Абай – жаңашылдықтың жаршысы, ескілікке қарсы шыққан реформатор. Ол өз халқын әлемдік өркениетке жетелеп, даналық пен парасаттың шыңына бастады. Бүгінде Абай сөзі – қазақ қоғамы үшін мәңгілік темірқазық. Оның ой-толғамдары ұлттың рухани жаңғыруында, мәдениетінде, білім мен ғылымында, қоғамдық санасында ерекше орын алады. Сондықтан да Абай мұрасы – тек өткеннің ғана емес, болашақтың да шамшырағы.

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінде жаңа кезеңнің бастауында тұрған реформатор. Ол поэзияның мазмұнын ғана емес, құрылымын да өзгертіп, оған

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жаңа эстетикалық биік, философиялық тереңдік берді. Ақынның жаңашылдығы ең алдымен қазақ поэзиясын әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен ұштастыруынан көрінеді. Ол өз заманының сөз өнеріне сын көзбен қарап, оны жетілдіру жолдарын іздеді. Абай қазақтың дәстүрлі поэтикалық формаларын сақтай отырып, оған жаңаша реңк берді. Қазақ поэзиясында бұрыннан бар жеті-сегіз буынды жыр өлшемін жетілдіріп, он бір буынды өлең құрылымын енгізді. Сонымен қатар, ол өлеңдегі ұйқас жүйесін байытып, жаңа композициялық тәсілдерді қолданды. Бұл оның поэзиясын ырғақтық, музыкалық жағынан әрлендіріп қана қоймай, көркемдік қуатын арттырды. Абайға дейін қазақ поэзиясында көбінесе эпостық дәстүр үстемдік етті. Ол лирикалық өлеңдерді жаңа деңгейге көтеріп, жеке адамның жан дүниесін, ішкі толғанысын тереңінен бейнелеуге ден қойды. Ақын табиғат көріністерін жалаң сипаттаумен шектелмей, оны адам сезімімен байланыстыра суреттеуге ерекше мән берді. «Жаз», «Қыс», «Күз» сынды жыл мезгілдерін бейнелейтін өлеңдері арқылы поэзияға жаңа мазмұн әкелді. Абай шығармашылығында жаңашылдықтың тағы бір көрінісі – оның әлеуметтік тақырыптарды көтеруі. Ол заманындағы қазақ қоғамының кемшіліктерін өткір сынға алды. Надандық, әділетсіздік, жалқаулық, рушылдық сынды түйткілдер ақын шығармаларының өзекті мәселелеріне айналды. Ол поэзиясын ағартушылық мақсатта пайдаланып, халықты білім мен ғылымға, өнер мен адал еңбекке үндеді.

Сонымен қатар, Абай орыс және Батыс әдебиетінің жетістіктерін меңгеріп, оны қазақ поэзиясына енгізді. Ол Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын аударып, қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейтті. Бұл оның ұлттық әдебиетті жаңғыртуға қосқан ірі үлестерінің бірі болды. Қорыта айтқанда, Абай қазақ поэзиясын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оған терең философиялық мазмұн, көркемдік жаңашылдық әкелді. Ол ұлттық әдебиетті әлемдік әдеби үдерістің бір бөлігіне айналдыруға жол ашып, жаңа дәуірдің рухани темірқазығы болды.

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының болмысын, дүниетанымын терең ұғынған кемеңгер ойшыл. Оның шығармаларында ұлттық мінездің ерекшеліктері кеңінен көрініс тапқан. Ақын халқындағы жақсы қасиеттерді дәріптеп, керісінше, өркендеуге кедергі болатын кемшіліктерді қатты сынға алды. Ол адам бойындағы жалқаулық, өсек, мақтаншақтық, надандық сынды жағымсыз сипаттарды түзетуді мақсат етіп, өз халқын еңбекқорлыққа, білімге, әділдікке, сабырлыққа шақырды.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» дейтін өсиеті – қазақ ұлтының рухани бағдаршамы. Ақын жалған сөзден, еріншектіктен, бекер мал шашудан сақтандырып, талаптануға, еңбектенуге, ақыл мен терең ойға ұмтылуға үндеді. Оның ұлттық менталитетке қатысты ойлары бүгінгі таңда да маңызын жоғалтқан жоқ.

Абай қазақ қоғамының басты кемшілігін – білімге деген енжарлық деп таныды. Ол надандықты ең үлкен жау санап, халқына ғылым мен өнердің, ілім мен ақылдың құдіретін түсіндіруге тырысты. «Ғылымсыз – оқымаған көз» деп, әрбір адамды дүниені тануға, өзін дамытуға шақырды. Ақынның бұл идеялары қазақ халқының рухани өсуінің негізіне айналды. Сондықтан Абай мұрасы – тек өткеннің емес, болашақтың да темірқазығы.

Абай Құнанбайұлы – қазақ руханиятының терең қайнарына айналған дара тұлға. Оның дүниетанымы – Шығыс пен Батыс философиясының, исламдық таным мен гуманистік идеялардың үйлесімді синтезі. Ақын үшін ең жоғарғы құндылық – адам, оның жан-дүниесінің кемелдігі. Ол адам баласының өмірдегі басты мақсаты – рухани жетілу, ізгілікке ұмтылу деп есептеді. Осы ойды ақын «Адам бол» деген ұстанымымен тұжырымдады. Абай шығармаларында ар, ұят, намыс, әділеттілік, махаббат сынды қасиеттер терең талданады. Ол адам бойындағы «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» секілді қасиеттердің үйлесімді болуы керектігін айтып, ақыл мен сезімнің, әділет пен рақымның теңдігін ерекше атап өтеді. Абайдың «Толық адам» концепциясы да осы құндылықтар негізінде қалыптасты. Ақынның пікірінше, шынайы адам болу – білім мен парасатты игеріп қана қоймай, жүректі тазартып, рухани кемелдену. Исламдық дүниетанымнан сусындаған Абай әділеттілікке, сабыр мен шүкіршілікке ерекше мән берді. Ол «Құдайшылық – жүректе» деп, діннің сыртқы формасынан гөрі, адамның ішкі тазалығын, иман мен адалдықты жоғары қойды. Сонымен қатар, Батыс ағартушыларының еңбектерін оқи отырып, адам еркіндігі, білімге ұмтылу, еңбекқорлық секілді идеяларды қазақ қоғамына насихаттады.

Абай Құнанбайұлы – тек ақын ғана емес, терең философиялық ойлар айтқан ағартушы, кемеңгер ойшыл. Оның көзқарастары қазақ қоғамының болмысын, ұлттық санасын, рухани дамуын жаңа деңгейге көтеруге бағытталды. Ақынның философиялық мұрасы тіл, дін, ұлт және адамгершілік секілді маңызды тақырыптарды қамтиды. Абай дінді соқыр сенім емес, адамгершіліктің негізі деп санады. Ол діннің мәнін сыртқы ғибадаттан емес,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жүрек тазалығынан, ақыл мен әділеттен іздеуді ұсынды. «Алла әділет, шапағат» деген тұжырымымен ол дінді қорқыныш немесе догма ретінде емес, адамның жан дүниесін кемелдендіретін, шынайы ізгілікке жетелейтін күш ретінде қарастырды.

Оның «Құдайшылық – жүректе» деген пікірі осы ойды айғақтайды. Тіл мәселесі де Абай үшін аса маңызды болды. Ол қазақ тілінің байлығы мен көркемдігін өз шығармалары арқылы дәлелдеп, оны дамытудың жолдарын көрсетті. Ақын жастарға шет тілдерін меңгеруді насихаттай отырып, ана тілін құрметтеуге ерекше мән берді. Оның «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген идеясы бүгінде де өзекті. Абай тілді сақтаудың ең басты шарты – оны дұрыс пайдалану, байыту, ғылым мен әдебиет тіліне айналдыру екенін жақсы түсінді. Абайдың ұлт туралы ойлары да терең әрі жүйелі. Ол ұлттың болашағы білім мен еңбекке байланысты екенін баса айтты. Ақын надандық, жалқаулық, күншілдік сияқты кемшіліктерден арылмай, ұлттың өркендеуі мүмкін емес екенін сындарлы түрде жеткізді. Ол қазақ жастарын өнер мен ғылымға ұмтылуға, адал еңбек етуге шақырды.

Абай философиясының өзегі – адамгершілік. Ол әділеттілік, ар-ұят, намыс пен махаббат секілді құндылықтарды адам болмысының басты өлшемі деп санады. Ақын «Толық адам» ілімін қалыптастырып, шынайы кемелдікке жету үшін білім, еңбек, мейірімділік пен адалдықтың үйлесуі керектігін айтты. Қорыта айтқанда, Абайдың философиялық көзқарастары – қазақ руханиятының сарқылмас қазынасы. Оның дін, тіл, ұлт және адамгершілік жайлы ойлары бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, ұлттық сананы қалыптастыруда темірқазық болып қала береді.

Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» – қазақ әдебиетіндегі ерекше философиялық туынды. Бұл еңбектерінде ақын өзінің өмірлік тәжірибесін, халқына деген жанашырлығын, ой-толғауларын қарапайым әрі терең мағыналы тілмен жеткізеді. «Қара сөздер» – Абайдың даналық мектебі, оның қазақ қоғамына айтқан өсиеті мен сындарлы талдауы.

Абай поэзиясы мен қара сөздері – адамзаттың рухани дамуы туралы терең толғаныс. Ол жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның кемелденуін армандады. Бүгінгі өмірдің тауқыметі базар, нарық экономикасының ауыртпалығына тіреліп отырған халқы-мыздың мән-жайы, одан туындап отырған кеселдер сол Абай заманында да, бүгін де белең алып отыр. Ол Абай айтқан «Құлық саумақ көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі», – дегендей құлық, көз сүзу,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



тілену, адам адамның еңбек ақысын жеу арқылы өзінің мал мүлкін молайту, жастарымыздың, қала берді үлкендеріміздің де ісі, бүгінгі таңның ең бір жағымсыз қылықтарының бірі екеніне бәріміз де куәгерміз.

Абай бұл ойларының түйінін бесінші сөзінде де, қазақ даласында көп таралған мақал-мәтелдердің мазмұны арқылы да дәлелдеген: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен. Ол тек қана мал үшін қам жейді екен. Ал мал табу жолын біле ме? Оны да білмейді. Оның бар білетіні – малдыларды алдап, арбап, мақтап, мал жинау, егер бұл іске аспаса, алдап немесе мақтап ала алмаса, онда әкесімен болса да жауласудан тайынбайды екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшік, соған ұқсаған қылықтардың қайсысын болса да қылып, мал тапса жазалы демесек керек екен. Осындай Абай айтқан әдіспен мал тауып, халықты алдап, арбап, қулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен, зорлық-зом-былықпен көгеріп, көркейіп отырмын деп санайтын адамдар бүгінгі таңда баршылық екеніне бәріміз тағы да куәгерміз. Абайды оқып оқи отыра ұғынып артқан сенімін аяқ асты қылмау біздің міндетіміз деп білемін. Бүгінде ақын мұрасы – тек қазақ халқының ғана емес, әлемдік мәдениеттің де асыл қазынасына айналып отыр.

Абай «Қара сөздерінде» адам болмысы, ар-ұят, еңбек, білім, дін, мінез-құлық сынды тақырыптарды кеңінен қарастырады. Оның 38-сөзінде Алланы тану, жүрек тазалығы, адам жанының кемелденуі туралы терең философиялық ойлар айтылады. Ол адамгершілікті, әділеттілікті, мейірімділікті жоғары құндылық ретінде қарастырып, шынайы имандылықтың сыртқы діни рәсімдерде емес, жүректің тазалығы мен ақылдың кемелдігінде екенін көрсетеді. Абай «Қара сөздерінде» білім мен еңбектің маңыздылығына ерекше тоқталады. Ол адамды биікке көтеретін – еңбек, ал оны кері тартатын – жалқаулық деп есептейді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген идея қара сөздерінің негізгі арқауының бірі. Абай халқына ой еңбегі мен ғылымның құдіретін түсіндіріп, надандықтың қоғамды тұралататынын сынға алды. «Ғылымсыз – оқыған көз» деп, білімсіздік адамды көр соқыр ететінін баса айтты.

Оның қара сөздеріндегі тағы бір терең ой – ұлттық мінездің өзгеруі қажеттігі. Абай қазақ қоғамындағы жалқаулық, күншілдік, өсекқұмарлық секілді кемшіліктерді өткір сынға алды. Ол халықтың өркендеуі үшін әрбір адам өзін өзгертуі керек екенін алға тартты. Бұл ойлар бүгінгі заман үшін де аса өзекті. Абайдың «Қара сөздері» – ұлттың рухани кемелденуіне арналған

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



мәңгілік мұра. Оның терең философиялық ойлары әрбір оқырманды толғандырып, өзін-өзі тануға, қоғамның дамуына үлес қосуға шақырады. Сондықтан Абай даналығы – қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы.

Абай Құнанбайұлы қазақ поэзиясына жаңа көркемдік өрнек енгізіп, оның құрылымы мен мазмұнын түбегейлі жаңартты. Ол қазақтың дәстүрлі өлең үлгілерін сақтай отырып, шығыс және батыс әдебиетінің жетістіктерін шебер үйлестіре білді. Оның поэзиясы көркемдік қуатымен, философиялық тереңдігімен және тіл байлығымен ерекшеленеді. Абай өлеңдерінің тілдік құрылымы ерекше сұлу, әсерлі әрі көркем. Ол сөздерді тек мәнерлеп қолданған жоқ, сонымен қатар, олардың мағынасын тереңдетіп, бейнелік қуатын арттырды. Ақын теңеу, метафора, эпитет, аллитерация сияқты көркемдік құралдарды кеңінен пайдаланып, қазақ тілінің поэтикалық әлеуетін барынша ашты. Мысалы, оның «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде табиғат суреттері нәзік те терең образдар арқылы бейнеленеді:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп...

Мұнда «сәуленің суда дірілдеуі» көркемдік тәсілдердің үйлесімді қолданылуы арқылы табиғаттың сұлулығы мен үйлесімін әсерлі жеткізеді.

Абай қазақ өлеңінің құрылымына да жаңашылдық әкелді. Ол дәстүрлі жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен қатар, он бір буынды қара өлең мен жаңа ырғақты өлең құрылымдарын енгізді. Бұл қазақ поэзиясының ырғақтық мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа поэтикалық стильдің қалыптасуына ықпал етті.

Ақын шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – философиялық ой тереңдігі. Абай поэзиясында адам болмысы, өмір мәні, білім мен еңбек, адамгершілік мәселелері кеңінен қозғалды. Оның:

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба... деген жолдары тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл адамзатқа арналған рухани бағдар тәрізді. Абайдың ақындық шеберлігі оның тіл байлығымен, терең ойшылдығымен, көркемдік өрнектерді шебер қолдануымен ерекшеленеді. Оның өлеңдері қазақ әдебиетінің ғана емес, әлемдік поэзияның да биік деңгейіне көтерілген көркем мұра болып қала береді.

Абай Құнанбайұлы – қазақ руханиятының мәңгілік шамшырағы, ұлттық сананың, ой мен сөз мәдениетінің биік шыңы. Оның шығармашылығы тек

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



әдеби мұра ғана емес, қазақ қоғамының рухани дамуына бағыт-бағдар беретін терең философиялық жүйе. Абай көтерген ұлттық менталитет, адамгершілік, білім, еңбек, әділеттілік секілді мәселелер бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың даналығы – оның тек өз дәуірімен шектелмей, болашаққа үн қатуында. Ақын өз өлеңдері мен қара сөздерінде ұлттың өркендеуі үшін ғылым мен білімнің, еңбектің маңыздылығын ерекше атап өтеді. Оның «Пайда ойлама, ар ойла» деген ұстанымы – қоғамдағы адамгершіліктің, адалдықтың, жауапкершіліктің биік үлгісі. Бүгінгі ұрпақ бұл қағиданы өмірлік бағдар ретінде қабылдаса, қазақ қоғамы үлкен рухани жетістіктерге жетері сөзсіз.

Абай мұрасын зерттеу – тек әдеби ескерткішке үңілу емес, болашақтың да бағыт-бағдарын саралау. Оның шығармалары арқылы біз ұлт болмысының терең тамырларын түсініп, рухани кемелдікке ұмтыламыз. Абай «Толық адам» идеясын ұсынып, кемелдікке жетудің үш негізін – ақыл, әділет және жүрек тазалығын айқындады. Бұл қағидалар бүгінгі таңда да тұлғалық даму мен қоғамдық үйлесімнің темірқазығы болып табылады.

Абайды оқу – өткенді тану ғана емес, келешекке жол іздеу. Ақын шығармаларын жас ұрпаққа насихаттау – ұлттық сананы жаңғырту, мәдени мұраны сақтау мен дамыту жолындағы маңызды қадам. Сондықтан Абайды зерттеу тек әдеби көзқараспен шектелмей, оны философиялық, әлеуметтік және тарихи тұрғыдан да терең зерделеу қажет. Абай мұрасы – мәңгілік. Ол бізге ақиқаттың, білімнің, әділеттің және рухани кемелдіктің жолын көрсетеді. Ақынның сөздері ғасырлар өтсе де құндылығын жоймай, қазақ қоғамының ой-санасын биіктетуге қызмет ете береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. Абай дәстүрі және қазақ әдебиеті – Алматы: Санат, 2004.
2. Кекілбай Ә. Абай және рухани жаңғыру. – Астана: Фолиант, 2017.
3. Ғабдуллин М. Абай және оның орыс әдебиетімен байланысы – Алматы: Рауан, 1986.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1967.



ҰЛЫ АБАЙ МЕН ІЛИАС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Ерлан Сламбекұлы Қасен,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының*

*қауымдастырылған профессоры м.а.,
филология ғылымдарының кандидаты*

Алматы қаласы, Қазақстан

e-mail: Kasenov_erlan@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272053>

Аннотация. Мақалада Абай поэзиясының Ілияс Жансүгіров шығармашылығына әсері сөз етілген. Абай мен Ілияс поэзиясындағы үндестік пен сабақтастық нақтылы мысалдармен талданып берілген. Абай мен Ілияс поэзиясындағы көркемдік ерекшеліктері де салыстырмалы түрде көрсетілген.

Түйін сөздер: Абай поэзиясы, І.Жансүгіров шығармашылығы, көркемдік ерекшелік, поэзиядағы үндестік.

Annotation. The article discusses the influence of Abai's poetry on the work of Ilyas Zhansugurov. The harmony and continuity in the poetry of Abai and Ilyas are analyzed by concrete examples. The artistic features of the poetry of Abai and Ilyas are also shown in comparison.

Keywords: Abay's poetry, I. Zhansugurov's work, artistic originality, harmony in poetry.

Адамзат мәдениеті тарихында жеке дара өсіп, өркендеген әдебиет болған емес. Әдебиет әр дәуір, әр кезеңде ғұмыр кешкен қалам қайраткерлерінің бір-бірімен үнемі араласу, тәжірибе алмасуы арқылы дамиды, жаңарады, толығады. Үздіксіз жүретін осы үдеріс нәтижесінде әдебиет әлемінің бір саласы – өлең өлкесінде де соны дәстүрлер қалыптасып, түрленді, түледі, жаңарды. Әлбетте халық ауыз әдебиеті мен әр дәуірде өмір сүрген әдебиет өкілдерінің озық үлгілері кейінгі поэзияда бейнелі көрініс тауып, жалғасуы – заңды құбылыс. Мұндай жайт әр кезең әдебиетінде үнемі көрініс тауып отырды. XX ғасыр басындағы ұлттық поэзиямызда Мағжан, Ілияс, Сәкен сынды өзіндік өлең айшықтарымен танымал ақындар халық ауыз әдебиеті және Абай поэзиясынан мейлінше сусындап өсті, үлгі алды. Бұл – әдебиеттегі ескі дәстүрді қайталау емес, керісінше алдыңғы толқын ағалар тәжірибесін, үлгісін дамыта пайдаланып, жаңа түр, жаңа сапаға ие болуы, ілгері дамуы.

Ұлттық поэзиямыздың қалыптасуында Абайға соқпай, өнеге алмай, айналып өткен ақындар кемде-кем. Өйткені, Абай поэзиясы – өз дәуірінің кескінін шынайы бейнелеп берген өрісі биік, өзгеше поэзия. Ол жөнінде Ахмет

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үдік артық» [1: 71-72] – деп Абайды аса жоғары бағалады. Ал қазақ әдебиетіне жаңа сипат, соны түр берген ғұлама Абай поэзиясының ұлылығын, даналығын қапысыз таныған Мағжан:

*Шын хакім, сөзің асыл, база жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның*

Әлемнің құлағынан әні кетпес, [2: 22] – десе, Абай өлеңінің, Абай өнерінің мәңгілігін, тереңдігін сезінген Ілияс Жансүгіров «**Сөз өрнегі**» атты мақаласында: «Абайдың ақындық ауданы кең... Абай – біздің көркем әдебиетімізге үлкен еңбек сіңірген, көп жаңалық кіргізген ақын» – деп толғана жазды [3: 45-52]. Олай болса, ақындардың Абайды ұстаз санап, сөз кестесі, өлең өрнегі бөлек поэзиясынан тәлім алуы заңды.

Ұлы Абайдың ақындық ерекшелігін, өлең өрімінің өзгешелігін тани білген Ілияс Жансүгіров өз өлеңдерін сол үлгіде жазғаны белгілі. Абай үлгісі, Абай тәсілі Ілияс өлеңдерінде мол ұшырасады. Бұл туралы белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: «І.Жансүгіров те Абайға ерте еліктеген ақын. Ілиястың өз шеңберлерінде сәтті шыққан өлеңдері көп» – дейді[4]. Шын мәнінде, Абай поэзиясына еліктеген Ілияс Жансүгіров шығармашылығынан Абай әсері сезіліп тұрады. Бірақ шынайы талант иесінің түрлі тақырыптағы туындылары көшірме емес, бұрынғы дәстүрден үйрене отырып, өзінше өрнектеп, жаңартқан, толықтырған дүние екендігі даусыз.

Әр кезеңдегі қоғамдық құбылыстар мен әлеуметтік мәселелерді сол қоғам көзқарасымен ұғынып, сол қоғамдағы адамдардың келбетін, психологиясын, қимыл-әрекетін сол кезеңде ғұмыр кешкен ақындардан ешкім де артық сезініп, бейнелей алмаса керек-ті. Өйткені, адам – өз дәуірінің, өз қоғамының жемісі. Осы ретте, қоғамдағы кейбір теріс қылық, сол қоғамға сай мінездердің жинақталған образы Абай өлеңдерінде, оны үлгі еткен Ілияс поэзиясында да кеңінен бейнеленген. Мәселен, Абай менменсіген байлардың тоқмейілсіген мінез-құлқын «Болыс болдым мінеки», «Күлембайға», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Мәз болады болысың», т.б. өлеңдерінде өткір әжуа, мысқылмен сынаса, Ілияс Жансүгіров те «**Бейсембек болыс**» өлеңінде:

Ылаулап бір сындар ат мініп алат,



Сымпыстау келте киім киіп алат.

Өзгеге өзі айбынды көрінбекке,

Мойнына бір сөмкені іліп алат.

Бай келсе ақырғансып тықаң қағад,

Кедейге керенаусып нығарланад.

«Жиырма төрт сағатта» деп жаздырад та,

Қол қойып анда-санда шоқаң қағад, [5: 39] – деп «ел ішіндегі жағымсыз мінездерді Абайша шенеп, Абайша сынаиды» [4].

Ал Ілияс Жансүгіровтың *«Көңілдің жүгірісі»* өлеңінің:

Я мақтамай, я боқтамай,

Бәрін дос деп бекер жүр.

Жақсы көріп ақтамай,

Алаңдықпен шекті өмір.

Кейде жылан, кейде шоқ,

Кейде ынжық, кейде жоқ.

Кейде жаяу, кейде атты,

Кейде баяу, кейде отты, [5: 11] – деп келетін жолдары, Абайдың надан ұлық пен би-болыстардың жат мінездерін шенеген *«Дұтбайға»* деген өлеңіндегі:

Жылуы жоқ бойының,

Жылмиғаны неткені?

Құбылуы ойының –

Кетпей құйтың еткені.

Сенен аяр түгі жоқ,

Бүгін сыйлас көрініп.

Бүгін жалын, ертең шоқ

Сөзі мен өзі бөлініп [6: 285] – деген жолдарының өрнектерімен үндестігі аңғарылады.

Ілияс Жансүгіров *«Абайдың сөз өрнегі»* мақаласында: «Абай ақыл айту үшін алдымен айналаны мінеп, қазып отырады. Оның көретінінің көбі — ақылға, «адамшылыққа» жатпайтын жаман мінез, жат өнеге. Абай осыларды сынап, мінеп шығады. Абайдың қара сөзінде болсын, өлеңінде болсын оның сыны күшті. Абай осы міндерді түзеуге жалаң үгітті, сынды ғана жұмсамайды, Абай ащы тілді, улы сөзді, сықақты, мысқылды, ілмені, мазақты қолданып отырады» [3: 45-52] – дей келе, өзінің *«Қалпымыз»* деген туындысын:

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



*Пайдасыз тақыл,
Хайласыз гафыл,
Өлуге орға секіреді.
Дабырлы жолды,
Табылды болды,
Одан артық не тілер?
Ақыл, ой, талап, ар-намыс,
Біздің елден жүр шалыс.
Ағайын ақымақ,
Ақымағын баптап,
Кәперінде түк те жоқ.
Сырты тату,
Іші қату,
Харыф жасап, нүкте жоқ.*

*Алдағыш болсаң, ас даяр,
Алдаған кісі қасқаяр, [5: 24-25] – деп Абайша өреді. Оның бұл өлеңі ұлы Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі:*

*Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды,
Әдеті надан адамның.
Бойында қайрат, ойда көз,*

Болмаған соң айтпа сөз, – деген жолдарымен етене үндесіп тұр[6: 137]. Тіпті, бір қалыптан шыққандай. Бұл тек өлең кестесі ғана емес, көтерген мәселесі жағынан да, сөз өрнегі тұрғысынан да ұлы ақыннан жырақ кетпейді. Ал көркемдік ерекшелігі жағынан Абайда кездеспейтін тың теңеулер беріп, бейнелі ойлар тудырған.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңінде Абай өз дәуіріндегі адамдардың, әсіресе қолына азын-аулақ билік тие бастаған, соқыр кеуде надан ұлықтардың, сұм-сұрқия кулардың, өтірікші жылпостардың жат мінездерін шеней келіп, «қара қарға сияқты шуласар жұрт», – дейді. Не кісі сүйер ісі жоқ, не адам қызығар түсі жоқ қара қарға – жағымсыз бейненің теңеуі. Абай дәуіріндегі әлгіндей сұрқиялар Ілиястың жас бала, жігіт кезінде өмір



сүрген. Соларды Ілияс та Абайша шенеп отырады» [7], – деген белгілі Ілиястанушы Мырзабек Дүйсеновтің пікірі жоғарыдағы келтірілген мысалдарды қуаттай түседі.

Ғұлама Абай мен Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы үндестік, сабақтастық жоғарыда келтірілген әлеуметтік әуендерге орай шыққан өлеңдермен ғана шектелмейді. Талантты ақынның оқу-білім, табиғат көріністері жайында жазылған дүниелері де Абай туындыларынан нәр ала отырып, шеберлік шыңына жеткізіле суреттелген. Ілияс Жансүгіров өлең өлкесіндегі жауһар жырлардан үйрене отырып, өзіндік өлең өрнегін қалыптастырды. Сондықтан «ақын туындылары мәтініндегі тілдік бірліктер арқылы берілетін ақпарат – ұлт танымының тілдік таңбасы, ұғым мен зат, табиғат пен құбылыс арасындағы байланыс нәтижесінің көрінісі» [8:141]. Абай кәусарынан сусындаған Ілияс Жансүгіров поэзиясы тек оның көшірмесі ғана болып қалмай, жаңа түр, өзгеше сапаға ие болды. Әрине, бұл – ескінің өз топырағында туып, қайтадан түлеуінің, толығының, жаңаруының заңды көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998.
2. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1989.
3. «Әдебиет майданы» журналы, 1934. № 11-12.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 364 б.
5. Жансүгіров І. Шығармалар. I-II том. Өлеңдер. – Алматы: «Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы», 1960.
6. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: «Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы». 1961. – 285 б.
7. Дүйсенов М. І. Жансүгіров. – Алматы: Ғылым, 1965. – 300 б.
8. Қасенов Е.С. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты (І.Жансүгіров поэзиясының тілі бойынша). – Алматы: Ғылым ордасы, 2013. – 248 б.



ВЕЛИКИЙ МЫСЛИТЕЛЬ ТЮРКСКОГО МИРА

Кульжанова Ж.Т.,

кандидат философских наук декан гуманитарного факультета

Казахского агротехнического исследовательского

университета им.С.Сейфуллина

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272061>

Аннотация. В данной статье Абай рассмотрен как мыслитель, который известен далеко за пределами нашей Родины. Мудрость, просвещение и советы Абая были написаны не только для казахского народа. Не будет преувеличением сказать, что он является фигурой, указывающей путь всему тюркскому миру. Он как великий ученый, деятель, признан и уважаем на весь тюркский мир.

Ключевые слова: наследие, комплексное исследование, тюркский мир, нравственность, образование.

Abstract. In this article, Abai is considered as a thinker who is known far beyond the borders of our homeland. Abai's wisdom, enlightenment and advice were written not only for the Kazakh people. It would not be an exaggeration to say that he is a figure showing the way to the entire Turkic world. As a great scientist, figure, he is recognized and respected throughout the Turkic world.

Key words: heritage, comprehensive research, Turkic world, morality, education.

Абай Кунанбаев - великий казахский поэт, просветитель, философ и общественный деятель второй половины XIX века. Творческое наследие поэта, а это – стихи, поэмы и философские эссе, можно по праву отнести к бесценной сокровищнице мировой литературы. Абай Кунанбаев основоположник современной философии и казахской литературы. Абай является важной личностью для казахской культуры и для культуры всего тюркского мира. Он внес новаторство и богатство в казахский язык, общую духовность, а также в литературу и культуру всего тюркского мира, поразил мир силой своего пера. В своих стихах и словах назидания он представил казахскую и турецкую культуру с разных сторон.

Будучи видным представителем казахской литературы, поэт и мыслитель Абай был хорошо знаком с восточной и западной классикой. Он является великой личностью, которая, черпая вдохновение в произведениях поэтов Востока, таких как Навои, Хафиз, Низами и Физули, читала произведения ведущих деятелей русской литературы и через это понимала западную литературу и привозила ее в свою страну. Абай также был хорошо знаком с арабской и персидской литературой. Он также знает османскую литературу.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Образцовая семья и традиционное школьное образование — главные залог успеха. Во многих своих произведениях он успешно сочетал Восток и Запад, особенно поэзию и риторику. Его цель — отразить ценности своей нации и сравнить их с другими культурами и ценностями мира. Его произведения переведены на русский в том числе и на многие иностранные языки мира.

В 1959 году на чешском языке были изданы «Слова назидания», к предисловию к этой книге написал чешский писатель Франтишек Соукуп, который называл Абая великим гуманистом и демократом. Известный другой чешский литературный деятель А. Костан в своей статье, посвященной казахским поэтам, отвел Абая Кунанбаеву роль основателя письменной казахской литературы. Следует отметить, что в те годы, литературная общественность Чехословакии и Венгрии проявляла большой интерес к творчеству Абая Кунанбаева. Тюрколог Людек Гржебичек проводил исследования казахского языка на примере поэтических произведений Абая, где проанализировал «некоторые характеристики количественного распределения слов в поэзии Абая Кунанбаева» [1]. Венгерский ученый, академик Имре Тренчени-Вильдапфель занимался изучением казахской литературы. Он освоил казахский язык и переводил стихи казахских классиков на венгерский язык. В одной из своих статей он написал: «Я люблю поэзию Абая... Мною переведены уже многие стихи Абая ...» [2].

По мнению Шанталь Лемерсье-Келькежей, Абай был «горячим сторонником сближения культур: казахской и русской, восточной и западной...» [3]. Лемерсье-Келькежей является известным ученым-востоковедом, автором ряда работ по истории мусульманских народов Средней Азии. Альбер Фишлер — французский ученый, лауреат французской премии Академическая пальмовая ветвь в области литературы (1985 и 1996 гг.) выступил с призывом читать Абая на французском языке. Жоселин Перар сравнивал произведение казахского поэта «Слова назидания» с трудом французского философа Серена Кьеркегора «Стадии жизненного пути». Французские ученые находят много общего в размышлениях о жизни у Абая и у Кьеркегора, их уважительное отношение к вере, к вере открытой, лишенной фанатизма. Жоселин Перар и Маривонн Перро считают: «себя учениками Абая... Мы можем сказать, что у Абая много последователей» [4].

На проходившей международной конференции в Алматы выступил также Генеральный директор ЮНЕСКО Федерико Майор. Ф.Майор рассказал о том,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



что в Париже «был издан альбом об Абае (на казахском, английском и французском языках), благодаря сотрудничеству постоянного представительства Казахстана в ЮНЕСКО и издательства ЮНЕСКО» [5].

Абай не только поэт и мыслитель, но и литературный критик. Он является ученым, проводившим научные исследования по темам общества и литературы в исторические периоды Казахстана. Критик, который в своих черных словах и стихах критикует несправедливость людей, подобен социальному инженеру, который представляет свои философские идеи в областях справедливости и несправедливости, морали, искусства, литературы, риторики и науки.

Когда мы думаем о наследии Абая, мы вспоминаем сотни стихотворений, десятки песен, поэм и около 50 «черных изречений». Он переводил Пушкина и Крылова из русской литературы, а также Гете и Байрона из западной литературы. Тот, кто прочтет поэмы «Масгут» и «Искендер», убедится, что поэт был хорошо знаком с шедеврами восточной литературы. Есть те, кто сравнивает мыслителя, впитавшего в себя западную и восточную литературу и обогатившего полученной от них пищей казахскую литературу, с реформатором национальной духовности.

В теории литературы Абай рассматривается как фигура, стоящая у истоков казахской письменной литературы. Последующее поколение, известное как «поэтическая школа Абая», оказало влияние и послужило примером для литературного развития алашской интеллигенции.

«Главный поэт Казахстана — Абай Кунанбаев. «В казахских степях не было поэта более великого, чем он, ни в прошлом, ни в настоящем», — писал народный учитель Ахмет Байтурсынов.

Абай говорит, что цель жизни человека – взросление. Что такое зрелость? Есть различные улучшения. Например, мы совершенствуем свое тело и силу, занимаясь спортом, а изучая науку, искусство, совершенствуем свое мышление. Говоря это, Абай указывает, что есть более важная зрелость, чем эти, это духовная зрелость, то есть совершенствование души. Абая глубоко интересовала жизнь, окружающий мир, природа, тайны существования, их законы, и он пытался найти ответы на волновавшие его вопросы, углубляясь в тайны мира. Кто я? В чем высший смысл жизни души? Все люди и животные едят, спят, защищают себя и оставляют потомство. Так в чем же разница между людьми и другими существами? Здесь Абай ищет ответы на глубокие и загадочные вопросы, волнующие каждого. В своих учениях и философских

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



трудах он раскрывает цель жизни человека, путь достижения этого идеала, суть существования в мире и его внутреннюю связь, общие законы.

Мудрость, просвещение и советы Абая были написаны не только для казахского народа. Не будет преувеличением сказать, что он является фигурой, указывающей путь всему тюркскому миру. Мы должны воплотить в жизнь идеалы Хакима по созданию мирного тюркского мира. Он — великий и ученый деятель, которого признает, уважает и понимает весь тюркский мир.

Если рассматривать это с точки зрения целостности тюркского мира, то мы не ошибемся, если скажем, что Абай — святой и объединяющее начало, проводник. В этой связи важным вопросом является дальнейшее продвижение идеальной личности Абая в тюркском мире.

Важность образования такова, что наше будущее поколение получит духовное богатство только от образования. Человек формируется только через образование «Главная задача воспитания — повлиять на нравственность», слова Абая актуальны и сейчас. «Человеком легко родиться, но трудно стать человеком» — говорил мудрый Абай. По мнению Абая, настоящим человеком может считаться только тот человек, который превратил моральные нормы и принципы в образ повседневной жизни.

Список использованной литературы:

1. Людек Гржебичек. О некоторых количественных свойствах лексики Абая // Мир Абая. - Алматы: МКА, 2004. - С. 28-29.
2. Имре Тренчени-Вильдапфель. Я люблю поэзию Абая, романы Ауэзова... // Мир Абая. - Алматы: МКА, 2004. - С. 51.
3. Шанталь Лемерсье Келькежей. Абай Кунанбаев, просвещенный модернист // Мир Абая. - Алматы: МКА, 2004. - С. 68-73.
4. Жоселин Перар, Маривонн Перро. Абай — экзистенциальный мыслитель // Мир Абая. - Алматы: МКА, 2004. - С. 74-77.
5. Карпык А.-Х. Абай. Наследники на перепутье. - Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995. - С. 75-78



АБАЙ МҰРАСЫ – ҚҰНДЫЛЫҚ БАСТАУЫ

Токсанбаева Тілектес Жаңаберген қызы

филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Қазақстан, Астана қаласы

tlasha66@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272065>

Annotation. Delving deeper into the poet's reflections on value, like the school of an immortal example, it is more obvious that the great artist is a thinker who seriously goes around in his speech, no matter what his problem is.

Keywords: Heritage, morality, value, education, unity of the people.

Бүкіл саналы ғұмыры туған халқының бақыты мен болашағына арналған ұлы Абайдың ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихындағы алатын орны айрықша екендігі талассыз шындық. Әркімді заман сүйреген, қоғамы оны елеген кезеңде заманының озық туған озық жанның көкірегінен шыққан ойлы сөздерді қазіргі ұрпақ үшін де келешек үшін де өлмес, өшпес асыл қазына деп білмек керек.

Абай қазақтың ғана емес, әлемнің Абайы. Абай мұрасы қат-қабат құпия әлем, ашылмаған сыр. Абай шығармаларының тақырыбы өте кең: онда табиғаттың тылсым сыры да, өнердің өлең мен күй құдыреті де, тілсіз тілмен ұғынысқан ғашықтық тілі де, ғылым мен білім де, еңбек те, адамзатқа ғана тән адами қасиеттер, яғни адамгершілік мәселесі де терең әрі жан-жақты қамтылған. Міне, осы қат-қабат құпияның ішінде біздің бүгінгі сөз етеріміз бүкіл адамзатқа тән алуан сезімнің сырын ашар әлем – абайлық ақыл парасат әлемі. Адамзаттың бәрінің бар ұрпағымен уақытша бірге жасасар, адамзаттың бәрін де бауырым деп таныған құдырет қуаты мол Абайға ғана тән Абайлық жүрек әлемі.

Ақын мұраларын тереңірек оқып, түсіну, тану барысында айқындалар нәрсе әр алуан тақырыптағы ақын шығармаларының ең өзекті түйіні де – дүниенің ең асылы адамды бағалау, адамды тану, яғни адамгершілік мәселесі. Бұл Абайға дейін де, Абайдан кейін де әр заман ойшылдарының санасынан терең орын алып, пікір күресін тудырған шын мәніндегі ең өзекті мәселе. Ұлтымыздың биік мерейі болған Ұлы Абайды танытуда ақынның көзі тірісінде-ақ ақын жайлы мақала жазған Ә.Бөкейхановтан бастап А.Байтұрсынов,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Қ.Жұбанов абайтанудың бірегей білгірі М.Әуезов, М.Мырзахметов, Қ.Мұхаметқанов, Р.Сыздықова, З.Ахметов, М.Бейсенбаева, Т.Әлімқұлов, Қ.Салғарин, Т.Жұртбаев, Ғ.Есім, Ж.Ысмағұлов т.б да авторлар көп еңбек сіңірді [1:5].

Заманды «қалың елі қазағын» білім нұрымен, ағарту жолымен түзетуді мақсат еткен, осы жолда ақыл, қайрат, жүректі тең ұстап, ғылымның жасампаздық күшіне сенген ұлы Абайдың үлгі еткен адам болудың жолы қай заманда, қай қоғамда болсын өзінің мән-мағынасын, маңызын жоймайтын адамзаттың бәріне бірдей өнеге болар қағида.

Абай Құнанбаев (1845-1904) — көрнекті қазақ ақыны, философы, композиторы, ағартушысы және қоғам қайраткері. Оның шығармашылығы қазақ жазба әдебиетін қалыптастырудың негізіне айналды және халықтың ұлттық мәдениеті мен өзіндік санасының дамуына зор үлес қосты. Абай жай ғана ақын болған жоқ — ол өз халқының дүниетанымын өзгертуге, оны ағартушылық, білімді және жаңа білімге ашық етуге ұмтылған жаңашыл болды.

Ол өз шығармаларында қазақ халқының тағдыры туралы ой тербеп, сөз қозғады, әлеуметтік жамандықтарды айыптады, адамгершілік, әділеттілік, бірлік, еңбекқорлық және білімге ұмтылу мәселелерін көтерді. Оның философиялық идеялары мен әдеби еңбектері қазақ мәдениетінің дамуына ғана емес, жалпы қоғамның рухани өміріне де зор әсер етті.

Бүгінде Абай мұрасы өзекті болған үстіне құндылық негізі болып қала бермек. Оның адамгершілік, білім, халықтың бірлігі және үнемі өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі туралы идеялары қазіргі қоғам үшін маңызды нұсқаулық болып табылады. Бұл жұмыста Абай мұрасының маңызы, оның философиялық көзқарастары, әдеби және музыкалық шығармашылығы, сондай-ақ оның идеяларының қазіргі Қазақстанға әсері егжей-тегжейлі қарастырылады.

Абай Құнанбаев ақын ғана емес, өмір, адамгершілік, адам және қоғам туралы ой қозғаған терең ойшыл болды. Оның философиялық көзқарастары басты еңбегі — «Қара сөздерінде» көрініс тапты. Бұл 45 эссе жинағы, онда ол адам болудың әртүрлі жақтарын талдайды және өз халқына кеңес береді.

1. Білім мен білімді дамытудың кілті ретінде

Абай еңбектеріндегі басты тақырыптардың бірі — білім берудің маңызы. Ол білім мен ағартушылық халықтың дамуы мен өркендеуінің негізі деп санады. Абай өзінің 25-ші қара сөзінде адам үнемі білімге ұмтылып, интеллектуалды

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



және рухани дамуы керек деп жазды. Ол оқуға жалқау, бос өмірді ұнататындарды сынға алып, болашақ туралы ойлауды көкседі.

Абай өзі Шығыс және батыс философтарының еңбектерін, сондай-ақ классикалық орыс әдебиетін зерделеді, бұл оның кең дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ол қазақ халқы әлемдік прогреске ілесу үшін жаңа білімге, шет тілдерін, ғылымдар мен технологияларды үйренуге тиіс деп есептеді.

2. Адамгершілік құндылықтар және рухани даму.

Абай философиясында адамгершілік пен құндылық маңызды орын алады. Ол адамның адал, әділ, мейірімді және еңбекқор болуы керек екенін баса айтты. Ол өз шығармаларында жалқаулық, қызғаныш, ашкөздік, екіжүзділік және өзімшілдік сияқты зұлымдықтарды қатты айыптады.

10-шы қара сөзінде Абай адам жұмыс істеуі керек, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы керек және оңай олжаға үміттенбеуі керек дейді. Ол Еңбек Адамның бақыты мен әл-ауқатының негізі деп тұжырымдады.

3. Халықтың ынтымағы мен бірлігі.

Абай қазақ қоғамының бытыраңқылығына алаңдады. Оның кезінде қазақтар арасында халықтың дамуына кедергі келтіретін туысаралық қақтығыстар болған. Ол бірлікке, бір-бірін құрметтеуге, қоғамның игілігі үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Абай өз шығармаларында қазақтар ескі жанжалдардан бас тартып, білімге, еңбекке және рухани өсуге назар аударуы керек екенін атап өтті. Тек осылай ғана, оның пікірінше, халық өркендеу мен тәуелсіздікке қол жеткізе алды деп біліп, бұл ойын шығармаларында нақты шегелеп түсіндіруге тырысты.

Қазақ мәдениетіне қосқан үлесі.

Абай Құнанбаев қазақ әдебиетінің дамуына баға жетпес үлес қосты. Оған дейін Қазақ әдебиеті негізінен ауызша және фольклорға негізделген. Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалап, оған жаңа жанрларды, көркемдік тәсілдер мен философиялық тереңдікті енгізді.

1. Поэтикалық мұра.

Абай түрлі тақырыптарды қозғаған 170-тен астам өлең жазды:

Туған табиғаттың сұлулығы ("Жаз", "Күз", "Қыс", "Көктем" өлеңдері), махаббат және адамның сезімдері, әлеуметтік мәселелер және әділетсіздік, өмірдің мәні туралы философиялық ойлар, оның поэзиясында орыс және еуропалық әдебиеттің әсері байқалады. Ол верификацияның жаңа формаларын,



күрделі метафораларды, терең бейнелерді қолданды, бұл оның шығармаларын мәнерлі және эмоционалды етті.

2. *Әлемдік әдебиеттің аудармалары.*

Абай қазақ халқын әлемдік мәдениетке баулуда үлкен рөл атқарды. Ол шығармаларды қазақ тіліне аударды: Александр Пушкин, Михаил Лермонтов, Иван Крылов. Оның аудармалары сөзбе-сөз болған жоқ – ол шығармаларды қазақ оқырманына түсінікті етіп бейімдеді. Осының арқасында қазақтар әлемдік әдебиеттің үздік үлгілерімен таныса алды.

3. *Музыкалық мұра.*

Абай да бай музыкалық мұра қалдырды. Ол бүгінгі күнге дейін орындалатын 20-дан астам ән жазды. Оның әндері әуезділігімен, философиялық тереңдігімен және бейнелердің байлығымен ерекшеленеді.

Абай мұрасының өзектілігі.

Бүгінгі таңда Абай идеялары өзекті болып қала береді және қазақстандық ғана емес, барша әлемдік деңгейде дүйім қоғамға әсер етуді жалғастыруда.

1. *Білімге әсері.*

Абайдың білім берудің маңыздылығы туралы ілімі Қазақстанның қазіргі білім беру саясаты үшін негіз болды. Мектептер мен университеттерде оның еңбектері зерттеліп, оның философиясына арналған конференциялар өткізіледі.

2. *Жастарды тәрбиелеу.*

Абай философиясы жастардың бойында дұрыс моральдық бағдарларды қалыптастыруға көмектеседі. Оның шығармаларында адалдықтың, әділеттіліктің, адамдарға деген құрмет пен білімге деген ұмтылыстың маңыздылығы көрсетілген.

3. *Халықаралық тану.*

Бүгінде Абай шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылған, оның шығармашылығы тек Қазақстанда ғана емес, көптеген басқа елдерде де зерттелуде. Бұл оның идеялары әмбебап және бүкіл адамзат үшін маңызды болып қала беретінін көрсетеді.

Өмір керуені қоңыраулатып өте де шығар. Дүниеде бәрі өткінші, тек еш уқытта ескірмейтін жалғыз ғана құдырет бар. Ол – сөз, дананың хаты. Міне сондықтан да бұл өмірден жанына, жүрегіне парасат тілегіне жарайтындай еңбектің бәрін де сарыла іздеп өткен Абайдың: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын я оқысын, керегі жоқ десе, өз

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



сөзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [3:107]. - деуі де табиғи заңдылық. Т.Әлімқұловша айтсақ: өзінің кім екенін білген Абай тоғыз жолдың торабында өнерді, оның ішінде поэзияны таңдады.

Дүниеге түскен сызаттың бәрі ақын жүрегі арқылы өтеді (Гете) [2:5].

Нағыз ақын ретінде Абай да өмір сүрген орта – қазақ қоғамы ауыр халінің өзгелердің көзі түсе бермейтін қалтарыс сырларын алғашқылардың бірі болып көріп, таныған еді. Бұл кездегі тұрмыс – тіршіліктің барлық саласында да надандық зардабын қатты шеккен қазақ қоғамының ауыр халі – ақынның жүрегін жаралап, жанын ауыртты. Оның үстіне Ресейдің отарлау саясаты қазақ халқын жерінен, кеңінен айырса, енді ділінен, дінінен айырмақшы. Рухани бодандық, бұдан асқан зәбір барма? Бұны сезер жан да жоқ. Бар малдарын шығындап, болыстыққа таласқан іштен шыққан жау. Қалың елі қазағы – бір емес, екі рет күйді. Екі күймек бір жанда әділетпе? Міне осы жайлар ақынды мыңмен жалғыз алыстырды. Ақын халқын құтқарар жалғыз-ақ жол – білім, ғылым жолын таңдады. Көп наданнан түңіліп, ғылым – білімді іздеп екі жаққа үңіледі. Ұлы ақынның кең де кем елді де дүниетанымының ең әуелгі өрісі ұлттық мәдениет халықтың даналығы тапқырлығы шеберлігі. Одан соң шығыс классиктері: Пушкин, Лермонтов, Крылов, Салтыков-Шедрин, Жуковский, Толстой орыс революционерлері Михайлис, Гросс, Долгополов, Батыстың ойшылдары Спенсер, Спиноза, Дрэпер, Дж.Кеннан.

Ұлы ойшылдың дүниетанымының қалыптасуында, міне осы аталғандардың бәрінің де өзіндік салмақты орны бар. Бұл жөнінде әсіресе, орыс әдебиеті мен сол арқылы батыс әдебиетінің әсері Абай шығармалары хақындағы зерттеу еңбектерінде кеңінен айтылып та жазылып та келеді.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақтың жолы осы деп әділетті, - [4:154] деген Абайдың таймас темірқазығы да осы.

Абайдың адамгершілік туралы тағылымы аса бай. Ақын гуманистік идеял тұрғысынан келешек имандылық сипаттарының негіздері қандай болуы керектігін терең ойлана отырып, гуманистік нанымның шыңы үш сүю, имангүлді ұсынады. Осы жолдағы адамның басты жиынтық қасиеті ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек дейді.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



«Ғылымды, ақылды сақтайтын мінез деген сауат бар. Білім-ғылымды дәулет деп білсең әрбір естігенді көргенді көңілге жақсы ұғып, оның өз суретімен ішке жайластырып алады» [5:2].

Абай сөзі адам мен табиғат арасының көпірі сынды. Абай сөзінің арғы жағында адамның адамдық табиғаты жатыр. Абайдың сөзін оқыған сайын жанның құмары, жанның сыры ашыла түседі. Абай өмір сүрген дәуірде қазақ қоғамын толғандырған басты мәселе құдай мен табиғат, адам мен құдірет, жан мен тән, өмір мен өлім болса, міне осылардың бәрінің жауабын Абай шығармаларынан табамыз. Ақын адамды дүниенің ең маңызды бөлігіне жатқызып «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде онан басқа» деп ең жоғары санайтын Алламен қатар адамды да сүйуге шақырады.

Ақыл, қайрат, жүрек – тек адамға ғана тән қасиет. Ақылдылық – өтіріктің ақиқатын ажыраттырса, қайрат адамды алдына қойған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылдырады. Жүрек әділеттілік пен әділетсіздікті бір білдіреді. Ал адамның ақылдылығы, саналылығы, білімділігі ғылымда зерттелгенімен, дүние құбылыстарының ішкі сырын білуден болмақ.

Сонымен сөзімізді түйіндер болсақ, Абай Құнанбаевтың мұрасы – бұл жай ғана әдеби шығармалар емес, сонымен қатар ХХІ ғасырда да өзекті болып қалатын терең философиялық жүйе. Оның еңбектері үнемі өзін-өзі жетілдіруге, білімге ұмтылуға, адалдық пен еңбекқорлыққа шақырады. Ол білім берудің, адамгершіліктің және халықтың бірлігінің маңызды мәселелерін көтерді, олар әлі де қоғам үшін маңызды болып қала береді.

Абайдың ықпалы Қазақстаннан әлдеқайда асып түседі. Оның шығармалары көптеген тілдерге аударылған және философиялық идеяларын бүкіл әлемдегі зерттеушілер зерттейді. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық мақтаныш пен рухани мұраның символына айналды.

Бүгінгі таңда Абай еңбектері білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады, жастардың моральдық бағдарларын қалыптастыруға көмектеседі және адамдарды дамуға шабыттандырады. Ол бір адамның бүкіл халықтың санасын қалай өзгерте алатынының және тарихта өшпес із қалдыратынының мысалы болып қала береді.

Осылайша, Абай мұрасы – қоғамды дамытуға, жетілдіруге және өзінің мәдени бірегейлігін сақтауға көмектесетін даналық пен құндылықтардың сарқылмас көзі. Оның идеялары жаңа ұрпақты білім, еңбек және рухани өсу жолына шабыттандырып, өмір сүруді жалғастыруда.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Міне Абай шығармаларының негізгі түйіні, басты арқауы «Адам бол» деген лебіз, адамгершілік мәселесі.

«Бес нәрседен қашық бол

Бес нәрсеге асық бол

Адам болам десеңіз»... [6:55].

Ия, қорыта айтарымыз Абай бүкіл адамзаттың жақыны, адамгершіліктің ақыны.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1т. Алматы, 1995, 118-б.
2. Абай Құнанбаев. «Қара сөздері». Алматы: Жазушы, 2012.
3. Кенжебаев Б. Кемеңгерлік кепілі («Абай» атты мақаласының толықтырылған нұсқасы). // Әдебиет белестері. Алматы. 1986, 145 б.
4. Қазақстанның әдеби порталы – www.adebiportal.kz
5. Мустамбаев И. Поэт Абай иего философия. «Абай» журналы, № 2, 1992, 65 б.
6. Сулейменов О. «Абай и его время». Алматы: Дәуір, 2015.



АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ТӘРБИЕ ІЛІМІНІҢ ТҰНЫҒЫ

Тлеулесова А.Ш.,

п.ғ. к., қауымд. профессоры,

Қазақ және орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан Республикасы*

Мауленова Ә.М.,

п.ғ.магистрі қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан Республикасы*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272071>

Аннотация. Мақалада Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі тәрбие туралы мәтіндер талданады. Себебі адамзат бойындағы қасиеттер мен ерекшеліктерді, мінез тақырыбын ақын философиялық тұрғыдан қарастырды. Абай мұрасының адамгершілік қасиет туралы өлеңдері талданды. Ақынның толғамдары мен пайымдаулары өлеңдерінің тәрбиелік мәні, құндылықтар жүйесі қарастырылды.

Кілт сөздер: ұлттық тәрбие, адамгершілік, тәрбие, білім, өнер, құндылық.

Abstract. The article analyzes the texts about upbringing in the words of Abay Kunanbayev. Because the poet considered the qualities and features of humanity, the theme of character from a philosophical point of view. The poems of Abai's heritage about moral qualities were analyzed. The educational value of the poems of the poet's reflections and judgments, the system of values were considered.

Key words: national education, morality, education, knowledge, art, value

Әр елдің ұлттық білім беру жүйесінің ауқымы, құрылымы және экономикасы, ғылымы, мәдениетімен өзара әсері әр түрлі болғандықтан, білім беру жүйесінің шығу түрі де әр түрлі. ХХІ ғасыр - ақпараттық қоғам ғасыры, мәдениет технологиясының ғасыры, адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау ғасыры. Адамзаттың дамуының жаңа жүйесі кезеңіне білім беру мен оқытудың жаңа модельдері сәйкес келуі қажет. Сонымен қатар, жастарды тәрбиелеу негізгі мәселердің бірі болып саналады.

Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеудің ілімдік жағынан гөрі өнерлік жағына көп мән берген ғұлама. Себебі ұрпағы толық адам болуы үшін алдына қандай мұрат, мақсат қойып, нендей жол-жобалармен жүріп, қандай амал-тәсілдерді қолданып жүзеге асыруға болатындығын жалпақ жұртқа түсінікті әрі асыл сөзбен айшықтап жеткізген. Абай сөзі – халық сөзі.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Сөз өнері – бар өнердің басы, «өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак), «ең жоғары түрі» (Белинский) десе, қазақ халқының «өнер алды – қызыл тіл» деген тұжырымы де тегіннен-тегін тумаған.

Хакім Абай:

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы» (1)

«Қисынымен қызықты болмаса сөз
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы» (2)

«Іші алтын сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?» (3)

«Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап» (4)

«Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?» 5)

«Өзім де басқа шауып, төске өрледім
Қазаққа қара сөзге дес бермедім» (6)

«Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харакет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек» (7) [1].

Абайдың кейінгі (7) шумағымен академик Ғ.Мүсреповтың мына сөздері үндес келеді: «Ойдан – әрекет, әрекеттен – тіл; әрекет пен тіл ағалы-қарындасты егіздің сыңары екенінде дау болмасқа керек» [2].

Тәрбие берудің ең көрнекті құралының бірі, амал-тәсілі әдебиет үлгілері, көркем шығармалар болған. Онда көрініс табатын авторлық суреттемелер, жасалған образдар оқырманды ойға жетелейді, түрлі әсерге бөлейді. Тағылымдық, танымдық қасиеттер бой көрсетеді. Бұл орайда өзінің ағартушылық мақсатына сәйкес әдеби шығармаға тәрбие құралы ретінде қалам тартқан Абай өнегесі орасан зор. Бар сұлулықты, эстетикалық көркемдікті бойына жинаған

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абайдың өлең жолдары кімді де болса рухани биіктерге жетелеп, болашаққа деген құштарлыққа ұмтылдырады, саналылыққа тәрбиелейді.

Бұл құндылықтар дарынды ақынның сөз шеберлігі, даналық ойлары, парасаттылығы арқылы ерекше сұлуланып, өзгеше биікке көтерілген. Өр ұғым, өр қағида бүкіл адамзаттың жүрегіне жол тауып, есінде мәңгі сақталатындай қалыпқа келген.

Абайдың қай өлеңін, қай қара сөзін алсақ та, астарлы ойы мен идеясынан адамгершілікке тән асыл қасиеттерді (ар, ұят, намыс, иман, ақыл, білім, ғылым және т.б.) бойына дарыта алмаған ел-жұртын сынағанда оны жек көру тұрғысынан емес, керісінше адами рухты сіңіріп өсу керек деген ойды аңғартады. Бұл ақынның көпшіліктің іс-қылығына көңілі толмаған шарасыз күйін байқатады. Адал еңбек, маңдай термен емес, байларды аңду, оның малына сұғанақтықпен көзін қадаған кемшілікті сынға алады. Қазақы тіршіліктегі қайшылықты өмір көшін, сол кездегі әлеуметтік жағдайды сынап, мінейді. Одан арылудың жолы ғылым, білімде екенін ескертіп, ел назарын соған аударады.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

*Ғалым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге,
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,*

Адам болам десеңіз..— деп жастарды жамандықтан жиреніп, жақсылықтан үйренуге, үлгі тұтып өсуге шақырады.

Абайдың биік таныммен көмкерілген ой-өрнектері, терең гуманистік идеяға, жоғары эстетикалық философияға құрылған әдеби мұрасы қазақ халқының ғана емес, түркі әлемінің, одан әрі адамзаттың асыл қазынасы десек те болады. Оның даналығы – үлкен ірі философиялық мәселелерді шешуде, жаны таза, эстетикалық талғамы жоғары образды сомдауда, соның алғышарттарын көрсетуде алдына жан салмас шеберлікке қол жеткізуі.

Абайдың пайымдауында адамның бойындағы барша ізгіліктің басы отбасынан басталады. Ақын отбасында ата-анадан алынатын тәрбиені өте жоғары бағалаған. Сондықтан да өмірге келген әр адамды адалдыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке, сұлулыққа апарар жол ананың сүтінен, ата-

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



ананың пәрменді үлгісінен тамыр тартады деген ойдың желісі Абай өлеңдерінде айқын аңғарылады.

Ұлы ақын бала тәрбиесіне, жалпы бала болмысына, қарттар мен қариялардың танымдық ерекшелігіне қатты көңіл бөлген. Сондықтан ол:

Адамның бір қызығы - бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім- дейді.

Абай өмір жолын тануды білімге, ғылымға негіздеу керек дейтін қағиданы ұстанады:

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді», көңіл көзі қаракты, ойлы адамдарға үміт артып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге талпынуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес жүйесінің бірі болды.

Абай тәрбиелік бағыттағы өлеңдерінде адамның негізгі эстетикалық болмысының бастау көзі ғылымды игеруде жатыр, соның пайдасын білуге негізделген дегенді меңзейді. Себебі көкірегі ашық, танымы терең адамның қабылдауы да жан-жақты, әр нәрсеге көңіл бөлгіш, байқағыш, ой түйгіш болатыны анық. Абай өз өлеңдерінде бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласты.

Бұл тұрғыдағы Абай ұсынып отырған тағылымның өміршеңдігі – бүгінгі тіршілік мазмұнымен сабақтасып жатуында.

Абайдың тәрбиелік сипаттағы мазмұнына түрі сай, ең бір күрделі де көркем өлеңдерінің бірі – «Сегіз аяқ». Абай өзі өмір сүрген дәуірдің дерті болған әлеуметтік мәселелерді кеңінен толғайды. Сол қоғамның, сол ортаның індетіне айналған жат қылық, жаман мінез, құлықсыздық, жалқаулық, арызқойлық сияқты халыққа пайдасы жоқ әрекеттерді қатты сынай келіп, адал еңбекпен мал табуға, ар-ұятты ойлап бірлік етуге, достық-бауырлық қарым-қатынаста болуға үндейді.

Тәрбиелік мәнінің, ой қуатының күштілігі сондай, өлеңдегі мына жолдардың мақал-мәтел сияқты нақылға айналып кеткенін айтуға болады:

Еңбек қылсаң ерінбей,



Тояды қарның тіленбей.

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де ішпен біл» деген Абай анықтамасы да сол ұлттық көзқарас арнасынан тамыр тартады. Абай «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қызарып, сұрланып», «Жігіт сөзі», т.б. өлеңдерінде ғашықтық сезімнің тағылымды үлгілерін сипаттайды. Көркіне мінезі, ақылы сай жанды көре білу, жігіт жүрегін жаулап алар хас сұлуларды бағалай білудің үлгісін көрсетеді. Жас жігіттің қызды көргендегі алғашқы махаббат сезімін оятатын бойжеткеннің сыртқы келбетін Абай былайша суреттейді:

*Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?!*

Киген киімі, тағынған әшекей бұйымы таза қазақы болмыстың, ұлттық ерекшеліктің көрінісі. Ақын одан әрі сұлу қыздың аласы аз қара көзін, үлбіреген аппақ етін, әдемі тісін, бұраң белін әсерлі кейіпте көз алдыға келтіреді. Үй тұтқасы болатын әйелдің қандай болу керектігі, нендей жаман қылықтан аулақ болып, нендей жақсы әдетті бойына сіңіруі тиіс екендігі жөнінде ой тастайды.

Абай өзінің өлеңдерінде ерекше мән берген тәрбиелік ойларын қара сөздерінде де жалғастырып, дамыта түседі. Эстетикалық әсері мол өлең өрнегімен жеткізуге тырысқан өнегелік тұжырымдарын ақын қара сөздерінде қарапайым тілмен түсіндіріп, халық санасына ықпал етуді көздейді.

Қара сөздердің қайсысын алсаңыз да бірінен бірі өткен ащы шындықты алдыға тартады. Бұл орайда төртінші, жетінші, оныншы, он екінші, он жетінші, он тоғызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз жетінші, қырық төртінші қара сөздерінің тәрбиелік мәні қай заманда да жойылмайтыны, бүгінде де өзекті екені кәміл. Мәнсіз іс-әрекетке бой алдырмай, көре алмастық, қызғаншақтық, алауыздық, өсекқұмарлық, т.б. тәрізді жамандық жолына түспей, керісінше бар жақсылық жолында ұмтылу, яғни адал еңбекпен шұғылдану, білім алуға, кәсіп-өнер үйренуге, ғылым игеруге талпыну керектігін нұсқайды [5].

Қара сөздерінде Абай қазақ халқының ұлттық мінезіндегі, дүниетанымы мен көзқарастарындағы келеңсіз мінез-құлықтық сипаттар мен тар мағынада ғана ұғынылатын ұғым-түсініктерді сынға ала отырып, олардың мақал-мәтелдердегі мәнін ашуды мақсат етеді. Ұлттық бітім-болмысымыздағы үлгілі

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қасиеттерді ұрпақ санасына сіңіретін сөз мәйегі – мақал-мәтелдердің кейбіреуінің өнеге қалыптастыруға көлеңке түсіретін шынайы мағынасына ой жібере қарау керек екенін айтады [5].

Абай өз өлеңдерінде бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салғанын жоғарыда айтқамыз. Бұл орайда ақын өзі орнықтырған көркемдік өлшем, даналық тағылым, өнегелік сипат бойынша кейінгі буын қаламгерлердің де тәрбие тақырыбына туындылар жазуына өзіндік ықпал еткенін көреміз. «Өнер-білім қайтсе табылар» деген өлеңінде ер жігіттің өнерді үйреніп, кәсіпті меңгеруге кедергі болатын құбылыстарды санамалап көрсетеді, керек жайларды нақтылап ұсынады.

Ер жігіт өнер табуы үшін ерте ұмтылуы керек екенін, тыным алмай іздену қажеттігін ескерте отырып, жақсы азамат болып өсуде, діттеген мақсатына жету жолында мынандай нәрселерден бойын аулақ салуды нұсқайды.

Тәрбие берудің маңызды арнасының бірі жастарды елжандылыққа баулу болса, бұл тақырыпты арқау етпеген, шығармаларында Абай тағылымын сабақтастырмаған ақындар кемде-кем.

Себебі, алғаш поэзияның тек ауыз әдебиетінде кең таралған уақытында жеке жанр санатында бөліп бергені, қазақ тілінің, бүтіндей ұлттың болашағы үшін күш салғандығы, ел билігіне араласа отырып, өлеңнің жаңаша үлгілерін жасап, өзінің стилі мен идеясын төтесінен жеткізе білген.

Әр халықтың бала тәрбиелеуде өз әдісі бар. Қазақ халқының арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары болмаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан-ақ қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп білмесе де, жанап дүзге жолсыз жерлермен, жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан есту, көру сезімдері шынығып, алдағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған.

Қорыта айтқанда, ақын заманымыздың ең қажетті тақырыптарына қалам тартты. Оның тәрбие саласында қалдырған еңбегі сан салалы. Адамгершілік, имандылық, эстетикалық, еңбек, дене, патриоттық т.б. тәрбиені оқушылардың бойына дәріптей білген ақын. Сондықтан да Абай мұралары құнды қазына.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Қазақ баласы кең далада шөп өсетін, жұлдыздарға қарап ауа райын болжайтын, жануарлардың тілін түсінген, былайша айтқанда олар, сөзге шебер шешен де, тарихшы да, ботаник та, астроном да бола білді.

Абай өсиеттері жаңа заман лебіне сәйкес жаңа мазмұнмен толықтырылып, қоғамдық сананың жаңғыруына рухани еңбек болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. Шығармалары, 2 т. Алматы: Жазушы, 2002 ж .
2. Мүсірепов Ғ. Ана тілін анамыздай ардақтайық// Өнералды- қызыл тіл (мақалалар жинағы), -Алматы: Жазушы, 1986.- б.9-42.
3. Алпысбаев Қ. Абай тану. *Таңдамалы еңбектері. I том* , 2020 .- 10-116 .
4. Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 2012 ж.
5. Құнанбаев А. Қара сөздері. Алматы, 2009 ж.



АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

Әбсаттар Ә.М.,

PhD докторы, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу
университеті

e-mail: absattar.adil@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272076>

Аннотация. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы әдеби тіл нормаларының ерекшеліктері қарастырылады. Ақынның тілдік қоры, сөз қолданысы, сөйлеу мәдениеті және морфологиялық заңдылықтарды сақтауы талданады. Сонымен қатар, оның аударма өнеріндегі ерекшеліктері, әсіресе Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасын аударудағы еркіндік пен көркемдік тәсілдері зерттеледі. Абайдың тілдік мұрасы когнитивтік, коммуникативтік және функционалдық лингвистика тұрғысынан қарастырылып, оның қазақ әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі айқындалады.

Кілт сөздер: антропоцентрилік, жіктік категориясы, когнитивтік лингвистика, прагматика.

Annotation. This article examines the features of literary language norms in the works of Abay Kunanbayuly. The poet's lexical richness, word usage, speech culture, and adherence to morphological rules are analyzed. Additionally, his unique approach to translation, particularly his free and artistic interpretation of Pushkin's Eugene Onegin, is explored. Abay's linguistic heritage is considered from the perspectives of cognitive, communicative, and functional linguistics, highlighting his contribution to the development of the Kazakh literary language.

Keywords: anthropocentrism, personal category, cognitive linguistics, pragmatics.

Бүгінде адам факторының өзектілігіне байланысты тілді антропоцентрилік тұрғыдан зерттеуге ерекше мән берілуде. Зерттеу парадигмасының антропоцентрилік бағыты тілді екі маңызды функциясын – когнитивтік және коммуникативтік қызметін тереңірек ашуға бағытталған. Бұл бағыттағы зерттеулерде адам – өзінің әлемі мен дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады.

Антропоцентрилік зерттеулердің бастауын Абай дәуірінен (тіпті одан ертерек) көруге болады. Оның еңбектерінде тіл, сана, ақыл, қиял, тілдік сана, таным, концепт, концептуализация, тыңдаушы, сөйлеуші факторы және басқа да мәселелер жан-жақты қарастырылған. Ғалым «Қара сөздерін» нөмірлеген жоқ, бірақ кейіннен шартты түрде рет саны берілгенін ескерсек, 7-ші сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [1], – дейді.

Мұнда Абай когнитивтік лингвистиканың негізгі бірліктері – таным, сана мәселелерін сөз етеді. Ол тек саналы адамды ғана адам деп есептеп, адамның жануардан басты айырмашылығы – оның ақылдылығы, санасының бар болуы екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол: «Дүниенің көрінген Һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.», – деп ескертеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде: «Ойла, айттым, адамдық атын жойма!» – деп, адамдық қасиетті сақтау үшін ойлануға үндейді. Яғни, ойлау мен сана тек адамға тән екенін көрсетеді. Ол жануардың тек көзімен көретінін, ал адамның санамен қарауы керектігін айтады

Ғалым «Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды жаратыпты» деп атап өтіп, адам мен жануардың басты айырмашылығы – сананың бар болуы екенін ерекше атап көрсетеді.

Абайдың 43-ші қара сөзінде ол бұл ойды одан әрі дамытады: «Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсиби – оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсиби», – дейді.

Абай сөзге ерекше мән берген. Оның «Адамды сөзіне қарап қабылда, бірақ сөзді адамға қарап бағалама» деген тұжырымы қара сөздерінде де айқын көрінеді.

Абай 34-ші қара сөзінде: « Екі ауыз сөздің басын қосарлық не ақылы жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «ой, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?» – деп жазады.



Ақын өлеңдерінің атауларын да қара сөздерімен байланыстырып, сөзге ерекше талап қойған. Ол өз шығармаларында бөтен сөздерді араластырмай, таза қазақ тілінде жазды. Ақынның еңбектерін оқу арқылы сол дәуірдегі тілдің жай-күйін, сөздік қоры мен оның өзгерістерін анықтауға болады.

Абайдың шығармаларындағы «жіктік» категориясын қарастыра отырып, қазіргі зерттеушілер назар аудармай жүрген, тілдік қолданыста маңызы кеміген көптеген тұстарды анықтауға болады. Бұл біздің ұлттық болмысымызды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жіктік категориясы – қазақ тіліндегі сыпайылықтың прагматизмін, тіл мен ойлау жүйесінің байланысын көрсететін маңызды ұғымдардың бірі. Абайдың (Ибраһимнің) інісі Халиуллаға жазған хатынан «біз», «сіз» (1-және 2-жақ) есімдіктерінің дұрыс қолданылуын байқауға болады. Мысалы:

Мысалы:

*Сізге, ардақты және құрметті, жақсы көретін аяулы **ініміз** Халиулла мырзаға, **бізден ағаңыз** Ибраһимнен дұғай сәлем, және барлық ата-аналарыңыздан, аға-іні, **жеңгелеріңізден** көптеген-көп дұғай сәлемдер жолдадық.*

*Сіз бен бізге хат жазған Қамаридден моллаға көптен-көп сәлем **дегейсіз**.*

*Әрбір **сізге** дінқарындасы тұрғысынан қылған жақсылықтары аллатағаладан қайтсын, өзіне хат жазуға уақыттар болды.*

*Аяғөзге келген уақытта почта жүрерге асығуда екен, әртүрлі хаттарды да көрген соң, **көңіліміз** жсай тапты.*

*Және **сізге** жол қаржыға отыз теңге жібердім.*

*Жаңа Семейге мағлұм еткен **уақытыңызда** құдайтағала қаласа ат тағайындармыз.*

***Тәтеңіз** 1 білімнің қайнар бұлағын үйренгенің тура сында бек қуанып жатыр.*

***Хатыңыз** тиісімен ешбір тоқтамайынша Аяғөзге келіп осы хатты жаздық. **һардайым, таунықты, абыройлы, ғұмырыңызды** тілеп хат жазушы, **ағаңыз** Ибраһим Құнанбайұлы деп **білесіз**.*

Абайдың інісі Халиоллаға жазған хатының шағын үзіндісінен-ақ оның «жіктік» категориясын дұрыс қолдана білгенін көруге болады (біз бұл хаттағы сыпайылықтың лексикалық бірліктерін толық талдауды мақсат етпедік). Сыпайылық категориясы тек сөзжасамда ғана емес, есімдіктерді дұрыс қолдану мен тәуелдік жалғауларының парадигмасынан да көрінеді.



Хаттың авторы бір адам (Ибраһим Құнанбайұлы – Абайдың өзі) болса да, қазіргі кезде көпше түрде танылатын бірліктер қолданылған: «бізден – сіздің ағаңыз», «біз көп сәлем жолдадық», «сіз және біз», «біз тынышталдық», «біз сізге ат белгілейміз». Алайда, бұл жерде көптік мағына емес, сыпайылықтың көрінісі бар. Яғни, хат жеке бауырынан бауырына жазылса да, екінші жақ есімдіктері әрдайым сыпайы формада («сіз») қолданылған.

Дәл осылайша, сыпайылық парадигмасы Абайдың ұлы Әбдірахман науқастанғанда жазған өлеңінде де сақталған.

*Сарғайды жүзіміз,
Сарылды көзіміз.
Қатайып сауықсаң
Сағынған өзіңіз.
Хатымды көріңіз,
Көңілді бөліңіз.
Қуатың ерік берсе,
Кешікпей келіңіз.*

А. Байтұрсынұлының жіктік категориясына деген көзқарасы қазіргі нұсқадан өзгеше болып, ерекше назар аударуды қажет етеді. Ол адамды үшке бөледі:

1. Бірінші жақ – мен, яғни сөйлеуші.
2. Екінші жақ – сен, яғни тыңдаушы.
3. Үшінші жақ – бөгде адам, яғни сөйлеуші мен тыңдаушыдан бөлек тұлға.

Бұл жіктелім қазіргі грамматикамен үндес болғанымен, оның негізінде қазақ тілінің табиғи ерекшеліктеріне сүйенген жүйелеу бар. Байтұрсынұлының тұжырымдамасы тіл мен ойлау жүйесінің өзара байланысын, сөйлеу актісіндегі рөлдерді нақты көрсететін парадигма ретінде қарастырылады [2].

Ұлттық мәдениеттің негізгі коды мен мағыналық жүйесі ұлттық тілде көрініс табады. Бірінші және екінші жақта сөйлесушілердің бір-біріне деген қарым-қатынасы, өзара құрметі мен назар аударуы байқалады. Мұнда дейкис қатынасы да көрінеді, яғни мен, сен, ол арқылы сөйлеу актісіне қатысушылар белгіленеді.

Қазақ тіліндегі адам категориясы сыпайы және дөрекі формаларға бөлінуі ұлттық менталитеттің көрсеткіші бола алады. А. Байтұрсынұлы бұл туралы:

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



«Сыпайы сөйлескенде сөйлеуші «мен» демей, «біз» дейді, тыңдаушыны «сен» демей, «сіз» дейді, бөгде адамды «ол» демей, «ол кісі» дейді. Демек, бірінші жақ – «біз», екінші жақ – «сіз», үшінші жақ – «ол кісі»» [2, 226-б.] – деп атап көрсетеді.

Бұл ерекшелік қазақ тіліндегі қарым-қатынас мәдениетін, тіл мен ойлау жүйесінің өзара байланысын, сондай-ақ тілдің прагматикалық ерекшеліктерін айқындайды.

1-кесте. А. Байтұрсынұлының көрсеткен жіктелімі.

Анайы түрі		
жекеше:		көпше:
1-жақ	Мен	—
2-жақ	Сен	Сендер
3-жақ	Ол	Олар
Сыпайы түрік		
жекеше:		көпше:
1-жақ	Біз	Біздер
2-жақ	Сіз	Сіздер
3-жақ	Ол кісі	Ол кісілер

Абай Пушкиннің Татьяна мен Онегиннің хаттарын аударған кезде, орыстың тілдік және мәдени ерекшеліктеріне сәйкес есімдіктердің анайы түрін жиі қолданған. Бұл аударманың тек мағыналық емес, сонымен қатар мәдени сәйкестікті сақтауға бағытталғанын көрсетеді.

Орыс тілінде «ты» есімдігі қарым-қатынастың жақындығын да, кей жағдайларда дөрекілікті де білдіреді. Қазақ тілінде, керісінше, «сен» көбінесе бейресми, ал «сіз» сыпайы қатынасты білдіреді. Абайдың аудармаларында орыс менталитетіне тән тікелей, кейде дөрекілеу үндеуді жеткізу үшін «сен» есімдігі жиі қолданылған.

Бұл оның аудармашылық шеберлігін, түпнұсқа мәтіннің рухын сақтауға деген ұмтылысын және әр тілдің өзіндік коммуникативтік ерекшеліктерін терең түсінгенін көрсетеді.

Телжан Шонанов «Евгений Онегиннің аудармасы» мақаласында Абай 1889 жылы «Евгений Онегиннің» шамамен 800 жолын аударғанын атап өтеді.

Ол Абай аудармасының ерекшеліктерін былай сипаттайды:

- Пушкиннің өзіндік ырғағын, ұйқасын, өлшемін сақтаған.



• Онегиннің соңғы хаты мен Татьянаның жауабын түпнұсқаға сәйкес аударған.

• Пушкиннің 9-8 буынды өлеңдері Абай аудармасында да сақталған.

• Дәлме-дәл аударма болмағанымен, Пушкин өлеңінің әуезін, ырғағын, ұзақ ұйқасы мен негізгі мағынасын дұрыс жеткізген.

Шонанов Абайдың еркін аударма тәсілін қолданғанын көрсетеді:

• Кейде Пушкиннің 4-5 жолын бір ғана жолға сыйғызған.

• Кейде өлең шумақтарының басын ортаға, ортасын соңына ауыстырып, өз стилімен бейімдеген.

• Кейбір жолдарды екі-үш жолға созып, кейбірін алып тастаған, кейде өз тарапынан қосымша образдар енгізген.

Осылайша, Абай еркін аударма жасаған, бірақ бұл оның аудармасын қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алатын құнды шығармаға айналдырды. Бұл – Абай аудармасының қуаты мен құндылығы [3].

Абай шығармаларының тілін зерттеу арқылы сол дәуірдегі басты құндылықтарды, тілдік ортаның ерекшеліктерін анықтауға болады. Бұл зерттеуде тек тілдің формалық жағын ғана емес, оның мазмұндық құрылымын да ескеру қажет. Абай – тек тыңдаушыға ғана емес, сөйлеушіге де талап қоя білген ақын. Ол сөздің маңызын терең түсініп, ойын дәл жеткізуге ерекше мән берді. Абайдың әлемді тануы, оның тіл арқылы көрініс табуы жан-жақты когнитивтік талдауды қажет етеді.

Бұл шағын мақалада Абайдың ойлары мен шығармашылығының мазмұнын толықтай ашу мүмкін болмады. Абайдың дүниетанымы, категорияларды қабылдауы, ғаламды сөзбен бейнелеуі бүгінгі когнитивтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, функционалдық лингвистика сияқты жаңа парадигмалармен үндеседі. Бұл оның мұрасының өзектілігі мен өміршендігін дәлелдейді. Сондықтан Абай Құнанбайұлының шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, өшпес құндылық болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 2008. – 568 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2015. – 740 б.
3. Шонанов Т. «Евгений Онегиннің» аудармалары туралы // Социалистік Қазақстан. – 1937, 8 февраль.



АБАЙТАНУ ІЛІМІНІҢ ДАМУЫ: КЕШЕ, БҮГІН

Албатыр Илесбек

магистр, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, I. Жансүгіров көшесі 187,
Талдықорған, Қазақстан, 040000;
E-mail: Azamat@mail.ru

Қайратқызы Ақмарал

студент, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, I. Жансүгіров көшесі 187,
Талдықорған, Қазақстан, 040000;
E-mail: kairatkyzy.07@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272094>

Аңдатпа: Шеті мен шегі жоқ, тағылымы телегей теңіз тереңге бойлаған әдебиетімізді жаңа кеңістікке өрлетіп, өрбітіп, тың серпінмен өрнектеген Абай Құнанбайұлы қашанда әр ұрпақтың жадында. Біртуар данышпанның өмірі мен өнерін зерделеуге талай тұғалар атсалысты. Абайтану – қай заманда болсын үздіксіз зерттелуі тиіс алып тақырып. Аталмыш ілім XX ғасырда бастау алғанымен, бүгінгі күнге дейін ойып тұрып орын алатын өзектілігін жоғалтпайды.

Түйін сөздер: Абайтану, Алаш, зерттеу, насихат, мұра.

Кіріспе

Абайтану әр дәуірде жаңа қырынан зерделеніп, өзгеше бағытпен дамып келеді. Адамзат эволюциясы, әр кезеңде қалыптасатын адам түсінігі Абай шығармаларының қосалқы мәнін табуға жол ашады. Абайды тек «қазақтың бас ақыны» деп ғана емес, жалпы адамзаттың кемелденуіне айқын «нұсқаулық» қалдырып кеткен ұлт ұстазы ретінде тануымыз қажет. Әр дәуірдің өз шындығы бар, ал сол шындықтың Абайға қарата айтқан сөзі әрқилы болды. Бір заманда ол асқақ ойдың нұры ретінде дәріптелсе, енді бір кезеңде саяси өлшемдерге сәйкестендіріліп, тар шеңберге сыйдырылды. Бірақ уақыттың әділ таразысы – бүгінгі тәуелсіз сана Абайды өз биігінде тануға бет алды, ал абайтану ғылымы шынайы болмысын айқындап, жаңа көкжиектерге қадам басуда.

Абайтану ілімінің кешегі тарихын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Тұңғыш зерттеулер 1900-1930 жылдардан бастау алады. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сияқты Алаш зиялылары жастарға қазақтың маңдайға біткен қазынасы Абай ілімін насихаттап, ұлт мүддесімен қоса тарихына да көз жүгіртуге мұрындық болды. Десе де, бұл уақытта Абай мұрасы көбінесе әдеби һәм публицистикалық қырынан зерделеніп, оның терең пәлсапалық һәм мәдениеттанулық астарлары әлі де болса толық кемеліне жетіп

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



талданған жоқ. Сонымен бірге, ойшылдың еңбектері сын садағына ілігіп, кейбір дәстүрлі таным өкілдері оны исламдық дүниетанымнан алыстатты деген байлам жасап, талқыға салды.

Нәтижелер мен талқылау

Мұхтар Әуезовтың 1930-1960 жылдар аралығында Абай болмысын реалистік тұрғыда паш еткен туындыларының арқасында, оны жүйелі зерттеуге, кешенді талдауға тікелей жол ашылды. Бұл – «Абай жолы» роман-эпопеясы мен «Абай Құнанбаев» монографиясы еді. Соның арқасында, Абайдың есімі исі қазақтың ғана емес, бүкіл әлем әдебиетінің биік шыңында шарықтай бастады. Жазушы ұлы ойшылды ұлттық мұра аясында ғана емес, жалпыадамзаттық деңгейде қарастырып, оның көркемдік, философиялық және гуманистік көзқарастарын тереңінен танытты. Алайда, сол кезеңдегі саяси ахуал Абай шығармасын белгілі бір идеологиялық өлшемдермен шектеуге тырысты. Кеңестік билік оның ой әлеміндегі діни танымды назардан тыс қалдырып, тек материалистік әрі қоғамшыл бағыттағы тұстарын ғана дәріптеуді жөн санады. Осылайша, ақынның рухани ізденісі мен жүрек түкпірінен шыққан имани толғанысы көпшілікке толыққанды жетпей, шығармашылық болмысы бір қырынан ғана бағаланды.

Ал 1960-1991 жылдардағы Кеңестік дәуірдегі Абай шығармашылығын зерттеуге Қайым Мұхамедханов, Зәки Ахметов, Мекемтас Мырзахметұлы т.б. зерттеуші-ғалымдар үлес қосты. Сол кезеңдегі идеологиялық ұстанымдарға қатаң бағынышты болып, социалистік жүйенің саяси талаптарына сәйкес түсіндірілді. Ойшылдың еңбектері көбінесе таптық күрес пен әлеуметтік әділеттілік мәселелерін дәріптеген ағартушылық бағытта қарастырылып, оны халық мүддесін қорғаған реформатор ретінде көрсетуге ерекше назар аударылды. Бұл әдіснамалық ұстаным Абайдың рухани ізденісі мен ішкі философиялық толғанысын толыққанды ашуға мүмкіндік бермеді. Оның адам мен қоғам, мораль мен дін, болмыс пен таным туралы терең ойлары елеусіз қалып, шығармашылық мұрасы белгілі бір идеологиялық қалыпқа салынып, біржақты зерттелді. Осылайша, оның сан қырлы тұлғасы рухани кеңістіктің тұтас картинасын емес, тек белгілі бір қырын ғана бейнелейтін тар шеңберде бағаланды.

Абай мұрасы – тек әдебиеттану саласының аясында ғана қарастырылмайтын, көпқырлы ғылыми зерттеуді қажет ететін терең дүниетанымдық қазына. Оның шығармалары адамзаттық құндылықтар, ұлттық

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



сана, құқықтық тәртіп, экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін кеңінен қозғайды. Сондықтан Абай еңбектерін зерттеу ісіне қазіргі таңда тілтанушылар, экономистер, философтар, тарихшылар, құқықтану саласының мамандары және басқа да көптеген ғылым өкілдері белсенді түрде үлес қосуда. Бұл зерттеулер оның философиялық көзқарастарын, моральдық-этикалық ұстанымдарын, құқықтық сананы қалыптастырудағы рөлін, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық ойларын талдауға мүмкіндік береді. Ғалым Ханғали Сүйіншәлиев: «Абай қазақ халқын қараңғылықтан алып шығатын жол тек алдыңғы қатарлы мәдениет ғана деп білді. Сондықтан да ол қазақты мәдениеті ілгері елге жақындату амалын, халықтардың мәдени бірлестігі жолдарын қарастырды. Осы бір ізгі мақсаттарды ақын өзінің тамаша шығармаларының өзегі ете білді», - деген тұжырымдасы жаңаша ізденіске бағыт беретіні анық [1].

Саф алтындай сарқылмас сарын ерекше қазақы болмыстың көрінісін данышпан өз туындыларында айқын бейнелейді. Дей тұрғанмен, шығармалардың басым бөлігі терең философиялық ойды қамтиды. Ол ойды әр адам әртүрлі қабылдайды. Бүгінгі жас буын қазақы нақышты, тіл мен ұлттық ұстанымды қайта жаңғырта бастаған шақта Абай мұрасы да еркін қанаттанып, зерттеудің заманауи көкжиегі кеңейіп, ғылыми салаларымен сабақтастыра зерделенуге жол ашылды. Бұрынғы кеңестік шектеулерден арылған абайтану ғылымы енді ұлы ойшылдың еңбектерін барынша кең ауқымда, жаһандық өркениет контекстінде қарастырып, оның дүниетанымын Шығыстың сопылық дәстүрімен, ислам философиясымен және Батыстың ағартушылық идеяларымен байланыстыра талдай бастады. Абайдың адамгершілік қағидаттары, әділеттілікке шақыруы, білім мен ғылымға деген дара көзқарасы, табиғатқа қатысты ой-толғамдары бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып, заманауи ғылыми дискурста жаңа қырынан бағалануда. «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр, ол – өз тұсында жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі», - деп тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры, түркітанушы Құдайберген Жұбановтың қадап айтуы күллі қазақ зиялылығына үн тастайтындай [2].

Абайдың ақындық болмысы тек қазақ әдебиеті шеңберінде ғана қарастырылмайды, ол жалпыадамзаттық құндылықтарды көтере отырып, көрші елдердің әдебиетімен және мәдени ағымдарымен үндеседі. Оның

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



шығармашылығы ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, кең ауқымды гуманистік және философиялық мәселелерді қозғайды. Бұл Абайды әлемдік деңгейдегі ойшыл әрі жаңашыл әдеби тұлға ретінде бағалауға негіз болады. Философия ғылымдарының кандидаты, абайтанушы Асан Омаровтың дерегінше: «Өмірінің соңғы жылдарын Абай ғылым мен ақиқаттың шыңы – Тәңіріні тануға сарп еткен» [3]. Абайдың «ғылым мен ақиқаттың шыңы – Тәңіріні тану» деген ұстанымы оның дүниетанымдық ізденісін көрсетеді. Ол ғылымды тек материалдық әлемді зерттеу құралы ғана емес, рухани кемелденудің негізгі жолы деп қарастырды. Ақиқатқа жету, оның түсінігінде, танымдық және моральдық жетілумен қатар жүретін процесс, ал оның шарықтау шегі – Жаратушыны тану. Бұл көзқарас сопылық ілімдегі «мағрифат» (Жаратушыны ақылмен тану) ұғымына жақын, яғни Абай ғылым арқылы адамның рухани кемелденуіне, өз болмысын тануға және Тәңірімен байланысын тереңдетуге ұмтылған. Филология ғылымдарының докторы Зәки Ахметов айтқандай: «Абайдың өмірді, адамды суреттеуі барынша шыншыл да терең. Қандай құбылысты сөз етсе де, ол оның қоғамдық, әлеуметтік тамырын, маңызын айқындап, адам үшін, қоғам үшін пайдалы немесе зиянды жақтарын ашып және осының барлығын өмірдің ілгерілеу, даму тұрғысынан суреттейді» [4]. Абайдың адам мен өмірді сипаттауы шынайылығымен және терең ойлығымен ерекшеленеді. Ол кез келген құбылысты жай ғана суреттеп қоймай, оның қоғамдық және рухани негіздерін зерттеп, себеп-салдарлық байланыстарын талдайды. Ақынның көзқарасында жеке тұлғаның рухани дамуы мен оның қоғамға ықпалы маңызды орын алады. Абай шығармаларында өмір үнемі қозғалыс, өзгеріс және жетілу үдерісі ретінде қарастырылады. Бұл оның ойлау жүйесінің еуропалық ағартушылар идеяларымен үндесіп, шығыстық даналық дәстүрімен тығыз байланыста екенін көрсетеді. «Абайды сөзге, сөз өнеріне, шешендікке баулыған жағдайдың бәрі өмір бойындағы Абайды қоршаған – жуан көсем бидің, ірі байдың ауылы. Абай араб, парсы, түрік тілдеріндегі әдебиеттерді еркін оқып түсінетін болды. Заманында арабшаны, парсышаны, түрікшені Абайдан артық білетін ешкім болмайды. Шала, шапты оқып, шариғат айтып, мал тауып жүрген дүмше молдалар Абай отырған жерде кысылып, сескеніп, сөйлей алмайтын болады», -деп алаш көсемі Сәкен Сейфуллинның Абай болмысын ашуы тектен-тек емес [5]. Демек, ұлы ақын шығармасы мен бітімі әлі де заманауи зерттеу кеңістігін қажет етеді.

Қорытынды

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абай – белгілі бір дәуір шеңберінде ғана емес, күллі адамзаттың рухани кеңістігінде өзіндік орны бар дара тұлға. Оның еңбегі уақыт сүзгісінен өтіп, ұлттың санасына терең сіңген құнды рухани қазынаға айналуы шарт. Ұлы ойшылды тану үдерісі түрлі идеологиялық кезеңдерді бастан өткерсе де, ғылым ретінде қалыптасуына жол ашты, қатаң бақылауда болғанымен, Абай мұрасы өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінде Абай еңбектері тек әдебиет тұрғысынан ғана емес, философиялық, мәдени, діни, әлеуметтік және педагогикалық қырларынан кеңінен қарастырылып, адамзаттық құндылық, ағартушылық идея, моральдық-этикалық ұстанымдары ғылыми талдаулардың өзегіне айналып отыр. Абайды тану – қазақты тану, өз болмысымызды тереңінен ұғыну, ал өз болмысын жетік түсінген халық қана рухани кемелге жете алады. Ұлы ойшылдың мұрасы – тек өткеннің шежіресі емес, болашаққа бағдар болатын шамшырақ. «Адамзаттың бәрін сүй» деген ұстанымы оның дүниетанымының биіктігін паш етеді. Демек, Абайды оқу – рухани жаңғырудың, ақыл-сананы кемелдендірудің, жүрекке шуақ себудің ең тиімді жолы. В.Г.Белинский айтқандай, «ақын неғұрлым зор болған сайын, ол солғұрлым ұлттық ақын болып табылады, өйткені ұлттық қасиеттер оған неғұрлым жақын». Ендеше, Абай тағылымы уақыт өткен сайын жаңғырып, түрленіп, мәңгілік құндылық ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. «Абай Құнанбайұлы». Абай институты сайты – 2 қараша, 2012. <https://abai.kaznu.kz/?p=1094>
2. Жұбанов Қ. «Абай – қазақәдебиетінің классигі». Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар –Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 210 б.
3. Омаров А. «Бүгінгі Абайтану»: монография – Семей : Интеллект, 2011. - 261 б.
4. Ахметов З. «Абайдың ақындық әлемі». – Алматы: Ана тілі, 1995.- 272 бет.
5. Сейфуллин С. «Ибраһим Құнанбайұлы». Көп томдық шығармалар жинағы. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. Алтыншы том.



**АБАЙ ТІЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ ФОНЕТИКАЛЫҚ
ҚҰБЫЛЫСТАР: ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ**

Оданова Сагира Амангелдіқызы

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ
ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ.,*

ORCID: [0000-0003-2939-7198](https://orcid.org/0000-0003-2939-7198)

E-mail: sagira68@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272098>

Аңдатпа: Мақалада Абай шығармаларындағы бүгінгі әдеби тілімізден өзгеше қолданыстар мен тілдік ерекшеліктер фонетикалық айырмашылықтар тұрғысынан қарастырылды. Ақын өлеңдері мен қара сөздеріндегі көне түркі тіліне тән фонетикалық формалар тарихи-салыстырмалы әдіспен зерттеліп көрсетілді. Зерттеу жұмысында Абай қолданысындағы «ұғлы, тұғры, тұғралы, түзік, ұлық», т.б. фонетикалық ескіліктер түркі ескерткіштеріндегі деректер негізінде талданды. Олардың ескі қазақ жазба тілі мен қазіргі қазақ тіліне қатыстылығы жайлы тұжырымдар айтылды.

Әдеби тілден өзгеше формалардың қолданылуы, кітаби тілдің, яғни шағатайшаның әсері екендігі дәлелденген. Ақын көне түркі тілінің негізгі фонетикалық ерекшеліктерін ұтымды қолдана білгендігі, өлеңдерінде көбіне оны ұйқас құрау, буын құру үшін пайдаланса, қара сөздерінде әдейі ескі қазақ жазба тілі үлгісінше қолданғандығы талқыланады.

Кілт сөздер: Абай тілі, фонетикалық құбылыстар, әдеби тіл, тілдік ерекшеліктер, көне түркі тілі.

Қаржыландыру көзі: Бұл зерттеуді ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитеті қаржыландырған (грант «АР23487324 «Қазақ тілін түркітілдес студенттерге цифрлық технологиялар негізінде транслингвалды аспектіде оқыту»)

Кіріспе

Академик Рабиға Сыздықова көркем шығармалардың тілін зерттеу барысында әрбір ақын-жазушының өзіндік шеберлік тәсілдері мен тілдік ерекшеліктерін талдауға баса назар аудару қажет екенін атап өтеді [1, 330].

Осы зерттеуде біз Абайдың жеке сөз қолданыстарын, әсіресе оның ерекше фонетикалық ерекшеліктерін қарастырамыз. Бұл фонетикалық ерекшеліктерді қазіргі әдеби тіл нормаларымен салыстыра отырып талдауға тырыстық. Зерттеу барысында Абай шығармаларындағы фонетикалық тұлғаларды талдауда көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріндегі деректерді негізге алдық.



Абай шығармаларындағы көне түркілік сипаттағы **«ұғлы, тұғры, тұғралы, түзік, ұлық»** сияқты сөздер тарихи ескерткіштер тілінде жиі кездеседі. Бүгінде бұл формалар қазақ тілінің күнделікті қолданысында болмаса да, олар кейбір авторлардың шығармаларында және ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған.

Абайдың осындай фонетикалық қолданыстары тек оның шығармашылығына ғана емес, жалпы қазақ әдеби тілінің даму үдерісіне қатысты маңызды дерек көзі болып табылады. Бұл сөздердің қазіргі әдеби тіл нормаларымен салыстырыла талдануы – тілдік тарихи сабақтастықты анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу барысында көне түркі жазба жәдігерлері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары да қарастырылды.

Ақын тілін зерттеген ғалым Р. Сыздықова бұл қолданыстарды **«фонетикалық ескіліктер»** деп атап, олардың бірнеше түрін жіктейді:

а) көне сөздер (архаизмдер);

ә) ескірген сөздер (историзмдер);

б) фонетикалық, морфологиялық және орфографиялық ерекшеліктер [2, 11].

Біз өз зерттеуімізде Абай шығармаларындағы фонетикалық ескіліктерді екі негізгі топқа бөліп қарастырдық: *сөз ортасында «г/ғ» дыбысының сақталуы және сөз соңында «к/қ» дыбысының сақталуы.*

Сөз ортасында «г» дыбысының сақталуы

Абай шығармаларында сөз ортасында «ғ» дыбысының қолданылуы ежелгі түркілік тілдік ерекшеліктердің көрінісі ретінде сақталған.

Ұғлы → **ұлы** сөзінің қолданылуы:

Буынсыз тілің,

Буулы сөзің

Әсерлі адам ұғлына.

Кісінің сөзін

Ұққыш-ақ, өзің,

Қисығын түзеп тугрыға [3, 294].

2. *Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері тұғралы біраз сөз жазып, ядкар қалдырайын (38-қара сөз).*

Бұл қолданыстар Абай шығармаларында тарихи фонетикалық құбылыстардың сақталуын дәлелдейді және оның тілінде көне түркілік дәстүрдің жалғастығын көрсетеді.

Қазақ әдеби тілінде **ұл** түрінде қолданылатын сөз Абай шығармаларында ескі жазба тіл нормасына сәйкес **ұғыл (адам ұғлы)** фонетикалық нұсқасында



кездеседі. Көне түркі және шағатай тілдерінде сөз ортасындағы «ғ» дыбысы қазақ тілінде жиі түсіріліп немесе «у» дыбысына алмасатыны белгілі. Мәселен, көне түркі тіліндегі *уғыл, туғры, ағу, сығыр, ағыр, йағуқ* сөздері қазіргі қазақ тілінде *ұл, тура, у, сиыр, ауыр, жуық* түрінде өзгерген.

Ескі жазба мәтіндерде, әсіресе шағатай тіліндегі ескерткіштерде, көне түркілік фонетикалық заңдылықтар жиі сақталған. Сондықтан Абай шығармаларында кездесетін шағатай тілінің ерекшеліктерін тілдік тұрғыдан жан-жақты зерттеу өзекті болып табылады. Абай қолданған **ұғыл** формасын көне түркі дәстүріне тән фонетикалық құбылыс ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Қазақ тіліндегі **ұл** сөзінің тарихи даму кезеңдерін қарастырғанда, оның әртүрлі түркі тілдік ескерткіштердегі нұсқалары айқын көрінеді. Орхон жазбаларында бұл сөз **оғыл** (Күлтегін жазбасы), көне ұйғыр жазба жәдігерлерінде **оғул** (Maiytrisimit 8-40), Қарахан дәуірінің жазба мәтіндерінде **оғыл/оғул** түрінде кездеседі. Мысалы, «Әкесе ащы алма жесе, ұлының тісі қышиды» (DLT (Divanu Lugatit Türk) 421/330) мәтелінде бұл сөз «ұлы» мағынасында жұмсалған.

Ұғыл варианты қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде де сақталған:

1. *Ер ұғыл тап, еркеленіп жат* [4, 119].
2. *Жарлының ұғлы болғанша, байдың құлы бол* [4, 174].
3. *Сыйлағанды сыйла, атаң құлы түңілер, сыйламағанды сыйлама, пайғамбар ұғылы түңілер* [4, 299].

Тұғры «тура».

Тілімізде *тура* деп жазылатын сөз Абай өлеңінде бір жерде көнеше *тұғры* тұлғасында жұмсалған:

1. Кісінің сөзін
Ұққыш-ақ, өзің,
Қисығын түзеп **тұғрыға** [3, 294].

Көне түркі жазба ескерткіштерінде **тоғру** сөзі әртүрлі мағыналық және фонетикалық нұсқаларда кездеседі. Көне ұйғыр жазба мұраларында бұл сөз «*тура, дұрыс*» мағынасында қолданылған (EUTS (Eski Uyurca Sözlük) 243). Диуани лұғатит түрkte тоғру сөзі бастапқыда «*қылыш, қанжар немесе пышақтың сабына салынатын ұшы*» деген мағынаны білдірген (DLT 212/182). Ал мәмлүк қыпшақ жазба жәдігерлерінде тоғру сөзі «*дұрыс, тура*» мағынасында қолданылған (KırTS (Kırçak Sözlüğü) 279).



Шағатай тіліндегі жазбаларда, нақты айтсақ Лутфи диуанында *тоғры* сөзі «тура» деген мағынада кездеседі (LD 614). Сонымен қатар, бұл сөз анадолы түркі жазба жәдігерлерінде *тоғры, доғры, тоғру, торғу* нұсқаларында «дұрыс» мағынасында тіркелген [5, 31].

Қазіргі түркі тілдеріндегі ұқсас нұсқаларын қарастырсақ, тува тілінде *доора* «төтесінен, көлденең, бұра, кесе» мағынасында (EUTS 143), хакас тілінде *тоғыр* «қарсы бет, арғы жақ» (ХРС 229), алтай тілінде *туура* «жанынан, қасынан; ені, кеңдігі» (Алтай Сөздігі 382), якут тілінде *туора* «көлденең, құлаштап, жанынан» (ЯРС 403) мағынасында қолданылып келеді.

Осы деректерді негізге ала отырып, тура сөзінің көне формасының қолданысы негізінен қарлұқ (өзбек, ұйғыр) және оғыз (түрікмен, түрік) тілдерінде жиі байқалатынын айтуға болады. Ал Абай қолданған тұғры нұсқасы шағатай әдеби тіліне тән элементтердің бірі болуы ықтимал. Шағатай тілінің қазіргі мұрагерлері болып саналатын өзбек және ұйғыр тілдерінде бұл сөздің көнелік сипатын сақтауы, сондай-ақ татар және башқұрт тілдеріндегі осы форма кітаби сөз ретінде белгіленуі – оның шағатай тілдік негізден таралғанының айқын дәлелі.

Тұғралы // «Туралы» терминінің тарихи фонетикалық өзгерісі

Қазіргі қазақ әдеби тілінде «туралы» түрінде қолданылатын сөз Абай шығармаларында «туғралы» нұсқасында кездеседі. Бұл сөздің шағатай тілінің фонетикалық заңдылығына сәйкес келгенін қара сөздерінен байқауға болады:

"Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туғралы біраз сөз жазып ядкар қалдырайын" (38-қара сөз).

Абай қолданған «туғралы» нұсқасы жоғарыда аталған «ұғыл» (қазіргі «ұл») сияқты фонетикалық өзгеріске ұшыраған сөздердің қатарына жатады. Бұл форма көне түркі тілінде «туғралы» нұсқасында тіркелген, кейіннен қазақ тілінде «туралы» нұсқасына айналған.

Шағатай тілінің заңдылықтарына сәйкес Абай қара сөздерінде осы көнелікті сақтап, «туғралы» нұсқасын қолданған. Бұл форманың қазіргі түркі тілдерінде кең таралмағанын, негізінен шағатай тілінің заңды жалғасы болып табылатын қарлұқ тобына жататын тілдерде ғана кездесетінін көруге болады.

Мысалы: ұйғыр тілінде – *тоғрулуқ* «туралы» (YUTS 416); өзбек тілінде – *тоғрида* «туралы» (УТИЛ 261); қырғыз және қарақалпақ тілдеріндегі «туралы» сөзінің у дыбысының ұзын дауысты нұсқада сақталуы оның бастапқы «ғ» дыбысынан туындағанын көрсетеді:



Қырғыз тілінде – *тууралу/тууралуу «туралы, жайында»* (КС 766);
қарақалпақ тілінде – *тууралы «сол мағынада»* (КкРС 658)

Осылайша, Абайдың *«туғралы»* формасы қазақ тілінің даму тарихындағы маңызды фонетикалық өзгерістердің бірін көрсетеді және оның шығармаларындағы шағатай тілінің ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Сөз соңында «к/қ» дыбысының сақталуы және оның тарихи негізі

Көне түркі тілінде сөз соңында «ғ/г» дыбыстары сақталған. Мысалы: *улуг, торуг, сүңгүг, сарыг, кичиг, елиг, арыг* т.б.

Алайда, қазақ тілінің тарихи даму барысында бұл сөздердегі соңғы «ғ/г» дыбыстары түсіп қалды немесе «к/қ» дыбыстарына айналды. Мұндай құбылысты ескі қазақ жазба тілінде, әсіресе, шағатай тілінің ықпалы бар мәтіндерде байқауға болады.

Шағатай тілі арқылы қазақ тіліне жеткен формалар: улуг → улук, торуг → торук, сүңгүг → сүңгук, сарыг → сарык, кичиг → кичик, елиг → едик, арыг → арык.

Ал қазіргі қазақ тілінде бұл сөздерден «г/г» және «к/қ» дыбыстары түсіп қалып, мынадай тұлғалар орнықты: *ұлы, торы, сүңгі, сары, кіші, елі, ару*

Дегенмен, қазақ тілінде сөз соңындағы «к/қ» дыбыстары сақталып қалған бірқатар сөздер бар: *Ыстық (негізі, ыссы болу керек еді), Құдық (құйы → құдық, себебі құдық қазу барысында төбесіне құй салынған), Ұлық (ұлы), Ұрық (ру).*

Абай шығармаларындағы «түзік» тұлғасы

Абайдың қара сөздерінде көне формалардың сақталғандығын байқауға болады. Соның бір мысалы – қазіргі қазақ тілінде *«түзу»* деп қолданылатын сөздің *«түзік»* түрінде кездесуі:

"Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен..." (28-қара сөз). Бұл жерде *«түзік»* сөзі шағатай тілінің әсерімен келген ескі тұлға екені анық. Түркі тілдерінің кейбірінде осы форма сақталған: *өзбек тілі – тўғри («тура, дұрыс»), ұйғыр тілі – тоғра («тура, түзу»), татар тілі – тугры («тура, дұрыс»).*

Абай шығармаларында кездесетін *«түзік»* тұлғасы – көне түркілік *«түзүк»* нұсқасының шағатай тіліндегі көрінісі. Қазақ әдеби тілі дамыған сайын бұл сөз *«түзу»* түрінде қалыптасты. Абайдың қара сөздеріндегі осындай көне тұлғалар оның шығармаларының тарихи-лингвистикалық маңыздылығын көрсетеді.

«Түзік» формасының шығу тегі және қолданылуы.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ғалым Рәбиға Сыздықованың пікірінше, Абай «**түзік**» сөзін шағатай тілінің әсерінен емес, «*бұзық – түзік*» **тұлғалық параллелизмін** жасау үшін таңдаған. Бұл өте орынды тұжырым, өйткені Абайдың шығармашылығында сөздік үйлесімділікке ерекше мән берілген.

Алайда, «түзік» формасы тек Абайда ғана емес, одан бұрынғы ақындар шығармаларында да кездеседі. Мысалы, Шал ақын:

*Бұл дүниенің мысалы
Ұшып өткен құспен тең.
Өмірде көрген жақсылық
Ұйықтап өткен түспен тең.
Атадан мирас ақылың,
Түзік айтқан мақұлың
Ләзім болған іспен тең.
Үлкеннен көрген зорлығың,
Ойлап тұрсаң, бозбала,
Дұшпаннан көрген күшпен тең (Шал ақын).*

Бұл «түзік» тұлғасының тек қана ұйқас үшін емес, тарихи қолданысы бар екенін көрсетеді. Көне түркі тіліндегі «*түзік*» тұлғасы көне түркі жазба ескерткіштерінде «түзік» сөзі ретінде қолданылған: «*түзік*» – *дұрыс, түзу, лайықты*». Орхон-Енисей жазбаларында бұл сөз «*түзіг*» (*түзу, дұрыс*) түрінде кездеседі. Қарахандық дәуірінде «*түзік*» формасында қолданыста болған. Шағатай тілінде де бұл сөз «түзік» немесе «дүзүк» болып кездесуі мүмкін, бірақ бұл оны тек шағатай тілінің әсері деп қарастыруға жеткіліксіз.

Абайдың қолданысындағы «**дүзу**» **формасы**, Абай «*Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы*» еңбегінде «*түзік*» сөзін «дүзу» формасында береді. Бұл көне түркілік «түзік» сөзінің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылғанын көрсетеді.

	Құбылыс	Мысалдар	Қорытынды
	Көне түркі дәуіріндегі қолданысы	Орхон-Енисей жазбаларында « <i>түзіг</i> » (<i>түзу, дұрыс</i>) түрінде кездеседі. Қарахандық кезеңде « <i>түзік</i> » формасында қолданыста болған.	« <i>Түзік</i> » тұлғасы көне түркі тілдерінен бастау алады.
	Абай қолданысы	Абай шығармаларында «түзік»	Абай бұл сөзді әдеби

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



		сөзі «бұзық – түзік» антонимдік жұбы ретінде қолданылған. Кейбір еңбектерінде «дүзу» нұсқасы да кездеседі.	үйлесімділік үшін пайдаланған, бірақ шағатай тілінің ықпалы емес, көне түркілік негізі бар.
	Шал ақын қолданысы	Шал ақынның өлеңдерінде «түзік» сөзі кездеседі.	Бұл сөз Абайға дейінгі қазақ әдеби тілінде де қолданылғанын көрсетеді.
	Шағатай тіліндегі ықтимал нұсқалар	Шағатай тілінде «түзік» және «дүзүк» нұсқалары кездеседі.	Дегенмен, «түзік» тұлғасын тек шағатай тілінің ықпалымен байланыстыру дұрыс емес.
	Қазіргі қазақ тіліндегі нұсқа	«Түзу» (нормаға айналған)	«Түзік» сөзінің қазіргі әдеби тілде орныққан баламасы – «түзу».

Абай шығармаларындағы «ұлығ» тұлғасының қолданылуы.

1. «Ұлығ» және «ұлы» тұлғаларының тарихи негізі көне түркі тілінде «ұлуғ» (uluğ) сөзі «үлкен, жасы үлкен» деген мағынада қолданылған (ұлы (бек, әмір, сұлтан, мырза, басшы, төре, ұлық мағынасында емес)». Бұл сөз: *Орхон-Енисей жазбаларында – uluğ (үлкен, биік), қарахандық дәуірінде – uluğ (үлкен, ұлы, хакастарда – uluğ (үлкен, қария), сары ұйғыр тілінде – uluğ (үлкен, биік) мағынасында қолданылған.*

Көне түркі жазба ескерткіштерінде ұлуғ деп айтылатын сөз қазақ әдеби тілінде ұлы деп жұмсалады. Қазақ тіліндегі ұлық деген варианты «төре, әмір, әкім, бек» мағынада әрі көне қазақ жазба тілінде (шағатай) қолданылған [10, 124].

2. «Ұлық» пен «ұлығ» айырмашылығы:

Сөз	Мағынасы	Тілдік қабаты
Ұлығ (uluğ)	Үлкен, жасы үлкен, биік	Көне түркі
Ұлы	Баласы, сондай-ақ үлкен (ауыспалы мағынада)	Қазақ, қыпшақ-оғыз
Ұлық	Әкім, төре, әмір	Шағатай, көне қазақ жазба тілі
Улуғ	Үлкен, ірі, биік, қария, қарт	Хакас т. (HTS (Hakasça sözlük) 546, сары ұйғыр

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



			тілінде
	Естілер де ісіне қуанбай жүр, «Ел азды» деп надандар мұқаймай жүр. Ала жылан, аш бақа күпілдектер Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр [11, 9].	«ұлық» сөзі <i>әкім, төре, әмір</i> мағынасында емес, «үлкен, қадірлі» мағынасында қолданылған..	Абай шығармаларында «ұлығ» қолданылуы

Абай «ұлығ» сөзін көне мағынасында қолданған, бұл оның шағатай дәстүрін жақсы меңгергенін көрсетеді. Абай тілінде шағатай тілінің ықпалынан бөлек, қазақтың жергілікті говорларына тән кейбір фонетикалық ерекшеліктер де кездеседі.

Ақын шығармаларындағы қазақ әдеби тілінен өзгешелеу қолданылған фонетикалық формаларға төменде келтірілген мысалдарды жатқызуға болады.

Айлану (әдеби тілде *айналу*):

Мүмин болсаң, әуелі иманды бол,
Бендеге иман өзі ашады жол,
Шыр *айлан* да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ намаз қылмап па, мағлұм ғой ол (*Абай 298*).

Р.Сыздық әдеби тілдегі *айнал-* деп қолданылатын етістік ауыз әдебиеті өлеңдерінде, ескі жырларда көбіне *айлан-* деген көне вариантта кездесетінін жазады [2, 107].

Юлдашев *айлан-* етістігінің түркі тілдерінің барлығында дерлік *айлан-* боп жұмсалатындығын айтып, тек қазақ тілінде *айнал-* боп айтылатындығын ескереді [13, 311].

Орта ғасыр жазба мұралары деректеріне жүгінсек, *айлан-* нұсқасының көнерек екендігін аңғарамыз.

Ашау (*асау*):

«Ең семізін ілейін
Кызық қылып *ашарға*», –
Деді-дағы, аралап,
Жабысты келіп қошқарға (*Абай 396*).

Р.Сыздық осындағы *ашау* қолданысын көнеден келе жатқан жалғастық деп табады:



«Ашау сөзі бірқатар түркі тілдерінде «тамақ жеу, тамақтану «Ашап-ішу» - (*асан ішу*) мағынасын білдіретіні сияқты, ертеде қазақ тілінде де осы мәнде қолданылып келген болу керек. Абайда ол реликт (қалдық) ретінде көрінеді» [1, 140].

Расында, *ашау* етістігінің екі рет қолданылуы сәйкестік емес. Бұған қарап, бұл форманы Абайдың әдейі қолданғанын немесе сол кездегі халық тіліне тән форма екенін аңғарамыз. Жалпы екі дауыстының ортасындағы «с» дыбысының ауызекі тілде «ш» боп айтылуы әбден мүмкін. Өзге түркі тілдерінде *ашады* деп айтылатын сөз тек қазақ тілінде *асады* деп айтылатынын да ескерген жөн.

Беркіну (*бекіну*):

Жігерлен, сілкін,

Қайраттан, *беркін*.

Деп насихат бергенде (Абай 137).

Берік сөзімен байланысты *бекін-* етістігі (ЭСТЯ II 116-120) Абай тілінде *беркін-* деген көне формасында жұмсалған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *беркі-* «беку, шынығу, төзу» етістігі көнерген сөз деп берілген (ҚТТС 127).

Қары (*кәрі*):

Құрбыдай қош тұттым

Жасың мен *қарыңды*

Жоқтамай ұмыттым

Ақыл мен нәріңді [11, 29].

Қазақ әдеби тілінде *кәрі* деген жіңішке түрінде қолданылатын сөз 1907 жылғы Мүрсейіт бастырған жинақта *қары* вариантында жазылған. Түркі тілдерінің түгелінде *кәрі* сөзі жуан тұлғасында жұмсалады, қазақ тілінде ғана жіңішке вариантқа ауысқан. Тіпті қазақ тіліне ең жақын деген қарақалпақ және қырғыз тілдерінде *қары* формасы жұмсалады. Көне ескерткіштерге келсек, онда да тек жуан нұсқасы бар. Соған қарағанда Абайда келген варианты көне боп саналады.

Абай қара сөздерін қолжазбадан оқығанымызда онда «р» немесе «л» дауыссызымен басталатын сөзді кездестірмедік, барлығында «ы» немесе «і» дыбысы қосылып жазылған. Мысалы, «Ей қайрат, сенің айтқанұңның бәрі де *ырас*. Ол айтқандарұңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары *ырас*, сенсіз болмайтұғыны да *ырас*».

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абай тіліндегі форма	Қазіргі әдеби тілдегі нұсқа	Түсіндірме	Абай шығармасынан мысал
<i>Айлану</i>	<i>Айналу</i>	Көне түркілік нұсқа. Орта ғасыр жазба мұраларында кездеседі. Ауыз әдебиетінде жиі қолданылған. Юлдашевтің зерттеуінше, айлан- етістігі барлық түркі тілдерінде бар, тек қазақ тілінде айнал- нұсқасына өзгерген.	Шыр айлан да, таза ойла бір иманды (Абай 298).
<i>Ашау</i>	<i>Асау</i>	«Ашау» сөзі түркі тілдерінде «тамақ жеу, шайнау» мағынасында қолданылған. Сыздық бұл сөзді көне формалардың қалдығы (реликт) ретінде қарастырады. Кейіннен қазақ тілінде «асау» формасы орнықты.	Кызық қылып ашарға (Абай 396).
<i>Беркіну</i>	<i>Бекіну</i>	«Беркі» сөзімен байланысты көне форма. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде беркі- етістігі «беку, шынығу, төзу» мағынасында көнерген сөз ретінде берілген.	Жігерлен, сілкін, Қайраттан, беркін (Абай 137).
<i>Қары</i>	<i>Кәрі</i>	Көне түркі тілдерінде қары тұлғасы кең таралған. Қазақ тілінде бұл сөз жіңішке дауыстыға (кәрі) ауысқан. Қарақалпақ, қырғыз тілдерінде де қары формасы қолданылады.	Жасың мен қарыңды, Жоқтамай ұмыттым (Абай 29).
<i>Ештеме</i>	<i>Ештеңе</i>	Ауызекі тілде жиі қолданылатын нұсқа. Абайда айтылуы бойынша жазылған. Қазақ орфографиялық нормаларында ештеңе болып бекітілген.	Татымды ештеме болмас, Адамсып босқа талтандар (Абай 132).
<i>Ылай</i>	<i>Лай</i>	Қазақ тілінде «л» дыбысынан басталатын сөздер алдында «ы» немесе «і» дауыстысы қосылып айтылады (ылас, ырық, ылақ). Бұл ерекшелік Абай шығармаларында көрініс тапқан.	Ылайла ылай оймен тұнығыңды (Абай 263).

Абай тілінде көне түркілік, ауызекі сөйлеу тіліне тән, дыбыстық өзгеріске ұшыраған сөздер жиі кездеседі. Ақынның шығармаларында кейбір сөздер архаикалық тұлғасында (мысалы, қары), кейбірі халық тіліндегі нұсқада



(мысалы, ештеме, ылай) сақталған. Бұл ерекшеліктер Абайдың қазақ тілі диалектілерін, көне қолданыстарды жақсы білгенін және оларды шығармаларында орынды пайдаланғанын көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдар Абай шығармаларында сирек кездесетін нұсқаларға жатады. Олар 1961 жылы жарық көрген Абай шығармаларының толық жинағынан және 1909 жылғы араб графикасымен басылған түпнұсқа мәтіннен алынған. Сонымен қатар, бұл қолданыстар қазіргі қазақ әдеби тіліндегі баламаларымен салыстырылып зерттелді.

Жалпы алғанда, Абайдың тілінде көне түркілік элементтер айтарлықтай жиі кездеседі. Әдеби тілден өзгеше фонетикалық нұсқалардың қолданылуын, ең алдымен, сол кезеңдегі *кітаби тілдің, яғни шағатай тілінің ықпалымен байланыстыруға* болады. Ақын көне түркі тілінің негізгі фонетикалық заңдылықтарын жақсы біліп, оларды мақсатты түрде пайдаланған. Өлеңдерінде мұндай ерекшеліктерді *көбіне ұйқас пен буын үндестігін сақтау үшін қолданса,* қара сөздерінде қазақтың *ескі жазба дәстүріне сүйенгені* байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. (2014) Абай шығармаларының тілі. Алматы: «Ел-шежіре». - 384 бет.
2. Сыздық Р. (2009) Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы: Арыс.- 272б
3. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы (1961). Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – 696 бет.
4. Бабалар сөзі (2005). 66-69 т. Астана: Фолиант.
5. Kunos I. (2013) Kazan Tatar Manileri (çev. Kaçalin M.). Ankara: TDK Yay. - 140 s.
6. Ölmez M. (2007) Tuvacanın Sözcüğü Eski Türkçe ve Moğolca Denkleriyle. Wiesbaden. – 516 s.
7. Вербицкий В. (1884) Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. Казань: 1884. – 494 с.
8. Сыздықова Р. (1968) Абай шығармаларының тілі. Алматы: Ғылым баспасы. - 336б.
9. Gulsevin G. (2016) What Kind of Oghuz Dialects Were Spoken in the 11th Century? BILIG, pp.269-300, KIŞ 2016 / SAYI 76. http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-791.html
10. Adilov M. (2019) On some Mongolian words preserved in Kazakh idioms. Turkbilig. V.38. P.119-142.
11. Абай (1909). Санкт-Петербург: Восточная печать. - 120 бет.
12. Малов С. (1957) Язык желтых уйгуров, словарь и грамматика. Алматы: Наука. - 196 с.
13. Юлдашев А.А. (1961). Глаголы чувственного восприятия в тюркских языках. Историческое развитие лексики тюркских языков. Москва: Наука.



БЕСҚАЛА ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ӘНШІЛІК ӨНЕРІ

Күнқожа ҚАЙРУЛЛА

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272104>

Резюме: В этой статье «Певческое искусство казахов Каракалпакстана» рассказывается о певческом искусстве казахов Каракалпакстана, о народных песнях и песнях народных композиторов, собранных во время фольклорных экспедиций, а также о многих сведениях, касающихся жизненного пути и творчества певцов и композиторов, живших в регионе.

Summary: This article «Song art of the Kazakhs of Karakalpakstan» tells about the song art of the Kazakhs of Karakalpakstan, folk songs and songs of folk composers collected during folklore expeditions, as well as about the life and work of singers and composers who lived in the region.

Халқымыздың сонау замандардан бастау алған музыкалық мәдениеті аймақтарға қарай жіктеліп, Жетісу, Маңғыстау, Арқа, Сыр бойы, Алтай-Тарбағатай, Батыс Қазақстан ән, жыр мектептері деп аталса, Бесқала аймағындағы қазақтардың да өзіне тән әншілік, жыршылық, күйшілік мектебі қалыптасқан.

Бесқала – тарихи атау. Шымбай, Хожелі, Қоңырат, Шаббаз (Бүгінгі Беруни қаласы), Көне Үргеніш қалалары ертеде Бесқала деп ортақ атаумен аталған. Кей деректерде Хиуа да Бесқаланың бірі ретінде аталады. Қазір Көне Үргеніштен басқасы Қарақалпақстан Республикасының аумағында жатыр.

Бүгінде көпшілік Қарақалпақстан өлкесіне қазақтардың қоныстануын кешегі аласапыран, нәубет жылдармен байланыстырып жүргені мәлім. Ал Үргеніш шаһарынан жарық көрген «Хорезм тарихы»[1] атты еңбекте Әму бойын, Бесқала аймағын қазақтардың ертеден мекен етіп отырғаны айтылады. Аталған өңірдегі қазақтардың өзіне тән тілі, салт-дәстүрі, өнері, әдебиеті қалыптасты. Солардың ішінде кең танылғандардың бірі – музыкалық өнері.

Бұған дейін аталған өңірдегі ән туындылары жүйелі түрде жинақталмай, айтарлықтай дәрежеде насихатталмай келгені белгілі. 2019 жылы осы аймаққа тән халықтық дәстүрдегі 50 әнді жинақтап, жүйелеп «Бесқала қазақтарының әндері» атты ноталық жинағымызды жарыққа шығардық. Аталған жинаққа енгізілген әндердің он шақтысы бұрын жарық көрген, қалған басым көпшілігі бұрын-соңды нотаға түспеген, баспа бетін көрмеген тың дүниелер. Әндердің біршамасы фольклорлық экспедиция кезінде жиналса, енді біршамасын жеке

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



мұрағаттар мен ел ішіндегі көнекөз қарттардан, өнерпаздардан жазып алып, нотаға түсірдік.

Бесқала аймағындағы қазақтардың бірлі-жарым әндері бұған дейін әр кездерде өнертанушы ғалымдардың еңбектерінде кездесетін. Алғаш рет этнограф, музыкатанушы ғалым А.В.Затаевичтің 1925 жылы Орынбор қаласынан жарық көрген «Қазақ халқының 1000 әні» [2] атты еңбегінде «Қойшы» әні жарық көрді. Араға жылдар салып, 1972 жылы музыка зерттеушісі Т.Бекхожинаның «Қазақтың 200 әні» [3] музыкалы-этнографиялық жинағында Бесқала қазақтарының бірнеше әні жарияланды. Атап айтар болсақ, «Таңжарбайдың әні», «Қалжан», «Сәулем», «Әләушан», «Еркем-ай», «Дарига», Т.Айбергеновтің сөзіне жазылған Ж.Естілеуовтің «Өтті ғой, сәулем, ай талай», «Сағынам, сәулем» сынды әндері болатын. Сонымен қатар, Ерсайын, Еділ Басығараевтардың «Қазанғаптың ізімен. Күйші Бақыт Басығараев» [4] еңбегінде, өнертанушы Б.Тұрмағамбетованың «Қазақстанның батыс аймағындағы ән мәдениеті» [5] монографиясында және П.Құттымұратовтың «Ақсұңқар» [6] атты оқу құралында Таңжарбай Қазыбайұлының «Бағила», Ә.Қабылқызының «Әлиманың әні», Боранбай Қазанғапұлының «Бес тоспа», халық әні «Асылаужай», Сәтмағамбет Нұрмағамбетұлының «Елу үш қыз» сияқты әндері жарияланды.

1969 жылы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өткізген ғылыми-творчестволық конференцияда Қарақалпақстандағы қазақ ғалымы, филология ғылымының докторы, академик Ы.Сағитов: «Қарақалпақтағы қазақтар арасында небір өнерпаз шайырлар мен ақындар, әншілер мен күйшілер, жезтаңдай жыраулар болған. Олардың бірсыпырасы осы күндерде де бар. Бірақ та Қарақалпақстандағы қазақтардың ауыз әдебиет үлгілері осы күнге шейін аз жиналып келеді. Қазақстан ғалымдарынан, ғылыми қызметкерлерден бір тілек, бұдан былай Қарақалпақстандағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға, зерттеуге көбірек көңіл бөлінсе екен» [7] деген болатын. Бұдан кейін де экспедициялар ұйымдастырылып, материалдар жиналғанымен, әлі күнге сол мұраларды зерттеу мәселесі кешеуілдеп келеді.

Бесқала қазақтарының арасына музыкалық мұраларды жинастыру мақсатындағы фольклорлық экспедиция тұңғыш рет 1959 жылы ұйымдастырылды. Экспедиция деп айтқанымызбен аталмыш сапарға А.Серікбаеваның өзі ғана барған болса, екінші экспедиция 1962 жылы ұйымдастырылып, Т.Бекхожина барды. Ал үшінші рет музыкалық мұраларды

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жинастыру тобы Бесқалаға 1977 жылы барып, оның құрамында А.Байғаскина, Б.Аманов, А.Құнанбаевалар болды. Алайда, бұл экспедициялар Қарақалпақстанды тұтастай қамтымай, Нөкіс, Кегейлі, Хожелі, Қоңырат, Тақтакөпір, Шоманай сияқты санаулы аудандарды аралады.

КСРО кезінде аталған өлкеге соңғы жасалған музыкалық экспедиция 1982 жылы жеке адамдардың тарапынан ұйымдастырылып, журналист Е.Сафуанов пен өнертанушы ғалым Б.Қарақұлов барған болатын. Содан кейін қырық жылға жуық уақыт өткенде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының экспедициясы біршама мәліметтер жинап қайтты.

Біз де Қарақалпақстан қазақтары арасына 2013, 2015, 2023 жылдары арнайы сапармен барып, бұрын-соңды белгісіз болған музыкалық мұралар мен орындаушылар туралы деректерді жинастырдық. Сонымен қатар, елімізге оралған қандастар арасындағы көнекөз қариялар мен өнерпаздардан құнды материалдар жазып алдық. Жоғарыда аталған жинағымыз осы экспедициялар мен жеке жинаған материалдарымыз негізінде жазылып, жарияланды. Ал, ол аймақтағы әнші-композиторлардың өмірі мен шығармашылығы Қ.Жұмажановтың «Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті»[8] монографиясында, Қ.Аралбаевтың «Бесқала өрнектері» [9] кітабында, сонымен қатар, осы мақала авторының «Жыр киесі қонған жер» атты ғылыми-танымдық еңбегінде біршама сөз етілген болатын.

Аталған аймақта әншілігімен аты мәлім болған тұлғалар туралы деректерге сүйеніп айтар болсақ, Лепес (1861-1927), Амантұрлы (1872-1938), Дариябай Төребайұлы (1876-1932), Таңжарбай Қазыбайұлы (1872-1926), Жұмабай Қалдыбайұлы сияқты т.б. халық композиторлары мен әншілер өмір сүрген. Әрине, олардың өмірі мен өнеріне қатысты деректер аз болғанымен, кейбірінің біршама әндері сақталып, бүгінге жетіп отыр. Олардың жолын жалғастырғандардың ішінде Жақсылық Мамытұлының (1899-1961) орны ерекше. Олай дейтін себебіміз, Жақсылық ұстаздарынан үйренген әндерді орындаумен ғана шектелмей, өз жанынан да көптеген әндер шығарған.

Бесқала қазақтарының музыка тарихын сөз еткенде ұстаз-шәкірт жалғастығын ерекше атап өткеніміз жөн. Жоғарыда аталған Дариябай мен Таңжарбайдан Жақсылық Мамытұлы өнеге көрген. Ал, Жақсылықтан Жұмағали Әлиев, Бағымбай Жақсымұратұлы, Атаубай Мәмбетұлы, Төребай Құрбановтар үлгі алса, Жұмағалиға Әскербай Нұрқожаев шәкірт болды. Сонымен бірге, Бесқаладағы әншілік өнердің ірі өкілдері – Аймұрат

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Әбдімұратұлы, Мұратбай Шоңқараевтардың мұраларын шәкірттері Оралбек Сәдуұлы, Сәтмағамбет Нұрмағамбетұлы, Мінәжатдин Өтемұратов, Сыражатдин Абдуллаев, Ілияс Кәрібаев, Тоты Серғазиева, Сұлупан Сұлтанова сынды өнерпаздар дәріптеп келеді. «Ақын-жыраулар» [10] атты энциклопедиялық анықтамада Ысқақ Орынбаев, Жақсылық Төлепов, Наурызбек Нұржаубайұлы, Қарлыбай Қалжанов сияқты әнші, жыраулар да Қарақалпақстан жеріндегі халық композиторларының шығармаларын ел ішіне таратушылар ретінде көрсетілген. Бесқалалық өнерпаздарда өнердің біртұтастығы, яғни синкреттілік жақсы дамыған. Аталған өнерпаздар әншілікпен бірге жыршылық, күйшілік өнерді де қатар алып жүрген. «...Қарақалпақ, түрікмен жерлерінде тұратын қазақтарда дәстүрлі жанрлардың басқа түрлері орындалғанымен батырлар жыры ерекше орын алады» [3] деп музыка зерттеушісі Т.Бекхожина айтқандай, Бесқала қазақтары философиялық, дидактикалық сарындағы туындылар мен көлемді эпостарға көбірек ықылас қойған. Бұл ерекшелік аталған өңірдің әндерінен де көрініс тапқан. Қарақалпақстандағы қазақтардың ән мұрасында лирикалық шығармалармен қатар, философиялық, тарихи туындылар да кездеседі. Бесқала қазақтарының ән өнерінің дамуына, насихатталуына әншілер ғана емес, ақын-жыраулар мен күйші-домбырашылар да көп еңбек сіңірді. Мұндай үрдіс еліміздің барлық аймақтарында кең тараған болса керек, кезінде бұл жөнінде академик А.Жұбанов «Замана бұлбұлдары» еңбегінде: «Қазақтың халықтық музыка мәдениетінде, оның ішінде әннің дамуында жыршылар да үлкен рөл ойнады» [11] деген болатын. XIX-XX ғасырлардағы ақын-жырауларды айтпаған күннің өзінде, қазіргі замандағы жыршылар – Қарасай Әбдімұратұлы, Жайылхан Қаратаев, Өсербай Сәрсенбайұлы, Еркінбай Бабақұлов, Сәрсенбай Рахманбердиев, Қоныс Жүсіпов, Ренат Бекжүрсінұлы, Жақсыбек Барлыбаев тағы да басқалардың репертуарларында әндердің көп болуы сөзіміздің дәлелі. Ал Қошқар Ахметов (1897-1970), Наурызбек Нұржаубайұлы (1931-1994), Қарасай (Қалқабай) Әбдімұратұлы, Оразай Тұрғалиұлы т.б. жыршы-жыраулар әнді насихаттаумен ғана шектелмей, өз жандарынан да әндер шығарған. Кейінгі жылдардағы ізденістердің нәтижесінде көптеген халық әндері мен аталған аймақта ертеде өмір сүрген Дариябай, Жақсылық, Қалмұрат, Қошқар, Таңжарбай сынды композиторлардың әндері табылып отыр. Бесқала әндерінің жоғалып кетпей сақталып қалуына күйші-домбырашылардың да зор еңбегі бар екенін жоғарыда айттық. Мысалы, Жұмалы Ембергенұлы, Биман Кенжебаев,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Молдағали Балымбетов, Тоғайбай Бейсембіұлы, Абылай Шәукеев, Бақыт Басығараев тағы да басқа өнер иелері өз репертуарларында әндер мен ән-күйлерді берік сақтап, бүгінге табыстады.

Халық әндерін, халық композиторларының шығармаларының сақталып қалуында ел ішіндегі қазыналы қарттарымыздың да үлесі көп. Қарасай Сатыбалдиев халық әні «Ақкенже», Қайырмақол Қалмұраттың «Қайран» әнін, Байрам Арзиев «Ысмаханның ән-күйі», «Оразбайдың ән-күйі», Мақаш Қанышбекұлы халық әні «Әриайдай», «Он бір жасар баланың әні» сияқты туындылар мен ертедегі халық өнерпаздары жайында тың мәліметтер жеткізіп отыр. Біз үш-төрт рет кездесіп, әңгімесін тыңдаған белгілі әнші Бағымбай Жақсымұратұлынан «Әләушан», «Асылаужай» сынды халық әндері мен «Күлпан», «Ән басы», «Көк айна» сияқты авторлық әндерді жазып алған болатынбыз. Бесқала жерінен бұрын-соңды белгісіз болып келген көптеген әндердің әлі де табылатыны сөзсіз. Батыс Қазақстанда өзіндік мектеп қалыптастырған Мұхит Мералыұлының бұрын-соңды беймәлім болған «Мұхит салмын» әні де, «Мұхиттың ән-күйі» де Қарақалпақстан қазақтарының арасынан табылды. Бесқала аймағындағы қазақтар арасынан әлі де талай әндер жинақталып, аталған өңірдегі әнші-композиторлардың өмір жолдары мен шығармашылықтарына қатысты көптеген ғылыми-танымдық еңбектер жазылып жариялана бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хоразм тарихи. 1-2 том. – Урганч, 1997. Т.І. – 420 б.; Т.ІІ. – 640 б.
2. Затаевич А. 1000 песен киргизского народа. – Оренбург: «Киргизское Государственное издательство», 1925.
3. Бекхожина Т. Қазақтың 200 әні. Музыкалы-этнографиялы жинақ. – Алматы, «Ғылым» баспасы, 1972. – 232 бет.
4. Басығараев Ерсайын, Басығараев Еділ. Қазанғаптың ізімен. Күйші Бақыт Басығараев. – Алматы: «Әуен», 2003. – 160 б.
5. Тұрмағамбетова Б. Қазақстанның батыс аймағындағы ән мәдениеті. Монография/ Б.Ж.Тұрмағамбетова. – Алматы: «Тау-Самал», 2009. – 320 б.
6. Құттымұратов П. Ақсұңқар: көмекші оқу құралы. – Алматы: «Ғылым ордасы», 2018. – 163 б.
7. Қазатың қазіргі поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 313 б.
8. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.
9. Аралбаев Қ. Бесқала өрнектері. Зерттеулер мен мақалалар./ Аралбаев Қ. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2016. – 216 бет.
10. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1979. – 184 б.
11. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.– 440 б.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Бөшен Айжан Нұрланқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

PhD докторанты

Алматы қаласы

aizhan.boshen@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272110>

Аңдатпа: Мақала қазақ тіліндегі құрамында ұлттық тағам, азық-түлік атаулары бар фразеологиялық бірліктердің когнитив репрезентациясын және олардың фразеологиялық бірліктердің жасалуындағы рөлін зерттейді. Осыған дейінгі зерттеулерде тағам, азық-түлік атаулары кездесетін фразеологизмдер лексика-семантикалық тұрғыдан ғана жүйеленіп, топтастырылып келді, ал когнитивтік лингвистика бағытында терең зерттеу жүргізілмеді.

Ісмет Кеңесбаевтың “Фразеологиялық сөздігі” 124; Әбдуәли Қайдардың “Тысяча метких и образных выражений” сөздігінен 48, жалпы саны 172 тағам, азық-түлік атауы және фразеологизмдер анықталып, тақырыптық категорияларға топтастырылды, талдау жасалды және зерттеу нәтижелері цифрлық құралдар көмегімен визуализацияланды. Зерттеу нәтижесі тағам атауларының қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер құрамында когнитивтік және мәдени репрезентация факторы ретінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Тірек сөздер: қазақ тілі, тамақ, азық-түлік атаулары, тұрақты сөз тіркестері.

Abstract: In previous studies, phraseologisms containing food and nutrition-related terms have been classified and systematized solely from a lexical-semantic perspective. However, this topic has not been thoroughly examined within the framework of cognitive linguistics.

From Ismet Kenesbayev's "Phraseological Dictionary", 124 entries, and from Abduali Kaydar's "A Thousand Concise and Expressive Expressions", 48 entries were identified, totaling 172 phraseological structures containing food-related terms. These were categorized into thematic groups, analyzed, and visualized using digital tools.

The study has shown that food names play a significant role as a cognitive and cultural representation factor in stable expressions within the Kazakh language.

Keywords: Kazakh language, food, nutrition-related terms, fixed expressions, phraseologisms.

Кіріспе. Қазақ халқының ұлттық тағамдары ғасырлар бойы мәдени мұраның ажырамас бөлігі болып табылады. Олар тек тамақтану мәдениетін ғана емес, сонымен қатар күнделікті дүниетанымын, салт-дәстүрін, ұлттық ерекшеліктерін де айқындайды. Осыған байланысты фразеологизмдер қалыптасып, адамның қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасын қабылдау, түйсіну және ұлттық сананың тілдік көрінісі ретінде көрініс табады.



Қазақ ұлтының қалыптасуына әсер еткен мәдени, тарихи, салт-дәстүр, наным, сенім, діни көзқарас секілді жағдайлар қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасуына да өте көп әсер етті.

Тіл білімі зерттеулерінде тағам, азық-түлік атаулары кездесетін фразеологизмдер лексика-семантикалық тұрғыдан ғана жүйеленіп, топтастырылып келді. Қазақ тіліндегі фразеологиялық зерттеулері орыс ғалымы академик Виноградовтың [1,1977] фразеологизмдер тақырыбында жасаған зерттеулері аясында қарастырылды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді зерттеген Әбдуәли Қайдар [2, 1998] өзінің "Қазақ тілінің өзекті мәселелері" атты еңбегінде қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін мағыналық, тақырыптық және стильдік тұрғыдан топтастырды.

Зерттеу нысанасы ретінде Ісмет Кеңесбаевтың "Фразеологиялық сөздігі" [3, 2007] еңбегінен 124 тұрақты сөз тіркесі; Әбдуәли Қайдардың "Тысяча метких и образных выражений" [4, 2003] сөздігінен 48 тұрақты сөз тіркесі, жалпы саны 172 құрамында тағам, азық-түлік атауы бар тұрақты сөз тіркесі тақырыптық категорияларға бөлініп, талдау жасалды және зерттеу нәтижелері цифрлық құралдар көмегімен визуализацияланды. Зерттеу нәтижесі тағам, азық атауларының қазақ тіліндегі когнитивтік және мәдени репрезентация факторы ретінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Әдістер мен материалдар

Осы зерттеуде қазақ тіліндегі ұлттық тағам атауларының когнитивтік репрезентациясы мен фразеологиялық құрылымын зерттеу мақсатында көпсалалы әдіс қолданылды. Зерттеудің негізгі дереккөздері Ісмет Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігі» негізге алынып, құрамында 10 мыңнан астам тұрақты тіркес бар осы еңбектен 124 тағамға қатысты фразеологизм анықталды. Әбдуәли Қайдардың «Тысяча метких и образных выражений» атты сөздігіндегі 500 фразеологизмнің ішінен 48 тағам атауымен байланысты тұрақты сөз тіркесі талданды.

Нәтижелер мен талқылау

Мақалада қазақ тіліндегі «тұрақты сөз тіркестері» ұғымы аясында қазақтың ұлттық тағам, азық-түлік атауларымен байланысты фразеологизмдердің когнитивтік репрезентациясы мен құрылымдық ерекшеліктері талданды. Сөздіктерден анықталған қазақ тіліндегі құрамында тағам, тамақ, азық-түлік атаулары кездесетін тұрақты сөз тіркестерінің (фразеологизм) тек грамматикалық бірлік емес, қазақ ұлтының тарихи, мәдени



және өмір тәжірибе, салт-санасын, мораль құндылықтары мен наным, сенім, діни көзқарастарды бейнелейтіні анықталды.

Әсіресе тағамға қатысты фразеологизмдердің қазақ халқының тарихи күнкөріс тәсілдері мен тамақтану әдеттерімен тікелей байланысты екендігі анықталды. Қазақ халқының өмірінде мал, ал шаруашылығына байланысты ұғымдардың ұлттық санадағы рөлі ерекше. Малдан алынатын тамақ өнімдері, азық-түліктер тек тамақ атауы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы, айнала қоршаған ортадағы, өмір тәжірибедегі, адамгершілік қасиеттерді де сипаттайды. Мысалы: "Жіліктің майлы басы" → Молшылықты бейнелейді.


"Түйені түгімен, биені бүгімен жұтты" → Қомағайлық пен ашкөзділікті сипаттайды.

2. Сүт және сүт өнімдері атауларымен байланысты фразеологизмдер:

Сүт қазақ мәдениетінде тазалық, пәктік және қасиеттілік ұғымдарымен тығыз байланысты. Сүттен жасалған тағамдар мен сусындар тұрақты сөз тіркестерінде адамгершілік құндылықтарды, үйлесімділікті және қоғамдық тәртіпті сипаттайтын метафора ретінде қолданылады: "Сүттен ақ, судан таза" → Тазалық пен адалдықты білдіреді.

3. Май мен етке байланысты фразеологизмдер

Мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі өмір салтында тамақ, азық-түлік атауларының ішінде малдардан алынатын азық-түлік, тамақ атаулары ұғымдар байлық, кедейлік, күш және молшылық, символы болып келеді.



Сурет-1. Сүт өнімдері және олардың тұрақты сөз тіркестері

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ




Қазақ тіліндегі тағамға қатысты фразеологизмдерді Вильгельм фон Гумбольдттың тілдің ішкі әлемі теориясы [5,1988] тұрғысынан қарастырғанымызда, тағамға қатысты атаулардың нақты өмір тәжірибелердегі абстрактілі ұғымдармен байланыстырылған жүйе қалыптастырғаны анықталды.

Сурет-2.

Қорытынды және ұсыныстар

Бұл зерттеу қазақ тіліндегі құрамында ұлттық тағам, азық-түлік атаулары бар фразеологизмдердің тек тілдік құрылым ғана емес, сонымен қатар мәдени және когнитивтік жүйенің көрінісі екенін дәлелдейді. Қазақ тіліндегі құрамында тағам, азық-түлік атаулары бар фразеологизмдердің мәдени бірегейлікті, әлеуметтік құндылықтарды және тарихи тәжірибені кодтайтын маңызды тілдік құрылымдар екендігі анықталды. Зерттеудің нәтижелері қазақ тіліндегі ұлттық тағам атауымен жасалған тұрақты сөз тіркестеріндегі метафоралардың ұлттық құндылықтар жүйесінің ортақ когнитивтік бірліктер қалыптастырып, символдық мәнге ие болатынын дәлелдейді.

«Мәлі өмірлерінен алынатын азық-түлік атауларымен жасалған тұрақты сөз тіркестері»



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Виноградов В. В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. –М.:Наука, 1977. –588 с.
2. Қайдар Әбдуали. Қазақ тілінің өзекті мәселелері, 1998, –202-220 бб
3. Кеңесбаев Ісмет. Фразеологиялық сөздік. «Арыс». Алматы, 2007. –800б.
4. Қайдар Абдуали. Тысяча метких и образных выражений. Астана: «Білге», 2003.
5. Humboldt, Wilhelm von. On Language: The Diversity of Human Language-Structure and Its Influence on the Mental Development of Mankind. Cambridge University Press, 1988.



АБАЙДЫҢ «МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН» ӨЛЕҢНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Әлімбай Аманбайұлы Найзабаев

*М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу
орталығының аға ғылым қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі*

Раймбекова Құралай Кенсебайқызы

Жамбыл ауданы, Айшабибі орта мектебі

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272113>

Резюме: Бұл мақалада ұстаз Абай мен шәкірті Шәкәрім арасындағы шығармашылық мәселесі қарастырылады.

Resume: In this article look after middle of teacher Abai and his pupil Shakerm's creation work's connection.

Абай ақындық жайында пікір қозғағанда айналасындағы ақын шәкірттеріне, ақындық өнердің мән-мағынасын терең түсіндіріп, ұқтыру мақсатында арнайы өлеңдер жазғаны белгілі. Кейде, кейбір шәкірттерінің өлең жазуда тым жеңілдеп кеткен кемшін тұстарын байқап, сынға да алғаны туралы баласы Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» деген естелік-қолжазбасында анық жазылған. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңді... Сол үшеуіне (Көкбай, Әріп, Шәкәрім – Ә.Н.) ой салып, құбыла көрсетпекші болып жазып еді»[1.44-б.], - дейді Тұрағұл.

Абай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1889) атты өлеңнің орта тұсында :

Сөз айттым «Әзірет Әлі», «айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек сары ала қыз».
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Әсіре қызыл емес деп жиіренбеңіз,
Түбі терең сөз артық бір байқарсыз, [2.94-б.], –

деп өмірде болған шындықты бейнелеп айтып отырғанын жоғарыдағы Тұрағұл естелігіндегі өмірбаяндық фактілерге сүйене отырып, ақынның биографы М.Әуезов былай дейді: «Абай бұл жастардың өлең жазуын қабылдаған. Кейбіріне (мәселен Көкбайға) Абылай ханды, Кенесарыны өлең қыл деп өзі тақырып та беріп отырған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де жалпы өлеңге қоятын



қатты сынын түгел қояды. Сондықтан сөздерін, ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріп, Шәкәрім үшеуінің үш түрлі өлеңдерін еске алып:

Хат жаздым Әзірет Әлі, айдағарсыз,
Бізде жоқ алтын иек сары ала қыз.
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, – дейді» [3.156-б.].

Біз осы мақаламызда Абай мен Шәкәрімге ғана қатысты мәселелер төңірегінде қысқаша ой өрбітіп, ұстаз бен шәкірт шығармаларындағы шығармашылық байланыс пен кейбір қарама-қайшылық туралы сөз етеміз.

«Шәкәрім қажының жас күнінде кәрілікті жамандап, – дейді Тұрағұл, – алпыстан аспай өлейік, кәрі ит жат деп, былшылдап шат деп айтады деп, бозбалашылықты мақтап, «Шіліктен шымылдық құрып, томашадан жастық қып» деген өлеңі болған» [1.44-б.], – деп еске алады. Тұрағұлдың «Шіліктен шымылдық құрып, томашадан жастық қып» деген өлеңі болған» деген деректі мағлұматы бозбалалық пен кәрілік туралы жазған өлеңінің атауы емес, сол өлеңнің ішіндегі есінде қалған өлең жолдары сияқты. Ал, өлеңнің анық қалай аталатыны туралы сенімді деректі Шәкәрімнің «Ардақты Сәбит бауырым!» деген хатынан табуға болады. «(... жиырма бес жасымда жазғам) – Бозбала мен кәрілік...» [4.100 б.] – деп дәл көрсетіп жазған қолжазбасын С.Мұқановтың жеке мұрағатынан ақынның суретімен қоса табылды.

Жоғарыдағы Тұрағұл естелігінде «бозбалашылдық, кәрілік» деген ұғымдардың «Шәкәрімнің: «(... жиырма бес жасымда жазғам) – Бозбала мен кәрілік...» деген өлең атауымен дәлме-дәл түсіп жатуы кездейсоқтық емес болса керек. Екі деректі салыстыра отырып, Шәкәрімнің кәрілікті жамандап, жасты мақтап жазған өлеңі «Бозбалалық пен кәрілік» деп аталатынына көзіміз жете түсетінін аңғару қиынға соқпаса керек. Өлеңнің мәтіні толық күйінде бізге жетпеген. Бүгінгі күні біз білетін «Жастық туралы» (1879), «Кәрілік туралы» (1879) деген тақырыптағы өлең мәтінін қағазға түсіріп, аманат етіп қалдырған Шәкәрімнің немересі – Ахат...

Ұстазы Абайдың сөздері үш ақынның барлығына да жеңіл тимеген. М.Әуезов ол туралы былай дейді: «Осы сөздер ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде, әсіресе Әріп қатты намыс қылып кектеніп, Абайдың есесін қайырмақ болып, «Біржан – Сараның» айтысын шығарған» [3.156-б.].

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ұстазының ащы сынын шәкірті Шәкәрім қалай қабылдаған. Сынды көтере білген бе, жоқ әлде өз өлеңінің мінсіз екенін дәлелдеуге тырысып, ол да есе қайырмақ болған ба? Біздің байқауымызша, Шәкәрім ұстаз сынын дұрыс қабылдаған. Оған ақынның «Жастарға» (1879) деген өлеңіндегі мына өлең шумақтары дәлел болады:

Абай жүр соны мазақ өлең қылып,

Біреуі ұғар ма деп көзі ашылып.

Бізге де біразырақ айтқаны бар,

Құр қылжақтай бер ме деп босқа күліп, – [5.39-б.] – дей келіп, «Шиканымды езгендей шықты жаным, Айтқанда естігендер ұғып келіп» десе, ақын ағасының «жігіт арсыз» деген қатты, ауыр сөзін:

Шүү дегенде бұл сөзі жанға батты,

Бұрын ондай көргем жоқ жаманатты.

Қайырусыз, қағусыз өскен басым

Бұлқындым шу асаудай мойыны қатты [5.40-б.], –

деп ақын аға сөзінің етінен өтіп, сүйегіне жеткен ауыр сыны оңай соқпағанын айта отырып, көп ойда қалады.

Есітген соң жүректе түйін жатты,

Сол түйін тыныштатпай көп ойлатты.

«Неге мұндай қатты айтты? – деп, ойласам,

Өлеңінің сырты ащы, іші тәтті!

Жаны ашып, жақсы соқпақ тазалапты,

Жігерленсін, білсін деп табалапты.

Жоба көрмей, жүгенсіз кетпесін деп,

Қатты сөзбен қайырып қамалапты [5.40-б.], –

деп ұстазы Абайдың ақын болам деген шәкірттерінің өлеңдеріне қатты сынмен қарайтынын, үлкен шарт қоятынын ұғып, түсінген және соны жастарға асырмай да, жасырмай да ашық айтып, білім-ғылым үйренуге шақырған Шәкәрім болған.

Қорыта айтқанда, Абай айналасында тәлім-тәрбие алған ақын шәкірттерінің ішінде, Шәкәрім мен Абай арасында өмір шындығына құрылған шығармашылық байланыс болған. Бірақ, бір айта кететін жайт Шәкәрімнің «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» деген өлеңдерінің үлгісін тапқан ұстазы – Абай. Әйгілі «Сегіз аяқ» (1889) өлеңінің формасын үлгі етіп жазған.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Шәкәрімнің екі өлеңі «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» – 1879 жылы, кейбір деректер бойынша 1883 жылы жазылған. Ал, Абайдың «Сегіз аяғы» – 1889 жылы жазылған. Осыдан келіп өзінен-өзі қарама-қайшы пікірлер туатыны айтпаса да түсінікті. Ендігі абайтанушы, шәкәрімтанушылардың бір бас қатыратын мәселесі осы болса керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. Алматы: Ана тілі, 1993 – 56 б.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: -А., Жазушы. -2005. – 296 б.
3. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. –А., «Санат», 1997. – 416 б.
4. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 6-т. –А., Раритет, 2008. – 302 б.
5. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1998, - 560 б.



ӘОЖ 82-7

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Қалым Мұрат Күлекешұлы

*Ш.Есенов атындағы Каспий инжиниринг және технологиялар университеті, "Әлем тілдері"
кафедрасының аға оқытушысы. Ақтау қ.*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272116>

Аннотация. Мақалада ұлы Абай шығармашылығындағы адамгершілік мәселелері, соның ішінде «толық адам» концепциясының мәні мен оны қазіргі жаһандану заманындағы, қоғамдық сананың жаңғыруы кезеңіндегі қазақ қоғамын дамытудағы, жастар тәрбиесіндегі орны қарастырылады. Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтылған ойларға негіздей отырып, Абай тағылымының мәні мен маңызы пайымдалады.

Кілт сөздер: Абай шығармашылығы, жаһандану, қоғамдық сананың жаңғыруы, ұлттық бірегейлік, поэзия, қара сөздер, қазіргі заман, ұлттық тәрбие.

Қазіргі жаһандану заманында қазақ қоғамының ұлттық бірегейлігін сақтап, жастарды мемлекеттік рухта тәрбиелеуде мемлекеттік және ұлттық мүдделерді үйлестіре отырып, оқу-тәрбие процесін замана талабына сай жүргізудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың осыдан бес жыл бұрын жарық көрген «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы – ғұлама ойшыл, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың ұлт руханиятындағы орнын жаңа ғасыр биігінен пайымдап, елді ұлы ақынымыздың өсиетіне сай болашаққа жұмылдырудағы бағдар беруші еңбек болды. Қазіргі кезде Ұлы ақынның туғанына 180 жыл толуына орай ақын мұрасына қайта бір зер салып, Абай тағылымдарын халықтың ой елегінен өткізуге назар аудару – аса игілікті іс екені сөзсіз.

Абайдың шығармашылығы – әр қазақтың жүрегінен орын алған, оның болмысын тап басып, қай кезеңде де рухани тығырықтан алып шығып, кемелділікке ұмтылдырып отыратын ерекше феномен екені аян. Абай өсиеті, шын мәнінде, өмірдің қандай жағдайларында да адамға келелі кеңес беріп, дұрыс жол көрсетіп отырады. Өйткені, ақын өлеңдері мен қара сөздерінде айтылатын пайымды ойлардың өзегінде ұлт болмысына апаратын қасиетті кілт жатыр. Ұлы ақын өзінің өмірлік тәжірибесі мен білім-білігінің арқасында қазақ қоғамының өзі өмір сүрген кездегі әлеуметтік-адамгершілік мәселелерін кеңінен пайымдауымен қатар, алысты болжайтын көрегендігімен қазақ

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



халқының алдына рухани жол ашып берді. Халықтың өзін-өзі танып, өзінің жетістігі мен кемшілігін пайымдап, ұлттық сананы жаңғыртуда Абай шығармалары қашан да жолбасшы бола бермек.

Президентіміз: «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланғанды», – дей келіп, ақынның шығармаларындағы кесекті ойларына шолу жасап, қазіргі даму үрдісіміздегі маңызына кеңінен тоқталып өтеді [1].

Абай мұрасы – елді прогреске бастайтын, жақсылыққа үндейтін, замананың талабына сай дамуына бағдар беретін, адамгершілік құндылықтарды паш етіп, ғылым-білім мен өнерді насихаттайтын көркем сөзбен сомдалған бірегей мол қазына, қазақтың рухани төлқұжаты. Абайды тану арқылы әр қазақ өзін-өзі таниды, айналасын көріп, адам өмірінің қым-қуыт сырларына бойлайды, жақсылық пен жамандықты безбендеп, ұлттың өмірлік философиясын бойына сіңіріп, кемелдікке ұмтылады.

Шынын айту керек, халқымыз осыдан бір ғасыр бұрын Абай сынаған жаман әдет, жат мінездерден әлі толық арыла қойған жоқ. Қайта замананың сипатына сай жаңғырып, жаппай етек алған кейбір рухани мерездіктер қоғамның дамуына кері әсерін тигізуде. Елді жайлаған жемқорлық пен парақорлық, әсіре мақтан мен атаққұмарлық, даңғазалық пен шашпалық, жағымпаздық пен іштарлық, өсек-өтірік, жалқаулық пен тоғышарлық мінездер – елдің дамуына тұсау болар кесапаттар екені аян. Абай өз заманында қазақтың бойындағы осындай міндерді қатты сынап, адам болудың, ел болудың жолын көрсетті. «Ұлы сия, ащы тілмен» қазақтың намысын қамшылап, санасын оятпақ болды.

Президенттің: «Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсұт тұтты», – деген сөзі осындай ойға меңзейді. Ұлтты сүю дегеніміз – оның кемшілігіне көз жұма қарап, мақтай беру еместігін бізге Абай үйретіп кетті. Сондықтан, өзіндік сын мен өзара сын да болам деген жұрттың айнымас қағидасы болмақ керек.

Қазіргідей өткениеттің қарыштап даму кезеңінде еліміздің өткені мен бүгінгісін салыстыра отырып, дамудың даңғыл жолына түсуде Абай секілді

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



ғұламалардың қасиеті мен өсиетін қаперге алып отыру керек-ақ. Барлық істе ақын еңбектеріндегі ордалы ойларын басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жолдарын қарастырып отыруымызға Президентіміздің осы мақаласы жаңа серпін бергені анық.

Абай армандаған ілім-ғылым, оқып-үйрену мен үздіксіз ізденіс жолы – қазір де өзекті, өйткені елді ұшпаққа шығаратын тек ілім мен білім екені айдай ақиқат. Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда да Абай идеясы өзектілігін жойған жоқ, қайта жаңа мазмұнмен толығып, заманымыз бен қоғамымыздың сұраныстарының негізін құрап отыр.

Абай мұрасын насихаттау мен жастардың бойына сіңіруде, әсіресе, ғалымдар мен ұстаздарға жүктелер міндет зор. Жастардың замана талаптарына лайық білім мен тәрбие алып, өмірге бейімділікпен шыңдалып шығулары – бәсекеге қабілеттіліктің негізі десек, көп тіл білу, жаңа технологияларды меңгеру, командамен жұмыс істеу, көшбасшылық машық қалыптастыру, ортаға бейімделу мен шұғыл шешімдер қабылдай алатындай ілкімділік дағдыларын қалыптастыруда оқу орындары, ұстаздар қауымы ұдайы Абай идеяларын ескеріп отыруы لازым. Жастардың ана тілін жақсы білуі, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуі, ата-бабаларымыздың аманатына адалдықпен қарап, аға ұрпақтың игі дәстүрлерін алға апаруы – олардың ұлтжанды, патриот болып қалыптасуының кепілі.

Абай шығармаларындағы әділетті қоғам құру идеясы ақынның «толық адам» концепциясымен ұштасып жатыр. Жан-жақты жетіліп, үйлесімді дамыған тұлға ғана елдің сенімін ақтай алады. Қоғамның дамуы елді алға бастар серкелердің адамдық болмысы мен біліктілігіне байланысты. Кешегі алаш арыстарының аманатын алып жүретіндей нағыз ұлтжанды, мемлекетшіл тұлғалар тәрбиеленуі керек. Қазіргідей қоғамдық сананың жаңғыру жағдайындағы Қазақстанда меритократиялық қоғам қағидаттарды қаперге алынууда. Басқарушы лауазымдарға әлеуметтік шығу тегіне және қаржылық ауқаттылығына қарамастан, әлеуметшіл ең қабілетті, лайықты адамдардың келуі халықтың сенімін бекете түсері анық.

Мақалада айтылғандай: «Заманалар ауысып, дүние дидаы өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқақ асуларға шақыра береді», – деген сөзі Абайдың данышпандық

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



тұлғасының бүгін де, болашақта да Қазақ елінің айнымас бағдары болатынын көрсетеді.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттық бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті..., [2,247] –

деп жырлаған Абай өсиеті бізге, ең алдымен, адамды сүюді, адамзат баласын алаламай, бәрін бірдей бауырым деп білуді үйретеді. Гуманизмнің басты принципі де сол ғой. Сондай адам ғана жалпыға ортақ құндылықтарды сыйлайтын, адам баласы жинақтаған жақсы қасиеттерге мойынсұнған тұлға боп қалыптасады. Сондықтан ұлы ақын өзінің «толық адам» концепциясын осындай идеяға негіздейді.

Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов Абайдың «толық адам» ілімінің негізі сонау әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Яссауи мен Румидің кемел адам жайлы ой-толғамдары мен кісілік идеяларында жатқандығын айтады. «Абайдың толық адам туралы ілімінің өзегі – ақыл, әділет, рахым деген терең ғылыми мағына беретін, тереңіне құрық бойлай бермейтін ой-пікірлерінің мән-мағынасы аса зор күрделі мәселелер. Бұлардың түп-төркіні Абай қарасөздері мен пәлсапалық лирикасындағы Алланы тану мен жантану жолындағы ой ағысының тартау күші зор ой иірімдерінде жатыр», – дейді ғалым [3,238].

Абай адамның қалыптасуындағы тәрбиелік мәселелердің қай-қайсысын да көзден таса қалдырмайды. Ақынның:

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішінен қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап [2,214], –

деп жырлауында жастарды мақтан мен мадаққа сенбей, өзінің күш-қайратына, ақылы мен еңбегіне сенім артуының қажеттігін айтып отыр.

Абайдың әйгілі «бес асыл іс» пен «бес дұшпан» критерийлері – адамның қандай жаста болса да, ненің жақсы, ненің жаман екенін безбендеп, көкірегіне түйіп, соның бағдарымен жүруге үндейтін адамгершілік постулаттары іспеттес. Адам баласының жақсы нәрсеге де, жаман нәрсеге де жастайынан үйреніп, соған қалыптасып кететінін ескерген ақын «Адам болам десеңіз» деп, адамгершілік қалыптастырудың шарттарын ұғынықты да жинақы қылып саралайды. Біздің оқушыларымыз қаншама жылдардан бері бастауыш

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



сыныптан бастап Абайдың осы өлеңін жаттап өссе де, соны санасына сіңіре алып жүрміз бе деген ой мазалайды.

Абайдың қарасөздері туралы М.Әуезов: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе, адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді», – дейді [4,16]. Ақынның қарасөздері терең ойлар мен парасатты пайымдарға аса бай. Ақын өзі өмір сүріп отырған қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерге ойшыл ретінде назар аударып, өз пайымдауларын білдіріп отырады. Қарасөздер тақырыбы мен түрі жағынан алуан сипатта болғанымен, олардың қай-қайсысында да ойшыл-гуманист, реалист сыншы ретінде танылады.

Қарасөздердің басты қасиеті – олардың сыншылдығында. Сыншылдық сарынның өзегі кейде байсалды байлам, байыпты ой-толғау болса, көбінесе ақын ащы күлкі, зілді кекесін, мысқылымен көрінеді. «Абайдың сыны, мысқылы жеңіл мазақ емес, зілді ашу. Ол ел мініне күліп қана қоймайды. Сол мінездің жөнсіз бетін ашып, халық алдында масқара етіп, одан безіндіріп отырады», – дейді Х.Сүйіншәлиев [5,100].

Абайдан қоғамның қандай мәселелеріне де жауап табуға болады. Мысалы, «Жиырма үшінші сөзде» «қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбанышты» саралайды. Автор адам мінезіндегі қайшылықты сипаттарды сынауда өзіндік көркемдік өрнек табады. Басқа да кейбір қара «сөздеріндегідей», мұнда әуелі мінез-құлықтағы кейбір сипаттарды ішкі мәтін арқылы көрсете отырып, оларды әдейі қарсы сауалдар тастау арқылы талқылайды. Мұндағы риторикалық сұрақтардың өзінен олардың жауаптары көрініп отырады әрі ақынның мысқылдап отырған кекесіндік мәнімен ерекшеленеді: «Оның қуанышы: елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе?» деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен жаманшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болад-дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса жарар, алдында неше ат бар деп сұрар, артында қалған ат нешеу деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?» [6,117].

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Қазіргі ХХІ ғасырда да қазақтың осы мінезі түзеліп болды деп айта аламыз ба?! Әсіре мақтан, арзан атақ, құр бәсекелестіктің береке бермейтінін, тіпті қазіргі нарық заманындағы «көрпеңе қарай көсіл» дейтін қағиданың затына кері келіп жатқанын түсінетін уақыт болса да, баяғы шашпалық, мақтаншақтық, атаққұмарлық, бөспелік әдеттен әлі арыла алмай келе жатқанымызды көрсетеді.

«Жиырма алтыншы сөзде»: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында, бір хайуанның өнерінің артылғанына, я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар?» [6,120-121] – деп, бәсеке-байрақтың астарында даңғазалық пен әсіре мақтанның жатқанын мысқылдайды. Бұдан екі ғасырдай бұрын айтылған осы ойлар қазіргі ХХІ ғасыр өркениетіне жеткен қазақтың да бойында бар екені мәлім.

Бүгінгі таңда әлем елдері, адамзат жаңа өркениеттің жалынан ұстап, технологияның адам көрмеген жетістіктеріне қол жеткізіп жатса, адамның ойлау түрі де өзгеріп, сыншылдық, креативтік ойлаудың нәтижесін көріп отыр. Олай болса, «заманына қарай адамы» деген өмірлік қағиданы естен шығармауымыз керек. Бұл, ең алдымен, адами капиталды дамыту үшін ең алдымен ойлау жүйемізді өзгертудің қажеттігін көрсетеді.

«Адам капиталы дегеніміз адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бүгінгі бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы. Осыған байланысты білім енді экономикалық категорияға айналды, ақшалы адам емес, білімді адамның мәртебесі жоғары болады. «Білім экономикасы», «Парасатты экономика», «Ақылды экономика» деген тіркестер пайда болды. «Адами капитал» деп тек білімді, парасатты, дәулетті адамды айтамыз. Бұл ерекше капитал, ол адамнан бөліне алмайды, алып-сатуға келмейді, көзге көрінбейтін капитал, оның ықпалы, игілігі бірден көрінбейді де», – дейді көрнекті қоғам қайраткері, ғалым А.Айталы [7].

Демек, бүгінгі күн шындығы тұрғысынан қарасақ, жаңа заманға сай прагматикалық түрде ойлап, іс-әрекет, өмір салтымызды да соған сәйкес құрамыз десек, ұлы бабаларымыздың өнеге-өсиет сөздерін де естен шығармауымыз керек. Бұл орайды Абайдың пәлсапалық ойлары да бағдар

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



беріп отыратыны ақиқат. Өйткені, Абай сөзі ескірмейді, ол – қай заманда да жол көрсететін Темірқазығымыз іспетті

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Айқын. 10 қаңтар, 2020 ж.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 302 б.
3. Мырзахметов М. Абайтану. I кітап. – Астана, 2014. – 432 б.
4. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1945. – 316 б.
5. Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қарасөздері. – Алматы. ҚМКӘБ, 1956. – 151 б.
6. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
7. Айталы. А. Төрт жасқа дейінгі баланың бойына сіңірген білім мен тәрбие ісіне жұмсалған қаржы ең тиімді ұлттық инвестиция // Алаш айнасы. 28 шілде, 2017.



АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ

Байзаков Жандос Абдазимович,
Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Өзбек тіл білімі кафедрасы оқытушысы (PhD).
zandosbajzakov906@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272118>

Аннотация: Ұлы Абай, қазақ поэзиясын мазмұн жағынан да, өлең құрылысы, түрі жағынан да айрықша байытып, серпінді әуенмен тым биікке көтерген кемеңгер ақын дәрежесіне көтерілді.

Кілтті сөздер: поэзия, тоникалық, силлабикалық, метрикалық, өлең жүйелері, өлең құрылыстары.

Annotation: The Great Abai has risen to the level of a diagram, which grew up to the game of content, enriching both content and poetry, and getting too high with dynamic music.

Key words: poetry, tonic, syllabical, metric, poem systems, poems.

Қазақ поэзиясына не бәрі 10 жасында кіріп келген Абай, қазақ әдебиетінің даму тарихында ерекше орын иелейтін, шын мәніндегі кең тынысты, кемеңгер ақын дәрежесіне көтерілген ұлы тұлға. Өйткені, ұлы ақын қазақ поэзиясын тақырыптық жағынан байытып кең өріс алдырумен бірге, қазақ өлең құрылыстарын түрлендіре, құлпырта түсуде де ерен еңбек сіңірген, ешкімді қайталамайтын, бірден бір – ірі дарын иесі.

Кезінде, әлемде екінші Аристотель атанған, тұғыры биік тұлға, ғұлама ғалым Әл - Фараби, ақындық жайлы ой толғай келіп, ақындарды үш топқа бөліп назар аударған болатын. Бірінші топтағыларға - табиғи талант иелерін жатқызса, екінші топқа - еліктеуші ақындарды жатқызады. Ал үшінші топқа, әдебиетті теориялық тұрғыдан әбден танып, толық меңгерген соң ғана өлең жазған ақындарды тілге алады.

Жалпы әлем поэзиясында “тоникалық”, “силлабикалық”, “метрикалық”, “силабо-тоникалық” деген өлең жүйелері, өлең құрылыстары бар. Соның ішінде, қазақ халқының өлең жүйесі негізінен – “силлабикалық” өлең құрылысына жатады. “Силлабикалық” өлең құрылысының, бірден-бір өлшеуіші – буын. Өйткені, “силлабикалық” өлең жүйесінде, әр тармақтағы бір шумақ өлең жолдарының, қашанда буын сандарының біркелкі болып келуімен өлшенеді.

Егер қазақ өлең жүйелерінің даму тарихындағы, өлең өлшемдері жайлы ой толғар болсақ, онда Абайға дейін қазақ поэзиясында үш-ақ түрлі өлең өлшемі

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



өмірге келгендігін анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз, Мәселен: оның біріншісі, 7 – 8 буынды жыр үлгісінде жазылған өлеңдер болса, екіншісі 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған өлеңдер болатын. Ал үшіншісі ретінде, 7 – 8 буынды жыр үлгісі мен 11 буынды қара өлең үлгісі аралас келетін хисса-дастандарды атауға болады.

Міне мұның бәрін, поэзия пайғамбары болған ұлы Абай Құнанбаев, түгелдей бұзып-жарып қазақ өлең түрлеріне, 15 тен астам өлең жүйелерін, өлең құрылыстарын ендіріп, өлең түрлерін кең өріс алдырды да, өзінің шын мәніндегі кең тынысты кемеңгер ақын екендігін жан-жақты таныта түсті.[1]

Сондықтан да, С. Мұқанов, ұлы ақынның өлең құрылыстары жайлы ой толғай келіп: ”Абай қазақтың өлең мәдениетіне 11 түрлі өлең техникасын қосты, алып келді” – десе, профессор Е. Исмаилов: “... Абайда 16 түрлі жаңа өлең құрылысы бар” – деген ойды алға тартады. Есағанның бұл ойын, бүгінгі таңдағы Абайтанушы, профессор М. Мырзахметов та қолдап қуаттайды.[3]

Қалай дегенде де ұлы Абай, қазақ поэзиясын мазмұн жағынан да, өлең құрылысы, түрі жағынан да айрықша байытып, серпінді әуенмен тым биікке көтерген кемеңгер ақын дәрежесіне көтерілді. Сөйтіп ол, қазақ поэзиясының жарқын жұлдызына, ірі тұлғасына айналды да, шын мәніндегі тарлан талант иесі бола алды.

Шынында да қоғамның өзгеруі, барған сайын ой-сананың жетіле түсуі, әлеуметтің өмірдің кең өріс ала дамуы, әрқашан да жаңа мазмұн әкелсе, ол әрине өзіне жаңа түрді де қажет ететіндігі айдай анық. Сондықтан да ұлы Абай, өз өлеңдерін алғаш рет, Шығыс шайырларына еліктей отырып, Шығыс поэзиясында кең орын иелеген “ғаруз” өлең өлшемі негізінде, не бәрі 10 жасында “Иузи – рәушан, көзі - гуаһар” атты өлеңін жазу мүмкіндігіне ие болды. Бұл – қазақ поэзиясында бұрын-сонды болмаған ірі жаңалық десек болады.

Оның үстіне ұлы Абай, қазақ поэзиясына алғаш рет 6 және 8 буынды өлең түрін де алып келумен бірге, аралас буынды өлеңдер де жазып, өзінің нағыз ақындық арынын жан-жақты таныта түсті. Бұл орайда кемеңгер ақынның “Сегіз аяқ”, “Сен мені не етесің?” “Кейде есер көңіл құрғырың...” деген сияқты т.б. өлеңдерін атай аламыз.

Сөйтіп Абай, қазақ әдебиетінің даму тарихында, қазақ жазба әдебиетінің негізін салумен бірге, онда сыншыл реализмнің де негізін қалаған, бірден-бір жаңашыл, нағыз релист ақын ретінде, өзін күллі әлем жұртшылығына, өз оқырмандарына жан-жақты таныта түсті.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Сондықтан да ұлы Абайды дала данышпаны десек, ол артық айтқандық емес. Бұл - бірден-бір бұлтартпас шындық. Себебі Абай, XIX ғасырдың екінші жартысында, өзі өмір сүрген ортадағы қазақ халқының өмірін, би-болыстардың тірлік-тыныстарын, іс-әрекеттерін, күрес-тартыстарын, жер дауы, жесір дауы, зорлық-зомбылықты жеріне жеткізе, қаз-қалпында жырлаған, қазақ поэзиясының бірден – бір тұғыры биік тұлғасы дәрежесіне көтерілген, шыншыл да сыршыл ақын болды.

Ал Абайдың, қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ретінде танылып, биікке көтеріліп, ұлы ақын боп жетілуінде, үш мектептің қайнар көзінен, нәрлі бұлағынан сусындағандығы туралы, Қазақстанда, тұңғыш рет Абайтану ғылымының негізін қалаған, академик М. Әуезов ашық тілге алып өткен болатын. Ол да болса, туған халқының ауыз әдебиеті үлгілері мен бірге, өзіне дейінгі және өзімен тұстас ақындар шығармаларынан нәр алған болса, екіншілен Шығыс әдебиетінің бал бұлақтарынан, үшіншісі - орыс және Батыс Еуропа әдебиет үлгілерінен сусындағандығын атап өткенді.[2]

Ерекше айта кетерлік бір жайт, 74 жыл жасап, келмеске кеткен кеңестік дәуірде, қылышынан қаны тамған тоталитарлық қоғамда, кейбір ғалымдар: “Абайға орыс әдебиетінің ықпалы аса зор болды” – деп, жиі-жиі тілге алып келген де болатын. Бірақ, шынтуайтына келгенде Абайдың рухани нәр алған мектебінің бірі ғана емес, бірегейінің бірі - Шығыс ақындарында жатқандығын анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Шығыс халықтары тарихында патшалығы мен байлығы асқан, аса құдіретті күшке ие бола алған - Сүлеймен, Жамшид пен Искандар сияқты ұлы тұлғалар мен пайғамбарлардың да, сұлулыққа тән беріп, оның алдында бас ие түсетіндігін, жап-жас балаң ақын Абай, тауып айтып, тамаша байлам жасайды. Олең жанға жайлы, жүрекке жылы тиюмен бірге, аса тым ықшам, өте орынды өрнектеле түскен.

Олең - бүкіл адамның жандүниесін балқып, бойға қуат, ойға нәр бере түсетіндігімен де аса құнды.

Сондай – ақ Абай, өзінің 1858 жылы 13 жасында жазған бір өлеңінде:

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси,
Мәдәт бер шағири фәриад.

дейді.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Яғни Абай, Шығыстың ұлы тұлғалары болған - Фирдауси, Низами, Сағди Шерази, Хожа Хафиз, Әлішер Науаи сияқты жыр дүлдүлдерін өзіне ұлағатты ұстаз ретінде танып, оларға ақындық жолда «көмек қолын соз, күш - қуат, медет бер, жол-жоба көрсет» - деп, емірене тілге алумен бірге, оларды айрықша қадір-құрмет тұтқандығын да, өз өлең жолдарында анық аңғарта түседі.[5]

Шынында да, Араб, Иран мәдениетінің тарихын үйренуге ерекше көңіл бөле түскен Абай, тіптен Рашид ад-дин, Мұхаммед Хайдар Дулати, Әлішер Науаи, Бабыр, Абылғазы Баһадүр хан секілді кемеңгерлердің еңбектерімен де жақсы таныс болған. Нәтижеде, олардан үлгі-өнеге алу мүмкіндігіне ие болады.

Абай, XIX ғасырдың 80-жылдарының орта кезінен бастап, әбден толысқан, есейген шағында ақындық жолға түгелдей бет бұрады. Ал, бұған дейін оқта-теkte жазған кейбір өлеңдерін, өзінің замандасы болған Көкбай Жантайұлы атынан таратып отырады. Бірақ, 1885 жылдан бастап өлеңдерін өз атымен халық арасына тарата бастайды.

Ең қызығы Абай, өзінің көзі тірісінде бірде-бір өлеңін өз атмен жариялаған емес. Ақынның үш-төрт өлеңдері ғана жарық көреді. Ол да болса, өзінің замандасы болған Көкбай Жантайұлы мен Шәді төре Жангиров атынан, «Дала уәлаяты» және «Түркістан уәлаяты» газеттерінде, бір жөн өзгерістермен басылып шығады. Мәселен: ұлы ақынның «Жаз» атты өлеңі, алғаш рет 1890 жылы Омскі қаласында шығатын «Дала уәлаяты» газетінде Көкбай Жантайұлы атымен жарық көрсе, “Болыс болдым, мінекей” атты өлеңі де, дәл осы кісінің атынан басылып шығады.

Профессор М. Мырзахметов: “Абайдың өз шығармаларын жариялауға рұхсат етпей жүргенде, ақынның көзі тірісінде сонау қияндағы Қазанда басылған “Кнәз билан Зағифа” (1897 жылы басылған) қиссасында кездесетін “Сынағандағы аттың сыны” (“Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ”), “Бүркітші”, (“Қансонарда бүркітші шығады аңға”) деген атпен Абайдың атақты екі өлеңінің жариялануы назар аударлық құбылыс” (31) – деген ойды алға тартады.[4]

Міне сөйтіп ұлы ақын, өз өлеңдерін «қиыннан қиыстыра» отырып, өлеңнің мәні мен мағынасына, мазмұнына айрықша көңіл бөледі. Жадағай ой, жаңсақ пікірлерге, татымсыз жадағай сөздерге мүлдем жоламайды. Өлеңдерінде өмірдің шын сырын, терең шындығын асқан шеберлікпен сипаттайды.

Қорыта айтқанда Абай, шын мәніндегі шыншыл да сыршыл, кең тынысты, кемеңгер ақын ретінде, XIX – ғасырдың орта кезінен бастап ақындыққа түгелдей бет бұрады да, түрлі тақырыптарда аса тамаша поэтикалық

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



туындылар жаза бастайды. Олар да өзі жасаған дәуірдегі қазақ халқының өмірі, тірлік-тыныстары, тағдыр тауқыметтері, әппербақандықтары, ұсқынсыз іс-әрекеттері жан-жақты көрініс табады. Әсіресе, ақын өлеңдерінде бай-манаптардың, үстем тап иелерінің зорлық-зомбылықтары, зұлымдық іс-әрекеттері, бәрі-бәрі өзінің шынайы шешімдерін таба түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай энциклопедиясы. Алматы. 1994 жыл. 376 б.
2. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. “Әлем әдебиеті” баспасы. Алматы – 2013 жыл. 45 б.
3. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. Алматы. 1994 жыл. 34 б
4. Мырзахметов М. Абай Құнанбайұлы. “Әдебиет әлемі” баспасы. Алматы – 2013 жыл. 377 б.
5. Сейданов Қ. Абай және Орта Азия әдебиеті. Ташкент. 2020 жыл . 253-264 б.



АБАЙДЫҢ ПЕЙЗАЖ ДӨРЕТИҮДЕГИ ШЕБЕРЛИГИ

Ктайбекова Зулфия Кенгесбаевна

филология ылымдары бойынша философия докторы (PhD)

Әжанияз атындағы Нәкіс мемлекеттік педагогикалық институты

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272124>

Аннотация: Мақалада Абай қосықтарында табиғат көрінісінің сұрәтленуі талқыланды. Шайыр шығармаларында пейзаждың көркем – эстетикалық өзгешеліктері талқыға алынды. Хәр бір пасылдағы өзгерістер көркем сөз құдіреті жәрдеміне образлы түрде сәулеленуі мысаллар контекстінде үйренілген.

Глғт сөзлер: пейзаж, табиғат, маусым, жанландыру, мақан, жаңаланыу паслы, шеберлік, көркемлік.

Аннотация: В статье анализируется описание природных пейзажей в стихотворениях Абая. В творчестве поэта анализируются художественно-эстетические особенности пейзажа. Изменения в каждом сезоне изучаются на примере примеров, которые отражены образно, используя силу художественного слова.

Ключевые слова: пейзаж, природа, время года, олицетворение, пространство, время обновления, мастерство, художественность.

Abstract: The article analyzes the description of natural scenery in Abai's poems. Artistic and aesthetic features of the landscape are analyzed in the works of the poet. It is studied in the context of examples that the changes in each season are reflected figuratively using the power of artistic words.

Key words: landscape, nature, season, revitalization, space, season of renewal, skill, artistry.

Әдебиі шығармаларда дүнья гөззаллығы, тиришилиқ, табиғаттағы әлўан түрлі сырлар, маусымлар алмасыуы сыяқлы көріністер көркем сұрәтлеулер арқалы айрықша түс алады. Бундай сұрәтлеулер қазақ классик әдебияты ўәкилі Абай поэзиясында кең орын алған. Әсиресе, хәр бір пасыл гөззаллығын, қулпырған ана табиғат сулыўлығын түрлендириўде шайырдың өзгеше стильге ийе екенлігі көзге тасланады.

«Көркем шығармаларда табиғат көрінісі пейзаж деп аталады» [3.188]. Абай дөретиўшилигиндегі «Бәхәр», «Гүз», «Қыс», «Желсиз түнде жарық ай», «Тотықус түслес гүбелек» сыяқлы шығармаларында табиғаттың төрт пасылы, хәр маусымдегі өзгерістер образлы түрде сәулеленген. Шайырдың «Бәхәр» қосығында жасару, жаңаланыу паслының келиуі менен жер бетинің қыс көрпесін серпип таслап, мақпал сыяқлы қулпыруын, тиришиликтің қайта оянуын, жыл қусларының жұртқа оралуын, сайда бүлбил, жарда әтшөк, қырда



пошшалардың сайрауы, гүл-бәйшешеклердің сән бериуі үлкен йош пенен сүүретленген. Мысалы:

Даўрығысып пулы көп саўдагерлер,
Ал, дийханлар жер сүрип, егин егер,
Шарўалардың бир төли екеў болып,
Жаңа төлден көбейип дәўлет өнер [2.72]

Қосықта дийханлардың бәхарги егисти баслауы, шарўалардың да бул ўақытта жанлық – төллериниң көбейип, дәўлетине дәўлет қосылып, жумысларының артыуы арқалы аўыл хәм қыр тәбиятын ландшафт пейзаж арқалы образлы сәўлелендирген. «Ландшафт пейзаж тиккелей мәкан түсинигин билдирип, өз ишине дала, таў, төбе, ойпат, шөл сыяқлы рельефлерди қамтып алады» [4.14].

Дүньяға мийирманлық нуры төгилип, жердің анамыздай ийип, аспанның әкемиз яңлы еркелениуі хәм де малларымыз семирп, ас, ағарғанлардың елимизде көбейуі менен инсанлар кеўлиниң йошлы кейпиятқа бөлениуі параллель тәризде сүүретленген. Мысалы:

Жаз жиберип, жан берген қара жерге,
Алланың рахметине кеўил исенер,
Мал семирер, ағарған, ас көбейер,
Адамзаттың кеўли өсип көтерилер [2.72].

Жер, күн, түн, жулдыз, ай, жел сыяқлы тәбият образларын жанландырыу арқалы төмендегише образлы түрде сәўлелендирген:

Күн жоқта, кисимсинер жулдызлар, ай,
Қәйтсин ол қара түнде жарқылдамай,
Таң атқанда шығарын күнниң билип,
Өңи қашып бола алмас бурынғыдай [2.73].

Ямаса:

Күн – күйеу, жер – қалыңлық сағынысты,
Қумары екеўиниң сондай күшли...
Ай, жулдызға жыллы жел хабар берип,
Жан-жәниўар қуўанар тойға хәўлирип...
Азалы ақ көрпесин серпиіп таслап,
Жер күлимлер өзине шырай берип [2.73].

Бунда ай, жулдызлардың кисимсиниуі, күн шығыуын билиуі, өңиниң қашыуы, күн менен жердің сағынысыуы, желдің хабар бериуі, жан-

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жәниұардың қуұаныұы, жердің күлімлеұи хәм өзине шырай бериұи сыяқлы инсанға тән болған сезімлер арқалы тәбият хәдийселерин образлы сүүретлеұи арқалы тиришиликтің ояныұын шайыр шеберлик пенен ашып бериұге ерискен.

«Жаз» қосығында аұыл тәбиятының жазғы көриниси көркем боұлар менен әжайып тәризде сүүретленген. Мысалы:

Жоқары – төмен үйрек, ғаз,
Ушып турса сымпылдап,
Қыз – келиншек үй тигер,
Бурала басып былқылдап,
Ақ билегине сыбанып,
Дәлкеклесип сыңқылдап [1.30].

Қосықта жаздағы кеұил кейпияттың көтеріңкилиги, қыз – келиншеклердің дәлкеги, жасы үлкенлердің кеңесіұи, жас балалардың қыңқылдысы, билимдилердің пикирлесіұи, шопанлар, жылқыманлар, улыұма аұыл халқының турмыс-тәризи йошлы түрде терең сәўлеленген.

«Гүз» қосығында жаз мәўсиминиң орын алмасыұы менен гүздің кирип келиұи арқалы аспанды қаплаған түси суұық сур бултлар хәм жерди дымқыл думан басыұы, жасыл шөп, бәйшешеклердің жоғалып, жаслар хәм балалардың ойын-күлкілерден тыйылыұы сүүретленген. Мысалы:

Ғаз, тырна қатар – қатар қайтса берман,
Астында ақ шомшы жүр, ол – бир кәрұан,
Қай аұылды көрсең де жабыраңқы,
Ойын - күлки билинбес, сейил-сәйран [2.38].

Жыл қусларының ушып кетиұи, адамлардың қыс азығын ғамлаұы, аұыллардың жабыраңқы түрдеги көриниси, улыұма гүздеги кеұилсиз кейпият шайыр тәрепинен шеберлик пенен сәўлеленген.

«Қыс» қосығында ызғырын, ақ қыраұ, суұық қыс паслы қәхәрли инсан келбетине мегзетиледи. Мысалы:

Ақ кийимли, жоталы ақ сақаллы,
Соқыр сезім танымас тири жанды,
Үсти - басы - ақ қыраұ, түси суұық,
Басқан жери сықырлвп келип қалды...
Қара булттай қасы жаұып еки көзин,
Басын силксе қар жаұып мазанды алды...[2.72].



Жас балалардың да қарда хәуес пенен ойнауы, деген менен ызғырын суұйққа төтепки бере алмай, бети - қолының исиниуі, қутырынған қыста шопанлардың қасқыр, ийтке қор қылмай малларын тың – жайлауға жайыуы кереклиги шайыр тәрөпинен айрықша тәризде көркем етип сәўлеленген.

«Желсиз түнде жарық Ай» деп басланатуғын қосығында аўыл тәбиятының түнги сулыў көриниси көз алдымызға елеслейди. Мысалы:

Желсиз түнде жарық Ай,
Сәўлеси суўда дирилдеп,
Аўылдың жаны терең сай,
Тасыған өзек гүрилдеп [2.40].

Қосықта түнги ай сәўлесиниң гөззал көриниси, сай, өзеклердиң гүрилдиси, жапырақлардың сыбырласыуы, таўдың жаңғырыуы – булардың аўылға айрықша сән бериуі хәм түнги тәбиятқа өзгеше көрк бағышлауы көркем түрде сүүретленген. Мысалы:

Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзли-өзи...
Таў жаңғырып, үн қосып,
Урген ийт пенен «хәл-хәлге»... [2.40].

Жуўмақлап айтқанда, Абай шығармаларында хәр бир мәўсим өзгеше стильде сәўлеленген. Шайыр пейзаж арқалы тәбияттың белгили бир мәканын сүүретлеп берген. Күн, жұлдыз, ай, жел, суў т.б. сыяқлы образлар жәрдемінде тәбият хәдийселерин жанландырыу арқалы көркемликке ерискен.

Әдебиятлар

1. Абай. Сайланды қосықлары, поэмалары. – Нөкис, «Қарақалпақстан», 1985. – 196 б.
2. Абай. Сайланды қосықлары, поэмалары, қара сөзлери. – Нөкис, «Қарақалпақстан», 1990. – 236 б.
3. Султон И. Адабиёт назарияси. – Тошкент, «Ўқитувчи», 1986. – 408 б.
4. Жуманова Ш.И. Усмон Азим шеърлятида пейзаж типологияси: Фил.фан.фал.док.дисс. (PhD) автореф. – Ферғона, 2022. – 56 б.



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» МӘСЕЛЕСІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Бисенбаева Меруерт Кенжеғұлқызы

«Өрлеу» «БАҰО АҚ филиалы Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты

«Педагогика және пәндік әдістер» кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор

Қазақстан, Алматы

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272135>

Философияның негізгі зерттеу нысандарының бірі адам екені көне заманнан белгілі. Адам мәселесі – қоғамдық пәлсапалық тұрғыдан да діни-танымдық жағынан да толық шешімін таппаған іргелі тақырыптардың бірі. Қазіргі білім жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін оның алғышарттары жасалуда. Білім мазмұнын жаңалау, құзырлылыққа бағытталған, ұлттық құндылықтар негізінде білім, тәрбие бере отырып, тұлға қалыптастыру, дарын көзін ашу сынды келелі мәселелер сөз жоқ, ұстаз- тәрбиеші жұмысын да жаңа арнаға бұруда. Ұлылардың өмірі мен тағлымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу – әсіресе қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс. Бұл жерде сөз өнерінің атқарған орны ерекше болған. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-салты бүгінгі тәрбие үрдісінде тиімді екені даусыз мәселе. Өз заманынан оза туған ойшылы, дана Абай хакімнің пәлсапалық ойлары мен маржандай нақыл сөздері, өлеңдері мен қара сөздері қай заманда болмасын жарқырап, көзі ашық, көкіректерге нұр болып құйылады. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың мұрасы жаңа ұрпақпен бірге жасай беретіні кәміл. Өздеріңіз білетіндей, биылғы жылы ұлы ойшылдың 180 жылдық мерейтойы тойланбақ. Сондықтан да, Адам, адам мәселесі, білім, ғылым, көшбасшылық, жақсы қасиеттер тақырыбы- Абай атамyzдың шығармаларына арқау болған. Абай Құнанбаевтың шығармашылығында адамның рухани, адамгершілік және әлеуметтік дамуына үлкен мән беріледі. «Толық адам» концепциясы Абайдың философиялық ойларының негізгі тақырыптарының бірі болып табылады. Абай үшін «толық адам» – бұл жан-жақты дамыған, ақыл мен білімді, мораль мен адамгершілікті жоғары деңгейде ұстанатын адам. Абай Құнанбаевтың «Толық адам» идеалында білім, адамгершілік, мораль, еңбекқорлық пен қоғамға пайда әкелу маңызды орын алады. Абай адамның рухани дүниесінің байлығын сыртқы материалдық игіліктерден жоғары қойып,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



оның ақыл-ойын дамыту, білім алу, әділеттілік, адамдық қасиеттерін сақтау керектігін түсіндірген. Абайдың сөзімен айтқанда, «Адам болам десеңіз, алдымен өзіңізді тәрбиелеуге тиіссіз». Бұл дегеніміз, Абайдың «Толық адам» концепциясында адамның ішкі әлемі сыртқы бейнесінен маңыздырақ, әрі адам өзінің рухани, моральдық, интеллектуалдық жағынан дамуы керек деп саналған. Профессор М.Мырзахметов Абай шығармаларындағы «пенделіктің кәмелеттілігі мен толық адам» туралы ілімін Абайдың мораль философиясы деп бағалайды. Яғни, ақынның ұлы мұраты – толық адам, жүрегі елім деп соққан, қайратын адамзаттың бақытына жұмсайтын, ақылын асыл істерге бағыттайтын толық адам идеясы. Бұл идеяның қорытындысы ақынның мына өлең жолдарынан көрінеді:

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті-

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».

Адамның арманы, тек ақынның ғана емес, бүкіл даналардың мұраты - әрбір адамның жүрек қалауымен ақылын, ойын, тәжірибесі мен күш-қуатын еліне, оның өркендеуіне жұмсауы. Абайдың «Толық адам» ұғымында адамдар өздері үшін ғана емес, қоғам үшін де пайдалы болуға тиіс. Ол өз халқының, қоғамының, ұлтының дамуына жауапкершілікпен қарауды, білім мен адамгершілік қағидаларына сүйенуді насихаттады. Осының нәтижесінде, Абай «Толық адам» ұғымын моральдық және рухани өсу мен кемелденудің өзекті нысаны ретінде көрсеткен.

Абайдың шығармаларында адамның кемелденуінің бірнеше негізгі сипаттамалары айқындалады:

1. Ақыл мен білім: Абай білім мен ақылды адамның негізгі құндылығы деп санаған. «Болмасаң да ұқсап бақ» деген өлеңінде ол адамды білім мен ақылдың ең жоғары деңгейіне жетуге шақырады. Ақыл – адамның үш қасиетінің бірі. Ақыл-ар мен ұяттың күзетшісі. Ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Абайдың «Ақылға сәуле қонбаса», «көкіректе сәуле жоқ», «сәулесі бар жігіттер», «сәулең болса кеудеңде», «көңілдің көзі ашық», «жүректің көзі ашылса», «көкірегінде оты бар» және басқа осылар секілді сөздерінің мағынасы ақылға қатысты ашылады. Ақынның «сәуле», «жүректің көзі», «көңілінің көзі» деп отырғаны білімнің жарығы, білімнің көзі дегенге келіп саяды. Білімнің жарығы, білімнің көзі туралы ойлардың тарихы тереңде. Білім нұры түспеген адамның көкірегінде сәуле болмайды. Ақылдың қасиетін Абай да осындай мағынада бағалайды. Абай айтып отырған, «сәуле», «жүрек көзі»,

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



«көңіл көзі» дүниенің шындығын тануға, дүниедегі ғажайыптардың жүзін көріп, сырын білуге мүмкіншілік береді.

2. Адамгершілік және мораль: Абай үшін адамгершілік, әділдік, құрмет және ізгілік – «толық адам» болудың маңызды аспектілері. Ол адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын, өзіне және өзгеге деген адал қарым-қатынасты ерекше бағалаған. Абайдың адамгершілік туралы ойлары оның шығармаларында терең әрі көп қырлы. Ол өз заманындағы әлеуметтік құбылыстарды, халықтың рухани болмысын көре отырып, «Адам адамнан ақылды, мейірімді, қайырымды болуы керек» деген идеяны үнемі айтып келеді. Оның пікірінше, адам адамға деген қатынасында шынайы адамгершілік танытып, жақсы мінез-құлық көрсететін болса, қоғам да соның ықпалында өсіп, дамиды. Ақын өз шығармаларында қоғамның моральдық күйін және адамгершілік құндылықтарының мәнін түсіндіреді. Мысалы, оның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңінде ғылымның адамзат үшін қаншалықты маңызды екенін айта келе, оны игерудің адамгершілік негізі ретінде мәнін көтереді. Сонымен қатар, Абай қазақ халқының бұрынғы әдет-ғұрыптарын, әлеуметтік қалыптарын сынап, олардың адамгершілік нормаларынан ауытқып жатқанын көрсетеді. Ол халықты тек дене емес, рухани дамуға да шақырады.

3. Өзін-өзі тану және өзін-өзі ұстау: Абай адамның өзін тануы, өз кемшіліктерін түсініп, оларды түзетуі қажеттігін атап өткен. Өзін-өзі ұстау және моральды болу – адамның кемелденуінің маңызды бөлігі болып табылады. Абайдың шығармаларына тән ойлар:

- Өзінді тану – адамның өз ішкі дүниесін, күшін, ақыл-ойын дұрыс түсінуі маңызды. Бұл адамның өзімен, қоғаммен, табиғатпен үйлесімді өмір сүруіне мүмкіндік береді.

- Адамның рухани жетілуі – Абай адамды моральдық және рухани тұрғыдан жетілдіруге шақырады. Ол өзін-өзі танудың бір бөлігі ретінде білім алу, ойлау қабілетін арттыру, өз бойындағы кемшіліктермен күресу қажеттігін ұсынады.

Абайдың шығармаларындағы өзін-өзі ұстау туралы ойлар:

- Тәртіп пен әдеп – Абай адамның қоғамдағы орны мен рөлін өте маңызды деп санайды. Адам тек өз қажеттіліктерін ғана емес, басқа адамдарды да ескеріп, тәртіпті болуы керек. Өзін-өзі ұстау арқылы адам қоғамға үлгі болып, басқа адамдардың өміріне де оң әсер етуі тиіс.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



- Әдептілік пен тәртіптілік – Абай адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Ол адамды тек жақсы ойлауға ғана емес, сонымен қатар өзінің іс-әрекетімен де жауапкершілікті болуға шақырады. Өзін-өзі ұстау тек сөзбен емес, іс жүзінде де көрінуі тиіс.

Ғылыми еңбектерде «тұлға» ұғымына мынандай анықтама берілген: «Тұлға – өзінің өмір жолын белгілей алатын, қайталанбас даралық ерекшелігін сезінетін субъект. Тұлға адам ұғымынан гөрі нақты мағынаға ие. Өйткені адам тұлғалық сипатты иелену үшін өз «менін» өзге «меннен» ажыратып өз бетінше дербес әрекет ету мүмкіндігін ашуы керек». Дербес әрекеттің ең негізгі көрсеткіші – адамның өзіне тән даралығын жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға деген қатынасы арқылы тануға қабілеті. Сол себепті, Абай адами қасиет, тұлғалық қабілет жайлы ойларында кісілік әдеп, әсемдік әлемі мәселелеріне жете көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім санаттарының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп беруге ден қояды. Оның кісілік жөнінде тұжырымдарында әдептілік, жақсылық, мейірбандық санаты басты орын алады. Ғұламаның әдеп жайындағы ойларынан терең ізгіліктің лебі еседі, ол адам баласы жаратылыстың, бүкіл тіршілік атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оған қойылар талап пен талғам да жоғары болуы керектігін тұжырымдайды. Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру күн тәртібінде өткір қойылып отырған қазіргі кезең үшін Абай шығармаларындағы тәмсіл ойлардың құндылығы арта түсуде. Бәсекенің жағымды шартқа айналуы ғұлама көзімен қарағанда тағы да білім мен ғылымға келіп тіреледі. «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық.

Абай көрсетіп отырған төрттаған адамды тұлға деңгейіне көтеретін қасиеттердің бірлігінен тұрады. Азбайтын ақыл, тозбайтын ғылым, садағасына жан шалынуға даяр ар, көркем мінез – адамның ғұмырын ғибратты, тірлігін тиянақты, ісін ізгі ететін өмір шегінің тармақтары. Ал бұлар іштей бір-бірімен тамырласып, тұтастық сипатқа ие болып тұрады. Ақыл биік, ғылым терең болған жерде ғана ар адам әрекетінің тегеурінді тетігіне айналады да, мінезді сомдап шығарады. Бабалар өсиеттеген «Ақыл – мінездің тізгіні» дейтін даналық сөздің астарында осы бірліктің нышандары айқын байқалады. Ғылым – ғаламды танудың кілті. Ғылымды меңгерген сайын адам өзінің осынау шексіз ғаламның шектеулі ғана бөлшегі екенін ақылмен саралап біледі. Осы білім оны жаратылыстың алдында адал болуға қажетті арлылық сезімін қалыптастырады.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Ал ар қадірін түйсінген жан өзгенің арына тиюден, рухын таптаудан ойын аулақ салады. Әрине, бұл өз кезегінде оның өзгелермен ықыласты,шынайы,әдепті, қарым-қатынас жасауына себеп болады. Міне, төрт тағанын тең басқан феномен Тұлғаның моделін дана Абай осылайша түйіндейді. Сол суретін ортасындағы орнына байланысты. Алдыңғы екеуі тұлғаның даралығын танытса, соңғы екеуі оның әлеуметтену қабілетінің қажетті көзі.». Адамның қоғамдағы орны, өмірлік мәні тұлғаның әлеуметтік сапасымен өлшенеді. Өйткені адамның өзгелермен қарым-қатынасы,жеке бас қасиеттері, оның өмірінде басты орын алады. Осы жүйедегі бірден-бір көрсеткіш - адамның сөзді жұмсау мәдениеті екендігінде дау жоқ. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарай кісіні ал, - дейтін Абай тұжырымының астарында да адамның сыртқы ортамен тілмашы – оның сөзі екендігі туралы тұжырым бар». Кісінің кім екенін танытатын оның сөзі болса, сол сөзді қалай жұмсау керектігі жөніндегі қағидалар да ақын шығармашылығында өз орайын тауып отырады. Мысалы, Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде кісілік қарым-қатынастың белгісі саналатын өзара сыйласым мен мінездің маңызы өте бір тереңдікпен берілген:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат

Екі түрлі нәрсе ғой, сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін,шын күлерлік

Ер табылса жарайды қылса сұқбат.

Ақын өз ғақлияларында тұлғаның қалыптасуына қажетті шарттарды да айналып өтпеген. Мысалы, тұлға деңгейіне жетудегі ас мәнді шарттардың бірі – үздіксіз іздену, жананы танудан, тағлым табудан танбау. Казір кең өрістей бастаған заманауи педагогиканың адам қалыптастыру жүйесіне тұғыр етіп алып отырған «өмір бойы білім алу» бағытының Абай шығармашылығында осыдан бір жарым ғасыр бұрын да көтерілгенін көруге болады. Адам баласы толымды ғылымды үйреніп жеткенше тоқырамаса, ол үшін үйренуден жалықпаса деген пікір түйеді ол.Тұлға қалыптасуының келесі бір шарты – өзінді тану. Өзінді танудың жолы – істеген ісінді таразылау, өз ісіннен өзін сабақ алу. Мұны Абай: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір,өзіңнен өзін есеп ал!», -деп бекітіпті. Өзінің 31-қарасөзінде естіген сөздің адам болмысына сіңу үдерісіне айрықша тоқталады. «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар, әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек, екінші –сол нәрсені естігенде я көргенде

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек, үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек, төртінші – кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Философиядағы адам әрекетін жүйелі ізімен, психологиядағы адамның сыртқы әсерді қабылдау ретімен толық сәйкестенетінін тізбекте барлық түйткілдің байлауын шешетін мотивация: ықылас, ниет, пейіл, мейірлену де, жақсыға шын қуанып тұшына қабылдау да, сыртқы әсерді жүрекке ұйыту амалдары да, кездейсоқ кедергілер мен оларды жеңудің жолдары да осынау төрт сөйлемге тұтастай сыйып тұрса, бұл ойшылдың ақыл-парасатының биіктігі, ой-пікірінің тереңдігі, даналық қабілетінің кеңдігі арқылы туындаған сөз мәйегі демеске амал бар ма? Сол сөз мәйегін жасауға жоғарыда айтқан айрықша ақыл, саналы ой, терең білім, аппақ ар, кісілік қасиет бірдей қатысып тұр емес пе? Қазіргі уақытта әлемнің түрлі аймақтарында адамзат қоғамының дамуы материалдық құндылықтардың басым болуымен сипатталады. Технологиялардың дамуы, ғылым мен білімнің алға жылжуы, глобализация және сандық технологиялардың енгізілуі – бәрі де адамзаттың өмірін айтарлықтай өзгертті. Адамзаттың басты құндылығы қазіргі заманда әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан дамудың арқасында біршама өзгерген.

Көптеген адамдар үшін қазіргі кезде басты мақсат – жақсы өмір сүру, байлық жинау, мансап құру, қоғамдағы жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болу. Дегенмен бұл өмір салты кейде адамды сыртқы келбетке, материалдық байлыққа және абыройға көбірек мән беруге мәжбүр етеді. Адамдардың рухани дамуы мен адамгершілік қасиеттері кейде екінші орынға шығып қалуы мүмкін. Алайда қазіргі қоғамда да Абайдың «Толық адам» ұғымының өзектілігі сақталып отыр. Білім мен моральды дамыту, рухани байлыққа қол жеткізу және жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызы өте жоғары. Адамның тұлғалық қасиеттері мен білімінің қоғамдағы рөлі қазіргі адамның дамуындағы негізгі ұстаным болып қала береді. Бұл сызба арқылы біз «Толық адам» мен қазіргі қоғамдағы адам арасындағы айырмашылықтарды түсініп, қазіргі қоғамда Абайдың ұстанымдарын қалай жүзеге асыруға болатынын талқылай аламыз. Қазіргі заманда «Толық адам» идеалы қоғамға қажетті тұлғаның бейнесі болып қалуда. Абайдың ұлтқа деген сүйіспеншілігі мен адамгершілік

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



қасиеттерді жоғары қойып, білімнің маңыздылығын ескергені бүгінгі күнде де өзекті. Қазіргі адамның өмірінде «Толық адам» ұғымын қалыптастыру арқылы біз тек жеке тұлғаны ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамды да дамыта аламыз. Жақсы білім алған, рухани бай, қоғамға адал қызмет ететін адамдардың көп болуы — бұл Абайдың арманы, бұл біздің заманымыздың адамының да негізгі бағыты болуы тиіс.

Абай ілімі даналық пен шығармашылық ойлаудың тереңдігін, ойдың кемелдігін, дүниетанымның кеңдігін білдіреді. Абай —адамның мінезін, заманның бетін өзі жүйесін түзген ілімнің ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтарға негізделген қағидаларына сай түземекші болған адам. Адам мінезін түзеу, сол арқылы адамды, толық,кемел деңгейге көтеру туралы өзекті ой жетелеген тұлғаларға қатысты емес, көпке қатысты. Абай аз бен көптің арақатынасы туралы халық даналығынан туған ойлардың тереңіне бойлай отырып, көп туралы заманынан озған іргелі тұжырымдар жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметжанова, А.Толық адам концепциясы және оның тәрбиедегі рөлі. Алматы: Қазақ университетінің баспасы. 2018ж.
2. Сейітқасымов, Н. Ар ілімі және жастардың моральдық дамуы. Астана: Елбасы кітапханасының баспасы. 2019ж.
3. Жұмабеков Е. Моральдық тәрбие: теория және практика. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің баспасы. 2020ж
4. Көшербаева С. Жастар тәрбиесіндегі адамгершілік құндылықтар. Алматы: Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің баспасы. 2021ж.
5. Бейсенбаев А. Өзін-өзі тану және толық адам болу. Қарағанды: Қарағанды университетінің баспасы.2022 ж.



MEN GÜÝMENJE ÜÇIN ŞYGYR YAZMADYM!

S.Awezkyçewa

Garagalpak döwlet universiteti

Türkmen dili we edebiýaty kafedrasý assistenti

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272139>

Annotatsiya. Makalada Abaýyň döredijilik aýratynlygy barada durulyp geçilen.

Daýanç sözler: nusgawy edebiýat, ynsanperwerlik, gazak milli durmuşy.

Annotation. The article discusses the creative features of Abai.

Key words: classic literature, humanity, kazakh national life.

Dünýäniň beýik akyldarlary birden-kä tarpdan ýüze çykmaýarlar. Olaryň döreýşi zerurlyk we tebigy kanunalaýyklyk bolup, halkyň, milletiň ykbaly, onuň ruhy kämilligi bilen baglydyr. Olaryň beýikligi bolsa, özleriniň durmuşy we ykbaly bilen geçen we geljek asyrlary ahlak we sosial taýdan sepleşdirýänligindedir. Şonuň üçin-de beýik akyldarlar döwürleriň we zamanlaryň, ýurtlaryň we halklaryň ajaýyp duşuşasydyr. Şol beýik akyldarlaryň biri-de türk halklaryň ajaýyp klassigi, gazak ýazuwly edebiýadynyň düýbünü tutujy, gazak-rus edebi baglansygynyň ýoluny açyjy Abaý Kunanbaýewdir. Ol asyryň garankylygynda ýagtylyk maýagy boldy, nurly ertire garaşyp gezdi.

Edebiyat meydanyna gelen ähli şahyrlar halkyň hakydasynda galmaýar. Olar diňe hünärmenlerin ylmy işlerinde öwrenilýär. Emma Abaý ýaly läheňler asyrlardan-asyrlara tarap özüne ýol salyp gelýär.

Gazak halkynyň ruhy serdary Abaý Kunanbaýewiň bize tarap çeken şol ajaýyp ýoly bu gün halklary görüşdirýär.

Türkmen halky bilen gazak halkynyň sosial-syýasy we medeni arabaglansygynyň kökleri asyrlaryň jümmüşinden gaýdýar. Gazak halkynyň arasynda aýdylýan bir rowaýatda tassyklanyşyna görä bir ata-enäniň Söýün we Seýil diýen iki ekiz ogly bolanmyşyn, ol oğlanlar edil siýam ekizleri ýaly bitişik dogulanmyşyn. Kimdir biri olary gylyç bilen aýyranmyşyn diýilýär. Elbetde, rowaýat rowaýatlygyna galýar, hakykat bolsa hakykatlygyna, emme näme-de bolsa aslynda bir durmuş hakykat bolmasa rowaýat hem tarpdan döremeýär. Häzirki etnik türkmenleriň bir bölegine söýünhan, bir bölegine bolsa esenhan diýer ekenler. Galyberse-de, ata türkmenler özlerini Aksilli diýen gazak aýalyna öýlenen Gözli atanyň nebereleri hasaplaýarlar.



Şundan görnüşi ýaly türkmen halkynyň bir tarapynyň daýylary gazaklar bolup hasaplanýar.

Abaýyň döredijiligi türkmen halkynyň arasynda örän meşhurdyr. Yazyjy Rähmet Seýidow şygrylarynyň aglabasyny Abaýyň altaýak goşgy düzüş formasynda ýazypdyr. Abaýyň eserlerine çuňňur demokratizm, döwrüň progressiw idealaryna ýykgyň etmek, duýgularyň güýji, duýgularyň beyan edilşiniň aýdyňlygy bakylyk berdi. Abaý parahatlygy, halklaryň arasynda dostlugy ündäpdir. Onuň poeziýasynyň bu äheňi tüýs дәwrebaп äheңdir. Agzybirliгиң il-gününiň аýdymчысы болан Abaý halkynyň durmuşyna hemişe gyýylypdyr:

Baý seýildi,
Bir beyildi-
Elde žaksy galmady.
Eldegi erkek
Baska seltek
Kagyp, elin karmady.

Abaýşynas alymlaryň çintgiläp öwrenşine görä Abaýyň döredijiliginde gündogar edebiýatynyň we rus edebiýatynyň täsiri örän uly bolupdyr. Sebäbi Abaý diňe şahyr bolmazdan ol ökde terjimeçi hemdir. Puşkiniň, Lermantowyň, Krylowyň eserlerini gazak diline terjime edýär. Abaýyň ýaşan zamanasy -XIX asyryň ikinji ýarymy Gazagystanda feodallaryň höküm süren zamanydy. Ikinji tarapdan, Gazagystany özlerine boýun eden patyşa ruslarynyň gazak halkyny dürli süteme sezewar eden wagtlaryna gabat gelýär. Abaý gazak folklor edebiýadynyň baý miýrasyny içgin öwrenip, özüniň eserlerini halkyň peýdasy üçin hyzmat etdirmegiň guralyna öwürýär. Abaý özüniň şygrylaryny güýmenje üçin дәl-de, eýsem halka hyzmat etmek maksadynda ýazandygyny nygtaýar.

Maksadym dil ussatlygy, hünär seçmek,
Nadanyň gözün oýup, köňül açmak. [2.111]

Ýene-de

Nusga alsyn diýip bu yaş yigitler,
Pikirimde oýun-sapa gülki yok. [4.67]

Gazak ýazuwly edebiýadyny döretmekde, onun edebi dilini ösdürmekde Abaýyň hyzmaty, zähmeti köp. Sebäbi gazak halkynda Abaýdan öň hakyky manysyndaky ýazuwly edebiyat bolmandy diýen ýaly. Abaýdan öňki gazak poeziýasy diňe halkyň agzeki edebiýady görnüşinde boldy, folklor derejesinden aňry geçmedi. Abaý gazak halkynyň täze ýazuwly edebiýadynyň esasyny goýan şahyr boldy. Abaý öz halkynyň

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



poeziýasyna liriki žanryň şygyr formalarynyň bentleriniň ondan gowragyny girizipdir. Şahyr gündogar we rus poeziýasyndan nusgalar alyp, şolar esasynda özüniň ýoluny tapyp, goşgy formalaryny döredipdir. Şol formalaryň in ajaýyplary Abaýyň altaýak we sekizayak bentleridir. Bu bentler gurluşy, kämilligi, ritmiki sazlaşygy bilen tapawutlanýar. Şahyryň döredijilik ussahanasynyň önümi bolan bu bentler wagtyň geçmegi bilen gazak poeziýasynyň milli çeperçilik keşbine öwrülipdir. Abaýyň altaýak goşgy düzüş formasy gazak edebiýadynyň çäklerinden çykyp türk dilli halklaryň ençemesiniň poeziýasyndan özüne mynasyp orun alyp bildi. Abaý bendinde ýazylan şygyrlary türkmen poeziýasynda näçe diýseň tapyp bolar. Gazak halky ençeme şahyrlary döretdi, emma şolaryň arasynda deňi-taýy bolmadyk söz ussady Abaýdyr. Abaýyň nähili ömür sürüp ötendigini jikme-jik göz öňüne getirmek kyn. Biz ol barada köp zatlary çak edýäris. Emma biz onuň şygyrlaryny okaýarys, bularda şahyr bize öz döwri hakynda taryhçy adama-da başartmajak ussatlyk bilen gürrüň berýär. Onuň ýiti hem täsirli sözleriniň kömegi bilen şol döwrüň adamlary şeýle suratlandyrýar.

Ar-namys, uýat, ynsap, sabyr, talap,
Bulary yzlamaz hiç kimler halap,
Giň pikirdir, çuň ylmy gözlemeýär.
Ýalan bilen gybaty ýündeý işip. [2.64]

Abaýyň döredijiliginde şol agyr döwürde gazak halkynyň ömür beýanyny görýäris. Onda alaşsyz galan adamyň ahy-nalasy-da, azat durmuş hakdaky süýji arzuwlaryda, ynsanyň gözellige, ýaşayşa bolan belent söýgüsinde görünüp dur. Bu poeziýada gaýgyly äheňler, erksizligiň eýmenç şekilleri hem bar.

Solupdyr reňki otlaryň, güllen,
Gülküsi çykanok körpe nesillen,
Edil kakan göwre ýaly ağaçlar,
Inläp ýatyr, görki gaçypdyr çölleň. [3.219]

Şahyryň wasp edýän häsiýetli taraplary esasan hem gowy häsiýetlilik, watany, il-ýurduňy söýmek, ulyny sylamaklyk, batyrlyk, dogrysözlülük, agzybirlik, zähmeti gowy görmeklik, adamkärçilik, hakyky durmuşa ynanmaklyk ýaly garaýyşlaryna degişli goşgularydyr.

Gybat, aldaw, jalaýlykdan,
Araňy tiz açawergin.
Men-menlikden, bikärlikden,
Duşmanyňdan, gaçawergin. [3.219]

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Şahyr hemişe öz okyjysyny adamkärçilikli ahlak tarapdan edepli sypatlar bilen bezeýär. Ol öziniň köp goşgusynda zähmetkeş adamy we onuň adamkärçilik mertebesini birinji orunda goýýar.

Edenli bol hem paýhasly.

Söý zähmeti käriň bolsun

Ile mährem, türkanalyk-

Şu başisi ýaryň bolsun. [3.219]

Gazak halkynyň Abaý şahyrdan başlanan realistik poeziýasynyň in gymmatly tarapy onuň aňrybaşy ynsanperwerligidir. Adamkärçilige hyzmat edýän poeziýany bolsa, ol näçe owadan bolsa-da, döwrebap diýselerem ony hemme deň derejede ykrar etmeýär. Şol sebäpli hem ol ýönekeý ynsanlaryň arasynda edil güneş ýalydyr. Abaý şahyryň sözi bakydyr, onuň sözünü saklap gelýän halk hem bakydyr.

Abaýyň öňdengörüjilik bilen: “Gazaklaryň arasynda ogurlygyň, gybadyň, duşmançylygyň, töhmediň ýitip gitjek günide geler we biz baýlyk bilen bilimi hakyky ýol bilen gazanarys” diýen sözleriniň ýerde galmandygyna bu günki günde dünýä şaýat.

Peýdalanylan edebiýatlar:

1. Абай (Ибрахим Кунанбаев) 2.т. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы, 1986.
2. Абай. (Ибрахим Кунанбаев) 1.т. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы, 1986.
3. М.Көсәев. Әдебиат барада сөхбет. Ашгабат, 1972.
4. Абай Кунанбаев. Гошгулар. «Туркменистан» неширять. Ашгабат 1970.



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ: ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Турсунова Акмарал Жанатовна,

1 курс студенті

С. Сейфуллин атындғы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Қазақстан, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі: Тоқсанбаева Т.Ж.,

ф.ғ.к., профессор м.а.

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272143>

Annotation: *Considering the poet's reflections on "being a complete person", "being a man", as a school of immortal example, it is more clear that the great artist is a thinker who thinks to solve any problem wisely.*

Keywords: *morality, education, science, national spirit.*

Абай Құнанбаев – қазақ әдебиетінің классигі, философ, ағартушы, қоғам қайраткері және ұлы ойшыл. Ол XIX ғасырда өмір сүріп, қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің дамуына зор үлес қосты. Абайдың шығармашылығы қазақ тілін дамытуға, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға және білімге деген ұмтылысты арттыруға бағытталған. Оның мұрасы қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтпай, жастарға үлкен тәлім-тәрбие беріп келеді.

Абай шығармашылығы арқылы қазақ қоғамында ой еркіндігі, өзіндік ізденіс және халықтың рухани дамуы жаңа деңгейге көтерілді. Ол тек ақын ғана емес, сонымен қатар қоғамның кемшіліктерін сынаушы, ұлт болашағын ойлаған реформатор болды. Оның еңбектері бүгінгі күнде де өз құндылығын жойған жоқ.

Абайдың шығармашылығы мен «Қара сөздері. Абайдың шығармашылығы қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді. Оның поэзиясы мен «Қара сөздері» адамгершілік, білім, ғылым және ұлттық рух мәселелерін қамтиды. «Қара сөздер» – қазақ халқының рухани қазынасына айналған философиялық еңбектер. Мұнда Абай адам табиғаты, әділдік, еңбек, надандық пен білімсіздік туралы терең ойларын ортаға салады.

Абайдың 45 қара сөздері қазіргі таңда өзектілігін жоғалтпайды. Мысалы, оның 17 қара сөзінде адамның ақыл-ойы мен еңбекке деген көзқарасы талқыланса, 38 қара сөзінде дін мен адамгершілік туралы айтылған [1:72]. Бұл шығармалар жастарға өмірлік бағыт-бағдар беретін маңызды мұра болып табылады.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Абай поэзиясында махаббат, табиғат көріністері, адамгершілік, еңбек, ғылым-білім сынды тақырыптар кеңінен қамтылған. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Өлсем орным қара жер» секілді өлеңдері оның ағартушылық көзқарасын анық көрсетеді.

Абайдың қазақ қоғамына қосқан үлесі. Абай қазақ қоғамының дамуына үлкен үлес қосты. Ол халқына білімнің маңыздылығын түсіндіріп, медреселер мен мектептер ашуға шақырды. Оның шығармалары арқылы қазақ халқының ой-санасы оянып, жаңашылдыққа бет бұра бастады.

Абайдың еңбектері қазақ тілінің байлығын көрсетіп, оның әдеби тіл ретіндегі дамуына ықпал етті. Ол қазақ поэзиясында жаңа жанрларды енгізіп, шығыс және орыс әдебиетінің озық үлгілерін насихаттады. Абай Пушкин, Лермонтов, Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударып, халықтың әдеби дүниетанымын кеңейтті [2:136]. Сонымен қатар, Абай қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелеріне де терең үңілді. Оның өлеңдерінде надандық, жалқаулық, көрсеқызарлық, әділетсіздік секілді жағымсыз қылықтар сынға алынады. Ол жастарды оқу-білімге, еңбек етуге шақырды, ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

Абайдың замандастары және әдеби байланыстары. Абайдың шығармашылығына үлкен әсер еткен тұлғалардың қатарында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы сынды ағартушылар бар. Шәкәрім Абайдың шәкірті әрі рухани мұрасын жалғастырушы болды. Ол Абайдың ағартушылық идеясын дамытып, философиялық шығармалар жазды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында алғашқы мектептер ашып, білім беру жүйесін қалыптастыруға ықпал етті. Абай мен Ыбырайдың ортақ мақсаты – қазақ халқын ағарту, надандықтан арылту болды. Олар халықты білімге шақырып, өлеңдері мен прозалары арқылы ғылым мен өнердің маңыздылығын дәріптеді. Ахмет Байтұрсынұлы да Абайдың мұрасын жалғастырып, қазақ тіл білімінің негізін қалады. Ол Абайдың идеясын дамытып, қазақ тілін оқыту әдістерін жетілдірді. Ахметтің еңбектері мен Абайдың шығармалары қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор ықпал етті.

Сондай-ақ, Абайдың өз дәуіріндегі басқа да зиялылармен байланысы маңызды рөл атқарды. Онымен бірге орыс мәдениеті мен әдебиетіне қызығушылық танытқан зиялылар қатарында Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев болды [3:40]. Олар Абайдың идеясын

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



жалғастырып, қазақтың ұлттық санасын жаңғырту жолында аянбай еңбек етті. Бұл байланыстар Абай мұрасының кең таралып, жаңа бағыттарда дамуына септігін тигізді.

Абай мұрасы және қазіргі жастар. Қазіргі таңда Абай мұрасы жастар үшін ерекше маңызды. Оның идеялары ұлттық сананы қалыптастыруға, білім алуға және еңбексүйгіштікке баулиды. Жастар Абайдың еңбектерінен рухани азық алып, өмірлік құндылықтарын анықтайды.

Қазақстанда Абай шығармашылығын дәріптеу мақсатында түрлі ғылыми конференциялар, әдеби кештер, байқаулар өткізіледі. Абайдың 175 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде атап өтіліп, оның шығармалары әлемнің түрлі тілдеріне аударылды [4:100]. Бұл оның мұрасының жаһандық деңгейде де маңызды екенін көрсетеді.

Абай және болашақ. Абайдың ойлары мен философиясы тек өз заманы үшін ғана емес, болашақ үшін де маңызды. Оның идеялары заман талабына сай жаңарып, әр дәуірдің ұрпақтарына бағдар беріп келеді. Қазақ халқының рухани дамуы, мәдениеті мен тілі үшін Абайдың еңбектері мәңгілік құндылық болып қала береді [5:2].

Абайдың шығармалары мен ағартушылық идеялары қазақ халқының өркендеуі үшін маңызды рөл атқарды. Бүгінгі таңда оның шығармашылығы мектептерде, жоғары оқу орындарында кеңінен оқытылып, жастарға үлкен рухани азық береді. Оның еңбектері арқылы қазақ жастары ұлттық мәдениетті, әдебиетті және тарихты терең түсінуге мүмкіндік алады.

Абай Құнанбаевтың мұрасы – қазақ руханиятының темірқазығы. Оның еңбектері халықтың мәдениетін, тілін және ұлттық санасын дамытуға үлкен үлес қосты. Қазіргі жастар үшін Абайдың ойлары өмірлік бағыт-бағдар беретін рухани азық болып табылады. Бүгінде оның шығармашылығы тек қазақ халқы үшін ғана емес, әлемдік әдебиет пен мәдениет үшін де маңызды болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Энциклопедия. Алматы, 1995, 345 б.
2. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. Алматы, 1993, 208б.
3. Орынбеков М. Мировоззренческие основы философии Абая. // Абай және қазіргі заман (Өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары). Алматы, 1994, 183 б.
4. Абай Құнанбаев. «Слова назидания». Алматы: Жазушы, 2012.
5. Қазақстанның әдеби порталы – www.adebiportal.kz



АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАСТЫ ИДЕЯЛАР ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ

Абылгазова Замира Ерболқызы,

1 курс студенті

С. Сейфуллин атындғы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Қазақстан, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі: *Тоқсанбаева Т.Ж.,*

ф.ғ.к., профессор м.а.

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272168>

Annotation: *The article tells about the knowledge, science necessary for human life, the power of the mind and the ability to achieve the goal, as well as the fact that the human quality of a person is measured by his goodness and service for the benefit of humanity.*

Keywords: *Intelligence, moral qualities, character.*

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің ұлы ақыны, ойшылы, ағартушысы және қазақ мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Оның шығармалары – қазақ халқының рухани қазынасы, ұлттық сананың қалыптасуындағы маңызды мұра. Абай шығармалары қазақ қоғамының дамуына бағытталған. Ол білім алудың, ғылымды меңгерудің маңыздылығын түсіндіре отырып, халықты надандық пен жалқаулықтан арылуға шақырды. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» өлеңдері жастарды білімге ұмтылуға үндейді.

Абай адамның мінез-құлқын, жақсы мен жаманды айқын ажыратып, адамгершілік қағидаларын насихаттады. «Әсемпаз болма әрнеге», «Пайда ойлама, ар ойла» өлеңдерінде ар-ұят, әділдік, адалдық сынды қасиеттерді дәріптейді.

Абай қазақ әдеби тілінің қалыптасуына зор үлес қосты. Оның шығармалары халықтың сөйлеу мәнерін, ұлттық болмысын жаңа деңгейге көтерді. Ақынның өлеңдері мен қара сөздері қазақ тілінің байлығын, көркемдік қуатын танытты.

Абайдың «Қара сөздері» – оның даналығының айнасы. Бұл еңбекте ақын халықтың тұрмыс-тіршілігін, ойлау жүйесін саралап, адамгершілік, дін, қоғам, тәрбие мәселелерін қозғайды. Соңғы жылдары жастардың Абайға деген қызығушылығы арта түсті. Бұған оның шығармаларының мектеп бағдарламасында кеңінен оқытылуы, деректі және көркем фильмдердің жарық



көруі, Абай туралы арнайы іс-шаралардың өткізілуі себеп болып отыр. Абайдың афоризмге айналған сөздері әлеуметтік желілерде кеңінен таралуда. Жастар оның ой-толғамдарын заманауи көзқараспен талдап, түрлі блогтарда, TikTok, Instagram, YouTube платформаларында пікір білдіріп, ой бөлісуде [1:27].

Абайдың «Қара сөздері» өмір сүру философиясы ретінде қабылданып жүр. Онда көтерілген білім, еңбек, әділдік, ар-ождан, адамгершілік сияқты мәселелер қазіргі қоғам үшін де аса маңызды. Жастар арасында Абай әндерін жаңаша өңдеумен орындайтын әншілер, рэп оқитын орындаушылар да бар. Бұл – оның шығармаларының жаңа заман талабына сай бейімделіп, жас буынға жақындай түскенін көрсетеді. Абай Құнанбайұлының шығармалары – қазақ халқының рухани мұрасы, ұлттық сананың қалыптасуына әсер еткен терең ойлардың жиынтығы. Оның өлеңдері мен «Қара сөздерінде» адамгершілік, білім, еңбек, әділеттілік сияқты тақырыптар көтеріліп, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған маңызды ойлар қамтылады. Бүгінгі жастарға оның идеялары өмірлік бағдар бола алады.

Абай шығармаларындағы басты идеялар:

1. *Білім мен ғылымды игеру.* Абай жастарды ғылым мен білімге шақырып, надандықтан арылуды үндейді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде бес асыл қасиетті («талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым») [2:110] дәріптеп, жастарға дұрыс бағыт береді. Ол білімсіздікті қоғамның дамуына кедергі келтіретін басты мәселе ретінде көреді.

2. *Еңбек пен адалдық.* Абай еңбексүйгіштікті адам болудың негізгі шарты деп есептейді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп, еңбектенген адам ғана табысқа жететінін айтады. Жастарға жалқаулық пен масылдықтан аулақ болуды насихаттайды.

3. *Адамгершілік пен рухани тазалық.* Абай адамгершілікті жоғары қояды. «Пайда ойлама, ар ойла» деген сөздері адамның рухани құндылықтарын сақтауға үндейді. Адалдық, әділеттілік, мейірімділік, рақымшылдық секілді қасиеттерді дәріптейді. «Адам болам десеңіз» өлеңінде нағыз адам болу үшін ішкі тазалықтың маңыздылығын көрсетеді.

4. *Қазақ қоғамын сынау және оны түзеуге шақыру.* Абай қоғамдағы жалқаулықты, көрсеқызарлықты, өсек пен өтірікті қатты сынайды. «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деп, елдің бірлігін нығайту керектігін



айтады. Оның әлеуметтік әділеттілікке деген көзқарасы бүгінгі қоғам үшін де өзекті.

5. *«Толық адам» ілімі.* Абайдың «Толық адам» концепциясы жастар үшін өзін-өзі дамыту, кемелдікке жету жолында маңызды бағыт. Бұл ілім ақыл, жүрек, қайрат үштігінің үйлесімінен тұрады. Яғни, адам тек білімді ғана емес, сонымен қатар жүрегі таза, әділ, батыл болуы тиіс. Абайдың адамгершілік пен моральдық құндылықтары («Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол»). Абай ұсынған «Бес нәрседен қашық бол». Абай адамды рухани және адами тұрғыдан аздыратын, өмірді мәнсіз ететін бес жаман қасиетті атап көрсетеді: Өсек – басқа адамдар туралы жаман сөз айту, ғайбат айту, өтірік – шындықты бұрмалау, жалған сөйлеу, мақтаншақтық – өзінің жетістіктерін асыра көрсету, мақтану, еріншектік – еңбектен қашу, жалқаулық, мейірімсіздік (залымдық) – айналадағы адамдарға қатыгездік таныту, әділетсіздік жасау [3:40].

Абай идеяларының маңызы мен жастарға әсері. Өзін-өзі дамыту: Жастар Абайдың осы ұстанымын түсініп, өзін-өзі жетілдіруге, дұрыс бағытта дамуға ұмтылады. Қоғамдағы рөлі: Егер әр адам осы қағидаларды ұстанса, әділетті, мейірімді қоғам қалыптасар еді. Кәсіп пен еңбек: Жастар жалқаулықтан арылып, адал еңбек етуге талпынады. Рухани тазалық: Абай көрсеткен жаман қасиеттерден алыс болған адам – рухани бай тұлғаға айналады.

Абай идеялары мен қазіргі жастардың көзқарастарының ұштасуы.

1. *Білім мен ғылымға ұмтылу.* Абайдың ойы: «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деген өлең жолдарында ол жастарды білім алуға, ғылымды игеруге шақырады. Қазіргі жастар: Бүгінгі жастар жаңа технологияларды меңгеруге, шетелде білім алуға, өзін-өзі дамытуға ұмтылады. Онлайн курстар, IT саласы, ғылыми зерттеулерге қызығушылық артуда. Бәсекеге қабілетті болу үшін үздіксіз оқу, өзін жетілдіру маңызды екенін түсінеді. Ұштасуы: Абайдың білімге шақыруы қазіргі заманның басты талаптарымен толық сәйкес келеді.

2. *Еңбек пен адалдық.* Абайдың ойы: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» [4:3] деген сөзі арқылы еңбекқорлық пен адал табыстың маңызын айтады. Қазіргі жастар: Фриланс, кәсіпкерлік, стартаптар арқылы еңбек нарығында өз жолын табуда. Жастар мансап қуып қана қоймай, пайдалы кәсіппен айналысуды қалайды. Адал еңбектің нәтижесінде жетістікке жетуге болатынын түсінеді. Ұштасуы: Абайдың еңбекке шақыруы мен жастардың карьералық дамуға деген ұмтылысы өзара үйлеседі. Абай шығармаларындағы

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



басты идеялар – бүгінгі жастар үшін өмірлік бағдар. Ол білімге, еңбекке, адалдыққа шақыра отырып, адамзаттық құндылықтарды дәріптейді. Абай Құнанбаев пен жастар – ғасырлар бойы бөлінген, бірақ мәңгілік құндылықтармен біріктірілген екі ұрпақ. Оның білім, адамгершілік, еңбек және әлеуметтік жауапкершілік туралы ілімі бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді.

XXI ғасырдың жастары, технологиялық жетістіктерге қарамастан, өткен адамдар сияқты қиындықтарға тап болады: өмір жолын таңдау, мағынаны іздеу, бақытқа ұмтылу. Абайдың еңбектері осы сұрақтардың көпшілігіне жауап беріп, жастарға өмірде дұрыс бағдар алуға көмектеседі. Осылайша, Абай мұрасы жаңа ұрпақты өзін-өзі жетілдіруге, игі істерге және жоғары мұраттарға ұмтылуға шабыттандыра отырып, өмір сүруді жалғастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. Алматы, 1995, 118 б.
2. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. Алматы, 1993, 208б.
3. Абай және қазіргі заман (Өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары).
4. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Алматы, 1995, 184 б.
5. Қазақстанның әдеби порталы – www.adebiportal.kz.



ABAY QUNONBOYEV – QOZOQ XALQINING SERQIRRA IJODKORI

Eshchanova Gavhar Otajonovna

*Filologiya fanlari nomzodi,
Urganch davlat pedagoika instituti dotsenti*

Atajonova Anorgul Jumaniyazovna

*Filologiya fanlari nomzodi,
Urganch davlat pedagoika instituti dotsenti*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272200>

Annotatsiya: *ushbu maqolada buyuk qozoq shoiri, oqini, ma'rifatparvar, qozoq madaniyatining asoschisi, xalqlar do'stligining kuychisi Abay Qunonboyevning she'rlari, unda ilgari surilgan g'oyalar, badiiy mahorati masalalari yoritiladi.*

Kalit so'zlar: *Abay, qozoq, qozoq adabiyoti, she'r. o'lan, oqin, Abayshunoslik.*

Аннотация: *в данной статье рассматриваются стихи великого казахского поэта, акына, просветителя, основателя казахской культуры, воспевателя дружбы народов Абая Кунанбаева, идеи, выдвинутые в них, а также вопросы его художественного мастерства.*

Ключевые слова: *Абай, казах, казахская литература, стихотворение, өлең, акын, абаеведение.*

Annotation: *This article explores the poems of the great Kazakh poet, akyn, educator, founder of Kazakh culture, and advocate of interethnic friendship, Abai Qunanbaiuly. It discusses the ideas presented in his works and issues related to his artistic mastery.*

Key words: *Abai, Kazakh, Kazakh literature, poem, өлең, akyn, Abai studies.*

Abay Qunonboyev nafaqat qozoq, balki butun Markaziy Osiyo xalqlarining buyuk mutafakkiri, qozoq madaniyatining asoschisi deyilsa, mubolag'a bo'lmaydi. Abay nafaqat shor balki qo'liga do'mbirasini olib xalq dardini kuylagan taniqli oqin hamdir.

Abayning she'riy ijodi shoir qirq yoshlarga yetganda, ya'ni 1886 – yilda, “kun chiqish bilan kun botishning farqini bilgandan keyin rivojlandi [1, b – 8]. Bungacha u faqat she'r yozishga yengil – yelpi ish sifatida qaragan. Yozgan she'rlarini “Ko'kboy yozgan she'r” deb aytib yurgan. O'sha paytda u tashqi hayotni ma'nosiz hayot deb tushungan. Ammo shoir qalbida o'z xalqining ayanchli taqdiriga achinish dardi bor di. Qalbidagi bu mungli dardini xalqiga va yoshlarga yetkazib berishda shoirning asosiy quroli she'r, o'lan bo'ldi.

O'lan- so 'zning poshshosi, so'z sarasi,

Qiyindan qiyiltirar er donosi.

Tilga yengil, yurakka iliq tegib,



Tep – tekis, silliq kelsin aylanasi.

O'langa ishqimiz bor qadim choqdin,

Lekin qanday naf bo 'lar maqtanmoqdin.

Ichi zar,sirti kumush so'z yaxshisin,

Kelishtirar kim ham bor mo'l qozoqdin? [1.b.-10]

Dunyoning nobopligi, elning soddaligi, yurtning obod emasligi shoirning ko'nglini vayron etib, yuragini o'rtaydi. Bu hol uni adoqsiz azoblar, ruhiy qiynoqlar qa'riga otadi. Ijodkorning ilojsiz holati iste'dodning qudrati, otashin ilhomning kuchi bilan bitilgan “Yoshlik chog'dan bilim izlab yugurmadim”, “Qaridik, g'amga botdik”, “Sakkiz oyoq”, “Yoz”, “Yigitlar, o'yin arzon, kulgi qimmat”, “Ko'klam”, “Kuz”, “Suluvlar sarasi”, “Talay so'z bundan burun ko'p qimmat”, “Yuragim mening qirq yamoq” [2.b.144] kabi she'rlar va ulardagi go'zal misralar kishini o'ylashga majbur etadi.

Yuragim mening qirq yamoq,

Xiyonatchil dunyodan.

Qanday qolsin omon-sog'?

Zarba esa har nedan [1, b.-16].

Abay so'zning qudratiga, estetik va ma'naviy imkoniyatlariga kuchli ishonch bilan qarar edi. Shuning uchun ham u “ko'rmak so'z va uning ijodkori shoir zimmasiga ulkan ma'naviy vazifa yuklaydi,” [3,b.- 28]-deb biladi. Shoir she'rlaridan birining “Ulkan-so'zning podshosi, so'z sarasi” deb boshlanishi ham bejiz emas. O'z vaqtida aytilgan ta'sirchan so'z o'zaro yovlashgan, dovlashgan elni to'g'ri yo'lga boshlashi mumkin, deb bilgan Abay “uxlab yotgan yurakni she'r uyg'otar” der ekan, buning haqligiga ishonadi. Chunki she'r insonning sodiq sherigi, tug'ilganidan o'lguncha u bilan birga bo'ladi. “Tug'ilsang, umr eshigin ochar o'lan, o'lanman yer qo'yniga kirar tanang. Umrning bor qizig'i o'lan bilan ekanin bilasan gar sal o'ylasang”, deya shoir she'riyatning inson hayotidagi o'rni g'oyat o'rinli va ta'sirligini ko'rsatib beradi.

Abay qozoq she'riyatiga yangi epkinlar kiritish bilan kifoyalanmay, ta'kidlaganimizdek, yozma adabiyotda mutlaqo bo'lmagan yangiliklarga ham asos soldi. Jumladan, “Iskandar Mas'ud” va “Azim hikoyasi” deb nomlangan dostonlar yaratadi. Ularda so'fiyona fikrlovchi Abay insonning komillikka erishmog'i uchun zarur bo'lgan eng muhim ma'naviy sifatlarni aks ettiradi.

O'z she'rlarida tabiat - peyzaj tasviri yaratishda Abayning o'ta kuchli iste'dod egasi ekanligini ko'rish mumkin. Masalan:



Turnalar to‘p – to‘p uchar,
Sarboni bor karvonni boshlamoqqa.
Qay ovulg‘a bormagin, g‘ussa to‘liq,
El izillab chopadi tog‘dan toqqa.[3,b.- 38]

Yuqorida keltirganimiz, parchadan ko‘rinadiki, xassos shoir tabiatni inson ko‘zi, uning sezimlari, turmush tarzi, orzu – armonlari fonida ko‘radi.

E’tiborli tomoni shundaki, Abay insonparvar shoir bo‘lish bilan bir qatorda, iste’dodli bastakor ham bo‘lgan. U qozoq xalq kuylarini sevar, uni mahorat bilan ijro etar edi. U qo‘shiq haqida deydi:

Yuragimni timdalar,
Qo‘shiq bilan shirin kuy.
Ko‘nglimga turli o‘y solar,
Qo‘shiq suysang, mencha suy -

deydi.

Abay o‘zining bir qancha she’rlariga xalq kuylarini bastaladi. Shu bilan bir qatorda shoirning o‘zi ham bir qancha go‘zal kuylar yaratgan. Undan meros qolgan 26 ta kuyayni kunda ham qozoq teatrlari san’atkorlari repertuaridan tushmay kelyapti.

Binobarin, Abay Qunonboyev o‘zidan “so‘z orasini bulg‘amay, saralab”, “tilga yengil, yurakka iliq tegadigan“ qilib yozilgan “ichi oltin, sirti kumush”, o‘lmaydigan she’rlar qoldirdi. Shoir “yuragida o‘ti bor, tili shirin avlodning” dilida va tilida yashaydi.

Foydalanilgan adabiyotlar:

1. Abay. Tanlangan asarlar. Nashrga tayyorlovchi N. Fozilov. – Toshkent, 2009, bet- 8; 10; 16.
2. Qo‘nayev D. Элеменин Эуезови. Алматы – Санат, 1997, стр.144.
3. Qazipgi Abaitanudyn ozekti mäselleleri. Алматы – Ғылым. 2005, бет.- 28-38



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ТЕНДЕССІЗ РУХАНИ РЕФОРМАТОР

Абдрасилова Гәуһар Зұлпықарқызы, филос. ғ. к.,
Университет Мирас, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
mail: gauhar_abdrasilova@mail.ru

Едильбаева Сания Жакенқызы, филос. ғыл докторы,
Философия кафедрасының доценті,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
РК, Алматы қ.
mail: saniya_edilbaeva@saniya.edilbaeva@mail.ru

Оразимбетова Күлзада Шабданбекқызы,
Психология кафедрасы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (ОҚМПУ)
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
E-mail: Gulzada_04-03@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15272206>

Түйін: Біз, жаңа тұлғаны қалыптастырып, азаматтық қоғам құруымыз керек. Ал ол үшін мәдени әлеует, оның мәдени негіздерінің архаизмін сынау арқылы халыққа қызмет ету тәжірибесін білу және түсінуге тиіспіз. Сондықтан Абайдың ой-өрісін, халықтың архаизмін сынауының қисынын, мәдениетті тұлғалық мағына арқылы, еуропалық өлшем арқылы жаңғырту әрекетін зерделеу аса қажет.

Адам өзін шығармашылық тұлға ретінде сезіне алатынын, өзін мәдени негіз ретінде жариялайтын барлық құндылықтардан тәуелсіз бола алатынын, яғни іргелі құндылықтарға әрқашан сыни көзқараспен қарайтынын білдіреді. Жеке тұлға болу мәдени дәстүрдің шекарасынан шығып, шығудың барабар өлшемін іздеуді білдіреді. Бұл мәдениеттегі дәстүрдің үстемдігіне сынды дамыту, яғни ұлы жазушылар мен философтар ұстанған жолға түсу деген сөз. Жаңа білімге, заттардың жаңа өлшеміне және дәстүрмен диалогқа үнемі назар аударуды, яғни дамуды білдіреді.

Абай тұлға құндылығы позициясынан халықтың архаизмін сынадың шебері. «Қара сөздерінде» өз халқына үндеу тастап, жеке адам туралы және жеке адамның құндылығы позициясынан айтады. Тұлға арманы, тұлға үшін күрес, тұлға идеясын жоққа шығаратын халықтық дәстүр аясында тұлға мәдениетін қалыптастыру – славян-түркі көркем әдебиетінің ерекшелігі. Өз кезінде ресейдегі тарихи қалыптасқан мәдени негіз ретінде орыс ойшылдары халықтың патриархалдық құндылықтарына сүйене отырып Ресейді дамыту

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



өзекті жол деп санады. Бұл Ресейді үлкен бақытсыздыққа – азамат соғысы мен социалистік революцияға ұшыратты. Халықшылдық, халыққа табынушылық, орыс зиялыларының мәңгілік дертіне айналды. Ал Абай орыс әдебиетіндегі революциялық-популистік тенденцияның өрлеу дәуірінің замандасы болғанымен, өз халқына тікелей үндеуінде мүлде басқа жолды ұстанады – ол халықты парасаттылық, жаңа таным, парасат диалектикасы, қазіргі өркениеттің қалыптасу логикасы, жеке тұлға құндылығы позициясынан аяусыз сынайды. Абай - Сократ сияқты халықтың тұрмыс-тіршілігін, ой-өрісін, шешім қабылдауын сынай отырып, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан іргетастың іргетасын, киелі қасиетті, болмыс – құндылықтарын сараптайды. Әлемдік әдебиетте бұл ойлау стилі тұлғаның қалыптасу процесімен байланысты. Сервантестің дәстүрлі мәдениетті сынауы Ерте Ренессанс тұлғасының қалыптасуымен байланысты. Шекспирдің «Болу немесе болмау» шығармасы Қайта өрлеу дәуірінің соңғы тұлғасына арналған. Лермонтов орыс Тәңірін «Сен кінәлісің!» деп сынады, онымен бірге Құдайды және халықты түсіндіруді сынау орыс әдебиетінде басталды, бірақ бұл сын Абай сияқты халықты дәстүрлі құндылықтарды өзгертуге шақырған жоқ. Орыс мәдениетіндегі құндылықтар туралы әңгімені Грибоедов бастады, бірақ ол тек қоғамдағы ақсүйектерге жүгінді. Гоголь талқылауды жалғастырды, бірақ оның идеалды қоғамы Абайдағыдай қазіргі өркениет құндылықтарына емес, дұрыс дінді іздеуге құрылған. Достоевский мен Чехов Ресейдегі бұқаралық сананы аяусыз сынады, бірақ бұл жазушылар тығырықтан шығудың жолын көрмеді. Олар орыс халқын өзгертуге шақырды, олар өздеріне көрінген мақсатты көрді, бірақ жолды көрмеді, қалай екенін білмеді. Бұл жерде даусыз сабақтастық бар: Абай да Еуропа мен Ресейдің ұлы жазушылары сияқты тұлғаның мәнін талдайды. Абай бұл талдауда жаңа білім, жаңа адамгершілік ізденіс позициясынан халық алдында сөз сөйлеуге батылы барады. Бұл оны бірегей және азаматтық қаһарман етеді.

Абайдың «Қара сөздерінің» мәні неде? Біріншіден, бұл - бүкіл халықпен, қазақ мәдениетінің субъектісімен, осы мәдениеттің авторы – халықпен әңгіме. Абай Қазақстанды сүйіспеншілікпен алақанында аялайды, ой-қазынаны ақыл елегінен өткізеді. Қазақты аяусыз сынайды, бірақ таптамайды. Ол қазақ мәдениетінің іргетасын қиратпайды, халықты бөлмейді, оған қалдырмайды, өйткені халықсыз өмір жоқ. Халық ымырасыз сынға алу ұстанымы славян-түркі мәдениеті үшін әдеттен тыс жаңалық.

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



Екіншіден, бұл – қазақ мәдениетінің құндылық, дәстүр мәселесіне қатысты, қашанда даналық, байлық деп саналатын нәрселерге қатысты сын. Абай бұл жерде мәдениеттің ең терең негіздерін реформалаушы, еуропалық үлгідегі реформатор. Ол адамдарды өзгертуге қабілетсіздер және жаңалық әкелетіндер деп екіге бөледі.

Үшіншіден, ол ескіргенге толығымен заманауи балама ұсынады – жаңа білімді іздеу, өзін-өзі сынай білу, өзгере білу, демек жақсылық пен жамандықты жаңаша түсіну. Бұл құндылықтарды алғаш рет Шығыс философиялық және діни жүйелері, ал Батыста ежелгі христиандық, Ренессанс-реформациялық-ағартушылық-қазіргі заманғы мәдениет жариялаған құндылықтар. Бұл қазір бүкіл әлем игеруге тырысатын еуропалық-азиялық құндылықтар. Мәдени қорларды реформалау не үшін қажет? Өйткені әлем бір орында тұрмайды. «Адамның өмірі мен күші де өзгеріссіз қалмайды. Тұрақсыздық – бұл жаңа үлгідегі әлеуметтік тұрақтылық пен жаңа моральдық мұраттың нысаны ретінде өзгеру қабілеті – мұндай логиканы әлемде болып жатқан өзгерістердің мәнін терең түсінетін және ғасырлар бойы өз мәдениетін реформалауды аңдайтын реформатор ғана жасай алады.

Төртіншіден, Абайдың ерекше мәдени және саяси интуициясы бар. Ол халықты сынай отырып, дәстүр шеңберінен шығуға шақырып қана қоймайды, тығырықтан шығудың жолын іздейді. Бұл кез келген мәдениетте де, Абай шығармашылығында да басты нәрсе. Көбісі дәстүрді түбегейлі бұзуға шақырды және шақыруда. Абай мөлшерді сақтауға, шектен шықпауға шақырады. Қоғамды бөлшектемейтін, мәдениеттің жойылуына жол бермейтін жаңа шара іздеуге үндейді. Бұл өте құнды ойлау тәсілі.

Абай адамды балаға теңейді, ол үшін білімнің бәрі жаңа. Жаңа білімді іздеу, Аристотельдің сөзімен айтқанда, «жоғары таңқалушылықтан» туындайды. Одан кейін Жетінші сөзде дәстүрге деген жойқын сын бар: Білімге құштарлық балалық шақта ғана қуатты. Біртіндеп дене күшейіп, жанға бағынбайды. Ал біз тек қарапайым көзқараспен ғана қанағаттанып, жанымыздың айтқанына сенуді доғардық. Өмірдің мәніне үңілмедік... Білімнің қадірін көрмедік, нұсқауды түсінбедік... Ендеше, дүниені көріп, дүние танымайтын хайуаннан немізбен артықпыз?... Шалғайдай шулап, қарғадай сайрап, олар сияқты ауыл маңындағы тезектен ары ұшпаймыз, деп күйінеді.

Абай пікірінше, жаңа білім - Ақылдың жұмысы, ол Жүректен өтеді. Оның жүрегі дәстүрлі адамда жаңа білімге құштарлық арқылы дәстүршілдікке өзінің



наразылығына қарсы тұратын күрделі әмбебаптың бір түрі. Жаңа білім арқылы жоғалған сенімін қайта жаңғыртқысы келеді, оны білім арқылы тапқысы келеді. Адамға осы қарсы тұру қабілеті арқылы дамуға қабілетті. Бұл тек менталитет, сервильдік және конформизм арқылы бірлікке қабілеттілік емес, сонымен қатар тұлға мағынасы арқылы әртүрлілік қабілеті генетикалық түрде анықталатынын білдіреді. Абайдың бұл тұжырымы мәдениетті талдаудағы тың ой.

Бұл тұжырым бізге не береді? Біз өзгеру және өзгерту арқылы табиғатқа қарсы шықпаймыз, керісінше, біз табиғатпен, бастапқы әмбебаппен, эволюция арқылы бойымызға сіңген сол күрделі әлеуметтік және моральдық теориылармен, мысалы, Хайдеггердің Құдайымен келісімге келеміз. Ал егер солай болса, онда бұл мәдениет жаңа білімді меңгеру арқылы тек өзгеріп қана қоймайды дегенді білдіреді. Өмір сүру үшін ол өзгертуге қабілетті, қайта ұйымдастыруға, қайта ойлауға, өз проблемаларын қайта тұжырымдауға және өзінің бірегейлігін сақтай отырып, жаңа мәдени формаларды жасауға қабілетті. Өрдайым күрделі, парасатты Жүрегімізді мұқият тындасақ, аман қаламыз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Абайдың қара сөздері. Abai.kz <https://abai.kz> > post
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл. ISBN 978-601-282-175-8
4. Абайтанудың ұшар биігі. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
5. <https://abai.kaznu.kz> > wp-content > uploads
6. Давыдов А. Способность человека измениться как европейское измерение евразийской культуры (анализ логики мышления абая кунанбаева)
7. TextArchive.ru <https://textarchive.ru> > c-2435097-pall

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



№	Mundarija Atama	Bet
1-СЕКЦИЯ. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕ НАСИХАТТАЛУЫ		
1.	ҚАРАҚАЛПАҚ-ҚАЗАҚ ӘДЕБИЙ БАЙЛАНЫСЛАРЫ ӘСІРЛЕР ЖЕЛИСИНДЕ <i>Қуұанышбай Оразымбетов</i>	5-9
2.	ӘЖИНІЯЗ ЖӘНЕ АБАЙ ДӨРЕТИҰШИЛИГИНИҢ БАЙЛАНЫСЛАРЫ <i>Пирниязова А.К.</i>	10-14
3.	АБАЙ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ӘДЕБИЕТІ <i>Т.Тортқұлбаева</i>	15-21
4.	АБАЙДЫ ЖАТҚА БІЛГЕН ШАЙЫР <i>Мамбеткаримов Ғарипұлла Хамидуллаевич</i>	22-26
5.	АБАЙ - ҚАРАҚАЛПАҚ ШАЙЫРЛАРЫНЫҢ ЖЫР ШУМАҚТАРЫНДА <i>Байкабилов Усербай Алимханович</i>	27-31
2-СЕКЦИЯ. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ, ОҚЫТЫЛУЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР		
6.	Т. ЖУМАМУРАТОВ - МАСТЕР ХУДОЖЕСТВЕННОГО СЛОВА <i>Бекбергенова М.Д.,</i>	32-34
7.	ҚАЗІРГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ <i>А.Ш.Кабжанова</i>	35-40
8.	ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ: ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ТІЛДІК САНАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР <i>С. Ж. Жанжигитов</i>	41-47
9.	РОЛЬ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ КУНАНБАЕВА В ВОСПИТАНИИ СОВЕРШЕННОЙ ЛИЧНОСТИ <i>Ешиниязова Э.Н.</i>	48-50
10.	АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІ ОҚУШЫЛАРҒА «БУМЕРАНГ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕҢГЕРТУ <i>Бекниязов Б., Алипбаева Қ.</i>	51-54
11.	АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР ТҮРЛЕРІН ОҚУШЫЛАРҒА «СКАРАБЕЙ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУ <i>Бекниязов Б., Сабирова С.</i>	55-58
12.	АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ: ГУМАНИСТІК ПАРАДИГМАНЫҢ НЕГІЗДЕРІ <i>Тумабаева М.Б.</i>	59-63
13.	ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ	64-70

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



	ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЫСАЛЫНДА ҚАРАСТЫРУ АМАЛДАРЫ <i>Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы</i>	
14.	АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ЖӘНЕ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМЫТАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР <i>Мухамадиева Мариямбуви Наримановна, Карсыбаева Арай Байжановна</i>	71-77
15.	АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІН ТАЛДАУДА КОММУНИКАТИВТІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИКЕМДІ ДАҒДЫЛАРЫН (SOFT SKILLS) ДАМУ <i>Кылышбекова Нурсауле Уканбаевна</i>	78-85
16.	АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ <i>Қанаатова Гүлістан Оралбай қызы</i>	86-90
17.	ОРЫС ЖӘНЕ ӨЗБЕК СЫНЫПТАРЫНДА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН «CLIL» ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ (Қарақалпақ тілі оқулығындағы әдеби материалдар мысалында) <i>Мамбетова Гулчехра Абибуллаевна</i>	91-94
18.	ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Айтбаев Ділішатқожа Темірбайұлы, Файзуллева Фазилят Илияс қызы</i>	95-99
19.	ЖАН-ЖАНУАРЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕ ЖАТЫС СЕПТІГІНІҢ ЖАСЫРЫН КЕЛУІ АРҚЫЛЫ ҮНЕМДЕЛУ ҚҰБЫЛЫСЫ <i>Айтбаев Ділішатқожа Темірбайұлы, Алдоңгарова Нұрбала Абдижаббар қызы</i>	100-104
20.	ҚОС СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН СЫН ЕСІМДІ СИНОНИМДЕР <i>Қутыбаева А., Балтабаева С.,</i>	105-107
21.	ENHANCING DIFFERENTIATED INSTRUCTION: HOW AI TOOLS SUPPORT PERSONALIZED LESSON PLANNING FOR DIVERSE LEARNERS <i>Yerdosova Bagida Urazaliyevna</i>	108-114
22.	ЭФФЕКТИВНОСТЬ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ В YESSEN OV UNIVERSITY <i>Битикова Алмагуль Исмаиловна</i>	115-118
23.	ПУНКТУАЦИЯ ЖӘНЕ МӘТІН КОММУНИКАЦИЯСЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ <i>Бисмильдина Динара Досымжан қызы</i>	119-123
3-СЕКЦИЯ. АБАЙТАНУ ІЛІМІНІҢ ДАМУЫ: КЕШЕ, БҮГІН		
24.	АБАЙ ТІЛІНДЕГІ ИСЛАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР <i>Ескеева Мағрипа Қайнарбай қызы</i>	124-133
25.	АБАЙДЫҢ АҚЫЛ СӨЗІНДЕГІ ҮШКІЛМЕН ӨЛШЕНГЕН	134-141

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



	ӨЛШЕМ <i>Салқынбай А.Б.,</i>	
26.	АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІ БҮГІНГІ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСТІНДЕ <i>Ақмарал Нұрғожақызы Отарова</i>	142-149
27.	ЖАРЫҒЫ ОРТАҚ ЖАЛПЫҒА <i>Зайкенова Руда Зайкеновна</i>	150-155
28.	АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРДЫҢ КӨРІНІСІ <i>Жұбай Орынай Сағынғали қызы, Үдербаев Алмас Жауынбай ұлы</i>	156-160
29.	АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ДӘУІР САБАҚТАСТЫҒЫ <i>Құттымұратова Ырысты Абдирахмановна</i>	161-165
30.	АБАЙ ӘЛЕМІ: ЕЛДІК МҮДДЕ МЕН АДАМ МҰРАТЫ (Хакім Абайдың «Қарасөздер» қазынасын қайта оқығанда) <i>Рақымжан Тұрысбек</i>	166-182
31.	АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫ <i>Карибаева Азиза Утегеновна, Утегенова Асел Тимуровна</i>	183-189
32.	ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ: ДУЛАТ ЖӘНЕ АБАЙ <i>Пертаева Эльмира Кұлибай қызы, Муратбаева Айғаным Сериковна</i>	190-196
33.	АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ <i>Беркен Жазира Қалдыбек қызы, Беркенова Рабиға Агабек қызы</i>	197-203
34.	ҰЛЫ АБАЙ МЕН ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК <i>Ерлан Сламбекұлы Қасен</i>	204-208
35.	ВЕЛИКИЙ МЫСЛИТЕЛЬ ТЮРКСКОГО МИРА <i>Кульжанова Ж.Т.</i>	209-212
36.	АБАЙ МҰРАСЫ – ҚҰНДЫЛЫҚ БАСТАУЫ <i>Тоқсанбаева Тілектес Жаңаберген қызы</i>	213-219
37.	АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ТӘРБИЕ ІЛІМІНІҢ ТҰНЫҒЫ <i>Тлеулесова А.Ш., Мауленова Ә.М.,</i>	220-226
38.	АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ <i>Әбсамтар Ә.М.,</i>	227-232
39.	АБАЙТАНУ ІЛІМІНІҢ ДАМУЫ: КЕШЕ, БҮГІН <i>Албатыр Илесбек, Қайратқызы Ақмарал</i>	233-237
40.	АБАЙ ТІЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР: ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ <i>Оданова Сагира Амангелдіқызы</i>	238-248
41.	БЕСҚАЛА ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ӘНШІЛІК ӨНЕРІ <i>Күнқожа ҚАЙРУЛЛА</i>	249-253
42.	ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ <i>Бөшен Айжан Нұрланқызы</i>	254-257

«АБАЙ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ



43.	АБАЙДЫҢ «МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН» ӨЛЕҢНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ <i>Әлімбай Аманбайұлы Найзабаев, Раймбекова Құралай Кенсебайқызы</i>	258-261
44.	АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН <i>Қалым Мұрат Құлекешұлы</i>	262-268
45.	АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ <i>Байзаков Жандос Абдазимович</i>	269-273
46.	АБАЙДЫҢ ПЕЙЗАЖ ДӨРЕТІҮДЕГІ ШЕБЕРЛИГИ <i>Ктайбекова Зулфия Кенгесбаевна</i>	274-277
47.	АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» МӘСЕЛЕСІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ <i>Бисенбаева Меруерт Кенжегүлқызы</i>	278-284
48.	MEN GÜYMENJE ÜÇİN ŞYGYR YAZMADYUM! <i>S.Awezklýçewa</i>	285-288
49.	АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ: ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ <i>Турсунова Акмарал Жанатовна, Тоқсанбаева Т.Ж.</i>	289-291
50.	АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАСТЫ ИДЕЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ <i>Абылгазова Замира Ерболқызы, Тоқсанбаева Т.Ж.,</i>	292-295
51.	ABAY QUNONBOYEV – QOZOQ XALQINING SERQIRRA IJODKORI <i>Eshchanova Gavhar Otajonovna, Atajonova Anorgul Jumaniyazovna</i>	296-298
52.	АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ТЕҢДЕССІЗ РУХАНИ РЕФОРМАТОР <i>Абдрасилова Гәуһар Зұлтықарқызы, Едильбаева Сания Жакенқызы, Оразимбетова Күлзада Шабданбекқызы</i>	299-302